

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ821.512.122-131:398(510) Қолжазба құқығында

АБИХАНОВА ГУЛЬЖАНАТ ДАУТБЕКОВНА

**ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРЫ: ДЕРЕККӨЗДЕРІ,
НЕГІЗГІ СЮЖЕТТЕРІ, ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

6D021400-Әдебиеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор Б.У.Әзібаева

Шетелдік кеңесші:
доктор, профессор Мехмет Ача

Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3-9
I ТАРАУ	
Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: жиналуы, жариялануы, зерттелуі	
I.1. Қазақ ғашықтық жырларының Шыңжаңда жиналуы, жариялануы, зерттелуі.....	10-50
I.2.Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының Қазақстанда жариялануы мен зерттелуі.....	52-59
I тарау бойынша тұжырым	60
II ТАРАУ	
Ғашықтық жырлардың сюжеттік ерекшеліктері мен текстологиясы	
II.1. Қытайдағы қазақдәстүрлі романдық эпостарының сюжеттік ерекшеліктері.....	61-77
II.2.Қытай қазақтары ғашықтық дастандарының сюжеттік ерекшеліктері.....	78-111
II.3. Ғашықтық жырлардың текстологиясы.....	111-137
II тарау бойынша тұжырым	137
ҚОРЫТЫНДЫ.....	138-141
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	142-150

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Эпос қазақ ұлтының рухы мен санасын тазартып, нәр беретін ғасырлар үні, сарқылмас қазынасы, көне көзі. Халықтық жырлар арқылы біз қазақ ұлтының тарихы мен тілін, мәдениеті мен философиясын, салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын яғни ұлттық құндылықтарды көре аламыз. Сол рухани құндылықтардың бірі – ғашықтық, яғни романдық жырлар.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап фольклорлық мұраларымыз, соның ішінде эпостық жырларымыз жиналып, жарияланып, әдебиеттану мен фольклортанудың зерттеу нысанына айналды.

Қазақ эпостарын зерттеп, ұлттық фольклортану ғылымы эпостану саласының қалыптасып дамуына үлес қосқан шетелдік, отандық ғалымдар Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, В.В.Стасов, Ә.Диваев, И.Н.Березин, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, С.Садырбаев, С.А.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.У.Әзібаева, З.Сейітжанов, Т.Қоңыратбаев, Б.Рақымов, А.Тұрғанбаев, М.Әбдуов т.б. болды.

Қазақ халқы түрлі нәубеттерді бастан кешірді, түрлі шабуылдар мен соғыстардан кейін Жетісу, Тарбағатай аймақтарындағы шұрайлы жайылымдарының біраз бөлігінен айырылды. Қазақтар өздерінің байырғы мал жайылымы жерлерін қайтарып алуға тырысқанымен, Қытай үкіметі қазақтардың ондай талабын қабылдамады. Қытай-жоңғар және қазақ-жоңғар соғыстарының нәтижесінде Жоңғар мемлекеті тарих сахнасынан жоғалды. Сөйтіп, Жоңғар хандығының орнына Қытайда Шыңжаң атты аймақ құрылды. Абылай хан бастаған қазақ билеушілері Қытай өкімет билігі орындарымен бірнеше рет келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде Қытай өкіметі 1767 жылы қазақтардың Шыңжаңға көшіп, қоныс аударуына рұқсат берді. Алайда қазақтар ондағы жайылымды пайдаланғаны үшін әр түліктің 100 басына жылына бір малдан ақы төлеуге мәжбүр болды.

Ал, кейінгі уақыттарда қазақтардың Қытай шекарасына үдере қоныс аударуының бірнеше себептері болды:

1. XIX ғасырдың 60-90-жылдарындағы патша үкіметінің жергілікті халықтың қолындағы құнарлы жерлерін тартып алуы;
2. 1916 жылғы ұлтазаттық көтеріліс кезінде патша үкіметінің қудалауына төзе алмаған 300 мыңға жуық қазақ Қытайға өтіп кетті;
3. 1928-1933 жылдардағы ашаршылық;
4. 1937-1938 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін.

Осындай азап шексе де қазақ халқы өзінің тілі мен дінін, ділін, тарихы мен мәдениетін, әдебиетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтай білді.

2011 жылдың 25 мамырында Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында Тұңғыш Президент, Қауымдастық төрағасы Н.Назарбаев: «Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы» атты баяндамасында: «Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де тұтас халқының бір бөлігі екенін еш уақытта ұмытпауымыз керек» деп қадап айтып, «...қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек. Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз. Білім мен ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын» деп үлкен міндеттер жүктеді [1, 102].

Академик С.Қирабаев та өз ойын білдірді: «Қазақ халқының рухани мұрасы тек бүгінгі Қазақстан жеріндегі ұлт өкілдері еңбектерімен шектелмейді. Тағдырдың тәлкегімен шет елдерге және бұрынғы КСРО көлеміндегі мемлекеттерге ыдырап кеткен қазақтардың әдебиеті мен мәдениеті де біздің ұлттық байлығымыздың бөлінбес бөлігі» [2]. Бүгінде қандастарымыздың тарихы мен мол мұрасын зерттеуге тәуелсіздікке қол жеткізген соң мол мүмкіндік туды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан ғалымдары жүргізген ғылыми зерттеулер нәтижесінде Қытайдағы қандастарымыз жалпы этностық мәнге ие эпостық жырларды сақтап, олардың жаңа нұсқаларын жасаумен қатар Қазақстанда беймәлім жаңа жыр, дастандар туғызғаны анықталды. Бұл мәселеге арналған жеке мақалалар жазылғанымен Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары монографиялық деңгейде зерттелген емес. Диссертациялық еңбекте Қытай қазақ ғашықтық жырлары алғаш рет монографиялық зерттеу нысаны ретінде алынып отыр.

Зерттеу нысаны: Жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми серияның 25-26 томында жарияланған мәтіндер мен М.О.Әуезов институты ұйымдастырған экспедициялар негізінде жиналған ғашықтық жырлар үлгілері.

Зерттеу пәні. Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларын тарихи-типологиялық тұрғыда зерттеу.

Зерттеудің мақсаты: Диссертациялық жұмыста Қытайдағы қазақтардың жүйелі түрде зерттелмеген ғашықтық жырлардың даму, трансформациялану жолдарын белгілі кезең шындығымен байланыстыра қарап зерттеу мақсат етілді. Осындай өзекті мәселені шешу үшін төмендегідей міндеттер белгіленді:

- «Бабалар сөзі» сериясының 25-26 тт. арқау болған мәтіндер мен М.О.Әуезов институты ұйымдастырған ғылыми экспедициялар кезінде жиналған материалдарды жинақтау, жүйелеу, ғылыми сипаттамасын жазу;
- Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының жиналу, жариялану, зерттелу жағдайын қарастырып, тарихнамасын жасау;
- Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларын жанрлық тұрғыда зерттеген қазақ, қытай ғалымдарының еңбектерін талдау;
- Ғашықтық жырлардың жанрлық табиғаты мен сюжеттік

ерекшеліктерін салыстырып, саралау;

– Қытайдағы қандастарымыздың ғашықтық жырларын отандық нұсқаларымен салыстыра зерттеу; айырма/өзгешеліктерін анықтау, қандай трансформацияға ұшырағанын пайымдау;

– Эпостық жырлар мәтіндеріне текстологиялық тұрғыда талдау жүргізу.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Диссертациялық жұмысымызда негізінен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми сериясына енген қазақ эпостарының мәтіндеріне сүйендік. Жүзтомдыққа енген «Батырлық жырлар» (33-34 томдар), «Ғашықтық жырлар» (17, 20, 25-26 томдар), 2003 жылы Қытайдың ШҰАР Іле Қазақ автономиялы облысының екі аймағы Алтай (Буырылтоғай ауданы, Алтай қаласы, Шіңгіл ауданы, Сартоғай ауылы) мен Тарбағатай (Сауан ауданы, Толы ауданы, Күп ауылы, Шәуешек қаласы, Дөрбілжін ауданы), сонымен бірге Үрімжі қаласы, Күйтің қаласы, Санжы облысы Мори аудандарына ұйымдастырылған фольклорлық ғылыми экспедициядан әкелінген қолжазба материалдардағы мәтіндер зерттеуімізге негіз болды. Олар: қазақ фольклоры туралы отыз жылдық (1983-2012) таңдамалы мақалаларды жинап, екі томға топтастырып, 2012 жылы Шиң-Жияң Әсел өнер-кескін баспасымен бірлікте Дәлелбек Қинаятұлының құрастырумен жарыққа шыққан «Мұра» журналы, «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» топтамасы (1,2,3-томдары), «Қазақ ғашықтық жырлары» (1-6 томдары) т.б.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Ғылыми-зерттеу жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес жинақтау, ғылыми жүйелеу, тарихи-салыстырмалы, көркемдік талдау, жүйелі-кешенді, ғылыми сипаттау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.

Жұмысты жазу барысында қазақ фольклортану ғылымында маңызды ғылыми зерттеулер жүргізген отандық ғалымдармен қоса шетелдік зерттеушілердің теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Соның ішінде атап айтсақ, Ш.Уәлиханов[3], Н.А.Веселовский [4], М.Әуезов[5], Қ.Жұмалиев[6], Ә.Қоңыратбаев [7], Ы.Дүйсенбаев [8], Р.Бердібаев[9], Ш.Ыбыраев[10], С.Қасқабасов[11], Б.Әзібаева [12], З.Сейітжанов [13], В.М.Жирмунский[14], В.Я.Пропп[15], Б.Н.Путилов[16], Л.А.Астафьева [17], Е.М.Мелетинский[18], К.І.Матыжанов [19], С.М.Боура [20], К.Райхл[21], Н.Д.Джон[22], ХуанЖоңшияң [23] сынды т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылды.

Қазақ ғашықтық жырларының жанрлық ерекшеліктері жайлы өз пікірлерін айтқан М.О.Әуезовтің (Әдебиет тарихы, 1927), В.М.Жирмунскийдің (Тюркский героический эпос, 1974), Ы.Дүйсенбаевтың (Қазақтың лиро-эпосы, 1973), Р.Бердібаевтың (Қазақ эпосы, 1982), С.Қасқабасов (Таңдамалы. 5 томдық шығармалар жинағы, 2014), Ш.Ыбыраевтың (Эпос әлемі, 1993), Б.Әзібаеваның (Казахские народные романические дастаны, 1990, Казахский дастанный эпос, 1998)

еңбектері ғылыми-зерттеу жұмысымыздың бағыт-бағдарын айқындауда негізі болып табылады.

М.О.Әуезовтің «Казахский эпос и дореволюционный фольклор», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларына арналған еңбектерінде қазақ ғашықтық жырларын зерттеудегі алғашқы баспалдақ бола білді. Ғашықтық жырларды «Ел поэмалары» деп шартты түрде жіктеген ғалым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының көлемді нұсқасын Уэйіс Шондыбайұлынан жазып алып, алғысөз, түсінігін жазып, ғылыми паспортын жасаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мақаласында жырдың сол уақыттағы он алты вариантымен және түркі халықтарындағы біраз жырлармен салыстыру жүргізіп, жыр сюжеті мен мәнісі туралы толғамды пікірлер айтқан. «Қыз Жібек» мақаласында қазақтың төл мұрасы екенін дәлелдеп, оның XVII ғасырда пайда болғанын айтып, жырдың негізгі ерекшеліктерін ашады.

Ал, Б.У.Әзібаева ғашықтық жырларды генезисі мен жанрлық ерекшеліктеріне орай екі топқа бөледі: 1. Дәстүрлі ғашықтық эпос. Бұл топқа сюжеттері ертеде қалыптасып, орта ғасырларда толыққанды жырға айналған, біздің заманымызға классикалық үлгіде жеткен эпостарды жатқызады. 2. Ғашықтық дастандар. Мұнда ғалым XIX ғасырдан бастап елімізде кең тараған дастандарды топтайды; оларды шығу тегі мен мазмұнына қарай үш топқа жіктейді.

Мәселенің зерттелу деңгейі.

Ұлттық фольклортану ғылымының негізін салған Ш.Ш.Уәлиханов «Көп томдық шығармалар жинағының» 3-томында қазақ эпосының негізгі түрлерін көрсетеді. Дегенмен, қазақ эпосы XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап жүйелі түрде зерттеле бастады. Маңызды эпикалық ескерткіштерді ғылыми тұрғыдан қарастырған ең алғашқы монографиялық зерттеу деп М.О.Әуезовтың «Әдебиет тарихын» (1927) атай аламыз. Бұдан кейін Х.Досмұхамедұлының, С.Сейфуллиннің, Е.Ысмаиловтың, Қ.Жұмалиевтің, А.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың, Ы.Дүйсенбаевтың, М.Ғабдулиннің, Н.С.Смирнованың, Ә.Қоңыратбаевтың, Р.Бердібаевтың, С.Қасқабасовтың, Ш.Ыбыраевтың, Б.Әзібаеваның, З.Сейітжанұлының, Т.Қоңыратбаевтың, т.б. монографиялары, сонымен қатар «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Шетелдегі қазақ фольклоры» және т.б. ұжымдық еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде көне батырлық, классикалық қаһармандық пен тарихи эпостармен қатар романдық және дастандық эпостың генезисі, жанрлық спецификасы, тарихи дамуы мен қызметі т.б. мәселелер қарастырылды.

Ал, Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларын елімізде бірінші зерттеген ғалым З.Сейітжанұлы болды. Жалпы, бұл мәселеге өздерінің тақырыптарының, зерттеу нысаны шеңберінде назар аударған зерттеушілер болғанымен, арнайы жазылған бірінші еңбек – «Шетел қазақтарының фольклоры» (2014) атты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап, жарыққа шығарған ұжымдық монография. Еңбекте Қытай, Ресей,

Моңғолия мен Өзбекстанда өмір сүріп жатқан қандастарымыздың халық ауыз әдебиет үлгілері сараланды. Солардың ішінде Шыңжаңдағы қазақ фольклорының бір саласы – эпостық жыр, дастандар арнайы зерттеу нысаны ретінде алынды. Тараудың авторы Б.Әзібаева Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасы өте бай екенін, құрамында ұлттық бүкілқазақтық фольклорымызға тиесілі барлық жанрлар сақталғанын, ол – біртұтас ұлттық фольклорлық мұрамыздың ажырамас, құрамдас бөлігі екенін дәлелдеп берді. Сондай-ақ бұл еңбекте Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары әлем фольклорының, соның ішінде қазақ фольклорының заңдылықтарына сай қасиеттерге ие екені, әрі соңғы бір жарым ғасыр уақыт ішінде пайда болып қалыптасқан өзіндік ерекшеліктермен де сипатталатыны көрсетілді [24].

Ал, Қытайда «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты төрт томдық зерттеу еңбектің бірінші томында жарық көрген Бексұлтан Кәсейдің «Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер» еңбегінде, Д.Қинаятұлы құрастырған «Мұра» журналының 30 жылдық таңдамалылардың I-II томында, Хуаң Жоңшияңның «Қазақ эпостары және сахара мәдениеті», «Қазақтың лексикалық сөздік қоры және мәдениеті» (қытай тілінде), Би Шүннің «Қазақ халық әдебиетіне кіріспе» (қытай тілінде) т.б. еңбектерде ғашықтық жырлар біршама зерттелді.

Зерттеу жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– Қытайдағы дәстүрлі романдықэпостар мен романдықдастандар тұңғыш рет жүйелі түрде, монографиялық деңгейде қарастырылды. Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары жүйеленіп, басым көпшілігі алғаш рет ғылыми айналымға қосылды, бүгінгі күн талабы тұрғысынан зерттелді;

– Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының бүгінге дейінгі жиналу, жариялану, зерттелу тарихының негізгі кезеңдері анықталып, алғаш рет тарихнамасы жасалды.

– Ғашықтық жырлардың жиналу тарихы саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи факті-деректермен салыстырыла, сабақтастырыла қарастырылуы – ғылыми еңбекте көтерілген мәселенің сонылығын, маңыздылығын, ауқымдылығын байқатады.

– Ғашықтық жырлардың сюжеттік ерекшеліктері анықталып, ондағы қолданылған мотивтер халықаралық сарындармен салыстырылып қарастырылды.

– Ғашықтық жырлар мәтіндік талдау тұрғысында тексеріліп, текстологиясы зерттелді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні.

Диссертациялық жұмыста отандық ғалымдардың қазақ эпосы туралы жасаған тұжырымды қорытындылары сараланып, басшылыққа алынды. Қытайдағы қандастарымыздың эпикалық мұраларының жалпықазақтық ерекшеліктерімен қатар аймақтық спецификасы, басқа халықтар фольклоры ықпалының бар-жоғы айқындалып, талданып, сарапқа салынды. Осы жұмыс арқылы қоғамда шет жерде жүрген қазақтардың рухани мұрасына деген

қызығушылық арттырылады. Сонымен бірге жұмыс Қытайда тараған жанрлар ішіндегі ғашықтық жырлардың қазақ эпосының бір бұтағы ретінде басқа эпос үлгілерімен салыстырмалы зерттеу жасауда өте маңызды. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған фольклортану саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Зерттеу нәтижелері бойынша қорғауға келесідей қорытындылар ұсынылады:

1. Қытайда XVIII-XIX ғасырларда Ежен хандығы тұсында мәнжулердің қазақтарды басқару, рулық жүйені саяси мақсатта пайдалану үшін ел ішінен көптеген шежірелер мен халықтың тұрмысы, салт-дәстүрлері, фольклоры т.б. туралы әр түрлі деректер жиналды. Ол деректер мен шежірелер Қытай астанасы Бейжіңде күні бүгінге дейін сақтаулы.

2. Түрлі мәдени қысым жасалса да фольклорлық мұралардың көптеген жанрлық үлгілері түгелдей дерлік сақталған, бүгінде ұмытылмаған.

3. Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының сюжеттері жаңа мотив, эпизод қосылу арқылы байып, кеңейтілген.

4. Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары еліміздегі қазақ фольклорының құрамдас бір бұтағы.

5. Ғашықтық дастандар отандық романдық дастандар тәрізді аймақтық фольклорлық, сондай-ақ шығыстық сюжетке негізделіп те, өмірде болған оқиға ізімен де жырланған және Қазақстандағы жарияланған туындылардың аймақтық нұсқалары жасалған.

5. Қытайдағы қазақ эпик ақын-жыршылар дүниежүзі халықтары фольклорында (шығыстан өзге де) кеңінен пайдаланылған мотивтер мен сюжеттерді өз шығармаларына арқау еткен.

6. Жырлардың мәтінін туғызуда халықаралық сюжеттер мен мотивтер маңызды қызмет атқарып, үйлесім тапқан.

7. Қазақ ғашықтық эпос кейіпкері белгілі деңгейде трансформацияға ұшыраған, яғни дамудың тарихи-стадиялық заңдылығын басынан өткерген.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы. Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының кеңейтілген Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып (2019 жылдың 18 сәуірінде № 3 хаттама), қорғауға ұсынылды. Зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері: 9 мақала жарияланған, соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 2 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде 2 мақала шетелдік конференцияларда, 1 мақала ұжымдық монографияда жарияланды.

1. Қытайдағы қазақтардың мұралары жөнінде //III Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – Сәуір-4-15.– Б. 170.

2. Хикаялық дастандардағы халықаралық мотивтер (Қытайдағы қазақ эпостары бойынша) // XIV Әуезов оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2016. – Б. 157-164.

3. Kazakh epics in China // Материалы Международной научно-практической конференции «Айтматовские чтения – 2016». – Бишкек, 2016. – С. 410-415.

4. Қытайдағы қазақ эпостары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. – 2016. – №3. – Б. 284-287.

5. Қытайдағы қазақ эпосының жиналуы мен зерттелуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. – 2017. – №3. – Б. 61-65.

6. Ақтан мен Ақбала айтысы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, Қазақ университеті, 2017. – № 2. – Б. 114-117.

7. Қытайдағы қазақ эпосының сюжеттері // Филологическая наука: история, современность, перспективы. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию со дня рождения известного башкирского языковеда Карима Гайсевича Ишбаева. – Уфа, 2017. – Б. 86-92 (РИНЦ).

8. Әлихан Бөкейхан // Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII-XXI ғасырдың басы // Ұжымдық монография. – Алматы, 2017– Б.177-184.

9. **Journal option Revista de Ciencias Humanas y Sociales** Volume 34, Issue 85, April 2018, Pages 20-43 //.- ISSN 1012-1587. – 2018. International motifs and plots in the Kazakh epics in China (on the materials of the Kazakh epics in China)(Article).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыскіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 152 бет.

I ТАРАУ

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРЫ: ЖИНАЛУЫ, ЖАРИЯЛАНУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Ғашықтық жырлар Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінен бастап әрқашан да ғалымдардың назарында болды. Жеке монографиялармен қатар ұлттық эпосқа арналған зерттеу еңбектердің бәрінде ғашықтық жырлар қарастырылып отырды.

Академик М.О.Әуезов ғашықтық эпостың жарқын үлгілері – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырларын жан-жақты, терең зерттеу нәтижесінде ғашықтық эпостың басты үш белгісін атап көрсетті: «Біріншіден, бұл поэмалардың негізгі тақырыбының халық игілігі үшін күресетін ерлердің ерлігі туралы жырланатын батырлық эпостан ерекшелігі: мұнда екі жастың өз бақыты мен бостандығы үшін күресі мен сол жолдағы қиындық-кедергілері суреттеледі. Екіншіден, батырлық эпостарда халықтың ішкі тұрмыс-тіршілігі, рулық қарым-қатынастары шешуші мән иеленбесе бұл эпостарда керісінше. Қайта тұрмыстық өмір сипаттары лирикалық поэманың фабулалық құрылымына енеді. Оларда мәңгілік махаббат тақырыбы – рулық қоғамда жетекшілік ететін көшпелі тұрмысқа тән заңдылықтар мен құқықтар жағдайына тәуелді, сабақтас суреттеледі. Үшіншіден, батырлық поэмалардан тағы бір елеулі өзгешелігі – кейіпкерлер бейнесі шындыққа жуық бейнеленеді. Егер батырлық поэмада батыр туған соң бес жасында-ақ ерен ерлік іс атқаратынын көркемдеу шартты әрі шындықтан алшақ суреттелсе, тұрмыстық поэмалардағы адамдар өзінің барлық қасиет-сапаларымен адам боп қалады» [25, 114-115].

С.Мұқанов [26], С.Сейфуллин [27], Ә.Қоңыратбаев [28], Ы.Дүйсенбаев [8], М.Ғабдуллин [29], М.Бөжеев [30], З.Ахметов [31], Р.Бердібаев [9] т.б. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» эпостарынан өзге де ғашықтық жырларды («Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Мақпал – Сегіз», «Назымбек – Күлше», «Талайлы мен Әйім қыз» т.б.) ғылыми айналымға енгізіп зерттеді. Зерттеушілер бұл туындылардың кейбір ерекшеліктерін көрсетіп талдағанымен оларды аталған әйгілі жырлармен бір қатарда, яғни бір жанрда аясында қарастырды.

Бұл туындылар қазақ фольклорының жеке, дербес жанры екені оларды алғаш кешенді-жүйелі түрде зерттеген Б.Әзібаеваның «Казахские народные романические дастаны» диссертациялық еңбегінде (1984) дәлелденіп, автордың кейінгі монографияларында тереңдетіліп қарастырылды [12], [32]. Еңбектерінде ғалым осы типтес шығармаларды жүйелеп, жанрдың пайда болу, зерттелу тарихын, кейіпкерлер жүйесін саралап, жанрлық ерекшеліктерін ашып көрсетеді, махаббат мәселесінің басқаша түсіндіріліп, жаңаша шешілетінін анықтайды. Көне ғашықтық эпостардан өзгешелігі туралы ол: «Классикалық эпостарда отбасылық қарым-қатынастар мен махаббат мәселесі патриархалды-феодалдық қоғамның идеологиясына

негізделген әдет-ғұрыптар мен заң, жоралғылар негізінде шешіледі. Кейіпкер атасқан қалыңдығы үшін күреседі. Болашақ жары басқаға берілмейтін өз еншісіне бұйырылған заңды үлесі болып табылады. Ал, XIX ғасырда жырланған шығармаларда ата-анасы құда түсіп, айттырып қойған қызды (жігітті) емес, өзі таңдаған, өзі ұнатып сүйген жарымен қосылуды мұрат еткен екі жастың шынайы сезімі, махаббат жолындағы күресі бірінші планға шығады. Мәңгілік тақырып жаңаша сипатта шешіліп, түсіндіріледі» – дейді [12, 30-74]. Әрі зерттеуші «Еркін ақыл-ой мен сезімге негізделген махаббат, сүйіспеншілік сезімін басты нысана еткен романдық (ғашықтық) дастандарда жастардың өз тағдырын өзі шеше алатындығы туралы ойлар тұжырымдалып, мысалдар арқылы дәлелденді» – деп қорытындылайды [32, 13]. Ғалым бұл типтес туындылардың көне ғашықтық эпостардан күрделі, принципиалды айырма/өзгешеліктерін, генезисі мен туындаған дәуірін, жанрлық спецификасын ескере отырып, оларды «дастан» деп жіктейді. Және еуропалық пен ресейлік ғылымда орныққан терминдер жүйесін назарға алып, ғашықтық тақырыптағы шығармаларды «романдық» деп анықтап, жіктеуді ұсынды. Б.Әзібаева ұсынған терминдер қабылданып, кең қолданысқа ие болды. Сонымен ғалымның жіктеуінше қазақ ғашықтық жырлары ерте заманнан белгілі а) дәстүрлі «романдық эпос» пен беріректе жасалған ә) «романдық дастан» атты екі жанрға бөлінеді [12, 4]. Ғалым романдық (ғашықтық) дастандарды шығу тегі, тақырыптық-сюжеттік ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөледі: 1. шығыстық сюжетке құрылған дастандар, 2. ел аузында жүрген аймақтық фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандар, 3. өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар [32, 13-24]. Зерттеуші, әр топқа жататын шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін анықтап, дастандар төл эпикалық дәстүр аясында жасалғанын баса көрсетіп, шығыс классикалық әдебиеті мен фольклоры поэтикасының әсері жөнінде тұжырым жасайды.

Қытайдағы қазақ жырларын жырлап, орындап, жариялап, зерттеп жүрген азаматтар жыр, дастан терминдік сөздерімен қатар, қисса мен хикаят сөздерін жиі пайдаланады. Қисса мен хикаят – парсы, араб фольклоры мен әдебиетінде алуан түрлі тақырыпқа арналған, қара сөзбен (проза үлгісінде) айтылған/жазылған, көлемі шағын, белгілі бір сюжетке құрылған ертегі, сюжетті әңгіме, аңыз, жалпы баяндау мағынасында қолданылатын термин атаулар. Шығыс әдебиетімен жақсы таныс болған ақын, жыршыларымыз түпнұсқалық нұсқаларды үлкен құрметпен қабылдап, ондағы термин атауларды сақтауға тырысқан. Сондықтан XIX-XX ғасырларда көптеген шығармалар «қисса», «хикаят» деген атпен басылып, таралып кетті. Солардың қатарында көне эпос пен классикалық қаһармандық эпос үлгілері, романдық эпос пен романдық дастандар, айтыстар, мысалы: «Қисса Құламерген» (1909), «Қисса-и Қыз Жібек» (1876), «Қисса-и Қозы Көрпеш» (1878), «Қисса-и Алпамыс» (1901), «Қисса-и Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» (1898), «Хикаят Көрұғлы сұлтан» (1880), «Хикаят дастан Хатымтай» (1891), «Хикаят Жауһартаж қызының қиссасы» (1897), «Қисса-и

Ораз мулланың хикаясы» (1885), «Қисса-и Гүлшаһра хикаясы» (1899), т.б. Демек, Қазан төңкерісіне дейін кітап болып басылған фольклорлық туындылар парықталмай, жанрлық белгілері ескерілмей бәрі де «қисса», «хикаят» деп аталып отырған.

Дастан – жыр немесе қара өлең түрінде қалыптасып дамыған, қаһармандық я ғашықтық тақырыптағы, фабуласында бірнеше сюжет камтылатын, көлемді, көптеген шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде XII–XV ғасырда, қазақ фольклорында XIX ғасырда кең тараған эпикалық жанр [32, 24-27].

Ғашықтық тақырыптағы туындылар XX ғасырдың 90-жылдарына дейін ғашықтық жыр, тұрмыс-салт, лиро-эпос, әлеуметтік-тұрмыстық поэмалар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, дастан, қисса деп, түрліше аталып келді. Бүгінгі отандық ғылымда, жоғарыда айтып өткеніміздей, негізінен, мына терминдік атаулар – дәстүрлі «ғашықтық (романдық) эпос», «ғашықтық (романдық) дастан», «ғашықтық жыр» терминдері кең қолданылады. Өкінішке орай Қытайдағы қазақ жырлары туралы жазылған зерттеу еңбектерде «қисса», «хикаят» деген атаулар әлі де қолданыста.

Қытайдағы қандастарымыз фольклорлық жадында асыл мұрамыздың бай әрі құнды саласы ғашықтық жырларды сақтап, дамытып, әйгілі жырлардың жаңа нұсқаларын тудырып бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр.

Қытайдағы қазақ фольклоры, соның ішінде ғашықтық жырлар «Біртұтас ұлттық фольклорлық мұрамыздың ажырамас құрамдас бөлігі. Ол қазақ фольклорының заңдылықтарына сай қасиеттерге ие, әрі соңғы бір жарым ғасыр уақыт ішінде пайда болып қалыптасқан өзіндік ерекшеліктермен де сипатталады» [24, 103].

I.1.Қазақ ғашықтық жырларының Шыңжаңда жиналуы, жариялануы, зерттелуі

§1. Ғашықтық жырлардың жиналуы мен жариялануы.

Қазақ халқының біразы түрлі себептермен басқа елдерде, соның ішінде көршілес елдерде орналасқан. Қырықтан астам елде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың бір бөлігі Қытай Халық Республикасында қоныстанған.

Қазақтар негізінен Алтай (Шіңгіл, Көктоғай, Бурылтоғай, Буыршын, Қаба, Жеменей аудандары), Іле(Құлжа қаласы, Күйтүн қаласы, Күнес, Текес, Моңғолкүре, Тоғызтарау, Нылқы, Шапшал), Тарбағатай (Шәуешек, Шиху қаласы, Сауан, Толы, Шағантоғай, Дөрбілжін) аймақтары кіретін қазақ автономиялық облыста, сондай-ақ ҚХР ШҰАР Мори-Қазақ, Баркөл-Қазақ аудандарында, Ганьсу өлкесінің Ақсай-Қазақ автономиялық ауданында және аз мөлшерде Бейжінде (Пекинде) тұрады. Шыңжаңда қазақтар негізінен Алтай (орталығы Алтай қаласы), Іле (орталығы Құлжа қаласы) және Тарбағатай (орталығы Шәуешек) аймақтарында орналасқан. Бір бөлігі Үрімжі, Шығызы, Қарамайлы қалаларында және Санжы хуйзу (дүңген)

автономиялы облысына қарасты Шонжы, Жемсары, Фуқаң, Мишуан, Санжы, Құтыби, Манас аудандарында және Шынжаңмен шекаралас Чинхай өлкесінің Хайши моңғол-тибет Қазақ автономиялы ауданында тұрады[33].

Талай нәубетті бастан кешірсе де Қытайдағы қандастарымыз бүгінге дейін өзінің этникалық болмысын, тілін, дінін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, фольклорын сақтап отыр.

2004-2014 жж. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында фольклорлық мұралар қамтылған «Бабалар сөзі» атты 100 томдық ғылыми серия жарық көрді, оның 10 томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналды. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» атты бағдарламасы арқылы дүниенің түкпір түкпірінен төл тарихымызға қатысты құжаттар мен фольклорлық мұралар жүйелі түрде жиналды. Бағдарлама аясында аталмыш мақсатта М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты РФ, ҚХР, Өзбекстан Республикасы мен Моңғолияға, атап айтқанда Ресей Федерациясының Алтай Республикасы, ҚХР ШҰАР Іле Қазақ автономиялы облысының екі аймағы Алтай (Буырылтоғай ауданы, Алтай қаласы, Шіңгіл ауданы, Сартоғай ауылы) мен Тарбағатай (Сауан ауданы, Толы ауданы, Күп ауылы, Шәуешек қаласы, Дөрбілжін ауданы), сонымен бірге Үрімжі қаласы, Күйтің қаласы, Санжы облысы Мори аудандарына фольклорлық ғылыми экспедиция ұйымдастырып, сол экспедицияға қатысқан ғалымдар (Тоқтар Әлбеков, Нұрғали Әшір, Гүлнар Тазабекқызы, Амангелді Мұқан, Зулфия Қасымова, Нұржұма Елесбай) көптеген материалдар алып келді [24, 12].

Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының жиналумен жариялану тарихнамасын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) Фольклорлық мұралардың XVIII-XIX ғасырларда жиналуы мен жариялануы. Ежен хандығы тұсында мәнжулердің қазақтарды басқару, рулық жүйені саяси мақсатта пайдалануы үшін жиған шежірелер мен деректер. Ол деректер мен шежірелер Қытай астанасы Бейжіңде күні бүгінге дейін сақтаулы [34].

2) Жинаушылардың ат салысуымен XX ғасырдың 1930-1980 жылдар аралығындағы фольклорлық мұралардың жариялануы. Бұл кезеңдегі жиналған фольклорлық мұралардың көбі коммунистік Қытай үкіметінің саясатымен «Мәдениет зор төңкерісі» (1968-1978) кезінде отқа жағылды, жыртылды, жойылды. Зиялылар есекке мініліп, төменгі еңбекке тартылып, жазаланды.

3) XX ғасырдың 1980-1989 жылдардағы фольклорлық мұралардың жариялануы. «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде жоғалған мұраларды қайта жаңғыртуға күш салынды. Нәтижесінде, «Ертегілер», «Ертегілер мен аңыздар» (1958), «Қазақ жұмбақтары» (1980) секілді жекелеген фольклорлық жанрлардың үлгілері жинақтар мен «Шалғын», «Алтай аясы», «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Шұғыла» журналдарында жарыққа шықты. Жәди Шәкенұлының мәліметіне сүйенсек, 1980 жылдарда «Қисса-дастандар», «Тарихи жырлар» мен «Батырлық жырлар» (18 том), «Ғашықтық жырлар» (8 том), «Ертегі-аңыздар» (4 том), «Шежіре» (3 том), «Тарихи айтыстар» (6

том), «Айтыстар» (6 том), «Тарихи ән-күйлер» (4 том), «Шешендік сөздер» (4 том), «Мақал-мәтелдер» атты (2 том) фольклорлық жинақтар баспадан шықты. «Шалғын», «Мұра» журналдарында ауыз әдебиеті мұраларын қарастырған 200-ден астам мақала, «Ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар» (1984), «Қазақ әдебиет тарихының таңдамалы үлгілері» (1985), «Қазақ ауыз әдебиеті туралы» (1985), «Ауыз әдебиеті тарихы» (1988) атты зерттеу еңбектері жазылды [35].

4) 1990-1997 жылдары әр аудан, аймақтан арнайы қоғамдар құрылып, он жылға жуық әр ауданнан шыққан «Төрт топтама» (кей аудандарда екі-үш топтама) («Халық өлеңдері», «Аңыз-ертегілері», «Мақал-мәтелдері», «Қазақ қисса-дастандары»), 1996 жылы Шыңжаң жастар баспасынан «Қазақтың ғашықтық дастандарының» алты томы және жекелеген ЖОО баспаларында Әуелхан Қалиұлы, Бексұлтан Кәсей, Би Шүн, Хуаң Жоңшияң т.б. ғалымдардың жинауымен біршама зерттеулер жарыққа шықты.

5) Жаңа ғасырдың 2000-2012 жылдар аралығында «Ұлттар баспасы» мен «Шыңжаң халық баспасынан» жеке-жеке кітап болып жариялануы. Аудандардан жиналған «Ауыз әдебиетінің» төрт томы қайтадан сұрыпталып, «Қазақ ертегі-аңыздары» (2002), «Қазақ мақал-мәтелдері» (2005), «Қазақ қисса-дастандары», «Қазақ өлең-жырлары» деген атпен ШҰАР (Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Районы) жағынан энциклопедиялық төрт том болып жарық көрді.

Жоғарыдағы айтылғандарды жинақтап айтсақ, Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтардың фольклорын жинау мен жариялау ісі 1950 жылдары басталып, «Қос Қобди» (1957), «Ертегілер» (1958), «Ертегілер мен аңыздар» (1958) жинақтары жарық көреді. Біраз саяси шегіністен (Мәдениет төңкерісі) кейін қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін реттеу мен жүйелі түрде баспадан шығару ісі 1980 жылдардан бастап қайта қолға алынады. Мысалы, 1980 жылдан бүгінге дейін батырлық жырлардың 30-дан астам томы, ғашықтық жырлардың 20 томы, ертегі-аңыздардың 10 томы, айтыстардың 7 томы, мақал-мәтелдердің 5 томы, шежірелердің 5 томы жарыққа шыққаны белгілі [24].

Қытайдың Шыңжаң «Халық баспасынан» 1979 жылдан бастап шығатын «Шалғын» журналы аз жылдың ішінде фольклор мұраларының біраз үлгілерін жинап бастырады. Атап айтқанда, өлең-жырлармен қисса-дастандарды, мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгімелерді т.б. жинап, алғаш баспа бетінде жариялады. Сонымен бірге әр аймақтан да әдеби журналдар жарыққа шығып жатты: Құлжа, Шәуешек, Алтай аймақтарынан «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Алтай аясы» журналдары мерзімді баспа бетін көрді.

Халық мұраларының жиналуы мен жариялануына күні бүгінге дейін өз үлесін қосып келе жатқан фольклорлық «Мұра» журналы. 1980 жылдан бастап жұмысын бастаған «Шалғын» журнал ұжымы, 1987 жылы «Мұра» журналы шыққан соң мерзімін аяқтап, екі журнал біріктірілді. Сол кезеңнен өз қызметін бастаған «Мұра» журналы 2018 жылдың сәуір айында белгісіз себептермен өз қызметін тоқтатты.

1980 жылдары жұмыс істеген «Алтай аясы» журналы 1980-1984 жылғы сандарында 108 фольклорлық үлгілер жарияланған (мәліметзерттеуші Н.Набиолланың мақаласынан алынды). Олар: «Мың бір түн», «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақ-жаңылтпаштар», «Аңыз-ертегілер» мен «Тарихи жырлар», «Халық өлеңдері», т.б. яғни фольклордың әр жанры қамтылған[24, 179].

Жеті жыл қазақ фольклорына үздіксіз қызмет еткен, тоқсан сайын шығатын негізгі журналдың бірі – «Шалғынның» біраз санын қолға түсірдік. Журнал мазмұнында әр түрлі жанр топтастырылғандықтан біз тек қиссалар (дастан) тізімін көрсетеміз.

Журналдың 1981 жылғы №1 санында жарияланған мәтіндер мен мақалалар тізімі былай көрсетіледі: «Арқалық батыр», «Сәлиқа – Сәмен», «Құламерген», «Жарапазан», «Жұмбақтар», «Мақал-мәтелдер», «Әдеби мұра жөнінде» жәнәмұнда Асқар Татанайұлының «Сәлиқа – Сәмен» қиссасы жөнінде» аттымақаласы берілген.

1981 жылғы № 2 санына «Әнуар – Күланда», «Қабанбай», № 3 санына «Шәкім – Шәкірат», «Әмірзада», №4 санына «Жәмсап – Шеризат»[36], 1982 жылғы №1 санына «Марғұзарын», №2 санына «Нұғыман – Нағым», «Қыз Жібек», «Ағыбай мен Ақсұр», «Тотынама», №3 «Алтын балық», «Қыз Жібек», «Тотынама»[37], 1983 жылдың №1 санына «Алтын балақ ақсұңқар», «Қарғаның әңгімесі», «Мәшекер тоты», №2 «Абылай – Кенесары», «Елзақ сұлу», «Тотынама», №3 «Зайыт», «Тотынама» және «Қыз Жібек» жыры жөнінде» атты Ахметолла Қалидың мақаласы енген. №4 санына «Құламерген мен Жоямерген», «Ахмет – Нұрила», «Тотынама»[38], 1984 жылдың № 1 санына «Дандан – Әбдікерім», «Саудагер», «Тауарих хамса» (қиссалар тобына кірістірілген), №2 «Бозжігіт», «Еспембет», №3 «Баланы күткен бойжеткен», «Ер Досан», «Тауарих хамса»[39], 1985 жылғы №1 «Сайпұлмәлік қиссасы», «Сайпұлмәлік қиссасы туралы бір-екі сөз», «Тоқтамыс хан мен Гүлсарық» [40]т.б. мәтіндер мен зерттеу мақалалар жинақталған.

Ал Шыңжаң халық баспасы мен Іле халық баспасы (2000-2012 жж.) бірлесіп, әр томның көлемі елу баспа табақ болатын 25 томдық «Халық ауыз әдебиетінің қазынасы» мен айтыс үлгілері қамтылған үш томдық «Айтыс» жинақтарын шығарған.

Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары жергілікті жинақтарда мерзімді баспа бетін көріп отырды. Шыңжаң жастар өрендер баспасынан «Қазақтың ғашықтық жырлары» төрт кітап болып (1982, 1983, 1986, 1988) баспа бетін көрді.

Алғашқы кітап (1982)Жүңгу коммунистік партиясы комитетінің 11-құрылтайының 3-6 жалпы мәжілісі туысқан ұлттардың фольклор мұраларын жинап, жариялап көркеюіне кең жол ашты. Кітапқа енгізілген ғашықтық жырларда теңсіз, әділетсіз, қатыгез заманның жауыздығынан жазықсыз құрбан болған, азап шеккен сол ғашықтардық зар-мұңы, қайғы-қасіреті, оқырманын шытырман оқиғаларға араластыратын тар жол-тайғақ кешулері басты орында, ашына жырланады.

Қазақ ғашықтық жырларының бастауы саналатын – «Қыз Жібек» жыры беріледі. Аталмыш жыр 1870-1925 жж. Қазан және Алматы баспаларында 5 рет жарық көрген. Кітапты құрастырғандар: Ә.Байболатов, О.Егеубаев. Жауапты шығарушы: Т.Қабаев. Құрастырушылардың айтуына қарағанда «Қыз Жібектің» басқаларға ұқсамайтын бір нұсқасы Шинжиянда жырланып келген делінеді. «Қыз Жібек» жыры Алтай аймағында таралып, Шерияздан Сұлтанбайұлы жағынан сақталып келген. Осы басылған нұсқа сол жаңа нұсқа болуы мүмкін делінеді [41].

«Қазақтың ғашықтық жырларының» екінші томына (1983) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Салиха – Сәмен», Еңлік – Кебек», «Әнуар – Күләнда», «Таһир мен Заһира», «Әшім – Қалима», «Нұрланған мен Айгүлім», «Әбілманап пен Алтыншаш», «Сағымет пен Зүбида» жырлары [42], ал үшінші кітабына (1986) «Жүсіп Зылиха», «Сәйпүлмәлік – Жамал», «Бозжігіт пен Қарашаш» жырлары енгізілген. Мұндағы «Жүсіп Зылиха», «Сәйпүлмәлік – Жамал», «Бозжігіт пен Қарашаш» жырларышығыс халықтары әдебиетінің әсері ықпал еткен жырлар болып табылды[43].

Тәліпбай Қабаев 1988 жылғы жинақта фольклорды ерте жүйелеудегі қиссалар тобына жатқызған біраз жырларды ғашықтық жырға қосып, оның мәнісін ашады [44].

Қиссалардың негізгі ерекшеліктерінің бірі авторының белгілі болуы болса, сол ерекшелігіне сай бұл жинақтағы жырлардың екеуінен (Қасым-Жомарт, Жиһанша) басқасының авторы белгісіз. Қиссаны/дастанды айтушы-жырлаушыны қазақтарда «қиссашы» деп атады. «Қисса» араб-парсы әдебиетінде махаббат пен сүйіспеншілікті, пәктік пен тазалықты, ізгілік пен адамгершілікті жырлайтын шытырман оқиғалы жанр ретінде кең дамыды. Түркі тілдес халықтарға араб әдебиеті арқылы енгені бүгінде белгілі.

«Қазақтың ғашықтық жырларының» төртінші кітабына осы күнге дейін «Қисса» деп аталып келген бір топ дастанның ішіндегі махаббат тақырыбына жататындары сұрыптап енгізілген. Бұл басылымдағы жырлар жайлы алдағы тарауларда кеңінен талданатын болады.

Қытайдың Үрімжі қаласындағы «Халық баспасынан» бастау алған «Шалғын» журналы фольклордың негізгі дереккөзі ретінде қызмет атқарды. 2013 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері Қытайға ұйымдастырған экспедициядан әкелінген журналдың басылымдарында «Қыз Жібек» жырының сюжеті туралы біраз салыстырулар жүргізілген.

Журналдың 1983 (1-4) жылғы баспасында Ахметолла Қали «Қыз Жібек» жырын сол кезеңге дейін (1958 ж. «Қазақ эпосы») Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллиннің лиро-эпостар тобына жатқызғанын құптамай, оны алғашқы кезеңдік зерттеу үшін құнды мәлімет деп қабылдайды. Ахметолла Қали жырдың «Қазақ елі» кейін «Жаңа өмір» (жарияланған уақыты белгісіз) журналдарында және «Қазақ эпосында» жарық көргенмәтінмен сондай-ақ Шерияздан нұсқасы мен «Мұра» журналындағы Мүсілімбек нұсқасын мазмұнына қарай салыстыру жүргізеді. Зерттеуші салыстыра келіп,

Шерияздан нұсқасындағы өлеңмен берілетін жыр жолдарының кейінгі нұсқаларда «Әлқисса» деп басталатын қара сөзбен жазылған авторлық баяндауларға ауысқанын келтіреді [45, 110].

Зерттеуші жырды Шерияздан нұсқасы – өзіміздің төл тумамыз деп, Мұхтар Әуезовтің кезінде «Қыз Жібектің» Шыңжаңда бір нұсқасы бар екендігін ескерткен нұсқа осы Шерияздан ақынның нұсқасы екенін атап өтеді. Сол сияқты «Қыз Жібек» жыры тек ғашықтық жыр ғана емес, ел бостандығы кең толғанған батырлық дастан дей келе, жырдағы басты кейіпкерлерге талдау жасаған. Мысалы, Жібек адал ару ғана емес, тұлпар мініп, семсер асынған батыр [45, 109]. Демек, Қытайда қазақ зерттеушілері шама-шарқынша үлес қосып, айтулы қызметтер атқарды.

1996 жылы сол өлкеде «Қазақ ғашықтық жырларының» жиыны отыз төрт дастан топтастырылған алты томы [46] баспа бетін көрді. Олар: «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қалқаман – Мамыр», «Ләйлі – Мәжнүн» (1); «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Сәлиқа – Сәмен», «Еңлік – Кебек», «Әнуар – Күланда», «Таһир мен Зухра», «Әшімқали», «Нұрланған мен Айгүлім», «Рәбілманап пен Алтыншаш», «Сағымен пен Зүбида» (2); «Жүсіп – Зылиха», «Сәйпүлмәлік Жамал», «Бозжігіт пен Қарашаш» (3); «Қасым – Жомарт», «Жиһанша», «Ерден Балқаш», «Жарқын – Жанар», «Қаһарман мен Самарқан», «Шаймұза мен Зарлық», «Данданмен Нәркес» (4); «Наурызбай Қаншайым», «Қанжыға мен Алтын», «Марғұба», «Нұртаза мен Күнасыл», «Төрт ғашық», «Қыпшағыз бен Қасым» (5); «Ерен ғайып шах Ғаббас», «Мұңлық – Зарлық», «Қасен Ғайнижамал», «Әмірзада мен Мәлике» (6).

Қытайда түрлі саяси оқиғалар кезінде ұлттық мұраларымызға қиянат жасалды. Ауыл адамдарының жаттаған, көшірген материалдары «Мәдениет зор төңкерісі» барысында халық мұралары жаппай өртеліп, жойылды. Фольклор үлгілерін жариялауға, пайдалануға қатаң тиым салынды. Сақтаушылар мен айтушылар айыпталып, түрлі жолдармен өлтірілді. Тірі қалғандары кейін ақталды.

Алайда, 1988 жылы партия комитетінің №8806 құжатымен Қытайдағы аз ұлт материалдарын қайта жинау мақсат етіліп, әр ауданнан төрт топтама шығару қолға алынады.

1989 жылы мемлекеттік құжат қабылданған соң, 1990-1997 жылы үш кітап құрастыру көзделеді. Олар: ежелгі жыр, мақал-мәтел және аңыз-ертегілер. Бірақ, Шыңжаңда қисса-дастандар тобының бар екені анықталып, төрт топтама жасауды қолға алады. Орталық кеңсенің жауаптысы Жұман Әбіш болып тағайындалады. Жұмысты жүргізудің тәртібіне материалдың қайдан алынғаны, қалай жиналғаны, қашан, кімнен жазылғаны енгізілді. Дегенмен, материалдар Орталық Үрімжі қаласына келгенде біраз редакцияға ұшырап, айтушы, жырлаушылар аталмай, тек жариялағандар туралы ғана мәлімет берілді. Одан соң Оразанбай Егеубаевтың көмегімен «Бабалар сөзіне» біраз материал еніп, онда да айтушылар туралы мәлімет түсіп қалған. Бес жыл көлемінде атқарылған жұмыс нәтижесінде жиырма төрт аудандардан көптеген материал жинақталып, баспа бетін көрді.


Келтірілген мәліметтер Буырылтоғай ауданының ауыз әдебиеті мұраларын жинау кеңсесінде қызмет атқарған, бүгінде зейнеткер Баяхмет Жұмабай ақсақалдан алынды.

Осындай қиындықпен құрастырылған топтамалардың қолға түскен ретін төменде келтірдік:

1991 жылы *«Жеменей ауданының қисса-дастандары»*[47] (жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз) жинағында да біршама жырлар жарық көрген. Көлемі – 442 бет. Жинап, құрастырғандар: топ бастығы Кәш Сапарғалиұлы, орынбасарлары Меңғали Омарұлы, Лю Фың Фи, Жеменей аудандық тұрақты комитет орынбасары, бас редакторы Жұмажан Әбілғазыұлы, орынбасары Ғалымбек Нұркенұлы, Дүйсенбай Байтұрсын, Ғаділбек Темірғали, Мәмет Ыбырай. Мысалы, «Мұңлы қыз» дастаны Қинаят деген кісіден 1920 жылдары Қайролла Ысқақ жаттаған. Одан 1991 жылы Қабісет Қинаятұлы көшіріп, кейін Жұмажан Әбілғазыұлы жазып алған. Жетпіс жыл араға салып жарық көрген жыр негізінен әлеуметтік тақырыпқа арналған. Құдаласу жолымен сегіз жастағы балаға атастырылған бойжеткеннің тағдыры баяндалады. Өз құрдасымен келісілген «әйел теңдігін» алу мақсатына қазақ ұлтының салтын бұзды деген пікір қайшылығы жырланады. Ұлттық мәселе мен жеке бастың мүддесі сараланады.

Осы сияқты ел арасынан жиналған елу дастаннан он сегізі іріктеліп, екі том етіп құрастырылған. Бірінші кітапқа бес, келесісіне он үш қисса кірістірілген. Олар: «Қыз Жібек», «Түсіпхан», «Арқалық», «Ер Сәтібек», «Ер Кешубай», «Жиенбай батыр», «Демежанның өліміне қатысты екі сөз», «Әлуай», «Сафари», «Рамазанның қиссасы», «Жақсы қатын», «Мұңлы қыз». Жинақта тарихи, ғашықтық жырлар берілген. Жинақ соңында түсіндірмелі сөздермен, айтушылардың деректері және адам аты мен жер-су аттары кірістіріліп, ғылыми түсінігі берілген.

Мәтіндер Қалимолла Нұрғалиұлы, Күнияз Аманжанұлы, Меллат Мұсекеұлы, Қасым Тілеуке қатарлы дана қариялардан жазылып алынған [47, 1-4].



Жеменей ауданында жиналған жанрлар құрамы: мақал-мәтелдер, қисса-дастандар, өлең-жырлар, аңыз-ертегілер

«Баркөл ауданының қисса-дастандарын» (1991) [48] (жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз) жинап құрастырғандар: бас редактор Құныпия Үсенұлы, орынбасары Қасым Құмарұлы, мүшелері Сағатхан Таңқай, Кәукәйе Әуелбай, Тәпей Ғайысханұлы. Жинақта тарихи мазмұнды жырлар енгізілген екен. Сондықтан мазмұнын келтіруді жөн деп санамадық.




Баркөл қазақ автономиясында жиналған жанрлар: мақал-мәтелдер, қисса-дастандар, өлең-жырлар, аңыз-ертегілер

Баркөлде 27400 қазақ ұлты өмір сүреді.

Жинақ мәтіндерін тапсырған ақын-жыршылар: Ахмет Биәлиұлы, Кәбен Буратаұлы, Хәдислә Молла, Исақан Қызырұлы, Қәділ Жалпақұлы, Құсман Құрманғажыұлы, Әбілмәли Илиясұлы, Әбдіғали Мұхамедиұлы, Қасымқан Теңізұлылармен қатар жас жинаушылар: Әбіл Тәуекелұлы, Мәлік Қойылқанұлы, Мейрам Тұрдағұлұлы, Саяхат Мейірімқанұлы, Сүлеймен Қасенұлылар болды.

«**Дөрбілжің ауданының қисса-дастандары**» (1992) [49](жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз). Аудан бойынша 6500 астам мақал-мәтел, 61 қисса-дастан, 4900 астам өлең-жырлар, 350 нұсқадай аңыз-ертек жиналған. 1984 жылдан басталған жұмыс нәтижесінде он төрт қисса-дастан іріктеліп, жинаққа енгізілген. «Майқы дастан» үш бөлім, «Мұса мен Перғауын патша», «Әли мен Дариғаның күресі», «Ер Көркемше немесе Шеризат», «Естігүл мен Серік», «Үйсін – Жомарт», «Сабалақ», «Демежанның қиссасы», «Ер Кешубай», «Батыр Тәуке», «Қысаңдағы қырғын», «Көкшетау», «Абылай хан қиссасы», «Қазақ тарихы дастаны» аралас жанрдағы жыр мәтіндері енгізілген [49].



Дөрбілжің ауданы

Фольклорлық мұраларды жинау ахуалын көрсету картасы

«**Үрімжі ауданының аңыз-әңгімелері**»(1992)[50](жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз). 1990 жылдан бастап халық мұраларын жинау жұмыстарын жүргізуді қолға алады.

Ауданның жалпы саны – 167000, ондағы қазақ халқы – 25600. Қызметкерлер: шамамен 300 ертегі-аңыз, 29000 өлең-жырлар, 8000 мақал-мәтел, 100 қисса-дастандар жинаған [50, 1-4]. Алайда біздің қолымызға бұл топтамадан қисса-дастандар тобы түспеді.




Үрімжі ауданында жиналған жанрлар: мақал-мәтелдер, қисса-дастандар, өлең-жырлар, аңыз-ертегілер
Үрімжі ауданының маңызды шығармалар жиналған жерлердің картасы

Келесі «*Шәуешек қаласының қисса-дастандары*» (1991)[51](жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз) жинағына «Дариға», «Қазірет Қали мен Қарынның күресі», «Әбу Шаһман», «Ибраһим», «Көркем шияр Бекзат», «Әлпеш – Назым», «Ер Тәуке», «Демежан» (1-2 варианты), жыр жанрлары қамтылған. Кітаптың бас редакторы: Иманмәди Байғали, жауапты редакторы Отан Кәсімбай.

1949 жылдан бері сақталған архив қорларын қатар пайдаланып, 1989 жылы негізгі жұмыстар атқарылады. Жалпы 144 нұсқа аңыз-ертегі, 80000 жолдан тұратын қисса-дастандар тобының 54 нұсқасы, 4000 өлең-жырлар, 10000 мақал-мәтелдер жиналады. Алайда, қисса-дастандар тобы іріктеліп, 13 нұсқасы ғана алынады. Келтірген мәліметтер кітаптың алғысөзінен алынды.

1930 жылдардың соңы мен 1940 жылдардың басында Шәуешек халық клубында драматург Дубек Шалғынбаев жазған «Қыз Жібек» жырының театрланған нұсқасы қойылады [51, 1-9].



Шәуешек қаласында жиналған жанрлар: мақал-мәтелдер, қисса-дастандар, өлең-жырлар, аңыз-ертегілер

1992 жылы екі кітап жарық көрді. Алғашқысы, «*Сауан ауданының қисса-дастандары*» (1992) [52] жинағын құрастырғандар: бас редакторы Райыс Шөкен, орынбастары Падан Мұхамедкәрім, Құрманғажы Әкежан, Қайранбай Әбікен. Мұнда «Салсалдың соғысы», «Құсманның қонаққа шақыруы», «Жұмжұма», «Наурызым», «Нұрланған мен Әйгүлім», «Әл қарттың әңгімесі» «Мешін жылғы жұрт» т.б. жырлар енген.

Қытай тілінде үш топтамадан үш кітап, қазақ тілінде төрт топтамадан бес кітап құрастырылады. Қазақша бес кітапқа 171 аңыз-ертегі, 2500 шумақтық өлең-жыр, 5213 шумақтық он сегіз қисса-дастан жинақталды. Сауан ауданында жиырма бес түрлі ұлт өкілі, 163866 жан бар. Жиналған мәтіндерді жеткізушілер: Берікбай Жақсылықұлы, Мұхаммадияр Атамбайұлы, Ыбырайым Жиенбайұлы, Мұхаммедкәрім Оралбайұлы, Оразқан Рақымұлы, Сұлтанбек Құрманғалиұлы, Дастан Кәрәпылұлы, Сәммәділ Ұятбайұлы, Шәріп Құсбекұлы, Бадан Мұхаммедкерімұлы, Құрманғажы Әкежанұлы, Ауғали Сәдуақасұлы қатарлы ақын-жыршылар болды.

Жиналған елу жеті қисса-дастаннан Үрімжіде бас мамандардың іріктеуімен он сегізі іріктеліп енгізілген [52, 1-4].

«*Текес ауданының қисса-дастандары*» (1992) [53] жинағына «Алпамыс», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Токенің асындағы ат бәйге», «Кемеңгер қыздың кереметі», «Қожеке», «Қабанбай батыр», «Мәңгі тату ерлі-зайып» қатарлы шығармалар енген. Мұндағы шығармалардың басым көпшілігі тарихи және діни қиссалар болып табылады.

1934 жылы құрылған ауданда 41220 қазақ ұлты тұрмыс жасайды.

Текес ауданында ақын Ж.Шайхысламұлы өмірінің соңғы кезеңдерін өткізген. 1937 жылы 80 жасында Текестің Мыңбұлақ деген жерінде қайтыс болған. Сонымен бірге Т.Жолдыұлы, күй атасы Ә.Найманбайұлы, К.Маралбайұлы, А.Қызайұлы, Қ.Түсіпбекұлы, Т.Мәntenұлы т.б. ақын-жыршылармен шежірешілер талай дастан-жырлар туғызған.

Ауданның қисса-дастандарды жинауға негізінен 1970 жылдан бастап назар аударылып, 1989 жыл аралығында жүзден астам қисса-дастандар жиналып басталған мәтіндер 1990-91 жылдары реттеліп, 1992 жылы баспадан шықты. Жинаққа сұрыпталып сексен шақты ертегі-аңыз, екі мың шумақтай өлең-жыр, екі мың мақал-мәтел, жетпіс сегіз мәтіннен іріктеліп, он қисса-дастан енгізілген. Жинақтың баспа бетін көруіне ерекше күш салғандар: М.Әбілхайырұлы, Д.Тұрлықожа, М.Есбайұлы, Б.Мұқанұлы, Д.Мазақұлы, Н.Сүлейменұлы, О.Қайранбайұлы, Т.Зәменұлы болды [53, 1-12].

Мұндағы мәтіндер негізінен ертегіден поэзияға айналған дастандар. Мәтіндерді жинап бергендер: Д.Тұрлықожаұлы, Ж.Диқанбайұлы, Б.Мұқатұлы, Ә.Рақышұлы, Н.Нүсіпақынұлы, Ә.Шәріпұлы, Б.Қаныбайұлы, С.Әлібекұлы, Б.Рақымжанұлы.

«Нылқы ауданының қисса-дастандары»(1990)[54]«Ғашықтық жырлар» топтамасына «Қыз Жібек», «Достық – Салтанат», «Нұғыман – Нағым» жырлары енгізілген.

Ауданда 130000 ұлт өкілдері тұрады, оның ішінде қазақ ұлты – 57324.

1874 жылдан Қазаннан ескіше оқыған Шілбі Әлімақылұлы, Ырғынбай Нысамолла қатарлы діни молдалардың келуі қазақ ауыз әдебиетінің пайда болуына ықпалын тигізді.


Халық мұраларын жаттап сақтағандар: Нұрахматжан Тоғамынбайұлы, Сарқытбай Әсімұлы, Сырдықан Шәңгерейқызы, Оспанғали Қаңбақұлылар болды.

1949 жылы Қытай азаттық алған соң ауыз әдебиетін жинау, қалыптастру, реттеу жұмыстар жүргізіле бастады. 1984 жылы қиссашы-өлеңшілердің (Шыңжаң бойынша екінші рет) аудандық жиналысы мен 1990 жылға дейін ақындар айтысының он бес рет өткізілуін дәлел ретінде келтіруге болады.

1988 жылы партия комитетінің №8806 құжатымен төрт топтама шығаруды қолға алады. 1962 жылдары Нұрахметжан, Сырлықан (тегі көрсетілмеген) қатарлы көнекөз қариялардан мәтіндерді жинау басталып, 1989-1990 жылдары халық арасын аралау, жинау жұмыстары атқарылады. 137 адам халық мұраларын жинап, нәтижесінде, Жунго халық әдебиеті көркемөнершілер қоғамының орынбасары Жұман Әбіш бастаған редакторлар келіп, алты кітапқа арқау боларлық материалдарды (ертегі-аңыздар, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, қисса-дастандар) сұрыптап, қажетті түзетулер енгізеді [54, 1-19].

«Бурлытоғай ауданының қисс-дастандары» [55](жанр тараған аймақ картасын төмендегі суреттен қараңыз).

Мұнда да жоғарыда аталғандай тізіммен төрт кітап құрастырылады. 1990 жылдың басында ұйымдастырылып, 170 нұсқадан астам аңыз-ертегі, 70 нұсқа қисса-дастан, 5500 шумақ өлең-жыр, 5600 нұсқа мақал-мәтел жиналады. Алғысөзін жазған – Орынбек Әбісұлы.



Бурлытоғай ауданы ауыз әдебиеті мұраларының тарқалуын көрсететін карта масштабы

«Қаба ауданының қисса-дастандарынан» (1993)[56] тек өлең-жырларға арналған жинақты ғана қолға түсірдік. Жинаққа Арғынбек Апашбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Әсет Найманбайұлы, Төлебай Бөжекұлы т.б. ақын-жыршылармен қатар халық ақындары Башай Ақмола, Рақыш Бәуеддин, Әмірқан Айтулы, Орынқан Байбосынұлы, Саутай Омарұлы, Уалбай Дөненбайұлылардың өлең-жырлары енгізілген.

Сол кездегі санақ бойынша ауданның жалпы саны – 65525. Ондағы қазақтар саны – 40239. Қабадағы ауыз әдебиеті 1980 жылдардың соңына дейін жиналып, 1990 жылы редакциялық алқа құрылып, 1991 жылы тексерілу жұмыстары атқарылып, 100000 жол шамасында халық қиссалары мен өлең-жырлары ұсынылды. Нәтижесінде мақал-мәтелдерден бір кітап, қисса-дастандардан екі кітап, аңыз-ертегілерден бір кітап, өлең-жырлардан бір кітап құрастырылады [56, 1-5].

Ескерте кететін жайт, біз халық санын 1990 жылдар шамасында жазылған деректер бойынша көрсеттік.

«Қазақтың ғашықтық қиссалары» (1996) атты алты томдық жинақ та өз кезегінде жарыққа шықты. Онда: «Ләйлі – Мәжнүн», «Қалқаман – Мамыр», Сәйфүлмәлік – Жамал», «Кешубай Жәмила», Пушкиннің «Татьяна», «Жүсіпхан – Жамал», «Алтай сұлу», «Мәңгі тату ерлі-зайып», «Сәлиқа – Сәмен», «Наурызбай мен Қаншайым», т.б жырлар енді. Сонымен бірге мұнда

Жұмабек Діқанбайұлы атты фольклор мұраларын жинаушы туралы мәліметтер беріледі. Оның берген қисса-дастандары осы жинақ пен «Текес ауданының жинағына» енген екен.

Сондай-ақ «Қазақ қиссалары» (1985) [57] атты Пекиннің Ұлттар баспасынан шыққан үшінші кітабына «Нұрғазарын», «Алтын балық», «Қасымжомарт», «Шаймұза», «Қамарзаман», «Еренғайып Әмірзада мен Мәлике», «Жетім бала» шығармалары енген. Редакторы: Қазымбек Арабин. Кітаптың алғысөзін жазған Оразанбай Егеубаев ғашықтық дастанға біраз түсіндірме береді. Қазақ қиссаларының ерекшелігі – жақсылық пен жамандық та әйел затының төңірегінде болады деп, ханды хандығынан айыратын да, қараны алтын таққа мінгізетін де, ақыл, алып күштің иелерін өз алдында құрша жорғалатып, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын да әйелдер деп суреттеп, ойын мысалдармен дәлелдейді. «Қазақ қиссаларының» (1993) [58] он үшінші жинағын құрастырған Әбдірашит Байболат. Мұнда да жоғарыда жарық көрген жыр мәтіндері қайталанған.

«Қазақтың ғашықтық жырлары» (1982-1996) [59] Үрімжіде Шыңжаң жастар өрендер баспасынан он томдық топтама баспа бетін көрді. Бірінші томдағы мәтіндер: «Көрұғлы сұлтан», «Екі ағайын қиссасы», «Досанның қиссасы», «Француз патшасы», «Сақипжамал», «Ибраһим». Құрастырғандар: О.Егеубаев пен Ә.Байболатов.

Пекиндегі Ұлттар баспасы «Қазақ қиссалары» деген атпен батырлық жырларды негіз етіп, он төрт кітап басып шығарған. Ал Шыңжаң баспасы алты том «Ғашықтық қиссаларды» отыз төрт жыр-дастанды жинақтаған. Мұндағы мәтіндер жоғарыда келтірілді.

2012 жылы «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» деген атпен [60] он томдық жинақ баспа бетін көрді. Бұл топтаманы Іле ауданы қызметкерлері байырғы шығармалар кеңсесінің меңгерушісі Бақытжан Айдархан, Әбдірашев Тойлыбай, Әділет Үркімбаев болды. Мәтіндерді тапсырған – Дәулетбек Қаңбақов. Алайда біздің қолымызға 1-3 томдары ғана тиді. Алғашқы томы «қисса-дастандарға» арналып, келесі томы екі бөлімге «Шежірелер» мен «Айтыстар» жіктелді. Үшінші томы «Өлеңдер мен тұрмыс-салт жырлары» аталып, онда «Өлең сөздің патшасы» мен «Тұрмыс салт жырлары» қарастырылды.

Қисса-дастандар тобына «Алпамыс батыр», «Қазіретәлі мен Дариганың күресі», «Нұғыман Нағым», «Құрақбала», «Әбдуллабай», «Мұхамедқанафия» «Сұлтан патша», «Сұлтан Әбдікерім», «Ағаш ат», «Жақыпберді батыр» т.б. мәтіндер енді.

Құрастырушы топтың ғашықтық, хикаялық, тарихи жырларды араластыра іріктелгені байқалды. Мұның себебін біз, жинаушы Дәулетбек Қаңбақовтың өз еңбегінде көптеген мұралардан «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде мұрагерлермен бірге көміліп, көз жазып қалған оқиғаны келтіргенінен көреміз.

Қорыта айтқанда, біз келтірген жинақтардағы жырларды араластыра топтаудан біз басты мақсат жинау, түгендеу, реттеу жұмыстары болғанын аңғардық.

2011 жылы «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» атты жиырма бес том [61] жарық көрді. Олар: дастандар (1-10 томдар), айтыстар (11-12 томдар), аңыз-ертегілер (13-14 томдар), шешендік сөздер (15-том), қара өлеңдер (16 том), халық әндері (17 том), мақал-мәтелдер (18 том) тұрмыс-салт жырлар (19 том), жыраулар жыры және термелер (20-том), күлдіргілер (21-том), ұлттық ойындар (22-том), шежірелер және күй аңыздары (23-том), халықтық заң-жарғылар (24-25 томдар).

Кітаптың алғысөзін жазған Талғат Үсенұлы қазақ фольклорының түрі мол болғандықтан жанрға бөліп қарастыруға қиындық тудырғанын айтса да өзіне дейінгі зерттеушілер классификациясын негізге алып, бөліп жіктеуге тырысқан. Тұрмыс-салт жырлары (қыз ұзату, тойбастар, жар-жар, беташар, сыңсу), діни салтқа байланысты өлеңдер (жарапазан, бақсы сарыны, жалбарыну, бәдік өлеңі, арбау, шарифат өлеңі т.б.) ертегілер (қиял-ғажайып, хайуанат жайындағы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер), қисса-дастандар тобын (тарихи жырлар, батырлар жыры, ғашықтар жыры) деп қарастырып, әр халықта кездесетінін айтып, түсіндіріп өтеді. Өз ойын қазақ әдебиетінің/фольклорының дамуына шығыс әдебиетінің ықпалы зор болды деп, нәзира дәстүрі жайында кеңінен тоқталып, баяндайды [61, 4-11].

Талғат Үсенұлының айтуы бойынша, ғашықтық жыр үлгілері «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының жиырма алты нұсқасы, «Қыз Жібектің» төрт варианты бар, ал жинаққа ең байырғы нұсқаның енгізілгенін келтіреді. Көптомдықты қарағанымызда, алғашқы томдарда жырлардың жанрына қарай бөлінбей, топтастырылып берілгенін байқадық. Бұл жинақ аймақтарда таралған жыр-дастандарды қайта жинау мақсатында жарық көрген.

Қазақ фольклорының асыл қазыналарын жадында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын халық ішінен шығатын жыршылар мен ақындар. Олардан көшіріп, халық арасына таратушы оқыған, сауатты кісілер болды. Сондай кісінің бірі, бүгінде Қытайда естігенін қолма-қол, қаз-қалпында жатқа айтып, «тірі радио/магнитофон» аталған жыршы – Қазым Әлменұлы. Қазақ халқының алтын қазынасын кеудесінде сақтаған жыршы қазақ фольклорына осылай зор үлес қосты.



«Тірі радио» атанған Қазым Әлменұлы

Он жасынан бастап өлең-жырларды жаттап өскен жыршы «Өлеңші бала» атанады.

Қазіргі таңда Қазым ақсақал қазақ қисса-дастандарын қорғаудың мемлекеттік дәрежедегі уәкілдік мұрагері болып бекітілді. Буырылтоғай аудандық халық үкіметі жыршының мұраларын дыбыс таспасы мен ағылшынша-қытайша-қазақша үш тілде «Қазақ қисса-дастандарын» арнайы теле таспасына түсіріп, халықпен таныстырды. Бүгінде Шыңжаңда «Халық радиосында» аптасына бір сағаттық уақытпен таратыла бастады.

Қазым ақсақалдың мұраларын реттеп, құрастырып, Шыңжаңдағы Халық баспасынан «Қазымдағы жыр-дастан қазыналар» (2012) [62] деген атпен төрт томдығы жарық көрді. Алтай аймағы Буырылтоғай ауданында туған жыршы негізінен өзіне дейін өмір сүрген Ақыт Үлімжіұлы, Арғынбек Апашбайұлы сияқты ақын-жыршылар мен кітаби ақындардың да дүниелерін қосып жырлаған екен. Бүгінде айтыс, жұмбақ өлең, тұрмыс-салт жырлары, қисса-дастандары (көне эпос «Құламерген мен Жоямерген», батырлық жырлар «Алпамыс», «Ер Тарғын», тарихи жырлар «Абылай хан Сабалақ», «Бөгенбай», «Қабанбай», «Бердіқожа батыр», «Ер Сайын», «Сәтбек» т.б.), ғашықтық жырлар, хикаялық, діни дастандар) жинаққа арқау болған. Сексеннің сеңгіріне шыққан жыршы жүз жиырмадан астам қазақ жырларын жатқа айтады. Бұл кісі қазақ ғашықтық жырларынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ләйлі – Мәжнүн», «Сәлиқа – Сәмен», «Айман, Шолпан», «Кешубай – Жәмилә» т.б. жырлады.

Ескерте кететін бір жайт, біз пайдаланған жинақтар, көптомдықтар, журналдар («Шалғын», «Мұра») 2013 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлерінің кешенді экспедициядан алып келген материалдары болды. Әрине, біршамақолжазба мұралар болғанмен біздің жұмысымызға қатысты мәтіндер тобын кездестіре алмадық.

Жоғарыда айтқандарды сараптай келе, Қытайдағы ғашықтық жырлардың жиналу тарихы өткен ғасырдан бастау алып, бүгінге дейін жалғасып отырғаны анықталды. Қазақ халқының фольклорлық үлгілерін

жинау, жариялау, оларды кейінгі ұрпаққа сақтап, жеткізіп, насихаттауда көптеген жұмыстардың жасалғанын байқадық.

Сонымен мынадай **қорытынды** жасауға болады:

1. Қытайда XVIII-XIX ғасырларда Ежен хандығы тұсында мәнжулердің қазақтарды басқару, рулық жүйені саяси мақсатта пайдалануы үшін жиған шежірелер мен деректері жарыққа шығып отырды. Ол деректер мен шежірелер Қытай астанасы Бейжіңде күні бүгінге дейін сақтаулы.

2. Түрлі мәдени қысым жасалса да фольклорлық мұралардың жанрлық үлгілері түгелдей дерлік сақталған, бүгінде ұмытылмаған. Нәтижесінде, фольклорлық үлгілер жиырма төрт ауданда жүйелі түрде жарияланған.

3. Фольклорлық мұралардың жанрлық үлгілері жарық көрген. Оның ішінде ғашықтық жырлар әр түрлі атаулармен жиырма том баспа бетін көрді.

4. Қолға түскен материалдар бойынша анықталғандай, жалпы саны 81 ғашықтық жырлар жарық көрген. Түрлі жағдайларға байланысты кейбір мәтіндер қайта жарияланып отырған. Оның ішінде 12 мәтін «Бабалар сөзі» ғылыми сериясында жарық көрді.

5. Біз өз жұмысымызда бүгінге дейін ғылыми қолданыста болмаған 8 ғашықтық жырларды айналымға қостық.

§2. Ғашықтық жырлардың зерттелуі.

Әлемдік фольклортану ғылымында Қытайдағы қазақ фольклоры салыстырмалы түрде қарастырылды. Мысал ретінде, Найлз, Д.Джонның «Арнайы басылымға кіріспе: Қытай мен ішкі Азияның эпосы» атты еңбегіндегі ойларын алға тартуға болады. Ғалым: «Kazakh folklore and motifs are rich and diverse. It includes almost all kinds of motifs: myths, tales, legends, stories, songs, riddles, proverbs, etc. Among them epic takes special place. It has several internal genre varieties and forms. They are archaic epic, classic heroic epic, romantic (love) epic, historical epic and dastan epic with its varieties (heroic, love, adventure, religious, social- everyday life, tale)» [22, 253-269] деген түсінік береді. Мұның қазақша аудармасы: «Қазақ фольклорының мотивтері бай және әртүрлі. Бұл мотивтердің барлық түрлерін қамтиды: мифтер, ертегілер, аңыздар, әңгімелер, әндер, жұмбақтар, мақалдар және т.б. Олардың ішінде эпостың орны ерекше. Оның бірнеше ішкі жанрлық түрлері мен формалары бар. Олар архаикалық (көне) эпос, классикалық қаһармандық эпос, романдық (ғашықтық) эпосы, тарихи эпос және оның түрлері (ерлік, махаббат, шытырман, діни, әлеуметтік-тұрмыстық өмір және ертегілер) эпосы» дегенді білдіреді (Ауд. Г.А.).

Ал Қытайдағы фольклортанушы Хуан Жоңшияң өзінің «Motif Series Type of Kazakh Heroic Epic» еңбегінде: «According to the parameter used in the classification of researchers in the country and abroad, the article consists of two episodes of the Kazakh epic: the wedding expedition, the content, the number and the drawing up of a series of sketches on the Kazakh heroic epic. Three types: simple, complex and multi-layered» деп, отандық және шетелдегі

зерттеушілердің мотивтерін жіктеуде пайдаланылатын параметрге сәйкес қазақ эпосының сюжеттерінің басты екі топта қарастырған: неке экспедициясы, және саны мен құрамына қарай қазақ батырлық эпостары. Олардың үш түрін көрсетеді: қарапайым, күрделі және көпқабатты [63, 4](Ауд. Г.А.).

Ал Қытайда қазақтың фольклорлық мұраларын жинау, реттеу, бастыру, зерттеуді жүргізіп отырған әдебиеттанушының бірі – Асқар Татанайұлы болды. 1938 жылдан бастап жоғарыда аталған Алтайдағы «Жаңа Алтай» журналына өзінің жинаған халық әдебиеті туындыларымен қатар өз шығармаларын қоса жариялап отырды.

Асқар Татанайұлы Шыңжаң өлкесінде дүниеге келген, ауыл молдасынан хат танып, сауат ашады.

Асқар Татанайұлының 1989 жылы шыққан «Тарихи дерек – келелі кеңес» атты кітабы екінші басылымының алғысөзінде ақынның фольклорлық мұраларды қалай жинап, сақтағаны жайлы баяндалады.

Шәріпқан Көгедәев басшылық еткен 1933-1939 жыл аралығында «Алтай газеті» жаңа дәуірге ұмтылады. Шәріпқанның «Халық ауыз әдебиетін жинай да, игере де білу керек» деген нұсқауымен ақын көптеген мұраларды жинайды. 1944 жылы Кеңес Одағының оқу ағарту кезеңін алып келген Шыңшы Сайдың үкіметі отставкаға кетіп, жаңа үкімет У Зың Шинді жібереді. Жүйе ауысқанын пайдаланған кейінгі үкімет өз міндеттерін алға қойып, түрлі науқанды жүргізеді. Соның бірі, кеңес ықпалында болған «Үш аймақ», «Жеті аймақ» атты үкіметтерге бөлінген екі аймақта орналасқан қазақтарға Гоминдан үкіметі Кеңес ықпалын азайту үшін «Совет одағынан келген кітаптарды жиыстыру» деген сылтаумен Асқар Татанайұлының Сарысүмбе қаласында отбасын тінтіп, алғашқы жинағын мұраларын өртеп жібереді. 1945 жылы «Үш аймақ» төңкерісі жеңіске жеткеннен соң біраз шаруалар атқарылып, біраз дастандарды қайта жинайды. Соның ішінде ақынның бастыруымен бірінші рет «Салиқа – Сәмен» дастаны «Алтай газеті» баспасында кітап етіп шығарылады. Алайда Гоминдан үкіметі екінші рет Алтай аймағын басып алып, ақынның 1944-1947 жылдары жинаған материалдарын тағы өртеп жібереді.

Үшінші рет ақын ел ішіндегі күйма құлақ қариялар атап айтқанда, Сақари Жабайұлы, Қабыл Ақбайұлы, Қақым молла, Шәмен Мәмиұлы, Раздан Қамшыбайұлы, Өгізшібай Қарағұлұлы, Жошы Әбетайұлы, Жаяр заның, Мәлгәждар молла, Арыстан Мұстапаұлы, Қасен Шыбар Қажыұлы, Садық ақсақал, Шәймардан Көгедәев, Мұңғұл Махаберді гуң, Батмөңке заның, Әбдірахман Тоқылы, Әйткен Аманжанов, Қажынаби Уәлиев, Қанапия Түсіпбеков, Сәутай ақын, Тағайып Мәмедоллаұлы, Ыбырайым Маржанұлы, Сәдуақас Мәмеұлы, Тұрсынақ Татанайұлы қатарлы ақсақалдардан «Бөгенбай батырдың» төрт саласы, «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Әлпеміш/Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Біржан-Сараның айтысы», «Әсет пен Ырысжанның айтысы», «Әсет пен Кәрібайдың айтысы», «Бәтіш пен Мәлік молданың айтысы», «Ілесіп пен Райымхан молланың

айтысы», «Бәтiш пен Шыбар ақынның айтысы», «Арқалық батыр», «Ер Дәмежан», «Сақаридың зары», «Шәмекенің құны», «Қара Оспанның еліне хаты» және т.б.мәтiндердi жинайды.

Сонымен қатар Асқар Татанайұлы халық ақындары Төлебай Бөжекұлы, Көтiбай Көшкiншiұлы, Ақыт Үлiмжiұлы, Зия Мәмиұлы, Күдерi ақын, Әсет Найманбайұлы, Ахмет молла, Дәуiт (Отарбайұлы) қатарлы ақындардың шығармаларын жинақтайды.

1958 жылы «Төрт көне» саяси науқанында Асқар Татанайұлы «оңшыл» деп танылып ақын материалдары үшіншi рет өртеледi. Ақын халық мұраларын сақтаудың түрлi амалдарын ойлап, амалсыздан қайтыс болғанына екi ай болған әйелiнiң басына белгi қоямын деген сылтаумен бiр күндiк рұқсат алып, екi қап сабанның арасына бар кiтап-қағазды салып, молаға жасырады. Ертеңiнде кiшi ұлы Мәдетбек бiр топ қағазды (жай қағаздарды) жұрт көзiнше өртейдi.

Ақын он жыл екi айдан соң 1978 жылы материалдарды қайта қазып алады. Он жылда «Момын Шолпан» дастаны, «Бәтiш пен Мәлiк молланың айтысы», «Шәмекенің құны», «Төлебай ақынның бiр топ өлеңi» жырларысалынған қап шiрiп кетедi. Қалған материалдар «Тарихи дерек – келелi кеңес» кiтабында жарыққа шығады [64, 1-5]

«Оңшыл» саясаты туралы ғалым «Қытайдың жаңа заман тарихы» атты екiншi кiтабында: «...ойлау, сөйлеу жағында iшiнара сыңаржақтылық iстегенiмен, партияның стиль дұрыстауына шын ниетiмен қолғабыс еткендердi шетiнен «оңшыл» деп жазалады», – дейдi [65, 88].

Бұдан бiз ақын-жыршыларымыздың халық мұрасына деген құрметi мен оларды сақтап қалу үшiн сiңiрген өлшеусiз еңбегiн айқын көреміз.

Жоғарыда аталған Гоминдан үкiметiнiң озбырлығы ғашықтық жырлармен қатар түрлi жанрларда көрiнiс бердi [66, 114-117].

Қазақ жырларын жинауда өзiндiк үлес қосқан жинаушының бiрi – 1954 жылдан бастап қоғамдық қызметке араласып, «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы» мен«Шыңжаң халық баспасында» редакциялық жұмыстармен айналысқанЗейнолла Сәнiкұлы.

Жазушының әңгiме, зерттеу мақалалары, әдеби аудармалары мен «Қазақ халық ертегiлерi», «Қазақ балалар ертегiлерi», «Қабанбай батыр», «Мұралар ненi айтады», «Қазақтың тұрмыс-салт бiлiмдерi» т.б. фольклорлық еңбектерi сондай-ақ «Атаның алтын iздерi» атты ғылыми зерттеулер жинағы баспа беттерiнде жарық көрдi. 2005 жылы Қазақстанда «Хан батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр» сияқты кiтаптары жарыққа шықты.

З.Сәнiкұлының 1980 жылы «Шалғын» журналында жарық көрген «Әдеби мұра жөнiнде» [67, 99-111] атты мақаласында қазақ әдеби мұраларын жинау және жариялау мәселелерiн қарастырып, ондағы мәселелердi бiрнеше салаларға бөлiп қарастырған. Олар: халық ертегiлерi мен қисса-дастандар, шешендiк әңгiмелер және халық өлеңдерi болып табылады. Оның iшiнен қисса-дастандар тобын арнайы алсақ, дастандардың жуан бұтағы

«Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір», «Алпыс екі қоңыр» екенін атап, бұл жыр-дастандар туралы нақты тарихи деректердің сол кезде табылмай отырғанына автор қынжылады. «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір» шарт бойынша 40-120 түн айтылатын ұзақ қиссалар екенін атап, жырларды жинап, анықталса, әдебиетіміздің мол қазынасы, ұшан-теңіз тарихының құлпыра түсетінін айтады. Зерттеуші мақаласында «Бақтиярдың қырық бұтағы» мазмұнын қысқа баяндап береді. Сол кезде табылған қиссалардан «Қызыл табан», «Темір таяқ», «Қасым Жомарт», «Көркемше» «Хасен Мәлік», «Мұңлық-Зарлық», «Алтын балық», «Базарқан», «Шәкір-Шәкірат», «Шамарқан», «Жиханша», «Зарқұм Салсалдар» екендерін атап, олардың көлемдерін атап көрсетеді.

3.Сәніктің фольклорлық мұраларды жинап, жариялаудағы қосқан үлесі халық аңыз-ертегілері (батырлар туралы аңыздар, топономикалық аңыздар, ертегілер, күй аңыздары), мақал-мәтелдер, шығыстық қисса-дастандар әсерінен пайда болған фольклорлық мұралар («Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір», т.б.), шешендік туралы әңгімелері (Жиренше, Алдар көсе, Қожанасыр әңгімелері) болып табылады.

Зерттеуші өз мақаласында өлеңдерді халық өлеңдері және халық әндері деп екі үлкен топқа бөліп қарастырып, онда айтыс өлең, жар-жар, қоштасу, тақпақ, сыңсыма, жоқтау, беташар, шілдеhana өлеңі, естірту, қара өлең, тау өлең, балық өлең, жұмбақ өлең, өтірік өлең, ата өлең, бәдік өлең, жас туралы, төрт түлік туралы, жарапазан, ай, күн, жыл туралы өлеңдерін жалпылай топтастырады. Мұндай жүйелеулер әрине өз кезеңіне сай жүргізілгені анық.

Қытайдағы қазақ жырларын ғылыми тұрғыда зерттеу Н.Мыңжанидан бастау алады десек артық айтқандық емес. Зерттеушінің 1942 жылы Шыңжаң газетінде жарық көрген «Қыз Жібек жөнінде» атты алғашқы мақаласы эпостық жырларға арналған негізгі зерттеу мақаласы болып табылады. Мақалада ғалым жырдың тууы мен тарихи кезеңдерін саралап, жырдың қазақ халқының арман-мақсатынан туған жыр екендігін айтады.

2012 жылы «Мұра» журналының (1983-2012) 30 жылдық сандарынан таңдамалы мақалалар топтастырылып, екі том құрастырылады. Жинақтың 1-томындағалым Н.Мыңжанидың «Қазақ фольклоры және қисса-дастандар жайында» (1982 ж. қоспа саны) атты көлемді мақаласы енгізілген. Онда зерттеуші қазақ фольклорының XVIII ғасырдан зерттеле басталғанын, оған Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлихановтардың алғашқы жол ашқанын айтады. Автор эпостардан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының он алты, «Көрұғлы» жырының алтыварианты бар дейді. Мысалы, «Алпамыс» батырлық жырының өзге түркі халықтарында (башқұрт, алтай, күрт. әзірбайжан т.б.) кездесетін көп нұсқалы жыр дегенді айтады.

Ғалым Н.Мыңжани жетекші жанр ретінде қарастырған «Қазақ халық дастандарын» үш топқа жіктейді: «Батырлар жыры», «ғашықтық жыры» және «қиссалар» [68, 18].

Батырлар жырына «Оғыз қаған», «Қорқыт ата» жырынан бастап, XVIII ғасырдағы Абылай ханның төңірегіндегі батырларға арналған жырларды

жинақтайды. Ал ғашықтық жырға «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жатқызып, қиссалар тобына «Жүсіп-Зылиха», «Хұсырау-Шырын» т.б. жырлармен бірге «Мың бір түн», «Тотынама», «Қырық уәзір» т.б. шығыс ертегілері өлең-жырға айналдырылып қисса болған деп: «Шығыс классиктері бірінен соң бірі жаңғыртып жырлаған, бірі жырлаған сюжетті екіншісі қайталап жырлауды, заңды дәстүр еткен. Бұл тың тақырып таба алмағандықтан емес, яки бір-біріне жасаған аударма да емес, қайта осындай дәстүрлі сюжет үстінде қалам-қайратын сынасып, шабыт-шадым, өлең-өнер салыстыруды жыр жарыстыру дәстүрі еді» дегенді айтады [68, 16]. Ғалым қиссалар мен ғашықтық дастандардың айырмашылығын кейіпкерлерін бөлу арқылы айқындайды. Ғалымның өзіне кезек берейік: «Қиссалардың ғашықтық жырлардан негізгі кейіпкерлері Қоңырат, Керей, Уақ, Найманнан шықса, қисса кейіпкерлері қаладан шыққан. Қазақ қиссалары нәзиралық дәстүрден пайда болған», – дегенді айтады [68, 15].

Сонымен бірге шығыс шайырларына қарай қалам сілтеп әр елдің жырлаған елуден астам дастан бар дегенді айтып, нәзира дәстүрі жайлы баяндайды. Және «Жүсіп – Зылиха», «Ләйлі – Мәжнүн», «Бозжігіт», «Мәлике – Хасен», «Таһир – Зухра», «Ағаш ат», «Ұшқыш кілем» т.б. дастандары қазақ ақындары арқылы өзгеріп, қайта жырланып, таралды дейді.

1994 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде Н.Мыңжанидың «Қазақтың халық қиссасы «Бақтияр және оның «Қырық бұтағы» жайында» атты зерттеуі жарық көреді. Мұнда да автор қисса-дастандардың қазақ фольклорындағы жетекші жанр екенін айтып, оның үш салаға бөлінетінін (батырлар жыры, ғашықтық дастандар, қиссалар) атап көрсетеді. Алайда ғалымның батырлық жыр мен тарихи жырды бірлестікте қарастырғанын тарихи жырдың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударылмағаны мен зерттеудің сол дәуірге тән қарастырылғанын да ескеруімізге болады. Оны ғалымның «Батырлар жыры – тарихта қазақ халқының басынан өткен елеулі оқиғаларды, тарихи дәуірлердегі тартыстардың бел-белестерін бейнелейді» деген сөзімен дәлелдеуімізге болады [69, 3].

Зерттеуші ауыз әдебиетінің негізгі жанрларын атап, олардың қырықтан астам түрлерінің бары екенін атап, олардың тақырыбы мен мазмұны, құрылысына қарай ішкі бірнеше түрге бөлінетінін көрсетеді. Н.Мыңжани ауыз әдебиетінің туып, қалыптасуы мен даму кезеңдерінің VI-VIII ғасырлардағы көне түрік ескерткіштерінен бастау алатынын айтып, XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұн мен Махмуд Қашғаридың еңбектері және XIV ғасырдағы «Кодекс Куманикусте» ауыз әдебиетінің түрлі жанрлардың орын алғандарын атап көрсетеді. Зерттеуші еңбегінде қазақ қиссаларының жанрының өзгеше болатынын олардың оқиғаларының феодалдық қоғамның қат-қабат қайшылықтарымен, орда-сарайлардағы тақ таласымен ұштасып отыратынын, қиссада феодалдық қоғам құрылысы мен ислам дінінің көзқарастары бейнеленетінін айтады. Қазақ жыр-дастандарының саны екі жүзден асатынын, оның ішінде «төрт қырық» немесе «төрт алып» дастандар тобының бар екенін ашады. Олардың әрбір тобының бір-бірімен матасқан

қырық дастаннан құралатынын мысалдар келтіріп баяндайды. Оның ішінде Шыңжаң өлкесінде кең тараған «Бақтияр» және оның қырық бұтағы» дастанының мазмұнын берген. Мақала аяқталмаған. Бірақ осы «Төрт қырық» ұғымдары туралы екіұшты пікірлер бар. Профессор О.Егеубаев Қытайдағы дастан-қиссалар арасында «Төртқырық» немесе «Төрт алып» деп аталатын тоғыспалы дастан-қиссалар тобы бар екенін айтса [70,31], қазақ фольклортанушы ғалымдарының ішінде эпостанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева өзінің «Бақтиярдың қырық бұтағы»: аңыз ба, шындық па?» атты мақаласында топтама санатына жатқызылып жүрген дастандардың көпшілігін «Бақтиярдың қырық бұтағына» жатпайтынын жеке-жеке дәйектер келтіре отырып, дәлелдейді. Жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша ғалым: «Бахтияр қиссасы» – парсы тілінде прозамен жазылған ортағасырлық «Бахтияр-наменің» желісімен жырланғаны анықталды. «Бахтияр-намені» XIII ғасырдың басында, дәлірек айтқанда 1211 жылдан бұрын жазған Дақайки... «Бахтияр-наме» біраздан соң түркі халықтарына, ал кейінірек еуропалықтарға да белгілі болған. Түркі халықтары, солардың ішінде қазақтар да, «Бахтияр-наменің» сюжеттерін арқау етіп, көбіне дастан жанры үлгісінде төл шығарма туындатқан. Еуропаға ол аударма түрінде белгілі болған» – деп көрсетеді [71, 73]. Ғалым ақынның «қырық бұтақ» атауы себебін қазақ халқындағы киелі «қырық» санымен байланыстырып: «Жанұзақ ақын жырлаймын деп жоспарлаған топтаманы «Бақтиярдың қырық бұтағы» деп атап, Бақтияр айтты деген әңгімелердің санын қырыққа жеткізуді мақсат тұтқан деп болжауға болады», – дейді [71, 76]. Десек те ғалым Н.Мыңжани өзінің жоғарыда аталған «Қазақ фольклоры және қисса-дастандар жайында» атты мақаласында «Бақтиярдың қырық бұтағы» туралы Шыңжаң даласында көп таратқан ақындардың бірі – Әріпжан Жанұзақұлы екенін айтып, жырды таратушылар жаңа заманға сай сөздерді қолданғанын, жырда Ер Тарғын, Қамбар секілді қазақи аттар емес, Хұдай дэт, Бақыты яр деген сияқты араб-парсы сөздерінен жасалған аттардың кездесетінін көрсетеді. Ал Бахтияр, Хұдаят деген сөздердің қазақтың ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының тарихи шежіресінде кездесетінін, тіпті ұраны да Бақтияр екенін атайды.

Ал Хұдаят XIX ғасырда Дулат тайпасынан шыққан ұлысы, бегі, тарихи тұлға екенін айтып кетеді. Дәлі толық айқындалмаған «Бақтиярдың қырық бұтағына» кіретін айқын айтылған жырлар деп «Дастархан», «Шәкім – Шәкірт», «Ғалым – Сәлім, «Шеризат», «Жамсәт» т.б. Сонымен бірге жыр-дастан, ертегі-аңыз, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары жер-жерлерде (Шалғын, Алтай аясы, Іле айдыны, Шұғыла журналдарында) баспа бетін көргенін айтады.

Қорыта айтқанда, тарихшы ғалым Нығмет Мыңжани жанрды зерттеудің тарихына баса назар аударғаны байқалды. Оны әр жырдың шығу тарихы мен генезисін анықтау үшін келтірген дәйектерінен байқаймыз.

Қытайдағы қазақ ғалымдары назарының басым көпшілігі эпостардың ішінде тарихи жырларға ауды. Олай деуімізге дәлел ретінде, А.Кірішбаевтың

«Әдебиет зерттеулер» (1986) А.Татанайұлының «Тарихи дерек – келелі кеңес» (1987), З.Сәніктің «Бас Сардар. Жәнібек Батыр туралы аңыздар» (1993), З.Сейітжанұлының «Тарихи эпос» (1994) т.б. еңбектерін келтіруімізге болады.

Қытайдағы қазақ фольклорын жанрына қарай жүйелеп, қазақ фольклорын дәуірлеуін қарай ажыратып берген профессор О.Егеубаев болды. Ол (1935-2007) Қытайдың Шыңжаң өлкесі, Шағантоғай ауданы, Ойқұдық ауылында туылған. Қытайдағы «Мәдениет зор төңкерісі» нәубеттерінде 1958 жылдан бастап ауыр саяси соққыға ұшырап, 1980 жылы ақталған. Қытайдың мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі болған. Ғалым қазақ фольклорын жеті негізгі үлкен топқа бөліп қарастырған: 1) Миф; 2) Сенім-наным, тұрмыс-салт жырлары; 3) Аңыздар менертегілер; 4) Дастандар мен қиссалар; 5) Жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздер; 6) Мақал-мәтелдер; 7) Байырғы айтыс, ата-жөн шежіресі [72, 67].

Қытайдағы қазақ фольклорын түр және жасалу әдісі жағынан профессор екі үлкен топқа жіктеген: түр жағынан – өлең үлгісіндегі халық жырлары мен қара сөз үлгісіндегі халық шығармалары болса, жасалу әдісі жағынан: ауызша туындаған, фольклор үлгісінде жасалған туындылар және нәзираланған кітаби мұралар. Кітаби мұраларда «Бастайын Алла атымен сөздің басын», «күсни хат», «Пәни», «Үшбу сөз», «Ғар», «Тәмәт-тәмам» тәріздес кітаби тілдің айшығы молынан кездесетінін нақтылайды.

Сонымен бірге фольклортанушы ғалым Қытайдағы қазақ фольклорын дәуірленуін үш кезеңге бөліп, ажыратып берген:

- 1) Ежелгі дәуірден – VI ғасырына дейін,
- 2) VI ғасырдан – XVIII ғасырға дейін,
- 3) XVIII ғасырдан XXI ғасырдың басына дейін.

Бұл жерде ғалым қазақ фольклорын дәуірлеуін тарихи деректерге сүйеніп жасағаны анық. Мәселен, Нұржамал Алдабек өзінің «Қытай тарихы» атты оқулығында ежелгі заманнан XVIII ғасырдың ортасына дейінгі Қытай халқының мәдениеті, мен ғылымы, тарихын бейнелейді. Аталмыш еңбекте III-VI ғасырда әдебиет саласына өлең-жырлардың туындағанын, патшалық шежірелерінің сондай-ақ әулеттік тарихи еңбектерде фольклорлық және жылнамалық дәстүрдің өзара байланысы айтылады. «Ел кезіп әулеттің тарихын жырлаушылар өз жырларында халықтық дәстүрлердің буддистік сутралар мен даостық қағидаларды кеңінен қолданды», – дейді Алдабек Н. [73, 146].

О.Егеубаев дастандар мен қиссалар тобын қазақ өмірінен туындаған яғни төл, нәзиралап жырланған діни, ғашықтық, батырлық және тарихи дастан-қиссалар (қағазға түскені 368 нұсқа) деп беске бөледі де төл туындылардан үшеуіне «Үйсін ауған», «Жеті Қаған», «Жыр роман» тоқталады. Әр жырдың шығу тегі мен, жырлаушы ақынға көңіл бөледі. Мысалы, алғашқы дастанды Шөкен ақын деген кісінің жырлағанын, ескі қолжазбадан Түркияда жуық жылдарда дүние салған Жиренше Түкіманұлы

көшіріп алып, ұзақ жылдар сандығында сақтағанын айтады. Ол кісіден 1927 жылы інісі Тайыр Түкіманұлы деген азаматтың көшіріп алып, 1980 жылдары сол жаттағаны бойынша ұмытқан жерлерін есіне ала отырып, қағазға түсіріп, 1992 жылы жарық көрген «Үрімжі ауданының қисса-дастандары» кітабында жариялағанын айтады. Сол секілді «Жеті Қаған» эпосын жариялаған Қытайда өмір сүрген тоқсанды алқымдаған, қырғыз халқының атақты манасшысы Жүсіп Мамай деген ақсақал екенін нақтылайды. Ақынның айтуынша эпосты алғаш жырлаған адам қырғыз жерінде өткен Қылыш молда. Сонымен бірге «Жеті Қаған» эпосының бас кейіпкерлеріне қысқаша тоқталады. Олар: Қызыл арыстан (Түк табан), Мәлік Хатам, Мәлік Зат, Мұхамет Бинин Мәлікзат, Бидайық, Мұзбұршақ, Аққұлақ. Бұлар батырлық пен даналық көрініс тапқан билік басында болған қағандар. Осы қағандардың бастан кешкендері, Аму мен Сырдария орталығындағы Жиделі Байсын жерінде және оған ұштасатын аймақтарда тіршілік еткен қазақ халқының негізін құраған үйсін, қыпшақ, керей тектес байырғы тайпалардың қоғамдық-әлеуметтік тіршіліктері жырланатынын жеткізеді. Профессор шамамен «Жеті қаған» эпосының көлемін жеті том болуы мүмкін дегенді айтады. Бүгінде оның бірінші томы – «Қызыл арыстан – Түк табан» ғана жазылып алынғанын айтады да «Жыр роман» дастанын ақын Арғынбек Апашбайұлының (1876-1946) жырлағанын, онда XVII-XVIII ғасырда өткерген қоғамдық-әлеуметтік ірі тарихи оқиғалары сөз болатынын және «Сөзім сол естеріңе салатұғын», «Орта жүздің Сырдариядан аууы», «Абақ-керейдің төре шақыруы», «Шәудің батасы», «Мингоның заманындағы Абақтың ел билеген ұлықтары» атты бес тараулардан тұратынын саралап, көлемінің – 1606 жол болатынын көрсетеді [72, 67].

Әуелхан Қалиұлы қазақ халық дастандарын батырлық дастандар, ғашықтық дастандар, назиралық дастандар [74, 278] деп бөледі. Ғалымдардың эпостық мұраларды шартты түрде жоғарыдағыдай бөлуі сол кезеңдер үшінқұнды пікір (зерттеуші туралы кейінірек тоқталатын боламыз).

Қытайдағы қазақ ғалымдарының ішінде қазақ фольклортану ғылымына айтарлықтай үлес қосып жүрген көзі тірі ғалымдардың бірі – Бексұлтан Кәсейұлы. Оның фольклорға арналған сексенге жуық мақаласы мен онға тарта кітаптары бар. «Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер» атты жинағына таңдамалы мақалалары және еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші берілген [75].

Бексұлтан Кәсейұлы Қытайда жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» төрт томдығының фольклорға арналған 1 томының екінші басылымын өңдеп, өзгертулер мен толықтырулар енгізіп қайта жазған [76]. Мұнда фольклорды жүйелеу барысы менжанрға бөлу бағытынан біраз өзгешеліктердің орын алғаны байқалады. Өйткені елімізде жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған бірінші томындағы фольклорды дәуірлік және жанрлық тұрғыдан жүйелеу принципі бұл томда көрінбейді.

Атап айтатын болсақ, зерттеуші ғашықтық жырға арнайы тоқталып, ондағы «Қозы көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібекті» саралайды. Жырдың негізгі сюжеттері мен кейіпкерлер жүйесіне қарай талдау жүргізіп, жырдың басылымдары және зерттелу жағдайына тоқталады. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының сюжетін алты кезеңге бөліп, мазмұнын ашады. Сонымен бірге, ежелгі өмір белгілері, қазба бұйымдар яғни өте ерте дәуірдегі қоғамдық өмірдің киелі (сакральды) белгілерін ашуға тырысады. Мысалы, Шоқтерек, күйме (шатырлы арба), Қозы Көрпеш – Баян Сұлу мазарына орнатылған әдемі күмбездің бейнесін ашады.

Бұл зерттеушінің жырды барынша мұқият зерттеуге тырысқанын танытады.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді нақтылайық. Ғалым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының әуелі А.А.Сперанский есімді зерттеушінің Абылай заманында (зерттеушінің көрсетуі XIX ғ.) жазылған 30 беттей болатын бір нұсқасын тапқанын, оның бүгінде Ресей Ғылым Академиясы (өзгерткен біз) мен Ленинград архивында сақтаулы екенін мәлімдейді. Яғни жырдың XIX ғасырдың бас кезінен бастап қолжазба күйінде қазақ арасында таралғанын, мұндай нұсқасы 1825 жылы Баянауыл деген жерден табылғанын (И.Беленицкий) айтады. В.В.Радловтың қазақ арасынан жазып алып, 1870 жылы немісше және қазақша жариялағанын, қазақша нұсқасы Қазан төңкерісінен кейін Москвада 1925 жылы қазақ тілінде қайта басылғанын мәлімдейді. Алайда, бұл мәліметтерді ғалым өзіне дейін айтып өткен М.Әуезов пен Ә.Марғұланнан алған.

Жырдың Радлов вариантынан басқа, XIX ғасырдың 1920 жылдарында ақын жырлаған нұсқасы (бұл Илминский нұсқасы деп те аталады Б.К.) Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспасы қатарлы баспаларда 1878, 1879, 1890, 1894, 1896, 1905, 1909 жылдары қайталай басылады. М.Әуезов 1924 жылы Алтай Бақанас бойынан жырдың Абай хатқа түсірткен делінетін нұсқасын жазып алып, оны 1936 жылы жеке кітапша етіп, Алматыда баспадан шығарады. Шәкір Әбенев атты жариялаушы/зерттеуші 1938 жылы жырдың тағы бір нұсқасын Алматыда баспадан шығарады. Содан кейін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Жанак ақын нұсқасы мен Шөже нұсқасы И.Дүйсенбаевтың құрастыруымен 1957 жылы Алматыда тағы бір рет баспадан шықты. Жырдың көп варианттан құралған ғылыми басылымы Қазақстан Ғылым Академиясының баспасынан 1959 жылы басылды. Бұған жырдың Ә.Дербісалин нұсқасы, И.Н.Березин нұсқасы, Сегіз Сері ақын нұсқасы (Илминский), Шөже нұсқа, Радлов нұсқасы және Жанак нұсқасы енгізілген. Кітапты құрастырушы Ы.Дүйсенбаев жырдың жиналу, басылу, реттелу жайын таныстырып, нұсқалық ерекшеліктерін көрсетеді. Жырдың қазақ тіліндегі 15 нұсқасының тізімге берілген, мұнда бір Шөже ақын атынан жырланған төрт нұсқа қамтылған. Жырдың жоғарыда тілге алынған Жанак Бейсенбай нұсқасы Үрімжіде шығатын «Шалғын» журналының 1980 жылғы 4 санына басылды. Кейін «Қазақтың ғашықтық жырлары» атты жинақтың 2-томына енгізілді (Шыңжаң жастар баспасы).

Б.Кәсей жырдың өзіне дейінгі зерттелу жайына тоқталып, зерделейді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры ХІХ ғасырдан бастап орыс оқымыстыларының да назарын аударғанын тілге тиек етеді: «Әйгілі ақын А.С.Пушкиннің қағаздары (архив) арасында жырдың бір нұсқасы сақталған. Н.С.Смирнованың жазуына қарағанда ақын осы жыр сюжеті бойынша «Қозы Көрпеш» атты роман жазбақ болады»,– дейді [77, 12]. Мысалы, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин және қазақтың алғашқы фольклортанушы ғалымы Шоқан Уәлиханов қатарлы оқымыстылардың өз кезінде «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» жыры туралы пікірлері мен берген бағаларын сөз етеді. Жырдың ХХ ғасырдың 1950, 1960 жылдарында көбірек зерттелгенін, Ы.Дүйсенбаев жинаған жырдың нұсқаларын баспадан шығару барысында оған арнаулы зерттеу жүргізіп, жыр варианттарына талдау жасағанын және оның он алты варианты бар екенін тұңғыш рет атап көрсеткенін саралайды.

Ғалым Б.Кәсей 1980 жылдардың орта шенінде қазақ ғалымы Ә.Марғұланның зерттеу еңбектері мен жыр туралы тамаша зерттеулер, тың деректер, көзқарастарға сүйеніп, ғалым Марғұланның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» варианттарының тағы жаңавариантының бар екенін дәлелдегенін, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезінің (кешенінің) тарихытегі, ондағы ескі белгілер туралы тарих, этнографиялық тұрғыдан ілгерілей зерттеу жасап, В.В.Радловтың «моңғолдар салған болуы мүмкін» деген көзқарасын терістегенін сипаттаған [76, 415].

Сонымен бірге ғалым, ХХ ғасырдың 1980 жылдарынан бері «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ фольклорының типтік үлгілерінің бірі ретінде Жоңғудағы қазақ халық ауыз әдебиеті саласында зерттелу бастағанына тоқталады. Ол қазақ тіліндегі ғылыми зерттеу мақалаларында, оқулықтарында, монографиялық еңбектер ғана емес, ханзу тіліндегі «Жоңғо аз санды ұлттар әдебиеті» [78], «Жоңғо ұлттар халық ауыз әдебиеті» [79]. «Қазақ мәдениетінің тарихы», «Қазақтың халық тарихы», «Қазақтың халық ауыз әдебиеті туралы пайымдау» (Авторы – Би Шүн) қатарлы ірі жинақтар мен монографияларда арнайы жұмыстар жүргізілгенін саралайды.

Түйіндеп айтқанда, ғалым Б.Кәсейдің зерттеу мақаласында мына мәселелер қарастырылған:

- Жырдың зерттелу тарихы, мазмұндық сюжеті;
- Жырдың ой арқауы (идеясы), ежелгі некелік әдет-ғұрпы, ру тайпалық өмір, малға саудалану (семьялық шаруашылық);

– Кейіпкерлер образы ұнамсыз, ұнамды болып талдануы;
Зерттеуші киелі ұғымдарға сипаттама береді. Мысал ретінде Шоқтеректі келтіріп өтуге болады.

Оның трагедияның туылатын – аяқталатын орны екенін, Шыңжаңдағы Алтай өңірінде «Шоқ қамыс» деп те аталғанын баяндайды.

Алтай қазақтарының аңызында ол Көктуғандай «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» делінетін мазардан 4-5 шақырым қашықтықта орналасқан қамыс шоғы. Ғалым ел аузындағы мәліметтерге сүйеніп, ХІХ ғасырдың бас шенінде поляк суретшісі Квартлейдің Шоқтеректің және оның түбінде Қозы Көрпешті

ойлап мұнайып отырған Баян Сұлу мен Айтаңсықтың, атпен келіп тұрған айнасының кескінін әдемілеп сызғанын әңгімелейді. Бір ғажабы, ХІХ ғасырда Ертістің Шығыс жағалауындағы даланың Алтай тауына таяу жерінен дәл осы көрініс қаз-қалпынша бейнеленген алтын қойма сурет табылған. Белбеу белдігіндегі алтын ілгекке орнатылған. Суреттің бейнесін ашып көрсетеді: Мәуелі Шоқтерек, оның түбінде бір әйел және мұсқал еркек отыр. Олардың тізесінің үстінде өліп жатқан ер жігіт сұлап жатыр. Оның басы жас әйелдің құшағында. Ал, бөксе жағы еркектің алдында жатыр. Олардың қасында екі ат тұр. Оны еркек шылбырынан ұстап отыр. Ағашта садақ пен құрамсақ ілулі. Құрамсақ толы жебе. Еркектің торқы тас мүсіндегі адам бейнесіне ұқсайды, әсіресе, оның мұрты екі жағына созылып көрнекті бейнеленген. Басына қазақы елтірі бөрік, үстіне кебенек киіп, беліне қамар белбеу буынған. Әйелдің бас киіміндегі ежелгі Қарқара ерекше шошақ, үстіне кигені кебенек, бір қолымен өлген ердің басын сипап отыр. Алтын қойманың Ленинград қаласындағы мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы екенін және оның фото суреті «Қазақ халық қолөнері» атты кітапқа берілгенінен дерек келтіреді [76, 425].

Б.Кәсей күйменің шығу тегіне тоқталып, Совет одағы археологтары Пазырық мазарынан ежелгі Жоңғонің күймелі арбасын қазып алған және оның біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр мөлшерінде Жоңғо патшаларының мал шаруашылығымен шұғылданушы ру-тайпа көсемдеріне ұсынған дәстүрлі сый-сауғасы екенін атап көрсеткен. Дәуір жағынан бұл да сақтардың заманына деңгейлес келеді. Ал, үйсіндер заманында күймелі арба, тіпті, кеңінен қолданылған, үйсін күнбейіне еліміз хан орталығынан ұзатылып келген Жиенюи ханша мол жасауымен күймемен көшіп келгенін айтып, күйме туралы аңызды келтіреді:

Ерте кезде қырдағы бір елдің ел ағасы өліп, оның орнына кімді қоярын білмей қатты дағдарады. Сол шақта Дүбін деген батырдың анасы жұрт алдына келіп: «Талапты ерлердің бәрі садақ тартсын, кімнің жебесі сағымға байланса, соны сайлайық» дейді. Талаптанған ерлердің бәрі садақ тартады, бірақ, ешкімнің жебесі сағымға тоқтамайды. Сонда әлгі ана: «Менің Дүбін деген ұлым алыс тау ішінде аң аулап жүр, соны шақырыңдар, сағымға соның жебесі тоқталар» дейді. Белгіге жүзігін береді. Дүбін алғашында бармаймын деседе, анасының жүзігін көріп, бармақшы болады: «Мен жанды көлікке мініп бара алмаймын, маған күйме керек» деген шарт қояды. Әлгі ел соған арнап ағаштан күймелі арба жасайды, оны «қаңқа» деп атайды. Содан бастап дүбінді әкелуге арба жасаған кісіні жұрт «қаңқалы» атаған. «Қаңқалы» сөзі біртіндеп өзгеріп, қаңқасының ұрпағы деген елге айналады [76, 427].

Оғызнама дастанында жасалған арба қаңқылдап-қаңқылдап дауыс шығарғаны үшін «қаңқа» аталған делінеді. ХІІІ ғасырда мұсылман авторлары қаңлыны «қаңқалы түріктері» етіп көрсеткен. «Қаңқа» Алтайлықтардың тілінде арба деген мағынаны білдіреді екен. Қазақта ұлы жүздің белді руларының бірі қаңлы деп аталады. Ежелгі қаңлы есімі «Жүңғоның тарихи жазба» деректерінде аталады. Рим авторлары ежелгі қыпшақ пен пешенелердің өз күймелерін соғысқа пайдаланғанын көрсетеді. ХVІ

ғасырдың бас шенінде Шайбани ханның әскерлеріне еріп жүрген жазушы Қ.Рузбехан қазақтардың үйі мен әдемі күймелерін көріп, таң қалған. Шайбани хан қазақтардан осындай он мың күйме тартып алып, Самарқанға апарды. Ғалым осындай мәліметтерді келтіріп, мынадай батыл тұжырымдар жасайды: «Қазақтар және олардың этникалық ата тегіне тән ру-тайпалар ғасырлар бойы күймелі арбаны үзбей қолданып келген. Демек, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында көп аталатын күйме (күймелі арба) қазақ тарихында, ежелгі көшпенді қазақ тайпалары арасында кең қолданылған байырғы мәдениет белгілерінің бірі. Жылдардың жылжып, дәуірдің жаңалануымен ежелгі қазақ өмірінде елеулі роль ойнаған қаңқалының қазақ Сахарасындағы жосылған ізі өшкенімен, оның жазба деректердегі, Жартас сызбаларындағы және байырғы халық жырларындағы деректері тарихтың сұрабымен жарыса жалғасып бізге жетіп отыр, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы күйме белгілері, міне, осындай тарихи мәдениетке куәгерлік қасиетімен қастерленеді» [76, 450].

Қозы Көрпеш мазары туралы жырдың ең ескі нұсқаларының бірі – Радлов нұсқасында да Қозы Көрпеш бейітінің Аякөзде тұрғаны, Мұзтаудан келген қалың ел оның жатқан, қызық көрген жері деп ат шаптырып, той жасағаны, сонымен бірге, Қозы Көрпештің өңін, келбетін салуы айтылады. XIX ғасырдың 1960 жылдарда Н.Н.Пантусовтың пікірін: «Жойқын, ұлы мұнара алыстан түсі қызыл күрең тартып тұрады. Халық аңызы бойынша, оны қалап шығарған тасты Алатаудан, Тарбағатай тауынан алып келген, тау мен Аякөздің арасына мыңдаған атты кісі тізіліп, тасты бір қолдан бір қолға беріп отырған» келтіреді. Шыңжаңның Алтай өңірінен халық «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың мазары» деп атаған тағы бір мазар кезігеді. Ол Ертіс дариясының жоғарғы атырауы Өр Алтай өңіріндегі Көктоғай ауданы Шалғыр деген жерде орналасқан. Сол маңда туып-өскен, халық ауызша туындыларын, шежіре, деректерін көп жиып, жадында сақтаған фольклоршы Ражхат Нығыметұлы: «Осы арада жұрт «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» бейіті бар. Екеуінің бейітінің басына әдемі екі құлпытас ескерткіш орнатылған. Бетінде құстың суреті бар. Жұрт оны Қозыға хабаршы болған Баянның асыранды торғайының суреті, екі бейіттің ортасында Қодардың қабірі бар. Жұрт оны Қодардың бейіті, тірісінде екі ғашықты бір-біріне қоспаған Қодар өлгеннен кейін де екі ғашықтың ортасына жатқан» деген әңгімесін баяндаған.

Ғалым көптеген жерлердегі жер-су аттарының «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының оқиғасына байланысты түсіндірілуі мен аңызға айналуы, жыр рухының халық жадында терең ұялағанын және кең таралғанын дәлелдейтінін меңзейді. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырына байланысты айтылатын жер-су аттары Алтай, Тарбағатай, Алатау өңірі, Зайсанмен Алакөл аралығы, қазіргі Семей өңірінде кезігетін, бұдан жырдың жалпы қазақ халқына кең таралғанымен, алғашында осы өңірлерден бастап жырланғанын байқататынын анықтайды. Мұндай терең де зерделі зерттеуден Б.Кәсейдің жырдың шығу тарихы, сюжетімен қоса соқральді әлеміне бойлай

енуі байқалады. Ғалымның негіздеуі бойынша жыр нұсқаларынан көрі, ішкі әлемі зерттелгенін байқаймыз. Бұдан жырдың Қытайда да өзінше зерттелгенін аңғарамыз.

Сонымен бірге зерттеуші «Қыз Жібек» жырын да өзінше саралайды.

Жырды фольклортанушылардың XIX ғасырдың аяқ шенінде қолға алынып, төрт варианты жарияланғанын айтады. Бірінші варианты 1894 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспасынан «Қисса Қыз Жібек» деген атпен тұңғыш рет баспадан шығарылғанын, ары қарай 1896, 1899 жылдары екі рет қайта басылғанын әңгімелейді. Бірақ, бұл нұсқада жырдың жариялаушысының есімі ескертілмегенін, қазірге дейін анық емес екендігін айтып өтеді. Одан соң «Хисса Қыз Жібек» 1957 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл, әдебиет институтында жеке кітапша ретінде қайта жарық көрді.

Жырдың бұдан басқа 6-7 нұсқасының әр жерде қолжазба күйінде сақтаулы екенін бірақ жарияланбағанын тілге тиек етеді.

Жырдың қашан, кімдердің жырлағаны туралы нақтылы деректің тек Жүсіпбек Қожа нұсқасында «басында менен жайылды. Қисса болып бұл (Жібек), Қисса етіп жазып ем» деген жолдарда ғана ұшырайтырын айтып, ол жағынан мәліметтің аз екенін байқатады. Солай бола тұра, ғалым жырды XIX ғасырдың бірінші жартысында Майлықожа деген адамның жырлағаны, XIX ғасырдың 2 жартысында Мұсабай деген жыраудың жырлағаны туралы дерек кезігетінін [80, 18] айтып, жырдың Жүсіпбектен ілгері жырланып келгенін анықтайды.

Б.Кәсей М.Әуезовтің 1950 жылдары жырдағы көп айтылған Жағалбайлы және Шекті тайпаларының тарихи қоныстары және оларды жоңғарлардың басып алуы жөніндегі тарихи деректері мен жырдың XVII ғасырда пайда болған болуы мүмкін деген болжамына сүйенеді. Жырдың тым ерте дәуірдің туындысы емес екенінежелгі халық жырларындай алшақ емес «ҚСС тарихының» 1980 жылдардың басында шыққан жаңа нұсқасында «Қыз Жібек» жыры XVI- XVII ғасырлардағы ауыз әдебиетінің нұсқасы ретінде таныстырылғанын мәлімдейді де, жырдың төрт нұсқасын негізгі нұсқа деп есептейді. Зерттеуші аталмыш нұсқаларды өзара салыста келе, мынадай тұжырым жасайды: «Олардың варианттық ерекшелігі жөнінде айтысқа, алдыңғы үш вариант яғни 1894 жылы басылған нұсқа, Жүсіпбек қожа нұсқасы мен Мүслімбек нұсқасы негізінен ұқсайды. Кейіпкері, оқиға сюжеті, композициясы, көлемі қарайлас. Ал, сөз-атау, сөйлем, жырлану сарыны және формасы белгілі дәрежеде парықталады» [76, 462].

Салыстыра келгенде, жырдың 1894 жылы басылған нұсқасының біршама ескі нұсқа деп, жырдың тілдік ерекшеліктеріне қарай ондағы ұрыс қару-жабдықтарының атауларының бүгінде қолданылмай жүргендігін, жаңаша тіл орамына сай түрлендірілгеніне және қайым өлең жолдарының да кезігіп отыратынына қарай талдау жасайды. Сол сияқты батыр тұлпарын және оның соғысуын суреттейді. Мұндай жолдардың өлеңді көркемдік, ұйқас-ырғақ жағынан ажарландырып, толықтау ролін ойнайтынын және ескі

халық өлеңінің бейнелеу амалдары мен қалыптанған өлең жолдары да көп қолданылғанын айтады.

Зерттеушінің пайымдауынша, жырлану сарыны, өлең формасы жағында жыр ежелгі жыршылардың ауызша сарната жырлау сарынынан алшақтатылмаған. Яғни қазақтың байырғы жыршылары қобыздың, яки домбыраның сүйемелдеуімен бірер жырды сыдырта жырлап келе жатып, ара-арасында тоқталып, кейбір қосымша сюжеттерді, оқиға астарын қара сөзбен әңгімелейтін болған, бұлай ету жырдағы оқиға сюжетін жұртқа түсіндіру, ақынның тыныстауы үшін қажет болған. Жырдың бұл вариантында қазақ халық жырының осы жырлау формасы қаз-қалпында сақталған, яғни жырдың ара-арасында қара сөзбен берілген ықшам, ұғымға жеңіл түсіндірмелер араласып отырған. Мұндай түсіндірмелер жалпы жыр көлеміне қарай салыстырғанда аз болғанымен, оқиғаны тыңдаушылардың, оқырмандардың ішкерілей, нақтылы түсінуіне мүмкіндік береді. Жырдағы тағы бір варианттық ерекшелік ретінде Ислам діні ұғымдарының араласқанын, көбірек кезігетіні шаманизмге байланысты байырғы наным сенімдер екенін пайымдайды.

Жүсіпбек нұсқасында, жыр ең алдымен тіл, атау жағынан ХХ ғасырдың бас шенінде қазақ тілінің ерекшелігіне қарай бейімделген. Жырдың жырлану сарыны мен стиліне белгілі өзгерістер енгізілген, яғни бұрынғы суреттеулер кейінгі жыршы тұрғысынан толықтырылған. «Қыз Жібек» образының ішкі көңіл күйінен көрі, сыртқы түр-тұлғасы, сымбатын бейнелеуге көп күш жұмсалған. Сонымен бірге, байлардың өмірін суреттеуге де недәуір орын берілген. Жырдың 1894 жылғы нұсқасында, Төлеген алғаш сапарға аттанғанда мол дүние ала жүрді деп қана айтылған. Ал, мына нұсқада қанша нарға қанша алтын-күміс, қазына атып кеткені жеке суреттелген. Сонымен бірге, Жүсіпбек нұсқасында Ислам діні уағыздамаларының ықпалы кеңейген. Ал, Мүсілімбек нұсқасында атау-терминді қазіргі заманға бейімдеушілік кезігеді. Сонымен бірге, ол жырдың қарасөз түсіндірмелерін түгелдей өлеңге айналдырылған.

Ғалым үш нұсқаны салыстырып, сюжеттің кеңейтіліп, ұлғайтыла жырлануы жырдың композициясы, көлемі, жанрлық сипаты, тақырыбы, кейіпкерлер жүйесі, тіпті, мазмұнына елеулі ықпал жасаған деген тұжырым жасайды [76, 469].

«Қыз Жібек» жырының тақырыбы, мазмұны 1950 жылдардан зерттеліп, талқыланып келеді. Жаңа варианттардың үздіксіз жиналуы және ол жөніндегі зерттеудің ілгерілеуіне байланысты жырдың идеялық мазмұны туралы танымдар да белгілі ілгерілеушілік болды.

1950 жылдағы қалыптасқан жырдың негізгі мазмұны туралы екі түрлі көзқарасқа ғалым Б.Кәсей өз пікірін білдіреді: «Бірінші топтағылар, жастардың неке еркіндігіне талпынуын дұрыс деп таныса, келесі топтағылар осы ұнамды мазмұнын мойындаумен бірге, жыр мазмұнның түп қазығы феодалдық ескі неке төзімі, әменгерлікті жақтау деп қарады», – дейді. Яғни, кездегі оқымыстылардың тарихи шектеуге ұшырағанын, зерттеушілердің

жырдың барлық вариантын, әсіресе, варианттық ерекшелігі басымырақ нұсқаларын жиып үлгере алмағанын және оларды өзара салыстыра алмағанын айтады. Ол кезеңде халық ауыз әдебиеті мұраларына қалай мәміле жасау туралы да белгілі шектеу болған.

1970 жылдары жырдың негізгі идеясы «Жастардың бас бостандығы мен неке еркіндігі жолындағы күресін бейнелеу» деп танылды. Мұны 1894 жылғы басылған нұсқа, Жүсіпбек Қожа және Мүсілімбек вариантынан дұрыс деп танып, Жоңғодағы вариантына келіспейді.

Ал Шерияздан нұсқасында қазақ жастарының неке еркіндігі жолындағы талпынысы сыртқы жауға қарсы күреспен тығыз ұштасып, жырдағы оқиға бастан-аяқ Қыз Жібектің бастан кешкен оқиғасы, мазмұны, жастардың ескі неке саудасына қарсылығы ғана емес, онан ілгерілеп, Жібектің бүкіл елінің сыртқы жауға қарсы күресімен тығыз ұштасады. Мұндай өзгешелік Ахметолла Қалиұлының «Қыз Жібек» жыры жөнінде» атты мақаласында бұл дәлелденгенін келтіреді.

Сонымен бірге зерттеуші жырдағы кейіпкерлер жүйесі (Қыз Жібек пен Төлеген) мен тұрмыс-салт жырларына қарай талдау жасайды. Мысалы, Төлегеннің ең алдымен өз заманындағы ескі дәстүрді, терең тамыр тартқан отағасылық ереже тәртіптерді бұзып, алыс-жақыннан сүйген жар іздеп, ескі наным бойынша қарсыласуға мүлде болмайды делінетін әке жарлығына, әкенің теріс батасына қарамай, еркін махаббат құратын батыр деп, Төлегеннің бойынан ерлік эпостарының батырларындай қаһармандық емес, түрлі кедергілерге қарсы шабуылы көздеген мақсатына жетсем деген сенімінен, сүйген жарына деген сүйіспеншілігенен, айнымас, мызғымас жігері арқылы бейнеленетінін байқайды. Ал, Қыз Жібек бейнесін суреттегенде сатылап, біртіндеп тереңдей бейнелеу тәсілін қолданатынын, Қыз Жібектің ақылды, арлы жан екені ең алдымен оның Төлегенмен тұңғыш рет кезігуінен бейнеленеді. Өзіне аңсары ауып, махаббат оты лапылдаған Төлегенге оңаша кезіксе де бірден құлай кетпей, тіпті, дидарын да көрсетпейді. Оның мұндай толғамды, ибалы мінезі туралы детальдарды санамалап көрсетеді: Шеге мен Сансызбай іздеп келгенде Қыз Жібектің қазақтың дәстүрлі салты бойынша өзі көрмеген ата-енесінің атын тергеуі; Сансызбай ауылынан келген Шеге ақынды алғаш көргенде иіліп сәлем етуі; Төлегенді келеді деген үмітпен сегіз жыл сарыла күтуі; өзін торуылдап жүрген өзге сал-серілерге көңіл аудармауы; Бекежанның Төлегенді өлтіргенін естіргенде жарын сағынып, бет жыртуы; ел-жұрты үшін жау ханының талабына мақұл болуы болып табылады.

Тұрмыс-салт жырлары ретінде Жібектің Қаршыға батырмен көрісуі және Бекежанмен, Шеге ақынмен айтысы, Шеге ақынның Сансызбайға айтқан жұбатуы, Төлегеннің қалыңдық іздеуге аттанғанда шешесі берген батасын келтіреді. Анасының баласын әуелі Құдайға, онан соң Камал пірге, көл иесі Қамбарға, су иесі Сүлейменге, ғашықтардың пірі Ләйлі-Мәжнүнге, Жүсіп-Зылихаға, Қазірет Қалиға, жер иесі Сұлтанға және Бабай Түкті Шашты Әзіл әулиеге тапсыруы елдің наным-сенім белгілері, сондай-ақ, ескі

Тәңірге, әулие-пірлерге табыну, көп Құдай, көп әулиеге табынудай шаманизм белгілері мен ислам дініне байланысты нанымдардың араласып, ақ бата ойлағанға жеткізеді, теріс бата оңдырмайды дейтін сенімге сіндірілген» [76, 471].

Жоғарыда келтіргендерді қорыта айтқанда зерттеуші жырды мына бағытта саралағанын көреміз:

- Жырдың бірнеше варианттарын сюжетіне қарай талдап, салыстырып, тұжырымдар жасайды;
- эпостың негізгі идеясының түбіне барып, біршама пайымдаулар келтіреді;
- жырдағы кейіпкерлер жүйесі мен тұрмыс-салт жырларына түсінік береді.

Бұдан біз зерттеушінің жыр сюжеті мен тарихына терең бойлап, қырағылық танытқанын байқаймыз. Зерттеуші ғалым жырдың бірнеше вариантын бірге қарап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын саралауға тырысқан. Дей тұрғанмен, айта кетуге тұрарлық жайт, ғалым өзіне дейінгі зерттеулерге назар аударып, Қазақстандағы біраз еңбектерді қалдырып кеткені байқалды. Бұдан Қытайда жыр нұсқасының Қазақстандағыдай кеңінен зерттелмегені айқындалды. Қытайдағы зерттеушілердің негізінен жырдың ішкі мән-мағынасына баса назар аударғаны көзге түсті.

Сонымен бірге жоғарыда келтірілген «Мұра» журналы қазақ фольклоры туралы отыз жылдық (1983-2012) таңдамалы мақалаларды жинап, екі томға топтастырып, 2012 жылы «Шыңжаң Әсемөнер-кескін» баспасымен бірлікте Дәлелбек Қинаятұлының құрастырумен жарыққа шықты.

Біз өз жұмысымызға қажетті деп тапқан бірінші томды пайдаландық. Көлемі – 602 бет.

Алғашқы томда қазақтың эпостық жырларына қатысты мына зерттеулер кіргізілген. Олар: Н.Мыңжанидың «Қазақ фольклоры және қисса-дастандар жанры жайында», О.Қанафиннің «Тотынама», Ғ.Райыстың «Тахир-Зухра», Ә.Кінәзбекұлының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу жайында», О.Егеубаевтың «Қазақ халық дастандары», Дәлелбек Қинаятұлының «Дастан жанры туралы айтылып жүрген ағаттықтар жөнінде аз сөз», С.Сағатжанның «Қыз Жібек жыры туралы ізденіс», Д.Жақыпұлының «Жүсіп-Зылиха» дастаны төркіні жайында, Д.Қинаятұлының «Қазақ халық қисса-дастандарының жанрлық атау және түрлері туралы» т.б.

Ә.Кінәзбекұлының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу жайында» («Мұра» журналы, 1983 ж., № 2) ғашықтық дастанының он алты нұсқасы бар екенін, бастылары Иманбай, Жанак, Шөже, Бекбау, Бейсенбай екендерін атай келіп, жырдың Бейсенбай нұсқасының 1980 жылы Шыңжаңда Шалғын журналының №4 санында алғаш жарияланғанын айтады. Зерттеуші Бейсенбай нұсқасын негіз етіп өз ойларын ортаға салады. Негізінен жыр мазмұнын айтып, 1960 жылдардан бұрын Шыңжаңда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» киносының қойылғанын, алайда Шөже, Жанак, Бейсенбай нұсқаларынан басқаша қойылғанын айтып өтеді.

Зерттеуші жыр нұсқаларын өзара салыстырып, біршама айырмашылықтарын атап көрсетеді:

1) Сарыбай отбасының қатты кедейленіп, Қозының шешесін отын тасып бағуы;

2) Қозының Баянды іздеп, Қарабайдың аулында жүріп, қызбен табысқанда Қодардың Қозыны Әлжаппармен бірге пышақтап өлтіруі;

3) жыр соңында Қарабай Қодар мен Әлжаппардың Қозыны өлтіргенін білген соң олардың көздерін таңып, құмға айдап жіберуі;

Мұндағы Қарабай мен елдің Қодар мен Әлжаппардың көздерін таңып, құмға айдап жіберу эпизоды ешқандай вариантта кездеспейді. Сол сияқты жер-су аттары туралы айтылады. Ғалым өзіне дейінгі М.Әуезовтің, Н.Мыңжанидың зерттеулерін алға тартады.

Мақалада сол сияқты Қарабайдың бейіті туралы аңызды келтіріп, М.Әуезовтің тұжырымдары арқылы бейітті сипаттайды. Жырдағы жиырмаға жуық кейіпкерлерді атап, ондағы басты образдарды бейнелеп, дастан көркемдігін сөз етеді [68, 46-54].

Жалпы Ә.Кінәзбекұлы өз ойын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ халқының өмір шындығын бейнелейтін тұрмыстық психологиялық негізде пайда болған жыр», – деп білдіреді [68, 54].

Сұлтанғали Сағатжанның «Қыз Жібек жыры туралы ізденіс» (1996 ж., «Мұра», №2) атты мақаласында өзіндік жаңалықтары бар. Бұл зерттеуші де Шыңжаңдағы телефильм туралы баяндап, М.Әуезов, С.Қарамендиннің зерттеулерін алға тартып, жырдың пайда болуы мен шығу төркініне тоқталады. С.Сағатжан жырдың 1896, 1900, 1903, 1905, 1909, 1911 (Қазан) бірнеше рет, 1925 жылы осы нұсқаны Ә.Диваевтың бастырғанын, 1933 (Қызылорда), 1936, 1958 (Алматы) баспа бетін көргенін айтып өтеді. Ал Шыңжаңда 1982 жылы «Шалғын» журналы Шерияздан нұсқасын басса, «Мұра» журналы Мүсілімбек нұсқасын жарыққа шығарады.

Автор Ахметолла Қалиұлының «Қыз Жібек жыры жөнінде» атты мақаласында 1958 жылғы «Қазақ эпостары» мен «Жаңа өмір» журналының шығарған «Қыз Жібек» жырын және «Шалғын» журналы басқан Шерияздан нұсқасы мен «Мұра» журналының Мүсілімбек нұсқаларын өзара салыстырғаны туралы сөз етіп, жырды алғаш жырлаған Сегіз сері деп, жырдың шығу тарихы мен Сегіз серінің шығармашылығына қарай ойысады. Жырдың тарихына үніле отырып, Бекежанның Орта жүздегі арғын емес, Кіші жүз, Әлім, ондағы Шекті, оның ішінде Қабақ екенін айтады.

Зерттеуші Сұлтанғали Сағатжанның Сегіз Сері нұсқасында мынадай өзгешеліктер бар екенін көрсетеді:

1) Жібек сұлуға таласатын басты жау да Бекежан болмай Кескентеректің болуы;

2) Төлегенді Бекежан емес, оны паналап жүретін Хенис екі қарақшының басшысы Қожа Кескентеректің өлтіргені;

3) Бекежанның Башқұрт халқының Естек жұртындағы Құрамыс

байдың қызы Зүлфия сұлуды алуға кеткенде Кескентеректің Төлегенді Қособада күтіп алуы;

4) Төлегеннің шекті еліндегі досы Бекежан болуы;

5) Төлегенді өлтірген соң екі жылдан соң көк жорға атты Бекежанға тарту етпек болғанда біліп, Кескентеректі өз тобынан аластап қууы;

6) Кескентеректің табын елінің тойында Жібекке тиіскен кезінде, жеті ағасының дарға асып өлтіргені;

7) Сансызбайдың зор қиындықпен Жібекке қосылуы мен олардың Төс Батыр атты ұлды болуы [68, 335].

1894 жылы жеке кітап болып басылған нұсқасын көрген Жүсіпбек қожа сөздердің өзгергеніне қатты ренжіп, 1896 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасында қайта бастырып, өзі туралы ескертпе береді.

Бұл жерде біз қызығы, Жүсіпбек ақын Төлегенді өлтірген Кескентерек емес, Бекежан етіп көрсетеді. Мұнда бір тарихи оқиға болуы мүмкін. Себебі, Кескентерек те, өзі де қожа. Бұл ойымыз зерттеуші еңбегіндегі С.Қарамендиннің пікірін өзгертусіз жариялағанда айқындалады: «Сегіз сері тарихты жарияласа да, оның «Қыз Жібек» атты ғашықтық дастанын баспаға беруші әрі ауыз әдебиетін жинаушы, әрі бала сүндеттейтін, әрі бала оқытатын, әрі кітап бастырушы Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы қысқартып, өз жанынан қарасөз қосып, рас оқиғаны бұрмалап, ертегіге айналдырған. Бекежанды арғын елінен шыққан етіп және оны Төлегенді өлтіруші қылмыскер, қарақшы етіп, өзгертіп, басқаша көрсеткен» [68, 343].

Сұлтанғали Сағатжан өз зерттеуін Қожаберген жыраудың өлең жолдары арқылы дәлелдеуге тырысқан [68, 343].

Байқасақ, қытайдағы зерттеушілер Ильминский нұсқасын Сегіз сері нұсқасы, ол жырдың алғашқы жырлаушысы деп таныған. Ал Сегіз сері туралы ғылымда үлкен дау болғаны мәлім. Бұл даудың нүктесін қойған ғалым С.ҚосанСегіз Серіні бар болғаны бір заманда өмір сүрген халықтық тұлға, эпостық кейіпкер дейді.

Фольклорист ғалым біріншіден, ақынның Омбыдағы кадет корпусында білім алған ба, оның Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқаны рас па, деген сұрақтарға жауап іздеп, өмірі мен шығармашылық мұрасы не мұрағат мұраларында, не арнайы қолжазба қорларында, тарихи кітаптар мен баспасөз беттерінде көрініс таппаған беймәлім Сегіз Сері туралы арнайы зерттеу жүргізеді.

Нәтижесінде, зерттеуші Сегіз Серіні XVIII ғасырда Сыр бойында дүниеге келген елдің бірінен шыққан ақын, Керей руынан шыққан әйгілі ақын-сазгер емес, осы күнге дейін телініп жүрген халық әндері мен эпостық жырлардың авторы болуы мүмкін емес екенін нақты дәйектермен дәлелдейді. [81, 12].

Мысалы, С.Қосан, Махамбеттің 200 жылдық тойына орай Астрахань, Орынбор мұрағатында жиырма күн құжат ақтарғанмен Сегіз сері аты еш жерде кездеспегенін айтады. Ал шындағанда аталған көтерілістің барлық материалдары (туыстары, басшылары, белгілі би, батыр, сарбаз, сардар, тіпті

тұтқындардың аттары) сақтаулы екенін тарихи мұрағаттарға сүйеніп дәлелдейді.

Келтірілген мәліметті жинақтай келе, біз де зерттеуші С.Қосанның пікірін қостап, жоғарыдағы зерттеушілердің біраз қателіктерге бой ұрып, қисынсыз жорамал жасағанын көреміз.

Сол сияқты Д.Қинаятұлының «Қазақ халық қисса-дастандарының жанрлық атауы және түрлері туралы» (Мұра журналы, 2011 ж., №2) атты мақаласында жырдың жариялануы мен зерттелу жайына тоқталады. Жырды арысы В.В.Радлов, Ш.Ш.Уәлиханов берісі, С.Қасқабасов, Р.Бердібаевтардың зерттеулері жайлы айтып, Қытайда Н.Мыңжанұлы, Ә.Қалиұлы, Б.Кәсейұлы, Би Шүн сияқты зерттеушілерге тоқталады. Зерттеуші жанрлық атауына тоқталып, «жыр» атауына тоқталып, ол сөзді қолдануға қарсы келеді. Ш.Уәлиханов бастаған сөзге бүгінде эпос, эпикалық поэма, дастан, қиссаның баламасы ретінде қолдануға келіңкіремейтінін айтады. Оны түсіндірмелі сөздікке жүгініп және құрылымдық-мазмұндық, жанрлық-көркемдік жақтағы ерекшеліктеріне орай өзінше дәлелдейді. Ал дастан және қисса ұғымына энциклопедиялық сөздікке жүгініп, жанрдың парсы-түркі елдерінде кеңінен дамығанын, эпос ұғымының жырдың қосалқы атауы екенін келтіріп, екеуін де қатар қолдана беруге болатынын тұжырымдайды. Дастанның парсы-түркі елінен енген, белгілі бір сюжетке құрылып, кейде өлеңмен, кейде қарасөзбен араласып келетін, он бер кей жағдайда сегіз буынды болып келетін жыр үлгілері екенін көрсетеді. Қисса араб-парсы елінен келген ауыз әдебиетіне тән эпикалық жанр, сюжеті жыр, дастан, кітаби эпос екені және мазмұны мен құрылысы жағынан ғашықтық жырларға жақын, махаббат, пәктікті жырлайтын, шытырман оқиғалы поэтикалық жанр екенін зерделейді. Бұл кірме сюжеттерді қазақ ақын-жыршыларының нәзира дәстүрімен жырлағанын баса айтады.

Зерттеуші өзіне дейінгі Әуелхан Қалиұлы мен (батырлық, ғашықтық, қисса) Бексұлтан Кәсейдің (батырлық, ғашықтық, тарихи, халық дастандары, қиссалар) зерттеулеріне тоқталып, өзі жырды төртке бөліп қарастырады: (батырлық, ғашықтық, тарихи, діни қисса-дастандар). Зерттеуші төрт топқа бөліп қарастырған қисса-дастандарды мысалдармен дәлелдеп қарастырады [68, 560].

1) батырлық қисса-дастандар тобына ер-азаматтардың қаһармандық жолындағы күресі;

2) жігіттердің ерен ерлік көрсетіп, трагедиямен ұласатын жырлар тобы (Сәлиқа – Сәмен, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Ләйлі – Мәжнүн, Таһир – Зухра) деп ғашықтық жырларды қазақ даласында туып өскен ғашықтардың махаббатын жырлайтын және араб-парсы елінен келген ғашықтардың өмірбаянын жырлаған қиссалар деп екі топқа бөліп қарастырған (Мың бір түн, Тотынама);

3) тарихи қисса дастандарға жеке тұлғалар жайында шығармалар (шапқыншылық, халықтың жауға қарсы күресі), басқа халықтың тарихындағы ірі уақиғаларды қамтитын шығармалар, кей жағдайда діни

қисса саналатын «Кербаланың соғысы» да тарихи халықтық туынды, бір топтың не жеке адамның бір мезетте басынан өткізетін істерін баяндайтын шығармалар деп ішінара бөліп жіктеп, оған ақын Ақыт Үлімжүұлының «Қажы баяны» туындысын кіргізеді. Онда Ақыт пен қажыға барған бірнеше адамның әңгімелері айтылады

4) діни қисса-дастандар Алланың жолы мен пайғамбардың ұлылығын үгіттейтін «Қисса сул әнбие» секілді аңыз әңгімелер негізінде жазылған шығармалар. Бұл мұсылмандардың «Құран Кәріммен» мазмұндас келеді деп, Ақыт ақынның «Хиямет ахуалы» сондай шығарманың бірі дейді [68, 569].

Д.Қинаятұлының жырды құрылымдық жағынан дара және матаспалы деп екіге бөліп, дара жырға сюжет, кейіпкер, мазмұн жағынан басқа дастандармен жалғаспай дараланып тұратын көлемі шағын шығармаларды кіргізсе, матаспалы жырдағы оқиға желісі мен кейіпкерлерінің бір-бірімен ұласып, матасып жататынын талқылайды. Мысалы, «Тотының қырық тарауы», «Қырымның қырық батыры», «Бақтиярдың қырық бұтағы» жырын матаспалы жыр деп, аталған жырларды баяндайды [68, 571].

Қорыта айтқанда, Қытайдағы қазақ зерттеушілері ғашықтық жырдың шығу тарихына үніліп, Қазақстандағы зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп, біршама жүйелегені байқалды. Зерттеуші Д.Қинаятұлы ұлт мұрасын әр жерден тірнектеп жинап, отыз жылдық таңдамалы мақалаларды жинап бастырған еңбегі бүгінде ең құнды мұра деп танымыз. Біздің зерттеу жұмысымызға негізгі дерек көзі бола білді.

Зерттеуші Би Шүнде қазақ әдебиеті мен фольклорына өз үлесін қосты. Ол 1941 жылдың мамыр айында Тяньцзиньда дүниеге келген.

1960-1965 жылдары Орталық Ұлттар академиясының Тілдер кафедрасында қазақ тілі мен әдебиетін оқып, бітірді.

1980 жылдан бастап Орталық ұлттар университетінде сабақ берген зерттеуші, 1994 жылы профессор болып, 2004 жылы ғылыми қызметкер болып іс атқарады.

Би Шүн ғалымның негізгі еңбектері мына бағытта өрбіген: 2006 жылы Пекин философиясы және әлеуметтік ғылымдар саласындағы көрнекті жетістіктер премиясын алған «Қазақ халық әдебиетіне кіріспе» (1992) еңбегі, «Халық әдебиетіне кіріспе» және «Алтай тіліндегі қытайлық отбасы туралы мифтер», «Солтүстік Қытайдың ұлттық мәдениеті» т.б. Қазіргі уақытта ол халықтық әдебиет фольклорының ұлттық оқу-әдістемелік құралының «он бірінші бесжылдық» жоспарын дайындауға жетекшілік етеді. Негізгі еңбектері: «Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ халық әдебиетінің қайнар көзі және дамуы», «Қазақтың халық әндері», «Қазақша аяттар», «Шаманизм және қазақ халық әдебиеті», «Циклоптар», «Қазақ мифтері аңыздарындағы парсы элементтері», «Қазақ халық ертегілеріндегі үнділік сарын», «Мың бір түн және қазақ халық ертегілері» т.б. қазақ ертегілері жайлы көптеген зерттеу жұмыстары (қытай тілінде) бар.

Байқасақ, зерттеуші қазақ ертегілеріне баса назар аударып, оны әлемдегі біраз халықтармен салыстыра зерттегені анықталды.

Мысал ретінде, 1992 жылы Пекин қаласы, Орталық ұлттар институты баспасынан 3000 тиражбен шыққан басты «Қазақ халық ауыз әдебиетінің кіріспесі» (қытай тілінде. Ауд. Е.Еркін) [82] атты еңбегін алуға болады. Еңбек үлкен сегіз тараудан тұрады. Онда негізінен Қытай мемлекетінің көпұлтты мемлекет, тарихының ұзақ, мәдениеті мен әдебиетінің түрлі екендігі айтылып мысал ретінде қырғыздардың «Манасы», тибеттердің «Гусары», монғолдардың «Жәңгір» эпостарын келтіреді. Жалпы әр түрлі ұлт өкілдерінің халық ауыз әдебиетін жинау, реттеу, жариялау мәселелерін қозғап, қазақ ауыз әдебиетін кеңінен таратады. Алғашқы тарауларда («Қазақ халқының тарихы туралы қысқаша баян») ұлттың жалпы саны, шығу төркіні, қазақ хандығы, жоңғар шапқыншылығы, Абылай хан яғни тарихи мәселелер сөз етіледі. Жалпы кітапта қазақ халқының мәдениеті («Мәдениеттің құрылымы», «Көшпелі экономика», «Өндіріс және тұрмыстық тәсілдер», «Семья және ру-тайпа бірлесітігі», «Шежіре», «Таңба және діни сенімдер», «тіл»), қазақ халқының ауыз әдебиеті мәселелері (шығу тегі және төркіні, қазақ ауыз әдебиетіндегі сыртқы әсерлер, Үндістан әңгімелерінің таралуы, Парсы мифтерінің ықпалы, ондағы негізгі мотивтер т.б.), көне түркі әдебиетіндегі ескерткіштер хақында (Орхон Енисей жазбалары, түркі тілдер сөздігі, Оғызнама, Қорқыт ата кітабы және олардың бір-біремен байланысы), қазақ мифтері (әйел құдайлардың бейнесі, тәңір және жаратушы, топан су туралы мифтер), қазақ аңыздары (ұлттың шығу төркіні туралы аңыздар, жер-әлем жаратылуы, музыка, ұлттық ғұрыптық салт-сана туралы, тау-өзендер, тарихи оқиғалар, жер аттары туралы аңыздар), қазақ ертегілері (хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып туралы ертегілер, кейіпкерлерге байланысты ертегілер (Алдар көсе, Тазша бала, Жиренше, Қожанасыр), қазақ халқының әндері (неке тұрмыстық әндері, жоқтау жырлары, діни әндер (шаманизм, бақсы, бәдік жырлары, мереке-мейрамдарда айтылатын әндер, т.б.)) , жұмбақ және жаңылтпаштар және соңғы ел арасындағы дастандар қарастырылады. Зерттеуші Би Шүн дастандар деп жіктеген эпос түрлерін екіге бөліп таратқан.

1. Батырлық эпостық дастандар: Алпамыс, Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Қырымның қырық батыры жырлары

2. Ғашықтық қисса-дастандар: Қозы Көрпеш – Баян сұлу және Қыз Жібек жырлары мен әйел адамдардың тағдыры туралы дастандар деп бірнеше мәтіндер топтастырылған. Еңбектің көлемі – 414 бетті құрайды.

Қытайлық зерттеуші Би Шүн ғылымдар саласындағы көрнекті жетістіктер премиясын алған жоғарыдағы еңбегінде қазақ ұлтының біраз мәселесін қарастырғаны мәлім болды. Әрине, ғалым жанр зерттеуде біраз қателіктерге бой алдырғаны байқалды. Десек те, кейінгі зерттеушілер үшін біраз баспалдақ болғаны айқын.

Сол сияқты Қытайлық зерттеуші Хуан Жоңшияң да қазақ фольклортануына өз үлесін қосты.

Хуан Жоңшияң 1957 жылы Қытайдың Хынән өлкесі Шүйчаң деген жерде дүниеге келген. 1997-2000 жылдары Бейжің қаласы Орталық Ұлттар Университетінде Түрік тілдері кафедрасында Хуан Жоңшияңның

жетекшілігімен «Қазақтың лексикалық сөздік қоры және мәдениеті» атты тақырыпта докторлық қорғайды.

2002 жылы аталған тақырыпта монографиясын шығарады.

Ғалым негізінен Қытайдың Батыс терістік өңіріндегі қазақ, ұйғыр сынды аз ұлттардың тілі, әдебиеті мен этнографиясын зерттеді. Зерттеу салалары: Қытай ұлттар энциклопедиясы, халықаралық энциклопедия және Қытай аз ұлттар мәдениетінің үлкен сөздіктерін құрастырып, оларға түсіндірмелер мен мақалалар жазған. Сонымен бірге «Шыңжаң жалпы баяны – тіл шежіресі», «Шәуешек қаласының шежіресі», «Қарасу ауданының шежіресі» атты кітаптарды жазуға қатысып, «Татар ұлтының ғұрып-салттарының тарихы», «Қазақ мақал-мәтелдері мен малшаруашылық мәдениетінің ерекшеліктері», «Қазақ эпосына шаманизм дінінің әсері» сияқты 50-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы.

Ғалымның қазақ эпосына қатысты бірден-бір еңбегі – (2007) Орталық редакция аударма баспасынан шыққан – «Қазақ эпостары және сахара мәдениеті» [83] (қытай тілінде. Ауд. Е.Еркін) мен «Қазақтың лексикалық сөздік қоры және мәдениеті» (қытай тілінде) [84].

«Қазақ эпостары және сахара мәдениеті» еңбегінің көлемі – қытай әрпімен – 425 бет. Кітап үлкен тоғыз, ішінара кіші тараушалардан тұрады. Негізгі қарастырылатын мәселелер мыналар: Қазақ эпосының зерттелу ахуалы; Қазақ эпосының дәуірленуі; Қазақ эпосын жырлаушылар; Қазақ эпосының түрлері; Қазақ эпосының жалғасу ерекшелігі; Қазақ эпосының рулық ерекшелігі; Қазақ эпостарының діни эпостары; Қазақ ұлтындағы эпостар және ауыз әдебиеті; Қазақ эпостарының мәдени ерекшелігі.

Ғалым аталған мәселелерді Қазақстан мен Қытайдағы қазақ эпос үлгілерін салыстыра отырып қарастырады. Мысалы ретінде, Қазақстандағы эпос пен Қытайдағы қазақ эпосының алғашқы кезеңін салыстырады. Сонымен бірге эпостың даму кезеңін, түркі тілдес халықтардың ортақ кезеңі (Алпамыс, Қорқыт Ата кітабы, Қырымның қырық батыры, Қобыланды, Қамбар) мен қазақ халқының төл эпостарының дамыған кезеңдерін (Абылай хан, Қабанбай, Жәнібек, Егенгелді, Арқалық) қарастырады. Бір еңбектің ауқымына біршама тақырыпты тоғыстырған ғалым көшпенділіктің батырларды қалыптастырудағы жаратушы элементтері мен батырдың дүниеге келуін де саралайды. Тағы бір айтуға тұрарлық жайт, зерттеуші Би Шүн «Қазақ эпосын жырлаушылар» атты тарауында бақсының қызметін ашуға тырысқан. Оны жел шақырып, жаңбыр жауғызған жалбарыну жыры, ауруды емдеп, кеселді қуатын бәдік жыры, апатты жоғалтып, сырқатты емдейтін арбау жыры, қасиетті сал-серілер деп топтастырып қарастырады. Ғалым жыраулар (Кетбұқа, Шалкиіз) мен ақындар (Таңжарық, Жүсіпбек, Шал ақын, Ақыт ақын), қиссашылдар (Әл-фараби, А.Йүгінеки, А.Яссауи, Хорезми, Рабғузи) деп топқа бөліп түпкі негізге баруға тырысады. Қазақ эпосының құрылымын сыртқы пішініне қарап үш топқа жіктеген: қарапайым эпостар, қосынды эпостар (тарихи, батырлық), аралас көп вариантты эпостар. Мұндай классификацияны ғалым Қытайдағы қазақ эпостарына сүйеніп

жасағаны байқалмайды. Өйткені қазақ ғалымдары эпосты жүйелі түрде зерттеп, саралаған. Хуаң Жоңшияң бір қызығы, қазақ эпосының берілу, жалғасу жағын да анықтауға тырысқан. Оны ата-тегі бойынша жалғасу, тікелей қан бойынша таралу, қосалқы туыстық қатынас (нағашы, алыс туысқан) арқылы, арнайы тапсырмамен таралу, кітаби таралу (қолжазба, баспадан шыққан кітап арқылы), аудио-видео арқылы таралу деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Бір қызығы, эпостың тағы бір түрі діни эпосты арнайы тарау ретінде қарастырып, онда шаманизм дінін жатқызып, ондағы әруақ, тәңірлік дін, рух-кие, ислам діні туралы ұғымдарды кіргізген. Сол сияқты эпос және миф, эпос және аңыздар, эпос және ертегілер, эпос және ғұрыптық жырлар, эпос және бата деп жекелеген күйінде байланыстарын саралайды.

Бұдан нені аңғаруға болады? Фольклорист ғалым бұл еңбекте эпос жанрының пайда болуы мен оның тарихын, даму кезеңдерін Қытайдағы қазақтар мен Қазақстандағы қазақ эпосын салыстыра зерттейді. Әрине, өте үлкен мәселелерді ашқан. Алайда, эпос жанрын, оның түрлерін жүйелеуі қисынға келіңкіремейді. Олай дейтініміз, ғалым эпостың аясын кең көлемде көрсеткісі келгенмен, керісінше тарылғаны байқалады.

2008 жылы Пәтиманның «Қазақ салт-дәстүр мәдениеті» (Hasake zu minsu wenhua) атты еңбегі фольклорлық жанрлардың біразын қамтыған Қытай тілінде шыққан құнды еңбектің бірі болып табылады. Он алты тараудан тұратын кітаптың XIV тарауы «Қазақ халқының ауыз әдебиетіне» арналған. Онда қазақтың шығу тегі туралы аңыздар, наурыз жыры, күй аңыздары, аспан денелері туралы (жеті қарақшы, т.б.) мифтер, ертегілердің әрбір түріне, батырлық эпос үлгілері мен тарихи жырларды да өз деңгейінде қарастырған. Ғашықтық жырлардың аттарын тізбелеп береді де «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырының мазмұнын қытай тілінде берген. Мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштардың кейбір үлгілерін қытай тіліне аударып, талдаулар жасаған. Фольклорлық айтыс үлгілерін аударған. Ғұрыптық фольклордың әр түрінен (сыңсу, жар-жар, беташар, жоқтау т.б.) мысалдар келтіріп, олар туралы қысқаша мәліметтер берген. Назар аударатын жағдай қазақ фольклортануындағы фольклорлық терминдерді өз қалпында қытай әрпімен беріп, түсінікпен толықтырып отырған. Кітаптың соңында қазақ халқының тарихына, әдебиетіне (фольклор, әдебиет), саясатына, экономикасына, оқу-ағартуына, халық медицинасына, көркемөнеріне, тіліне, дініне қатысты мақалалардың (әр ұлт тілінде жазылған) библиографиясы берілген. Ондағы жалпы мақалалар саны – 1852. Және де бұл мақалалар хронологиясын сақтаған, яғни 1879 жылдан 2005 жылға дейінгі жарық көрген мақалалардың тізімінен тұрады [85, 165-223].

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келемына тұжырымдарды алға тартуға болады:

1. Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары жүйелі түрде жиналып, жарияланып (1930-2018) отырған.

2. Қытайдағы ғашықтық жырлары екі бағытта қарастырылғаны белгілі

болды. Ең алдымен, жинаушылар жанр, тақырыпқа бөлмей жалпы жинап, жариялап отырған. Сонымен қатар зерттеушілер тарапынан ғылыми-теориялық талдаулар жасауға талпыныстары байқалды. Мәселен:

1) Автор З.Сәнік фольклорлық мұраларды әдеби мұра ретінде қарастырып, нақтылыққа қарағанда жалпылыққа бой ұрып, фольклорлық мұраларды төртке бөліп қарастырған: халық ертегілері мен қисса-дастандар, шешендік әңгімелер және халық өлеңдері;

2) Ғалым Н.Мыңжани өзіне дейінгі зерттеулерге сүйеніп (Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов), қазақ халық дастандарын батырлар жыры, ғашықтық жыры және қиссалар деп үш топқа жіктеген;

3) О.Егеубаев кірме сюжеттердің бар екенін байқап, дастандар мен қиссалар тобын қазақ өмірінен туындаған төл және нәзіралап жырланған діни, ғашықтық, батырлық және тарихи дастан-қиссалар (қағазға түскені 368 нұсқа) деп беске бөледі.

4) Б.Кәсей жыр үлгілерін батырлық, ғашықтық, тарихи, халық дастандары және қиссалар деп бес топқа жіктейді.

5) Ә.Қалиұлы қазақ халық дастандарын үшке бөліп қарастырған: батырлық дастандар, ғашықтық дастандар, назиралық дастандар;

6) Зерттеуші Д.Қинаятұлы дастандар тобын өзіне дейінгі Әуелхан Қалиұлы мен (батырлық, ғашықтық, қисса) Бексұлтан Кәсейдің (батырлық, ғашықтық, тарихи, халық дастандары, қиссалар) зерттеулеріне тоқталып, жырды төртке бөліп қарастырады: батырлық, ғашықтық, тарихи, діни қисса-дастандар. Д.Қинаятұлы сол сияқты жырды құрылымдық жағынан дара және матаспалы деп екіге бөліп, дара жырға сюжет, кейіпкер, мазмұн жағынан басқа дастандармен жалғаспай дараланып тұратын көлемі шағын шығармаларды кіргізсе, матаспалы жырдағы оқиға желісі мен кейіпкерлерінің бір-бірімен ұласып, матасып жататынын талқылайды.

7) Би Шүн жанр зерттеуде біраз қателіктерге бой алдырып, эпос түрлерін екіге бөліп таратқан: батырлық эпостық дастандар, ғашықтық қисса-дастандар; Зерттеуші қазақ халқының тарихына үңіліп, жыр үлгілерін жалпылай қарастырған.

8) Хуаң Жоңшияң қазақ эпосының құрылымы мен сыртқы пішініне қарап: қарапайым эпостар, қосынды эпостар (тарихи, батырлық) және аралас көп вариантты эпостар деп үш топқа жіктеген.

9) Пәтиман да өзіне дейінгі зерттеулерді назарға алып, фольклор жанрларына қарай ажыратып, батырлық эпос, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар деп қарастырған.

Байқасақ, Қытайдағы зерттеушілердің классификациясына қарап, эпос жанрының теориясы мен белгілерін дұрыс меңгермегені аңғарылды. Зерттеу жұмыстарының жалпылай атқарылып, мәтіндерді жариялау мен зерттеуде біршама келеңсіздіктердің орын алғаны байқалды. Сондай-ақ жанр үлгілеріне қарай жекелеген зерттеу жұмыстарының да кездеспегенін айта кетуге болады. Яғни, атқарылған жұмыстар мен фольклортанулық зерттеулер сол дәуір кезеңіне сай жүргізілгені анықталды. Дегенмен, Қытайдағы жинаушы,

зерттеушілердің қазақ фольклортануына қосқан үлесі мен еткенерен еңбегі жоққа шығарылмайды.

І.2.Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының Қазақстанда жариялануы мен зерттелуі

Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары Қазақстанда мына бағытта жарияланды:

1) ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра»бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» 100 томдығын құрастырды. Оның 10 томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналды. Атап айтсақ, 22-32 томдар аралығы жырлар (көне, батырлық, тарихи, ғашықтық жырлар мен дастандар), бір том «Қытайдағы қазақтардың қара өлеңі» және бір томы «Қытайдағы қазақтардың жұмбақтары» және басқа да серияларына Қытайда жарияланған фольклордың бірнеше жанрына тиесілі мәтіндері енді (56, 57, 58, 59, 73, 74, 86, 87, 91,100-томдар, т.б.). Мәтіндер түпнұсқалардан өзгертусіз басылып, ғылыми қосымшалармен түсіндірілді.Салыстыру жұмыстары жүргізіліп, текстологиялық зерттеулер жасалды. Сонымен бірге томға енген мәтіндерде кездесетін есімдер мен жер-су атауларына, жырлаушы-орындаушылар мен жинаушылар жөнінде арнайы түсінік беріліп, ғылыми сөздікпен толықтырып шығарылды.

2) 2012-2013 жылдары Қытайға ұйымдастырылған ғылыми экспедиция материалдарын зерттеу негізінде 2014 жылы«Шетелдегі қазақтардың фольклоры» атты монография баспа бетін көрді.

3) Жекелеген тақырыптар аясында қорғалған диссертациялар мен монографиялар (З.Сейітжанұлының «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (Поэзия, проза, 1950 жылға дейінгі кезең)», «Тарихи жырлар» (Алматы, 2011), Ұ.Аязбаеваның «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша)» (2007) және Г.Абиханованың «Қытайдағы қазақ эпосының жиналуы мен зерттелуі» мақаласы [86].

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының 25-26 томдарында Қытайдан келген ғашықтық дастандар жарық көрді. Көптомдықтың 25-томына «Анар – Сәуле», «Әнуар – Күләнда», «Садық – Сәлиқан», «Байын – Жүрек», «Салиқа – Сәмен», «Досан», «Нұртаза мен Күнасыл», «Олжа қыз», 26-томына «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» дастандары енді. Дастандардың ғылыми түсініктерін жазып, жырлардың жиналу, жариялану тарихын қозғаған ғалымдар филология ғылымдарының кандидаттары С.Қосан мен Қ.Алпысбаева болды.

Қытайдағы қазақ эпостарына алғаш көңіл бөлген фольклортанушы ғалым З.Сейітжанұлы болды. Зерттеуші «Тарихи эпос» (Алматы, 1994) атты

еңбегінде тарихи эпос жанрын зерттеп, тарихи-типологиялық салыстыру жасаған.

Ғалым өз монографиясында Шыңжаң қазақтары эпикалық жырларының жанрлық ерекшеліктерін айқындап, олардың нақты тарихи жыр екенін дәлелдейді. Зерттеуші образдар жүйесін ашып, олардың әр қилылығын мысалы, тарихи жырларда ел қорғаушы қаһармандар бейнесі жасалса, ғашықтық мазмұндағы нақты тарихи жырларда лирикалық бейнелерді суреттеу басым болатынын нақтылайды.

З.Сейітжанұлының жоғарыда аталған монографиясы «Қазақтың реалды-тарихи эпосы» [87] (1988) деген тақырыпта қорғалған диссертацияның негізінде жазылған. Ғалым аталған еңбегінде бұрын зерттелмей, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында жатқан бір шоғыр тарихи жырларды («Түкібай-Шолпан», «Арқалық батыр», «Мырзаш батыр», «Ахмет-Кәшім», «Хасен-Жәмилә», «Шайқан-Күләш») алғаш рет ғылыми айналымға енгізеді. Аталған жырларды ғалым «реалды эпос» деп атап, оларға бірінші рет тарихи-типологиялық салыстыру жасап, ерекшеліктерін саралаған. Сондай-ақ ғалым белгілі бір аймақтағы фольклорлық мұраның сақталып, эпикалық дәстүрдің өзгеруі, тарихи шындық пен дәстүрдің арақатынасының көрінісі, образдар жүйесі, жырдың поэтикалық ерекшеліктері сияқты проблемалар түркі тілдес халықтардың халық әдебиетімен салыстыра отырып талдаған. Өзгерістері мен ортақ қасиеттері айқындалады. Осы арқылы автор эпикалық дәстүрдің жаңа бір белесін яғни нақты (реалды) тарихи эпостың қалыптасуын тұжырымдаған. Аталмыш еңбек 2008 жылы орыс тіліне аударылды.

«Тарихи жырлар» (Хрестоматия. – Алматы, 2011) оқулығы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Белгілі бір аймақтағы жырлар топтастырылып, көлемді алғысөз берілген.

Ғалымның «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (Поэзия, проза, 1950 жылға дейінгі кезең)» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының екінші тарауы дастандарға арналған. Зерттеуші дастандарды шартты түрде төрт топқа бөліп қарастырады:

- Шығыс желісін негіз еткен шығармалар, яғни нәзира дәстүрі,
- Дәстүрді жалғап, халықтық сипат алған жырлар,
- Діни тақырыптағы шығармалар,
- Тарихи сипаттағы дастандар [88].

Ғалым З.Сейітжанұлы Шыңжаң өлкесінің тарихи жырларын алғаш рет ғылыми айналысқа енгізіп, өзінің ғылыми көзқарастары мен тұжырымдарын айқын көрсетті. Тарауларын ашып, тарихи жырды кәсіби түрде терең талдап, дәлелді теориялық тұжырымдар жасады.

Сонымен бірге ғалым Қытайдағы «Түкібай – Шолпан» ғашықтық жырын алғаш рет ғылыми айналысқа енгізді. Ғалым, жырдағы жер су аттары мен бүгінде кездесетін рудың бар екендігі және сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға қатысты жырды «тарихи эпос» үлгілеріне жатқызған.

3. Сейітжанұлы дастанды өзге тарихи, шығыстық сарындағы ғашықтық жырлармен сюжетіне қарай салыстырып, кейіпкерлер жүйесіне қарай талдау жүргізеді. Зерттеуші сол кезеңде жүргізілген тарихи оқиғалар мен аңызға сүйеніп, жырдың пайда болу кезеңін анықтайды.

Ғалым қорыта келе, «ғашықтық мазмұндағы нақты тарихи жыр» деп тұжырымдап: «Кезеңдік, жанрлық белгілеріне қарағанда нақты тарихи эпос – кейінгі заман туындысы. Себебі бұл топтағы жырларда мифологиялық, ертегілік, қиял-ғажайыптық сияқты архаикалық эпостарға тән элементтер жоқ. Гиперболалық әсіреленген орасан батырлық қимылдар мен шындыққа сиымсыз оқиғалар да кездеспейді. Қайта керісінше нақты өмір шындығы негізінде туғандықтан, тарихи оқиғалар мен фактінің іздері мол», – деп жырдың жанрлық белгілерін көрсетеді [87, 47].

Зерттеуші Ұ. Аязбаеваның «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша)» (2007) атты филология ғылымдарының кандидаты диссертациясын алу үшін дайындаған диссертациясында тарихи жырлар қарастырылады. Ол өзінің диссертациясында Қытайдағы қазақтар оның ішінде Шыңжаңдағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілістердің туу себебі яғни тарихи сипаты, ел жадындағы батырлар жайында туған тарихи жырлардың туу, таралу, зерттелу мәселелерін саралайды. Сондай-ақ тарихи жырлардың версиялар мен нұсқалардың сюжеттік, тілдік ерекшеліктеріне назар аударады. Автор «Демежан батыр», «Зуқа батыр», «Жақыпберді батыр», «Үркін-қорқын» жырларының тұтастануындағы ерекшеліктерін, тарихи жырлардың шындықпен арақатынасын айқындайды [89].

ҒБМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2012-2013 жылдары Ресей, Қытай, Өзбекстан мен Моңғолияға фольклорлық ғылыми экспедиция ұйымдастырып, экспедиция материалдарын жүйелеп, зерттеу нәтижелері бойынша 2014 жылы «Шетелдегі қазақ фольклоры» атты ұжымдық монографияны жарыққа шығарды [24]. Монографияда Қытайдағы қазақтардың эпостық жырлары мен дастандары, ертегілері және саятшылыққа қатысты фольклоры мен тарихи жырлары алғаш рет арнайы зерттеу нысанына алынды.

Г. Абиханова өзінің «Kazakh eposes in China» зерттеуінде: «Moreover, the names included in the texts in the volume of land and water and poet the names of artists and collectors were given guidance on the scientific knowledge complement. Text of the volume includes guidance to the names of lands and water, poet-performers, collector, also as a complement scientific dictionary was released. Collection of Kazakh epic poems published in China in 2014 and the dastans is the first research study. First differentiated types of songs genre, determine cause of their change in present time» – деп, Қытайдағы қазақтардың эпостары мен дастандарына арналған алғашқы сараптама жасалған монографиядағы мәтіндерде жер, су атаулары мен ақын-жыршы,

жинаушылардың есімдерінің қамтылғаны және ғылыми қосымшасының сөздік ретінде шығарылғанын айтады [90, 410-415].

Аталмыш монографияға енген филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаеваның «Қытайдағы қазақтардың эпостық жыр-дастандары (Бабалар сөзі сериясы бойынша)» атты көлемді зерттеуінде [24, 33-108] Қытайдағы қандастарымыздың көне эпос, батырлық пен тарихи эпос және романдық эпос пен романдық дастандары сараланып, жырлардың жанрлық түрлері ажыратылып, олардың трансформациялануына үлкен мән беріледі. Ғашықтық жырларды ғалым дәстүрлі романдық (ғашықтық) эпос және романдық (ғашықтық) дастан деп ажыратып, екі бөлек қарастырады.

Қытайда жырланған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» нұсқасы туралы зерттеуші «Белгілі фольклорлық шығарманың сюжетін пайдалана отырып жазылған авторлық шығарма деп тану дұрысырақ деген ойдамыз» десе, «Қыз Жібек» жөнінде: «Шериаздан ақыннан алынған мәтінді «Қыз Жібек» жырының жаңа көркем нұсқасы, Қытайдағы қандастарымыздың шығармашылық жетістігі деп бағалауға толық негіз бар» деп қорытындылайды [61, 58-60]. Ғашықтық дастандарды Б.Әзібаева өзі ұсынған жіктеуге сәйкес үш топқа бөліп зерттейді, олар: 1) шығыстық сюжетке құрылған дастандар; 2) ел аузында жүрген аймақтық фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандар; 3) өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар.

Қорыта келе ғалым былай тұжырымдайды: «Бабалар сөзі» жүзтомдық ғылыми серияның томдарында Қытайдағы қандастарымыздың 90 эпостық жыр, дастандарының мәтіні жарыққа шықты, яғни алғаш рет әрі жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізілді. Бұл көл-көсір мол дүниені жан-жақты, терең зерттеу – күн тәртібінде тұрған мәселе; ол, әрине, болашақтың ісі... Сараптау нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар ұсынылады:

1) Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасы өте бай екеніне көз жеткізілді. Оның құрамында ұлттық бүкілқазақтық фольклорымызға тиесілі күллі жанрлар мен түрлер сақталған.

2) Қытайдағы қандастарымыз жалпықазақтық (бүкілқазақтық) эпостық мұраларымызды тарихи, фольклорлық жадында берік сақтап, қастерлеп, бүгінгі ұрпақтарға жеткізіп отыр. Анықталғандай сол жақтағы көптеген нұсқалар республика шеңберінде бұрыннан ауызша айналымда жүрген, сондай-ақ 1917 жылға дейін баспа бетін көрген фольклорлық шығармалардың кітаби нұсқаларынан алынып, солардың ізімен ауызша айтылған / жырланған, я жазбаша туындаған. Айтылу / жырлану, басылу барысында біраз шығармалар түрлі өңдеу-жөндеуден өтіп, күрделі трансформацияға түскен, нәтижесінде кейбір белгілі фольклорлық шығармалардың жаңа нұсқалары жасалған.

3) Қытайдағы қандастарымыз жалпы этностық мәнге ие тарихи жырларды сақтап, олардың жаңа нұсқаларын жасаумен қатар Қазақстанда беймәлім жаңа жыр, дастандар туғызғаны анықталды. Бұлардың басым көпшілігінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмірде

болған реалды оқиғалар негізге алынып жырланған. Олардың сюжеттік мазмұнын ұлт-азаттық күрес, Мәнжу, гоминданға қарсылық, тәуелсіздік пен қайшылық, билік басындағылардың әділетсіздігіне қарсылық, әлеуметтік теңдік үшін күрес тақырыптары құрайды.

Жалпы алғанда бұл жырлар Қытайдағы қандастарымыздың жергілікті басшылардың қазақтарды дінсіздендіру, ассимиляциялау саясатына қарсы тұрып, активті түрде жүргізген күресінің айқын дәлелі, сол қарсылықтың боямасыз берілген кең қамтылған панорамдық суреті.

4) Тарихи жырлармен қатар көрші елдегі қандастарымыз көптеген ғашықтық және хикаялық дастандарды тудырған. Олардың біразы Қазақстанда да белгілі шығармалардың варианты болса, көбісі бізде беймәлім, жергілікті және шығыс әдебиетінен ауысқан һәм халықаралық сюжеттерге негізделген. Оларға кірме сюжет, сарындар асқан шеберлікпен жымдастырылған, мейлінше қазақиланып, қазақ өмір салтын, қазақ болмысын көрсетуге, халықтың арман-тілегін, мүддесін, ойын ашуға пайдаланылған, әрі қазақ қоғамына тән әлеуметтік сарындармен байытылған.

5) Қытайдағы қазақтардың тарихи эпос жанрын, сондай-ақ дастандық эпостың хикаялық, ғашықтық түрлерінің дамып, баюына қосқан үлесі зор екенін атап айту қажет.

6) Қытайдағы қазақ фольклоры – біртұтас ұлттық фольклорлық мұрамыздың ажырамас, құрамдас бөлігі. Ол қазақ фольклорының заңдылықтарына сай қасиеттерге ие, әрі соңғы бір жарым ғасыр уақыт ішінде пайда болып қалыптасқан өзіндік ерекшеліктермен де сипатталады.

7) Қытайдағы қазақ фольклорын жалпыұлттық қазақ рухани мәдениетінің бөлінбес бөлігі ретінде қазақ фольклортану ғылымының негізгі методологиялық, теориялық ұстанымдарына сәйкес тереңдей зерттеу қажеттігі алдағы уақыт еншісіндегі өзекті мәселе [24, 102-103].

Аталған ұжымдық монографияда академик С.Қасқабасовтың «Ертегілер» атты мақаласы Қытайдағы қазақтардың ертегілері мен тарихи аңыздары және ауызекі әңгімелеріне арналған.

Зерттеуші материалдардың жүйеленбеуінен 60-тан астам мәтіннен жанр түрлеріне (хайуанаттар туралы, новеллалық ертегі, сатиралық ертегі, қиял-ғажайып ертегі) қарай бірнешеуіне тоқталады. Олар: «Жүйрік сияр», «Түлкі мен қасқыр», «Қызыл мысық», «Жақсылық пен Жамандық», «Үш ұры», «Оқу іздеген адам», «Көлдегі алтын», «Сәуегей шал», «Нанбатыр», «Қасиетті күшік күйеу», Көк сиыр, «Атақты Әбуғали, Әбулғарис туралы хикаят». Ғалым Қытайдан әкелінген экспедиция материалдарынан ертегі жанрының сюжеттік желісі мен қолданылған мотивтеріне қарай талдау жүргізеді.

Сол сияқты «Боқы батыр» аңызын тарихи эпосқа жақын мәтін екенін түрлі тұжырымдармен дәлелдейді. Ғалым Боқы батырдың ғажайып жағдайда туғаны, ондағы «қорғаушы» тотемі мен алмастық сарынның (мотив неязвимости) пайдаланылғанын аңыздың фольклорлану үдерісіне толық түсе қоймаса да, тарихи эпосқа айнала бастаған уақытта хатқа түскен дейді [24,

144]. С.Қасқабасов Шыңжаң өлкесіндегі қазақтарда кеңінен тараған «Қомағайдың көбісі тамақтан өледі», «Мұнына мен разы, Құдай разы», «Үш саңырау», «Жақсыбай бидің екі төрелігі туралы», «Торайғыр мырза мен Мәметек би», «Шешен» ауызекі, сықақ әңгімелерін талдап, оладың бір жағынан жалпықазақтық репертуарда, екінші жағынан жалпыадамзаттық фольклор құрамында кездесетін сюжетке құралған дүниелер екенін ашады. Сол сияқты онда кездесетін жергіліктер ерекшеліктердің тілі мен стилінде кездесетінін айтып, Шыңжаң қазақтары фольклорының оның өзі арнайы монографиялық зерттеуге арқау боларлық дүние екенін айтады. Ертегілердің тұрмыстық сипаты басым, шалқыған фантазия мен шешен баяндаудың да аз екенін, есесіне, кейіпкерлерді бағалай мінездеудің көбірек болғанын байқайды. Талдай келе, ғалым, бұл өлкеде ертегі жанрын ауызша айту мен тыңдау дәстүрі бәсеңдеген деген болжам жасайды [24, 144].

Фольклортанушы ғалым Тойшанұлы Акеділдің «Саятшылыққа қатысты фольклор» атты мақаласы Қытайдағы қазақтардың аңшылық, саятшылыққа қатысты пайда болған аңыз, өлең-жырлар, мақал-мәтелдерді қарастырады. Зерттеуші Қазақстан, Монғолия, Қытайдағы бүркіт сынын өзара салыстырып, негізгі ерекшеліктерін сарапқа салады. Ғалым құсбегілерді пірі Жалайыр Шора туралы миф, аңыздарды келтіреді. Экспедиция кезінде ел аузынан жазып алған саятшылыққа қатысты жинаған материалдарына талдау жасайды. Мысалы, бүркіттің басы (кешкіл бас, жыланбас, бақабас), тілі (қылтылдаған қызыл тіл, қанға тоймас қара тіл болбыраңқы боз тіл), тұмсығы (қылыш тұмсық, қалың тұмсы, сүйір тұмсық) т.б. мүшелерінің негізгі қызметтерін, олардың бір-бірінен айырмашылығын көрсетіп, талдау жасайды. Яғни А.Тойшанұлы қыран құс туралы құсбегілердің дерегін ел арасындағы аңыз-эпсана, өлең-жыр, мақал-мәтелдер мен түрлі ғылыми еңбектердегі тұжырымдармен дәлелдеп, кешенді салыстыру жасайды.

Зерттеуші Н.Набиолла «Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасының жиналуы, жариялануы мен зерттелуі» атты мақаласында қазынамыздың жиналу кезеңін төрт кезеңге бөліп қарастырады. Олар: XVIII-XIX ғасырлар; XX ғасырдың 1930-1980 жылдары; XX ғасырдың 1980-2000 жылдары; 2000-2012 жылдар аралығындағы мұралардың жиналуы мен жариялануы. Набиолла мұралардың жиналуын тарихи кезеңдерге бөліп, оларды нақты деректермен дәлелдейді. Әр кезеңде жарияланған журналдар мен жинақтарды саралап, кей журналдардағы мақалаларға талдау жүргізген.

Сонымен бірге зерттеуші экспедиция барысында жиналған материалдарды жүйелеп, Қытайдағы қазақ фольклорына айтарлықтай үлес қосқан қазақ және қытайлық Нығмет Мыңжани, Оразанбай Егеубаев, Әуелхан Қалиұлы, Бексұлтан Кәсейұлы, Пәтиман, Су Бихай, Би Чүн, Хуаң Жоңшияң қатарлы ғалымдардың зерттеулеріне тоқталады [24, 188].

Н.Набиолланың «Тарихи жырлар» атты көлемді мақаласы да Қытайдағы қазақтарға арналған. Зерттеуші ең алдымен тарихи жырларды үлкен екі топқа бөліп қарастырған: Абылай хан билігі тұсында туған жырлар

және Қытай мен Ресей арасында шекара сызығы тартылған кезде пайда болған тарихи жырлар. Яғни XIX ғасырдағы тарихи жырлар («Арқалық батыр», «Демежан батыр», «Тәуке батыр», «Боқы батыр») мен XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған тарихи жырлар («Бөке батыр», «Дүңген көтерілісі», «Есімхан – Ырысхан көтерілісі», «Үркін – Қорқын» т.б.). Набиолла тарихи жырлардың жиналуы мен жариялануына тоқталып, жыр нұсқаларын эпизодына қарай салыстырады. Мысалы, «Абылай ханға» байланысты туған жырлардың төрт нұсқаларын ортақ эпизодтары мен сюжеттері мен мотивтеріне қарай саралайды. Сол сияқты ғылыми экспедициядан әкелінген жинақтардағы «Қабанбай», «Жәнібек», «Арқалық», «Демежан», «Боқы» батырлармен қатар, «Дүңген көтерілісі», «Әйембет», «Есімхан-Ырысхан» көтерілісі, және «Рамазанның қиссасы» жырларын бұрын жарияланбаған бірнеше нұсқаларымен талдайды. Зерттеуші әр жырды сол дәуірдің тарихи жағдайымен ұштастыра баяндайды [24, 190-243].

Сонымен бірге Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұралары жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстанда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дайындаған «Бабалар сөзі» атты жүз томдық ғылыми басылымында жарық көрді. Серияның 10 томына Қытайдағы қазақ фольклорының бай мұралары арқау болды. Көптомдықтың 25-26 томдары кезекті жинағы – ғашықтық дастандарға арналды. Бұл томға «Анар – Сәуле», «Әнуар – Күләнда», «Садық – Сәлиқан», «Байын – Жүрек», «Салиқа – Сәмен», «Досан», «Нұртаза мен Күнасыл», «Олжа қыз» атты ғашықтық дастандар енді. Аталмыш дастандардың сюжеті негізінен, жергілікті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен алынған. Ал «Әнуар – Күләнда», «Нұртаза мен Күнасыл», секілді шығармалар шығыстық сюжеттердің ізімен жырланғаны байқалды.

Бұл томға кірген дастандардың біразын сол өлкенің тумасы, Күнес ауданының белгілі қазақ ақыны Таңжарық Жолдыұлы жырлағаны мәлім («Анар – Сәуле», «Садық – Сәлиқан», «Әнуар – Күләнда»). Әйткенмен, аталған дастандардың негізгі оқиғасы бұрыннан халық арасында айтылып келгендігі және бұл шығармалар бұрын Қытайдағы қазақ зиялыларының ұйғарымымен «Қазақ қиссалары», «Ғашықтық жырлар» сынды фольклорлық жинақтарда жарияланғандығы ескеріліп, «Бабалар сөзі» сериясының аясында жарық көріп жатқан «Қытайдағы қазақ фольклорының» құрамына шартты түрде енгізілгенін көптомдықтың ғылыми қосымшаларын жазған ғалымдар түсіндіріп өтеді [91, 6].

Аталмыш серияның 26-томына «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» атты ғашықтық дастандар енгізілген. Алғашқы екі жыр қазақ ауыз әдебиетінде бұрыннан мәлім, фольклортану тұрғысынан зерттелген, лиро-эпос жанрының көлемді жырлары. Ал, «Дандан мен Нәркес», «Ахмет пен Нүрилә» секілді шығармалар шығыстық сюжеттегі сарында жазылған әлі зерттелмеген дүние болып табылады.

Томдағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларының сюжеттік құрылымында айтарлықтай өзгешеліктері болмағанымен, тілдік, стильдік және көлемдік жақтарынан біршама аңғаратын тұстары кездеседі. Екі томның да мәтіндерін жинап, баспаға дайындаған ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі – Оразанбай Егеубаев.

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының аясында жарық көрген мәтіндер бұған дейін Бейжің «Ұлттар» (1982, 1983), Шыңжаң «Халық» (1990-2002), «Ерікті Алтай» (1996), Шыңжаң «Жастар-өрендер» (1983-1996), «Іле» халық баспаларымен бірге, Үрімжідегі «Мұра» (1998-2002), «Шалғын» (1980-1987) журналдарында жергілікті жерлердің жинақтарында («Қазақтың халық коссалары» (Көптомдық), «Алтай қаласының қисса-дастандары» (1991), «Шіңгіл ауданының қисса-дастандары» (1991) баспа бетін көрген. Қазақстанда Астана қаласында «Елорда» (2002) баспасында жарық көрген.

Халық мұрасын ондағы ғашықтық жыр үлгілерін жинап, баспадан шығару ісіне О.Егеубаев, А.Игенұлы, Қ.Тезекұлы, Т.Жолдыұлы, К.Әжібекқызы, Б.Күмісқараұлы, А.Әбдібайұлы, М.Сарқытбайұлы, Д.Қамбақов, Б.Кәсейұлы, Т.Қабаев, Ә.Байболатов т.б. үлес қосты.

Ғылыми серияның ғашықтық жырлар томдарының ғылыми түсініктерін институттың ғылыми қызметкерлері ф.ғ.к С.Қосан (Анар – Сәуле, Әнуар – Күләнда, Садық – Сәлиқан, Байын – Жүрек, Салиқа – Сәмен, Досан, Нұртаза мен Күнасыл, Олжа қыз, Ахмет пен Нұрилә) мен Қ.Алпысбаева (Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек, Дандан мен Нәркес) жазды.

С.Қосан жыр мәтіндерін жинаушы мен жырлаушы ақындарын танытып, мәтіндердің негізгі тақырыптары, идеясы, сюжет желісі мен мотив түрлерін сондай-ақ жыр мәтіндерінің өзге нұсқаларымен салыстырып зерттеу жұмыстарын жүргізген. Шығарманың өткен уақыттары мен аңыз хикаялардың негізінде туғанын анықтайды. Жыр құрылысы, кейіпкерлердің әрекеті мен оқиғалар желісін ашып, жыр-дастандардың стилін айқындайды. Сонымен бірге біразжырлардың библиографиясын көрсетеді.

Қ.Алпысбаева «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларының бүгінге дейін зерттелу жайына үңіліп, дастанның ілкі нұсқаларын ел арасынан жинап, хатқа түсіргендер туралы мәлімет таратады. Олар: Г.С.Саблуков (1830), Ғ.Дербісәлин (1834), А.Фролов (1841), Ш.Уәлихановтар (1856) болып, П.М.Путинцев, В.Радлов (1856) бір нұсқасын жазып, оны «Түркі халықтары әдебиеті үлгілерінің»(1870) 3-томына енгізгені, сондай-ақ Н.Н.Пантусов, Е.З.Баранов, Р.Ш.Әбдрахманов, Г.Н.Тверитиндер болды [92].

Сол секілді жекелеген мақалалар арқылы ғашықтық жырлармен қатар көптеген тарихи және хикаялық дастандарды тудырғаны мәлім болды. Олардың реалистік сипаты басым фольклорлық туындылар мен шығыс әдебиетінен ауысқан һәм халықаралық сюжеттерге негізделген дастандар екені айқындалды [93].

I тарау бойынша тұжырым

Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары өзге жанрлармен қабат Қытай мен Қазақстанда біршама зерттелгені айқындалды. Біраз зерттеулер жарыққа шықты. Жоғарыдағы келтірілгенді пайдалана отырып, салыстырмалы түрде айтсақ, эпикалық жырлардың Қазақстанда толыққанды, жан-жақты, мұқият зерттелгені байқалады. Әрине, географиялық аймақтың да салдары болуы әбден мүмкін.

Десек те, қолжазба қоры мұраларында қаттаулы жатқан экспедиция материалдарының мол екендігі, оларды жарыққа шығару мен жан-жақты зерттеу, терең тану бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе.

Жинақтай айтқанда, мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. Қазақстанда «Бабалар сөзі» жүзтомдық ғылыми сериясының 25-26 томына Қытайдағы ғашықтық жырлардың он екі мәтіні жарық көрді. Мәтіндер түпнұсқалардан өзгертусіз басылды. Салыстыру жұмыстары жүргізіліп, текстологиялық зерттеулер жасалды. Сондай-ақ мәтіндерде кездесетін есімдер менжер-су атаулары және жырлаушы/ жинаушылар жөнінде арнайы мәлімет беріліп, ғылыми қосымшалармен түсіндірілді.

2. Жиналған мәтіндер арнайы зерттеу еңбектерде теориялық тұрғыда қарастырылған.

3. 2012-2013 жылдары Қытайға ұйымдастырылған ғылыми экспедиция аясында жиналған материалдарды зерттеу негізінде 2014 жылы «Шетелдегі қазақтардың фольклоры» атты ұжымдық монография жарық көрді. Бұл Қытайда жарыққа шыққан эпостық жырлар мен дастандарға алғашқы сараптама жасалған зерттеу еңбек болып табылады.

II ТАРАУ

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

II.1.Қытайдағы қазақдәстүрлі романдық эпостарының сюжеттік ерекшеліктері

Эпикалық үлгідегі дәстүрлі жырлар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырларын Шыңжаң өлкесіндегі ақындар жаңаша жырлауға тырысты. Біз өз кезегімізде Қазақстандағы жарық көрген нұсқалармен қатар Шыңжаңдағы Дәуіт ақын мен Шериаздан ақындардың жырлауындағы нұсқаларды салыстырамыз.

Эпос жанры бүгінге дейін әр ұлттарда әр түрлі жанрда сақталған. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры Башқұрларда «Кузы-Курпес және Майян-Хылу» ертегі ретінде белгілі болса, алтайда «Козюка және Баян» атты қаһармандық эпосына жатады. Ал қазақ фольклорындағашықтық эпос (бұрынғы нұсқаларда лирикалық эпос) деп танылды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының алғаш ғылыми басылымын дайындап (1959), монография (1973) жазған Ы.Дүйсенбаевболатын.

Ғалым өз монографиясында жырдың белгісіз болып келген бес нұсқасын тауып, олардың жариялануы мен зерттелу жайын зерттеп, башқұрт, барабин татарлары, алтайлық нұсқаларды қатар алып, түр/жанр жағынан ажыратып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерінайқындайды.

Сонымен қатар ғалым «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларының шығу төркінін зерттейді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақтар ғана емес, бірнеше түркі тілдес халықтар арасына да кең танымал. Біз жырдың Қазақстандағы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 54-томына енген жеті нұсқасымен салыстыру жұмыстарын жүргізіп, талдайтын боламыз.

Шоқан нұсқасын қазақтың ұлы ғалымы – Шоқан Уәлиханов Жанак ақынның айтуы бойынша жазып алған. Көшірген – Андрей Фролов. Жыр қолжазбасы Санкт-Петербург қаласында Шығыстану институтында (П. №2) сақтаулы. (Инв. № 4043) Жыр араб әрпінде жазылған. Көлемі – 86 бет.

Жырда кездесетін негізгі сарындар: «ежеқабыл» оқиғасы, болашақ кейіпкердің әкесі үйде жоқта туу мотиві, түс көру, құбылу, естірту, сақтандыру, жоқтау, ат таңдау, өліп-тірілу мотивтері кездеседі.

Жырда С.Қасқабасовтың орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйеніп айтқан «кувада» деп аталатын ырым байқалады. «Кувада» матриархат заманы ыдыраған кезде пайда болған яғни салттың өзгеріп, күйеуінің босанатын әйелінен аулаққа кетуі» [24, 122].

Жырда түс көру мотиві төмендегідей көрініс береді:

Қозы Күрең астына мінді дейді,
Құрсай садақ беліне ілді дейді,
Періштелер түсіне аян беріп,

Қосыларын Баянға білді дейді[94, 26].

Осы орайда ғалым Р.Бердібаев «Ер Көкше» жыры жөнінде айтқан пікірінде, белгілі бір оқиғаларды түс көріп «болжау», қиын-қыстау кезеңдерде атқа «тіл бітіп» сөйлейтін болуы, өлген батырдың қайта «тірілуі», жай тасының құдіретімен жауын «жаудыру» секілділер – ескі дәуірдегі анимистік, магиялық, тотемистік дүниетанымдардың қалдығы екендігін айтқан болатын.

Мұнда Қозы өзі үшін өте маңызды ақпарат алады. Ол періштелер арқылы қыз Баянға қосылатынын білді. Және түсінде көргеніне шүбәсіз сенді. Яғни Қозы өз түсін түс емес өң ретінде қабылдап, болашақта болатын оқиғаны болжайды. Бұл жерде «түс көру» мотивінің қызметі нақты болатын әрекет туралы ақпарат беру болып тұр.

Жырда«өліп-тірілу» мотиві былай көрініс тапқан: Қозының өлгенін естіген Баян Жаратқанға жалбарынып, іште жатып қосылған жарына жеті ай өмір беруін тілеп, зарлайды. Сол кезде ақ шалмалы бір шал келіп, қыздың тілегі қабыл болғанын айтып, жоқ болып кетеді. Қозы тіріліп, Баянмен жеті ай бақытты ғұмыр сүреді.«Өліп-тірілу» мотивінде өлген кейіпкер өзіндігінен тіріле алмайды. Оны әулиелер, кейуаналар, пейіштің қыздары тірілтеді. Яғни сыртқы күштің әсерінің ықпалы.

XIX ғасырдың екінші жартысында әлем халықтары фольклорында ауыз әдебиеті үлгілерінің сюжетімен мотивін нөмірлеп индекс құрастыру жұмысы қолға алына бастады.

Зерттеуші Е.Еркіннің көрсеткен мәліметінен көптеген зерттеушілердің аңыз-ертегі материалдарын классификациялап, түрлерге бөлу принципін белгілегенін байқадық. Германиялық ғалым Ханн (I.Nahn) 1864-жылы «Грек және Албания аңыздары» атты кітабындағы барлық аңыз-ертегілерді қырық түрлі формаға жіктейді. В.Жирмунский барлық аңыз-ертегілерді үш бөлімге жіктеп (хайуанаттар туралы аңыз-ертегілер, миф, тұрмыстық аңыз-ертегілер), жалпы қырық бір түрлі типтің тізімін жасайды. Сол сияқты Барен Колд(S.Baring Gould, Стеил(F.Steel, Тэмпл(R.Templ), Сахаров, т.б ғалымдардың барлығы аңыз-ертегілерді түрлерге бөліп, классификациялауда өзіндік үлестерін қосты [95, 9]. Ал қазақ ғалымдарынан алғашқылардың бірі болып ертегілерді М.Әуезов жіктеді (батырлар туралы, хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып ертегілер).

Мотивтер индексінің негізін салған профессор А.Арне (1925 – 1867 Antti Arne). Кейін Стис Томсон (1926 – 1927) жалғастырады. С.Томсонның индекс жасауда Анти Арнемен қатар аталып, ғылымда «Арне – Томсон жүйесі» немесе «АТ жіктеу әдісі» деп аталды.

Біз өз жұмысымызда пайдаланған мотивтерді Стис Томсонның «Motif-Index of folk-literature» атты алтытомдық еңбегінің бірінші томында кездескен индекстермен нөмірлеп отыратын боламыз.

Жоғарыда келтірген «өліп-тірілу» мотиві С.Томсон жүйесінде «Dead lover's friendly return» («Өлі сүйіктісінің жақсылықпен қайта оралуы») E310 нөмірімен белгіленген [96].

Қозы тірілген кезде жер-дүниені аралап, Баянмен біраз күн бақытты күн кешіп, ақ жұмыртқаға айналады:

Қалған екен Қозыекем сағынысып,
Бір ойнайды жарымен табылысып.
Ақ жұмыртқа болысып, жерден шығып,
Жер жүзінде ойнайды шағылысып.
Ата-анасы Баянды қарамайды,
«Балам қайда кетті?» деп сұрамайды.
Ақ жұмыртқа болысып жерде ойнаса,
Жалғыз болып Қодар құл аралайды,[94, 52].

Сонымен қоса балдызы Айғыздың тасқа айналып, құбылуынан жырдағы мифтік сарынды көруімізге болады:

Қозы Көрпештің өлгенін көп естіді,
Тәңір ұрмаса, сол Айғыз неге естіді?
Айғыз жолда жете алмай бара жатса,
Қозыекемді тағы өлді деп естіді.
Қозыекемді өлтірді құл қас болып,
Алпыс құлға Қодар құл сол бас болып.
Қозыекемді өлді деп есіткен соң,
Тұра қалды сол жерде сын тас болып[94, 54].

Мұндай құбылушылық архаикалық яғни көне эпосқатән екені белгілі. Мотивтер жүйесінде «Transformation: man to object – miscellaneous» («Адамның түрлі заттарға өзгеруі»)ол D 270 индексімен көрсетілген[96].

Жолда кездесетін азап-кедергілер, мысалы: өзеннен өту үшін көпір салуы, жалғыз қырық бөріні атып өлтіруі, шешесінің қасқыр болып көрінуі, асқар тауды қылышпен шауып жол етуі, он екі айлық және қырық күндік шөлді басып өтуі. Мұндай кедергілер ғашықтық жолдың ауырлығын сезіндіру мақсатында яғни ғашығына жету жолының азапты екендігін білдіру үшін беріліп отырады.

Радлов нұсқасы ертегілік сюжет арқылы оқиға өрбіп отырады. Олар: Қозы ертегі кейіпкері секілді аяғына темір етік киіп, қолына темір таяқ ұстап шығуы, бір ұйықтағанда, он төрт күн бойы ұйықтауы, алтын-күмісті астаулары бар аттардың аспанға ұшып кетуі; Қозының кекілінің қылын тұтатқанда пайда болуы; қойға тіл бітуі; Қозының өлмей бақытты болуы.

Біріне бірі тығыз байланысты екі жанр эпос пен ертегідесюжеттердің алмасып келуі заңдылық. Осы орайда академик С.Қасқабасовтың пікірін алға тартуымызға болады: «...эпоста кейіпкердің толық өмір жолы баяндалмайды, оның характертері әйел алумен ғана тынбайды. ...Батыр үшін өз басының немесе әулетінің қамынан гөрі ел бақыты, ел өмірі маңызды. Міне, осы тұста бейнелейтін кезде эпостың сюжеттік қана емес, жанрлық ерекшелігі де айқындалады. Басқаша айтқанда, эпостағы ертегі сюжетінің элементтері

осымен шектеледі. Бірақ жалпы ертегілік сипат тұрғыда олар мұнда да ұшырасады» [97, 111].

Бұл нұсқада да «түс көру» мен «киім ауыстыру» мотиві көрініс тапқан. Жалпы түс көру эпостың бар жанрлық түрінде кездесетін тұрақты мотив болып табылады.

Мінгені ер Қозыкем кер құла-ды,
Кер құланың сауырысын тер қылады.
Қарабайдың қойшысын ұстап алып,
Бұттан алып тазшасын жерге ұрады.
Со тазшаның киімін киіп алды,
Сықылды со тазшадай бола қалды.
Бұрын қойды жаймаған сорлы шіркін,
Ауыл жөнін білмей сол кешке қалды [94, 75].

Ел арасына басқа кейіпте Тазша бала, қойшы не қозышы болып елеусіз келуі әріден келе жатқан үрдіс. Мұндай құбылу мотиві «Алпамыс батыр» жырындадиуана болып көрініс береді. «Киім ауыстыру» мотиві кейіпкердің тылсым күш пен сиқырлы іске ие екенін байқатады. Бұл мотивтер жүйесінде «Transformation of man to different man» («Адамның басқа адамға айналуы»)D 10-D 99 нөмірлі индекспен көрсетіледі.

Мұндай мотив көптеген халықтардың фольклоры мен әдебиетінде төніп тұрған ажалдан құтқару мен зынданнан шығару үшін не қалыңдықты қаламаған күйеуден құтқару мақсатымен т.б. жағдайларда пайдаланылады. Мотивтің мұндағы қызметі өз қалыңдығын қаламаған адамынан құтқаруболып табылады.

Сонымен бірге бұл нұсқада«**арақ, шарап ішу**»сарыны көрінеді:

Үйге жетіп, Қозыкем аттан түсіпті,
Есікті ашып Қозыкем үйге кіріпті.
Алтын шымылдық жерге жайып отырғызып,
«Іш, мырза» деп арақ пен шарап ұсыныпты[94, 80].

Мұндай шараппен сыйлаудың негізі тарихи шежірелердің түбінде жатыр. Сақ, ғұн, түркі дәуірінде көшпенді елдердің қағандары мен бектерін арақ-шараппен сыйлап ұпай түгендеудің амал-айласы ежелгі Қытай /Тан/ патшалығы заманында болғаны белгілі.

«**Арақ, шарап ішу, арақпен сыйлау**» «Алпамыс батыр» жыры мен «Қамбар батыр» жырыныңДиваев нұсқасында кездеседі. Сирек кездесетін мотивтің тағы бір қызметі дұшпанын алдап-арбап, сұлату болып табылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында мыстан кемпір қырық қызбен қызықтырып, қымызға масайтып алып, батырды ерік-жігерінен айырып, қолға түсірсе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Қодар батырдың айбатынан қорқып, арақпен сыйлап мас етіп, өлтірмек болады. Бұл жайында орыс ғалымы М.Кузьмина «Көптеген халықтардың фольклорында арақ-шарап батырдың асы ретінде, «қиын тапсырма» кезіндегі күйеу жігітке қойылатын шарт немесе сынақ ретінде, қонақты қарсы алғанда дастархан мәзірін суреттегенде аталады» деген болатын [98].

Бұл жерде мотив жаудың батырдан қорқып, оны алдын ала есінен адастырып, өз амалын асыру қызметінде қолданылған.

«Қозы Көрпеш» жырының бұл нұсқасын Сергиополь маңынан түркітанушы-ғалым В.В.Радлов жазып алған. Бұл 1870 Санкт-Петербургте «Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінде жариялаған. Жыр 1924, 1959, 1993, 2002, 2005 жылдары қайта басылды [99].

Шоқан нұсқасын салыстырып қарасақ, Радлов жазып алған нұсқада біраз өзгешеліктерді аңғаруға болады:

1. Бұл нұсқада Манап хан, Жаңыл, Ысты, Телеу, Айбас т.б. кейіпкерлері кездеседі;

2. Радлов нұсқасында Баянды қалмақтың Манап атты ханы баласына алып бермекші болады, әкесі Қодардан сұрасын дейді;

3. Бұл нұсқада Қозы қыз туралы Ысты ағасынан біледі;

4. Шоқан нұсқасында Қодар Көсемсарыны өлтірсе, басқа нұсқаларда бұл кездеспейді;

5. Ертегілік сюжет Шоқан нұсқасында кездеспейді (алтын-күмісті астауларымен аттардың аспанға ұшып кетуі; Қозының кекілінің қылын тұтатқанда пайда болуы; қойға тіл бітуі);

6. Сюжеті тұтастану процесіне түскен.

Бейсенбай нұсқасында жер-су, тау атауларына түсінік беріледі. Олар: «Қызыл белбеу», «Құба жон», «Шұбар айғыр жорға», «Мейізек», «Абыралы», «Жалаулы», «Қарқаралы», «Шідерлі» т.б.

1936 жылы М.О.Әуезов бастырған екен. Сюжеті қызықты.

Ы.Дүйсенбаевтың берген мәліметі бойынша, М.Әуезов бұл нұсқаны 1924-25 жылдар шамасында Семей облысына қарасты Шұбартау ауданының тұрғыны, руы керей Уәйіс ақыннан жазып алған.

М.О.Әуезовтің айтуына қарағанда Бейсенбай ақын орындап жүрген нұсқаны Абайдың балалары – Ақылбай мен Мағауия біраз өңдеген тәрізді. Жырдың көлемі – 2526 жол.

Аталған жыр нұсқасы туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Н.Смирнова, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов т.б. зерттеушілердің еңбектерінде құнды пікірлер айтылған. Басқа нұсқалардағыдан айырмашылықтарына тоқталсақ:

– Ханымға Сарыбайдың өлімін Тазша баланың түсін жорытуы арқылы естіртуі;

– Қарабайдың Баяннан басқа асырап алған Ай мен Таңсық атты екі қызы болуы;

– Тайлақ би бейнесі;

– Тұрмыс-салт үлгілерінің молынан қолданылуы (амандасу, естірту, жоқтау, жаназа);

– Қозының тоғыз жастағы Күліп атты ұлының болуы.

Бұл эпизодтар басқа нұсқаларда кездеспейді. Жыршы қазақы салт-дәстүрді мейлінше қолданып, түрлендіруге тырысқан деуімізге болады.

Мұнда да түс көру мен түс құбылтатын дұға/сиқыр мотивтері кездеседі. М.Көпеев нұсқасында перзентсіздік, киім ауыстыру мотивтері беріледі. Шытырман сюжетке құрылған эпос түс көру мотиві арқылы өрбіп отырады.

1. Бұл нұсқада да түс көру мотиві төрт жағдайда орын алады:
2. Қозы өліп, оны жоқтап отырғанда Баян ұйықтап кетіп, түсіне қырық шілтен аян береді;
3. Қозы мен Баянның тірілгенін қыздың анасы Қаракөз түсі арқылы біледі;
4. Баян Қозының анасы Мамабикенің күн болып жүргенін түсінде көреді;
5. Бабай Түкті Шашты Өзіз Қозы мен Баянның түсіне кіріп, Аягөзге бар деп нұсқау беруі.

Қазақ аңыз-әңгімелері мен ертегі, эпостарында жиі кездесетін негізгі сарындардың бірі –түс көру мотиві. Түс жыр сюжеті мен бас кейіпкердің тағдырына арқау болып жатады.

Ш.Ыбыраев түс көру туралы былай дейді: «Алда болатын оқиғаның хабар түрінде берілу тәсілі әр түрлі... ең көп тарағаны – түс көру. Бұл мотив кездеспейтін қазақ эпосы некен-саяқ. Түстің өзі ауыспалы мағынада, астарлап көру және тура мағынасында, өмірде қалай болып жатса сол қалпында көру түрінде келеді. Бірақ қалай болған күнде де екеуінің атқаратын қызметі біреу – болған (не болатын) жақсылықтан (не жаманшылықтан) кейіпкерді хабардар ету. Түстегі көрген оқиға (жақсылық, не жамандық) өңде де сол қалпында қайталады. Түстегі жақсылық жаманшылыққа, жаманшылық жақсылыққа еш уақытта айналмайды. Оны жоруда, мән-мағынасын түсінуде орын алуы мүмкін қателік эпоста айтылмайды...Түс пен өңнің арасындағы сәйкессіздікті эпос жоққа шығарады. Бұл өзгешеліктің эпос поэтикасына да тікелей қатысы бар. Себебі түс көрудің себебінен жолға шыққан батырдың барған жерінде ешқандай өзгеріс болмаса, яғни түстегі көргені өтірікке шықса, ұзақ жол жүріп, арамгер болған қаһарманды суреттеудің ешқандай да мән-маңызы жоқ. Сондықтан да мұндағы түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты. Оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай да бұрмалауға жол жоқ. Түс міндетті түрде шындыққа айналады» [10, 114-115].

«Қазақ эпосының сюжеттері» еңбегінде аталмыш мотивті арнайы қарастырған Б.Өзібаева: «Сәуегей түс» мотиві фольклор мен әдебиет шығармаларында жиі кездесетін сарындардың бірі. Сондай-ақ көне әдебиет жәдігерлерінде, мысалы, көне парсы, көне Египет пен Шумер, Вавилон әдебиетінде байырғы халықтардың сан алуан аймақтық құдайлары, патшалары мен қаһармандары көрген сәуегей түстері баяндалады... Ғасырлар қойнауынан жеткен «сәуегей түс» мотиві ... сюжеттің әрі қарай қозғалып дамуына себеп болады, яғни динамикалық әрі құрылымдық қызмет атқарады... және кейіпкер бейнесін дәріптеуге, болашақта биік деңгейге көтерілетін идеалды қаһарман тұлғасын сомдауға,... ұлттық әдет-ғұрыптарды сақтау керектігін және бірлік идеясы мен халықтың ел мен мемлекеттің

болашағы туралы ойын, тілек-аңсарын білдіретін көркемдік тәсіл ретінде қолданылады... Ал бұл сарынның генезисі кез келген фольклорлық құбылыс тәрізді эмпирикалық болмыспен, сондай-ақ байырғы адамдардың мифологиялық ой-санасы, дүниетанымдық көзқарастарымен, әсіресе аруақтар мен Тәңір культімен тікелей байланысты. Сонымен бірге сәуегей түстің фольклорлық мотив болып қалыптасуына ғұрыптық делдалдар – емші-бақсылардың, түс арқылы болашақты болжайтын бақсылардың, сондай-ақ жараулардың кәсіби қызметі айрықша әсер етті» – деп көрсетеді [100, 191-212]. Әрі ғалым ұлттық эпостың барлық жанрларында көрініс тапқан кейіпкерлердің сәуегей түстерін саралай келіп, төмендегідей тұжырымдайды: «Кейіпкерлер көретін түстер семантикалық мазмұны бойынша былай жіктеледі: 1) Кейіпкерге ақпарат берілетін түс; 2) махаббаттың символы болып табылатын түс; 3) Кейіпкерге кеңес, тапсырма/нұсқау берілетін түс; 4) Кейіпкер шипа/дем алатын түс». [100, 202].

М.Көпеев нұсқасында түс көру мотиві төрт жағдайда қолданылған. Жоғарыда келтірілген классификацияға орай кейіпкерлердің көрген түстерін «кейіпкерге ақпарат берілетін түс» және кейіпкерге «кеңес/нұсқау берілетін түс» деп жіктеуге болады.

Жырдағы басқа нұсқалардан басты сюжеттік өзгешеліктер мыналар: қызды басқалардағыдай қалыңсыз емес, қалыңғажүз жылқы, қырық кара нар және Айбас құл беріліп, айттырады; байлардың әйелдерінің аттары беріледі. Қарабайдың әйелі – Мамабике, Сарыбайдың әйелі – Қаракөз; Мұнда екі бай аттары ауысып көрсетіледі: қыздың әкесі – Қарабай, ұлдың әкесі – Сарыбай; Өзге эпизодтар қосылады: ерулікке ноғайлы елінің шақыруы; Қаракөз ханымның ноғайлардың жапырақты шәйі мен қантын менсінбеуі, биенің құлынды болуы; Айбас құлдың негізгі кейіпкер рөлінде болуы; Басқа нұсқаларда Қодар сүйгеннен Баян бетіне дақ қалса, мұнда Қозы сүйгеннен дақ қалады; Баянның күңін өлтіруі; Сарыбай мен Қодар бірігіп, Қозыны өлтірмек болуы; Баян қыздың әкесіне қарсы келіп, «әйелдікке ал» деуі; Періштелер Құдаймен сөйлесіп, Қозы мен Баянды және мыңадамды қайта тірілтуі; Сарттардың Баянға ғашық болып, сатып алмақшы болуы;

Бұл эпизодтар басқа нұсқаларда кездеспейді.

Мәшһүр Жүсіп жырлаған жырдың қолжазбасы 1964 жылы Ленинградтағы түпнұсқасынан Мәлике Ғұмарова микрофильмге түсірген. 1905 жылдары араб әліпбиіне түсірілген. Жинаушысы – академик Ә.Марғұлан. Ақын Шөже ақыннан тоғыз жасында естігенін жыр соңында айтады.

Жырда ғажайып көмекшілер: Бабай Түкті Шашты Әзіз бен қырық шілтеннің оқиға барысында көрініп отырады. Сонымен бірге эпоста ертегілік сюжет кезегімен орын алады. Олар: Қозы тайға жүген салса құнанға, ертоқымын салғанда дөненге айналуы, тоқты мен тұлпарға тіл бітуі, күреңнің бір тал қылын тұтатуы, жұмақтың Халла тонын киюі.

Г.Н.Потанин нұсқасы Бейсенбай нұсқасымен біршама ұқсас, тек соңына бірнеше эпизодтар қосылып, бірнеше айырмашылықтар орын алған. Олар: Тайлақ ұлы Танас болса, Потанинде Таркеніш болып аталады; Жер-су атаулары қатарына «Мейізек», «Абыралы», «Жалаулы» жерлерінің орнына «Темірші» қосылады; «Ат таңдау» мотиві мен малы мен анасын Тайлақ биге тапсыру эпизоды алдыңғы нұсқада кездеспейді; Қозының жолда жалғыз қиналғанда анасының түсіне енуі; Жолда кездесетін саудагер Қожан Бейсенбай нұсқасында дұға үйрететін ақсақал болып берілуі; Қозының кек алғаннан соң, ұлы Күләптің Хан болуы; Саудагер Қожанның іздеп келіп, Күләпті анасына тапсыруы; Қозының Күләптан басқа Арғанат атты ұлының да болуы; Күләптің Тәркеніштің қызы Көрімге үйленуі; Айбас пен Қожаның Ай мен Таңсыққа үйленіп, ұлды болулары; Қозының отыз бес жасында дүние салуы; Баянның бір жылдан соң Қозының жанында өлуі.

Бұл жыр да алдыңғыларға қарағанда өзгеше нұсқа. 1966 жылы қолжазбаны Томск Мемлекеттік университеті ұлттық кітапханасының қолжазбалар қорынан (№151-іс, 7369-7388 б.б.) М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Едіге Тұрсынов алып келген. Академик Ә.Х.Марғұлан қолжазбаның көшірмесі Омск қалалық мұрағатындағы Н.Я.Коншин материалының арасында сақталғанын айтып өтеді [101, 155].

Жыр туралы ғалым С.Қосан өзіне дейінгі зерттеулерге сүйеніп, егжей-тегжейлі жұмыстар жүргізеді. Потанин нұсқасын 1936 жылы М.Әуезов жариялаған нұсқамен салыстырып, жырдың бір ақынның қаламынан қайта туған «нәзира» эпос екендігін айтады [94, 421].

Жоғарыда атап өткеніміздей, М.Әуезов бұған дейін «Жанақ – Бейсенбай» нұсқасы атаған. Негізінен Абай нұсқасы деп танылғанын марғасқалар Ә.Марғұлан мен Н.С.Смирнова дәлелдесе, керісінше Ы.Дүйсенбаев қарсы болып, оны «Н.Я.Коншин варианты» деп ұсынады [8, 83]. Ал С.Қосан біршама дәлелдер келтіріп: «1884 жылы Семей арқылы Омбы қаласына жеткен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқасын тың теңеулермен, тосын көріністермен толықтыра түрлендіріп, эпостың стилін жазба әдебиет үлгілеріне бір табан жақындатқан Абай және оның ақындық айналасы екені айдан анық» деген ұтымды тұжырымдар жасайды.

Ал Шөже нұсқасы М.Жүсіп жырлаған нұсқамен бірдей. Себебі М.Ж.Көпеев Шөже ақыннан тоғыз жасында естігенін жыр соңында айтады:

Әңгіме жұрт аузында алып қашқан,
жазу жоқ бұл қазақта тасқа басқан.
Ақын Шөже айтқаннан естіп едім,
Күнімде тоғыз жасқа аяқ басқан [94, 232].

Тек М.Көпеев көрсеткен сарт керуен мұнда бір топ (кім екені белгісіз) керуен екені айтылады.

Зерттеуші С.Қосанның көрсетуінше, 1864 жылы Омбы қаласында белгісіз кісі араб әрпінде қағазға түсірген. Жырды И.Н.Березин қайта көшіріп: «Жыр» «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Шөженің жырлауы» деп жазып, сол титульдік парақтың төменгі сол жақ бұрышына «И.Н.Березин» деген қолтаңба қойған.

1951 жылы КСРО ҒА Шығыстану институтының қолжазба қорынан іздеп тапқан – белгілі әдебиеттанушы, профессор Ы.Т.Дүйсенбаев болатын. Бұл күндері Шөже нұсқасының фотокөшірмесі ҚР БҒМ ОҒК Сирек қорында (Ш. 1419) сақтаулы тұр. Осы жыр мәтіні алғаш 1959 жылы баспа бетіне шыққаны белгілі [102, 120-175].

Жырдың Н.И.Ильминский нұсқасы ықшамдалып берілген. Әуелгі нұсқаларда әр сюжет арнайы жырланып берілсе, мұнда мейлінше қысқартылып беріледі. Сығымдалып берілген соң біраз сюжеттер мен мотивтер түсіп қалған. Мысалы, негізгі кейіпкер Айбас құлдың Баянды іздеуі, пайда болған жер-су атаулары, ат таңдау мотиві, Қозының жол азабын тартуы, анасының кейінгі жай-күйі т.б.

Сонымен қатар жыршы біршама өзгерістер енгізген. Олар: анасы баласын райынан қайтармақ болып бір сұлуды алып келуі; әкесінің түсіне кіріп, ана тілін алмаған баланың жолы болмайтынын айтып, ескертуі; жолда (қойшы, тазша емес) ақсақ кемпірдің жолығуы, Аягөзге келгенде сүйіншіні (қой емес) баланың сұрауы.

Н.И.Ильминский нұсқасында киім ауыстырып, құбылатын мотив байқалмайды. Қозы бірден ауылға келеді. Және Қозы келгенде ауылдың бар жаны (кімнің тойы екені белгісіз) тойға кетеді. Басқа нұсқаларда асқа кетсе, мұнда тойға кетеді. Қодар екеуін бірге көріп, Сарыбайға барып, бірден Қозыны қоршап, өлтірмек болады. Қозы күреңге мініп, қашады. Артынан Баян арақ шашады. Осы өзгелерде кездеспейтін ерекше бір эпизод. Тағы бір өзгешелігі, Қозы қашып кеткенде құлдардың өзара пышақтасуы, Қозының ұйқыда емес, ояу кезінде өлтірілуі, Баянның Қодарды алдымен ернін кесіп, содан соң өзін өлтіріп, қанынан ұрттауы басқаларда кездеспейтін қызықты эпизодтар. Баян зарлап үш күн өмір сұрағанда ақ шалмалы бір адам келіп, үш күн өмір береді.

Бұл нұсқаны жыршы 1860 жылы Қостанайда көшірген. Алғаш 1954 жылы Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері М.Ғұмарова Татарстанның мұрағатынан тауып әкелген (Ф. 968, оп 1, ед.хр.61). Жариялануы мен зерттелуі жайында алдыңғы тарауларымызда айтылды. Шығарма көлемі басқалармен салыстырғанда әлдеқайда шағын.

Бұл нұсқа төңкеріске дейін бірнеше рет баспа бетін көрген. Олар: 1878, 1890, 1894, 1899, 1909 жылдары Қазан қаласында араб әрпімен жарық көрген.

Байқасақ, әр жыршы өзінше өзгертуге тырысып, сюжеттер өзгеріске түскен. Мұны бір жағынан фольклордың ауызша таралып, ақындардың өздігінен қосуы десек, екінші жағынан эпос жанры да түрлі тарихи дамулардан өткенін ескеріп, жыр сюжеті біршама трансформацияланған деуімізге болады.

Жыр басталуы әр нұсқада әртүрлі баяндалады: «Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі» (Шоқан нұсқасы), «Орманбеттің аттанған он сан ноғай» (В. Радлов нұсқасы), «Кемел ақын келтірер сөздің түрін» (Бейсенбай нұсқасы), «Жаратқан жан біткенді бір Құдай-ды» (М.Ж. Көпейұлы нұсқасы), «Шешендер білген сөзін көлдетіпті» (Г.Н. Потанин нұсқасы) «Жаратқан жан біткенді бір Құдай-ды» (Шөже нұсқасы), «Жасым бар жиырмада, жылым – мешін» (Н.И. Ильминский нұсқасы). Тек М.Көпеев пен Шөже нұсқалары бірдей, себебі, М.Көпеев Шөже ақыннан жаттап алған.

Шығарма Қытайда тұратын қазақтар арасында да танымалдылыққа ие. «Бабалар сөзінің» 26-томына О.Егеубаевтың жинап берген Шыңжандық ақын – *Дәуіт Отарбайұлының нұсқасы* енді.

Қазақстанда жарияланған жеті нұсқамен салыстырғанымызда көптеген ірілі-ұсақты өзгерістерді байқадық. Дәуіт ақын жырлауында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпостың алғашқы сюжеті сақталғанмен, біраз өзгеріске түскен. Дей тұрғанмен де негізгі кейіпкерлердің есімдері мен сюжеттері ұқсас. Мысалы, Сарыбаймен Қарабайдың аңда жүріп танысуы; екеуінің құдаласуы; Қарабайдың аңда жүріп опат болуы; Сарыбайдың сөзінен тануы; Қозының ер жетіп, қыз туралы кемпірден естуі; Қозының сапарына анасының қарсы болуы; Қарабайдың досы Майлыбай ұлы Жандос пен шешен Тауасарды және жігіттерді қосып жіберуі, Қозының қызды іздеп, түрлі қиындықтарды басынан кешіруі; Қозының басқа кейіпте қалыңдығының ауылына келуі; Шоқтеректі паналауы; Қозы мен Баянның қазасы.

Жырда Қарабайдың әйелінің аты – Нарбике де, ал Сарыбайдың әйелінің аты – Гүлжан. Жырда жер-су атаулары да түрліше көрсетіледі. Қазақстан мен Қытайдағы қалалар араласа отырып беріледі: Еміл, Тарбағатай, Үржар, Алтай, Аякөз, Сарыарқа, Жиделі, Тоқтабарлық, Жетісу, Шабыққайқаң, Құлжа. Бұдан нені аңғаруға болады? Жыршы қазақ эпосының сюжетін жақсы біліп, өзі жанынан біршама эпизодтар қосқан. Оқиға орны екі аралықта өткендей сипат алған. Осы арада Д.С.Лихачевтің еңбегінде қарастырған «извод» терминін келтіруге болады. Извод – дегеніміз мәтін тарихының әр кезеңдегі қоғамдық идеологияның салдарынан қасақана редакциялауына немесе туындының сырт елде, өзге халықтардың арасында тууы, көшірілуіне байланысты тілдік жағынан өзгеруі. Яғни сырт елде туған шығарманың әр түрлі өзгеріске ұшырауы заңдылық.

Сонымен шығарма сюжеті қандай өзгеріске түсті? Негізгі сюжеттік ерекшеліктер қандай? Енді осы мәселеге тоқталсақ. Жырға біршама мотив, эпизодтар қосылып, үлкен өзгеріске түсіп, өзіндік жаңаша нұсқа пайда болған. Негізгі ерекшеліктерден бірнеше мысал:

1. Сарыбайдың бәйбішеден екі ұлы болуы, тоқалдан Баянның туылуы; Сарыбайдың сегіз жастан кейін көшуі; жер су атаулары көш кезінде қойылуы; Сарыбайдың қалмақ ханы Уаңға қырық қара ат тартуы; Баянның сұлулығы туралы саудагерлердің айтуы; Баянның қулығынан ноғайлының бегі «Әбдіжаппар бек» атынан «Қодар құл» болып жүруі; Қозының түс көруі; Тауасар шешеннің жақсылыққа жорып, мал тарқатып, нәзір жасауы; жебірге

(жауыздықтың пірі) жолығып, Жандостың өлтіруі; он жолбарыспен, қырық бөрімен соғысы; қалмақпен төрт күн соғысуы.

Негізгі ерекшелік ретінде батыр тұлғасы Қозы емес, досы Жандос болып берілуін айтуымызға болады. Себебі, әр соғыс пен жекпе жекте (жолбарыс, қырық бөрі сияқты аңдармен) Жандос шығып, жеңіп отырады. Дәуіт ақынның неліктен батыр ретінде Қозыны емес, Жандосты көрсеткені түсініксіз.

2. Қозының қызды іздеу жолында қалмақтардың қолына түсуі, басшысы Уаң ханмен дос болуы; қазақ пен қалмақ бірігіп іздеуі;

Бұл еш нұсқада кездеспейтін өзінше эпизод. Себебі, қазақтың ежелгі атажауы қалмақ Қозы мен Баянды ұлы мен қызындай көріп, жасауымен ұзатып, той жасауы мүмкін емес. Үш ғасырға (XV-XVIII) жуық соғыстан қажыған халықтың арман-ниетінен туған дүние десек дұрысырақ болар. Ақын жырды суреттей отырып, тарихи оқиға мен тарихи кезеңді кірістірген.

3. Сарыбайдың үйіне жоқ іздеп келуі, Баянның ағалары туралы кеңінен мәлімет беруі, Қозының Баян үйіне кіріп, табысуы. Алдын ала қашуды жоспарлауы; Мысжан жеңгесі торғайды өлтіріп, Сарыбайға барып, жоқшылардың жау екенін айтуы; Әкесі, Қоған, Қодар үшеуінің бірдей жаман түс көруі; Қодар түсінен шошып, Мысжанға Баянды аңдытуы; Қозы мен жеңгесінің жоспары; Уаң ханға барып, оның той жасап, жастарды үйлендіруі; Тауасардың Қозының шешесінен сүйінші сұрауы; Майлыбай бидің амандасып айтатын өлеңі; Жандос пен Қозының ел мен жұрттың, жер-судың амандығын сұрауы;

4. Қозының шешесі ел-жұртын жинап үлкен той жасауы; Тауасар шешеннің Баянға айтқан беташары; Қодардың Сарыбайды жауламақ болуы; Сарыбайдың ақылға келіп, еліне оралмақ болуы; Баянның шешесі, ағасы мен жеңгесі Баянға жасау-жабдық алып баруы; Айсұлудың Баянға көріскенде айтқан өлеңі; бірер жылдан соң Қозының қасына Тауасарды қолбастыққа алып қайын-жұртына баруы; Сарыбайдың той жасауы;

5. Қодардың Шағатайдан Қозының келгенін білуі; диуана болып Сарыбай ауылына келуі; Қозы мен Баянның бір мезетте түс көруі, Қодардың айғайлап жын шақырғаны; жеңгесі Айсұлудың даусын танып, ескертуі; Қодардың Қозыны өлтіруі; Баянның Қодарды өлтіруі; Баянның Қозының мәйітін молдаларға бермеуі, олардың шарифат жолын түсіндіруі; Баян мен Айсұлудың жоқтауы; Баянның Қозыға мола соқтырып, оған «Қозы Көрпеш – Баян» деген атты ойып жаздыруы; қырқында өз атын қостырып құран оқытуы; Тауасардың Баянға тірілей иманды болуын тілеу; Баянның туған-туысқандарымен қоштасып, өзі де Қозының қасына барып өзін-өзі өлтіруі.

Бұл көріністер басқа нұсқаларда кездеспейді. Басқа нұсқаларда ғашықтар үш күн бірге болса, мұнда Қозы мен Баян бірге төрт жыл жүреді.

Тағы бір айта кетуге тұрарлық мәселе, ақын тұрмыс-салт жырларын молынан пайдаланған. Олар: амандасу, беташар, естірту, жоқтау, көрісу т.б.

Жыр соңында ерекше мән берерлік жайт бар. Ол Баянның Қозының өлгеніне қырық күн толғанда алдын ала өз атын қостырып құран оқытуы,

Тауасардың Баянға тірілей иманды болуын тілеуі және Қодардың мәйітін өртеуі. Бұдан қандас ағайындардың көзі тірі адамды жоқтап, оның иманын үйіру арқылы да өзгеше эпизод қосқанын байқатуымызға болады. Қазақ халқында жоқтау, иманына саламат айту тек өлген адамға ғана арналған. Осындай бір көрініс, Қытайдың хикаялық дастаны «Қамарзаман» жырынан байқаймыз:

Қайда кеттің, құлыным,
Үзілді қолқам, жұлыным.
Зарболдым Қамаратыңнан.
Аллағажаның аманат,
Дертіңе болмай шапағат.
Артыңдасенің мен қалып,
Жолықтым дертке қабағат.
Кетті ғой менің Қамарым,
Жоқ болды менің амалым... [103, 138]
Шығармада баласынан тірідей айрылып, әкесі жоқтайды.

Сол сияқты «кремация» әдісін қолдануынан біз жырдағы өзінше бір ерекшелікті байқаймыз.

Негізінен «өлікті өртеу» рәсімі будда дінінің өлікті жөнелту салты екені мәлім. Алайда, қола дәуірінде яғни Андронов мәдениеті кезеңінде өлікті өртеп жерлеудің молаға салу ғұрпымен қатар қолданғаны айқын. Өлік казылып қойған молаға жақын жерде өртеліп, күлі молаға қойылғаны белгілі. Ал өртелген жерге тас тақталар үйілген. Мұндай тақталар Қазақстанда Атасу кезеңінде кеңінен тарады. Бірақ бейіттегілердің көпшілігі өлікті өртеу ғұрпы бойынша жерленген [104].

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының 26 томындағы бұл мәтін 2000 жылы Үрімжі қаласының, «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық жырлары» жинағының 7-томынан (80-188-беттер) алынған. Шамамен 1915 жылдары жырланған.

Осы нұсқаны зерттеген ғалым Б.Әзібаеваның көрсетуінше: «Дәуіт нұсқасында: I. Жырдың көнелігін айғақтайтын, дәстүрлі эпостарда жиі кездесетін және аталмыш жырдың барлық варианттарына тән, тұрақты сарын болып табылатын мына мотивтер жоқ: 1) перзентсіздік мотиві; 2) Қарабай мен Сарыбайдың қартайған шағы; 3) буаз маралды өлтіру мотиві.

II. Шығарма сюжетіне күрделі өзгерістер енгізілген, содан бір-екі мысал. 1) Қалыңдығын іздеп алыс сапарға шыққан Қозы Көрпеш қалмақтардың қолына түседі, олардың ханы Уаңға жағдайын айтады. Екеуі достасады. Уаң хан Қозыға жолдас етіп бірнеше сарбаздарын қосады. 2) Қозы Баян ауылына жетіп, екеуі бір-бірін танып, қуаныш/бақытқа бөленеді. Қозы Баянды алып қашады. Уаң ханның ауылына келіп түседі. Уаң хан үлкен той жасайды.

Қазақтар мен қалмақтар арасында қыз алысып-беріскен жағдайлар аз болмағаны рас. Мысалы ардақты батыр ханымыз Кенесарының анасы қалмақ

қызы болғаны белгілі. Алайда қалмақтар екі ғасырдан астам уақыт елімізге үзіліссіз шабуыл жасағаны белгілі. Олардың жүргізген басқыншылық соғыстары қазақ хандығының экономикасы мен тарихи дамуына орасан зор нұқсан келтірді. Бүкіл экономикалық, материалдық ресурстардың басқыншы жауға қарсы жұмсалудың салдарынан мемлекетіміз әлсіреп кетті. Халқымыздың фольклорлық санасы мен жадысында қалмақ – ата жауымыз бейнесінде мықтап орныққан. Сондықтан Қозы мен Уаңның достасуы қалыптасқан көзқарас-ұстанымдарға сәйкес келмейтін, дәстүрлі эпоста бұрын-соңды кездеспеген жат құбылыс.

III. Дәуіт нұсқасында Қозы бейнесі басқаша сомдалып, Қозы образы жасалымының басқа варианттардан айырмашылығы айқын көрінеді. Мысалы, барлық вариантта Қозы Көрпеш алыс жолға қасына серік ертпей жалғыз аттанады. Барлық бөгет-кедергілерді өзі жеңеді. Қодармен белдесуде батырлық ерлігімен қоса оның адамшылық қасиеті де көрінеді. Көп мәтінде Қозы батыр ретінде көрінеді. Дәуіт нұсқасында басқаша. Мұнда Қозы қасына он жігіт ертіп шығады, олардың басшысы (мәтінде: бастығы) – Жандос. Олар көптеген қиындықтарға тап болады. Сонда «жарты бас, жарты санды кемпір сурет» болып көрінген зиянкес құбыжықты да, қырық қасқырды да, көп жолбарысты да қырған Жандос болады, ал қалмақтармен соғысқанда «Бір Жандостан басқасы шыдай алмай, бәрі де қашатұғын халге жетті» делінеді жырда. Демек батырлық танытатын да, батыр аталатын да – Жандос, Қозы емес. Қозы Көрпеш қалмақтардың қолына түсіп жағдайын баяндау барысында ең бірінші кезекте өзінің жетімдігін тілге тиек етеді: Қозыке төре Уаңға шынын айтты,/ Жасынан жетім қалған мұңын айтты. Бұл эпизодтар Қозының ата жауына мойынсұнып, рақым күткенін аңғартады. Ал өзі де екі жаста әкесінен жетім қалған Уаң Қозыны аяп, жылулық білдіргенде Қозы Көрпеш «Уаңға бас қояды түрегеліп, / Ығына ол сілтеген кетер желіп» делінеді... Қозы Көрпеш эпикалық кейіпкерге тән емес мінез көрсетеді.

IV. Эпостарымызда бұрын-соңды болмаған эпизод, көріністер орын тепкен, мысалы Қодардың өлі денесін отқа өртеу...

Әлбетте, белгілі сюжетті жырлау барысында жыршы-ақын оны жөндеп, өңдеп, жаңалықтар (новации) енгізуі мүмкін. Бірақ олар жырдың табиғатына, сюжеттің даму логикасына сай болу керек. Себебі, кез келген өзгеріс, жаңалықтың эпикалық дәстүр аясында жүзеге асырылуы ғана дәстүрдің жаңғыруына жол ашады.

Ал эпостың бас кейіпкері функциясының, оның атқаратын ролінің өзгеруі, қаһарман образының қалыптасқан каноннан өзгеше сомдалуы шығарманың жанрының өзгеруіне себеп болуы мүмкін. Жырдың күллі нұсқаларында Қозы Көрпеш идеалды герой. Ол шын ғашық, уәдеге берік, жарқын жүзді, өнерлі, адамгершілігі мол, ержүрек батыр. Ал Дәуіт нұсқасындағы Қозы Көрпештің бейнесі эпостың басқа барлық нұсқаларына тән Қозы Көрпештің жинақтық образынан ауытқығаны байқалады. Яғни талдау нәтижесінде анықталған бұл өзгерістер талданып отырған шығарманы эпикалық дәстүр аясында, эпостық дәстүр заңдылықтарына сай

жырланған нұсқа деп жіктеу мүмкін емес екенін көрсетеді. Оны белгілі фольклорлық шығарманың сюжетін пайдалана отырып жазылған авторлық шығарма деп тану дұрысырақ деген ойдамыз. Мәтіннің соңғы тұстарындағы автордың «Романды жазушы Дәуіт қызай қазағы» дегені де көп нәрсені аңғартатыны анық» [24, 56-58].

Қорыта келе, біз Әзібаеваның пікіріне толық қосыламыз. Бұл – қиялы ұшқыр ақынның жырды естігені бойынша еркінше түрлендірген, авторлық позициясы анық әрі географиялық аймақтың өзіндік ізі көрінген ерекше, фольклорлық туындының жазба әдебиетке жақын үлгісі болып табылады.

Қыз Жібек жыры.

Бүгінге дейін жырдың ҚР Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы сақталған нұсқалар реті былай болып келеді: 1951 жылы М.Ғұмарованың Халима Өтеғалиевадан жазып алған нұсқасы, 1953 жылы Қасым Мырзағалиев тапсырған нұсқа, 1954 жылы Т.Сыдықовтың Абдолқайыр Дәнекеровтен жазып алған және Шапай Қалмағамбетовтапсырған нұсқасы, 1956 жылы Д.Шалабековтың Қамытов Ысмайыл жыраудан жазып алған нұсқасы, 1957 жылы М.Ғұмарованың Молдасейіт Төлепқалиевтен жазып алған нұсқа, 1958 жылы Б.Уахатовтың Ержан Ахметовтен алған нұсқасы, 1959 жылы Р.Мәзқожаев тапсырған нұсқалар [105, 258]. Біз өз жұмысымызда ғылыми айналымға түскен төмендегі бес нұсқалар бойынша жұмыс жүргіземіз: Мұсабай жырау, Жүсіпбек қожа, Шеге ақын, Қаршыға нұсқалары мен Қытайдағы қазақтардың фольклоры жинақталған «Бабалар сөзінің» 26 томындағы мәтіндері.

Мұсабай жырау нұсқасының қысқаша мазмұны. Базарбай ұлына үш ай қалыңдық іздеп таппайды. Сол кездегі жауы қыпшақтар бес жүз елу жылқы барымталап, Төлеген оларды алып келуге барады. Жібек туралы естіген Төлеген іздемек болып жолға шығады. Артынан анасы іздеп, райынан қайтармақ болғанмен, ол келіспей, анасы екі жүз жорға беріп, жолға салады. Мырзалықпен тауысқан Төлеген Жібектің көшінің артынан барып, ұйықтап жатқан Жібекті көреді. Өзі баруға арланып, шатыр құрып ұйықтап қалады. Қаршыға жырау Жібекке келіп, Төлеген туралы айтады. Жібек келісіп, Қаршыға екі жорға алып, Төлегенмен Жібекке келеді. Екеуі айтысып барып табысады. Бес жүз елу жылқымен Жібекті алып, той жасалады. Он жеті күн бірге болып, еліне қайтады. Екінші күні күтіп жатқан алпыс жаумен жалғыз алысып, Бекежанның оғынан Төлеген өледі. Оның киімін киіп, жорғасын алып алады. Төлеген бес қазға аманат тапсырады. Қаздар алты жасар Сансызбайға айтады. Ол кек алмақ болып он екі ай оқ жонып, Шегені алып бірге іздейді. Бекежан қызды алмақ болып той жасап, онда Жібек он төрт жігітпен айтысып, жеңеді. Бекежан келіп, Төлегеннің өлтіргенін айтқанда қыздың алты ағасы оны өлтіреді. Олар қазақ пен қалмақтың шекарасына көшіп барады. Қалмақтар Қорен ханға қыздың сұлулығын айтып, ол қырық жігітін жібереді. Ағалары бермек болып, келісім береді. Сол кезде Сансызбай келеді. Ол Жібектің зарын естіп, Шегені жібереді. Жеңгесімен табысып,

Сансызбай оны алып қашпақ болады. Жібек ханның тұлпары мен жеңгесінің сәукелесін алып, қоштасып кетеді. Қорен естіп, қуып жетіп, Сансызбаймен жекпе жекте өледі. Сансызбай жаумен жалғыз шайқасып, жеңіп, қыздың аулына барады. Он екі айдан соң еліне көшіріп алады. Төлегеннің жылын беріп, екеуі қосылады.

Енді Жүсіпбек қожа нұсқасына келейік. Жүсіпбек қожа нұсқасы алғашқысына қарағанда өзгешелеу болып келеді. Оқиға біршама ұқсас болғанмен біраз өзгешеліктер орын алған. Олар: алғашқысында Базарбай елі қыпшақ болса, мұнда ноғайлы болуы; Базарбайдың үш әйелінен тоғыз ұлы болып, олардың оба дертінен бірдей өлуі; қайта үйленіп, Төлеген мен Сансызбайдың туылуы; қалыңдықты әкесі емес, Төлегеннің өзі іздеуі; саудагерден Жібек туралы естіп, іздеуі; анасының баласын пір-әнбиелерге (Кәміл пір, көл мен шөл иесі Қамбар, ғашықтардың пірі Ләйлі-Мәжнүн мен Зылиха-Жүсіп, әйелдің пірі Бибі Бәтимә, Баба түкті шашты Әзіз) тапсыруы алғашқы нұсқада кездеспейді. Төлеген алғашқы нұсқада өзі баруға намыстанса, бұл нұсқада жар салып, қыз таңдайды. Сол сияқты Мұсабай жырау Жібекті бірден бейнелесе, Жүсіпбек көш бойындағы әр қыздың сұлулығын сөз етіп, Жібекті қиындықпен кездестіреді. Сонымен бірге қыз ауылынды алғашқысында он жеті күн, бұл нұсқада үш ай жатуы; Жібектің түс көруі, Төлегеннің еліне аман-есен келіп, бір жылдан соң баруы; Бекежанның жолда өлтіріп, Сансызбайдың сегіз жылдан соң іздеуі. Бұл айтылғандармен қоса тағы бірнеше эпизодтар қосылған. Олар: Сансызбайдың ханды өлтірген соң, Қаршыға Қореннің өлгенін көріп, әскерді басқа жолмен Базарбай ауылына алып келіп, қыруы, Жібектің еліндегі қалған қалмақ әскерлерін өлтіріп, хансыз қалған соң қалмақ елінің өз еліне қашуы. Жүсіпбек Шайхысламұлы жыр нұсқасын көркемдеп, қара сөзбен байытып жырлаған.

Шеге ақын нұсқасының негізгі сюжеті ұқсас болғанмен мұнда да біраз өзгешеліктер де кездеседі. Жыршы шығарманы бірден бастамай оқиғаға кіріспе жасап, өзіне дейін екі нұсқаның кездесетінін, онда Базарбайды бай етіп танытып жүргенін алға тартады. Шеге ақын нұсқасында Базарбай кедей.

Сюжет барысындағы негізгі ерекшеліктер төмендегідей:

Базарбайдың қыпшақ та, ноғай да емес, жетіру руынан шығуы; елінде Қарамен атты бай, оның Егіз Жатақ атты ақымақтау ұлдарының болуы; Базарбайдың екінші әйелінен Қайырсұлтан атты ұлы болып, оның бесте өліп, Төлегеннің, сегіз жылдан соң Сансызбайдың туылуы; Базарбайдың қыз айттыруға шамасы жетпей, қалыңдықты Төлегеннің өзі іздеуі мен Жібек туралы сыртынан естіп, ақын Шегемен ақылдасып, Қараменнің ұлының байлығын пайдаланып, қыз аулына баруы; көмекке Қаршыға жыраудың келуі, қыз аулында екі ай болуы; Егізді алдағаны үшін Қараменнің Базарбайды шаппақ болуы; Бекежанның Төлегенді Қособа емес, Қарабұлақ дөңі Құсұшпас шөлінде өлтіріп, басына тас үйіп, көмуі ерекше жағдайлар деуге болады. Төлеген туралы мына бір эпизодты да қоса кетуге болады. Қараменнің ұлын айттырған қызы менсінбей, оған барудан бас тартады. Екі

елдің арасы ушығып, шиеленіседі. Сол кезде Төлеген қызды өз райынан бас тартуға көндіріп, елдегі даулы мәселені шешіп, Төлегеннің ел алдындағы абыройы одан сайын артады. Сол сияқты Бекежан Төлегеннің қазасын той үстінде, айтысып емес, алты жылдан соң Жібектің төрт қызбен сейілге шыққан кезінде аңдып жүріп, естіртеді. Жібектің Бекежаннан көк жорғаны танып сұрауы, Бекежан Төлегеннің Жібекті өзіне аманат еткенін келтіріп, өтірік айтуы, аманатын орындауға келгенін жеткізгені, қыздың әкесіне белгі ретінде бес оба қаздырып, Төлегенге күмбез салдыруы басқа нұсқаларда кездеспейді. Сонымен бірге Сансызбай жеңгесімен той үстінде емес, малшының дәнекер болуымен, тасада танысады. Және Шеге ақын қыздың Қорен ханның қылышы мен жеңгесінің сәукелесіне қызығатын эпизодын келтірмеген. Барлық нұсқаларда Бекежанды Жібектің алты ағасы өлтірсе, бұл нұсқада Сансызбайдың қолынан қаза табады. Бұл да сюжеттің негізгі ерекшелігі деп айта аламыз. Жыр Сансызбайдың Жібекті еліне алып келіп, ұлан-асыр той жасауымен аяқталады. Жыр соңында Жібектің Сансызбай еліне келгеннен кейін өз елінің жағдайы айтылмай, жырды хатқа түсірген Шапай Қалмағамбетов қара сөзбен айтып өтеді. Оның жинақтан неге түсіріліп қалғаны белгісіз.

Қаршыға нұсқасы да өзге нұсқалармен ұқсас. Дей тұрғанмен біраз эпизодтар қосылған. Мысалы, ақын Базарбайдың алпысқа келгенше перзентсіз болуы, Төлегеннің қыз іздеп, Сыр бойындағы Қосарал, Түркістан, Бесқыпшақ елдерін екі жыл аралауы, Жібек туралы естіп, Құмақ, Елек, Сағыз өзендерін аралауы, Сырлыбай ханның бүкіл шекті елін жинап, той жасауы; Қаршығаның Жібекті қолынан ұзатуы, өзге нұсқаларына ұқсамайтын өзінше ерекшеленетін сюжеттер.

Зерттеуші С.Қосанның берген мәліметінше, Шеге және Қаршыға нұсқаларын жыршы Шапай Қалмағамбетов (1890-1959) қағазға түсірген. Мергенбай жыраудың көптеген эпикалық жырларды үйреніп, «Қыз Жібек» жырының екі ақынның мұрасы ретінде жырлаған екен [106, 426].

Қытайдағы нұсқаны Шерияздан ақын жырлаған. Қытайда алғаш рет «Қазақтың ғашықтық қиссаларында» [107] баспа бетін көреді.

Жыр нұсқаларын өзара салыстырып қарағанымызда, мазмұнында төмендегідей негізгі сюжеттік ерекшеліктерді байқадық:

1. Қытайда жарық көрген нұсқа толық. Көлемі– 6954 жол. Ақын нұсқасы үлкен үш бөлімнен тұрады: 1) Төлегеннің қалыңдық іздеп, Жібекпен кездесіп, екеуі арасындағы махаббат (3040 жол); 2) Сансызбайдың ағасы Төлегенді іздеп шығуы мен ағасының кегін алып, Жібекті алып қайтуы (2526 жол); 3) Қаршығаның ерлігі, қалмақтың көзін түгелдей жойып, Жібекті іздеп келуі (1100 жол).

Бұдан жырдағы тұтастану процесін көруге болады. Тұтастану процесін академик С.Қасқабасов бес топқа бөліп қарастырған (сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи, орталықтық және географиялық) [108, 13]. Мұнда сюжеттік тұтастану арқылы үлкен жырға айналған.

2. Осыған дейін жырланған нұсқаларда қара сөзбен баяндалатын жерлерді Шерияздан ақын кеңінен өлең түрінде баяндаған;

3. Уәзір Қаршыға дана, басты кейіпкер ретінде алдыңғы орынға шыққан. Оның ақылдылығы мен даналығы, ерлігі, айлакерлігі басқа жырларда көрсетілмейді. Ол – Сансызбайдың Жібекті алып қашқан кезінде қалмақ жауын Қаршығаның адастырып, қалмақтарды басқа жолмен шөлге әкеліп қыруы, Хореннің мөрі мен уәзірдің уәзірлік белгісін алып, Шектіде қалған қалмақтарға ханның мөріні көрсетіп, айламен жаудың қалған әскерін адастырып қыруы арнайы суреттеледі. Яғни бұл эпизодты ақын қосалқы оқиға ретінде емес, негізгі оқиға ретінде жырлаған.

4. Сансызбайдың Хорен ханмен төрт жағдайда кезек алуы: садақ, найза, жекпе жек, соғыс алысуы; Бұл эпизод басқада кездеспейтін ерекшелік. Мұны да ақын өте нанымды суреттеген. Сансызбай садақпен атысқанында ханның өлуі ұтымды көрініс. Найзаласқанда бала күшінің қарт батырға жетпей, жекпе жекте алып денеге шамасының тағы келмейтіні, соғысқанда қолы көп қалмақпен теңдесе алмауы рас құбылыс.

Қорыта келе, Қытайдағы нұсқа, Шерияздан ақын алғашқы нұсқаны жақсы біліп, біршама өзгерістермен жаңашалаған, дәстүрлі (классикалық) сюжеттерге негізделген, басқаларға қарағанда толыққанды, ұлғайтыла жырланған кемелденген нұсқа деп қабылдаймыз.

Жинақтай келе, дәстүрлі романдық эпос мазмұнының жалпы схемасын/сызбасын төмендегі сызбамен қорытындылауға болады.

Дәстүрлі романдық (ғашықтық) эпостың схемасы



Сызба-1

II.2. Қытай қазақтарығашықтық дастандарының сюжеттік ерекшеліктері

Қытайдағы қазақ дастандары еліміздегідей үш топқа бөлінеді [12, 30-74]:

1. Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар;
2. Аймақтық сюжетке негізделіп жырланған дастандар;
3. Өмірде болған оқиға ізімен пайда болғандастандар;

Диссертациялық жұмыста Қытайдағы романдық дастандар отандық ғылымдағыдай үш топқа бөлініп қарастырылды.

Сонымен қатар 1917 жылғы төңкеріске дейін араб әрпінде басылып шыққан дастандық шығармалардың Қытайда өзгертіліп, кейде түрлендіріліп жырланып/айтылып кең таралған нұсқаларын 4. «Қазақстандағы жарияланған мәтіндердің Қытайда жасалған варианттары» деп, бөлек топтап қарастырдық.

1. Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар.

Шығыс аңыз-ертегілерінің сюжетін назира дәстүрімен жырлау XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жыршыларына тән болған. Мұндай үлгіні Қытайдағы қандастарымыз да айналып өте алмады. Жырларды араб-парсы тілінен аударуға, өңдеп бастыруға еңбек сіңірген ақындар А.Үлімжіұлы, А.Сабаұлы, Ж.Шайхысламұлы, Т.Жолдыұлы т.б. болды.

1988 жылы құрастырылған «Қазақтың ғашықтық жырларына» Әбдірашит Байболатов жинап берген «Қаһраман мен Самарқан» дастанының сюжеті шығыс халықтарының ертегілеріне негізделген.

Сюжеті аңызға негізделген дастанда екі елдің екі батырлары (қыз бен жігіт) туралы махаббат баяндалады. Негізгі кейіпкерлер: адамдармен қатынасқа түсетін диюлер мен перілер. Сюжетті дамытуға құбылу (сиқырлау, тасқа айналдыру), ғажайып көмекшілер (Киямарс) мотивтері негізге алынады. Сюжеті шытырман. Оқиға Ағанақ шаһарында өтеді.

Мұнда негізінен мынадай сюжеттер баяндалады:

1. Батырдың диюлар елінде өсуі;
2. Өз елін іздеп, табуы;
3. Үнді елімен соғысы, қызды алғаш көруі;
4. батырдың жоғалуы;
5. Шағбан ханның зұлымдығы;
6. Батырдың Шағбанмен соғысы, жеңуі
7. Мұратына жетуі.

Қаһраман Таһмира патшаның ұлы үш жасқа келгенде диюлар ұрлап алып кетеді. Патша баласын жоқтап, қанша іздесе де таба алмай қайғыдан көз жұмады. Бала өсіп, судағы бейнесінен өзінің тұрқы диюларға ұқсамайтынын байқап, өзінің олардан өзгеше екенін біліп, елін іздеп шығады. Дию ата-анасын өлтірген соң олар қорқып, мұхиттан өткізіп жібереді. Осылай бес

жыл өмір сүрген Қаһраман бірде өз елінің адамдар мен үнді елінің соғысының үстінен шығып, туыстарымен табысады. Қаһарман Үнді елімен соғысып, тек сол елдің батыр қызы Самарқан келгенде соғыс тоқтайды. Екі жас сол кезде бір-біріне ғашық болып қалады. Қыз қызметшісі Айсармен бірге ешкімге көрінбейтін сиқыр киім киіп, Қаһраманның ойын білуге Ұшан ауылына аттанады. Онда бір адамнан жөн сұрап, жігіттің қайда екенін біліп, хат жазып, жүзігін ауыстырып, қанжарын қалдырып кетеді. Жігіт қыз екенін біліп, соғысқа аттанады. Аспандияр мен Қаһарман жекпе жекке шығып, оны өлтіреді. Қыз әкесімен сөйлесіп, қанша уақытқа созылған соғысты тоқтатады. Екі ел татуласып, құдаласады. Тойға дайындалып жатқанда шахбар жақтан диюлардың қорлығынан құтқар деген хат келіп, бұрынғы кегі есіне түсіп, Қаһарман төрт батырымен аттанады. Алайда біраз кедергілерді жеңіп, бақытқа жетеді.

Шығармада өзге тілден енген сөздер: хисап, шаһар, ұшан, муслим, ағанақ, аһал, кыһбал, набут, Киукап т.б.

Жоғарыда айтып өткеніміздей жырда *«Құбылу»* не *«киім ауыстыру»* *мотиви* жыр соңына дейін жүріп отырады. Бұл дастандағы «құбылу» мотиві былай көрініс береді:

Суф деді ол сиқыр оқып бойларына,
Тәндерін көрінбес қып құймағына.
Бір дәрі сиқырлаған жасап алды,
Басқаға шашып, өзін қорғануға.

Бұл мотив сиқыр оқу дұғасы арқылы көрініс береді. Ол сиқырлы дәрі жасап, көзге көрінбейтін адамға құбылады:

Үстіне киді екеуі сиқыр киім,
Бел буды кезіксе де нелер қиын.
Жол бастап Айсар жүрді Самарқанға,
Таппақ боп Қаһраманның жатқан ойын.
[44, 191].

Жалпы құбылу мотивінің түп негізі көне жанр мифке барып тіреледі. Мифтердегі құбылушылықтың үш себепке байланысты болатыны, олардың бірі – адам өте шаршағандықтан ұйықтап кетіп, сол бойда тасқа, я болмаса аңға, құсқа айналып кетуі болса, келесісі, адамның кінәлі болып, жаза ретінде қолдануы, үшінші себебі – зор қауіптен құтылу жолы екендігі белгілі [109, 13]. Ал мұндағы аталмыш дастандардағы құбылулар қиындықтан шығар жол мен зор қауіптен құтылу үшін қолданылған мотив екені айқын.

Сол сияқты қыздың жігітке келіп, хаты мен жүзігін алмастырып кететін эпизодында көзге көрінбейтін қалпында келеді. Және диюдің адамдарды қастықпен тасқа айналдыру мен той үстінде аярлардың апсун (дұға) оқуы

осы мотивке сай келеді. Алайда, мұндағы апсун көңіл көтеру мақсатында орындалады:

Көрсетті аярлар да алуан ойын,
Құстарға айналдырып жайған қойын.
Ұйықтатып қалың елді есінетіп,
Толтырды жыландарға тақыр қойнын.
Сикырмен жел соқтырып су қапталты,
Немесе айдалаға өрт лаулатты.
Өзгертіп апсунменен көп адамды,
Түбекке түскен маймыл қып ойнатты [44, 191].

Құбылу мотиві қазақ фольклорында кең тараған «Алпамыс батыр», «Таһир-Зухра», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырларында кездеседі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында былай көрініс табады:

Ашуланды Алпамыс,
Ұлтанның айтқан сөзіне.
Шығатұғын ерлердің
Жаңадан келді кезі де.
Дуаналық киімді
Енді Алпамыс тастады.
Үстіне киіп сауытын,
Қайта ойынды бастады [110, 87].

Сонымен бірге жырда ғажайып әулие-әнбиелер көмекке келеді.

Бұдан біз Қытайдағы қазақ эпостары сюжетінің әр қилылығы мен күрделілігін және сан қилы мотивтерді кіргізгенін байқауымызға болады. Олар тарихи кезеңдегі оқиғалар мен кірме сюжеттердің араласып келуіне де байланысты.

Жалпы мотив хақында Б.Н.Путилов: «Мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы», – деген болатын [111, 143].

Жырдағы тағы байқалатын құбылыс «Тұтастану» процесі көзге түседі. Жалпы қазақ фольклорында тұтастанудың бес түрін айқындаған академик С.Қасқабасовтың тұжырымдауынша, бұл дастан сюжеттік жағынан циклге түскен. Тұтастанудың бұл түрі екі сатыдан тұрады. Алғашқысы фольклорлық сюжеттің пайда болып, тұтастануы да, екіншісі – тұрақталған сюжеттердің бір кейіпкерге телініп, топталуы [97, 9]. Дастанда шығарма ел аузынан жиналған соң, сюжеті күрделеніп, циклге түсіп, негізгі кейіпкер Қаһарманның маңайына топтастырылған.

Сюжеті шығыс халықтарының оқиғасына негізделген келесі «Шаймұза мен Жарлық» дастандық эпосы. Жыр ертегілік сюжетке бағытталып,

перзенттік мотиві, күйеу таңдау мотивтері қарастырылады. Үш шартты ғажайып нәрсе айна, дастархан, дәрілік насыбай арқылы сюжет өрбиді.

Аталмыш жырды Т.Қабаев ғашықтық жырға жатқызады. Алайда сюжеті шағын дастан ғашықтық жыр талаптарына сай келе бермейді. Оны жырда кезек алатын мотивтер мен сюжеттер арқылы дәлелдейік:

1.«Перзентсіздік мотиві»дүниежүзі халықтарының ертекерінде де, эпостарында да кездеседі. Әсіресе, шығыс фольклорында көп кездеседі. Қазақ халқының да бір топ ертегілерінде бұл мотив ғайыптан кездескен шал ретінде (кейде аян беріледі) бейнеленеді.

Баласыздық мотивінің ежелден келе жатқан тақырып екендігін, оның шығыста кең таралғандығы жайлы Ш.Сәтпаева да арнайы айтқан болатын. Ол жайлы былай дейді: «Мотив бездетности, служащий зачином, является одним из древнейших. Он зафиксирован в ранних эпических произведениях тюркских народов, например, в памятнике X-XI вв. «Деде-Коркут». Этот мотив, варьируясь в некоторых деталях, является зачином многих произведений тюркоязычных народов, в том числе и казахских эпических поэм «Кобыланды батыр», «Козы-Корпеш – Баян-Сулу», и таких поэм на восточные сюжеты, как «Тахир – Зухра», «Мунлык – Зарлык», «Сейфульмалик», «Шакри – Шакират...» [112, 211]. Ал Калифорния Университеті әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Батыс және Орталық Азия қоғамдық

ғылымына назараударған ғалым Эберхард Вольфрам өзінің «Dictionary of Chinese Symbols: Hidden Symbols in Chinese Life and Thought» атты еңбегінде перзентсіздік туралы: «It is clear that childlessness can be caused by physical causes; and such considerations are not related to a host of rules describing when and how marriage should occur», – «Баласыздықтың физикалық себептермен болуы мүмкін екені анық және мұндай ойлар некеде жыныстың қалай жүзеге асуын сипаттайтын бірқатар ережелермен байланысты емес», – деп абстрактты ойлардан көрі нақтылыққа ойысады [113, 253] (Ауд. Г.А.).

Перзентсіз болу көп жағдайда қазақ фольклорында «кубас» атанып («Қорқыт ата кітабында» да бар) көпшілік тарапынан көрген жәбір ретінде берілсе, қытай қазақтарында артынан ізін жалғар ұлдың білімі мен өнеріне басты назар аударылады екен. Яғни ғибрат көбірек беріледі.

Мысалы, «Қисса Һамра, Хұсрау патша» – қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарында кең тараған қиял-ғажайып сюжеттерге құрылған дастанның кейіпкері Хұсрау патша перзентсіздік зарын былай тартады:

Жамағаттар, осындай тында кепті,

Рұқсат беріп, азырақ сөйле депті.

Баласы жоқ кісіні мазақ қылып

Беліне қыстырады екен қызыл жілікті.

Осылайша елі патшаларының баласыздығын бетіне басады. Ал «Шаймұза мен Жарлық» дастанында:

Ертеде зяят деген патша болған,
Дәулеті асып маңайы малға толған.

Екі әйел алсадағы бала көрмей,

Тағы бір әйел алды аты – Зорман –, деп, ұзақ күттіріп балалы болады.

Мұнда әулие аралап, қорасанға қой атып, ешқандай әулие, ғажайып шал аян бермейді. Құдіреттің күшімен жас тоқалынан қызды болады. Шаймұза деп аталған сұлу қыз, шартарапқа аян болады. Қыз бойжетіп, ол өзіне лайық жігіт қарастырады.

Қазақ фольклорында тәңірден тілеп, әулие-әнбиелердің басына түнеп, бар байлығын садақа етіп таратып, ел кезіп, мінәжат жасау арқылы балалы болады. Бұл адамның жаратылысы жайындағы көне түсініктің елесі. Мысалы, Әзірет сұлтанға бала тілеу, Бабай түкті шашты Әзіз әулиеге сапар шегіп, түсінде ақ сәлделі қарт балалы болатынынан аян беруі.

Демек, бұл дастанда аталмыш мотив өзгеше көрініс тапқан. Яғни ешқандай ғажайыпсыз кіші әйел алу арқылы балалы болған.

Сол сияқты дастанда ана еркі дәуіріндегі әдет-салттардан бастау алатын **«Күйеу таңдау мотиві»** көрініс береді. Негізінен әйгілі мотив қазақтың дәстүрлі «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» эпостары мен ғашықтық жырларда кездеседі. Мұнда әкесі қыз он сегізге толғанда өзі қалаған жігітке шықсын деп таңдау қойғызады. Көп жігіттен үш жігіт қалып, оларға мың ділдә беріп, үш айлық алыс үш қаладан, үш ғажайып затты әкелуді үш жігітке тапсырады. Жігіттер алыс қалалардан бірі – бір айлық жолдағыны алдын ала көрсететін ғажайып айна, ендігісі – бір айлық жерге бір сағатта жететін дастархан, келесісі – жаңадан жаны шыққан адамды тірілтетін дәрі табады. Үшеуі жолығып, ауылды қарайық деп айнадан қарағанда Шаймұза сұлудың аурудан қаза тапқанын көріп, дастарханға отырып, бір мезетте жетіп, дәріні иіскертіп тірілтіп алады. Алайда енді кімді таңдарын білмеген қыз бен әкесі халықтан көмек сұрайды. Қыз барлығын бірдей ұнатады. Сол кезде бір шаһардың Қабар атты патшасы жеңіп аламын деп соғыс ашып, сол соғыста үш жігіттен Зарлық қана тірі қалып, қызбен үйленіп, мұратына жетеді.

Көріп отырғанымыздай, мұнда бірнеше сюжет орын алған. Олар: Шаймұзаның дүниеге келуі; қыздың бойжетіп, күйеу таңдауы; жігіттердің сапары; қабан патшаның соғыс ашуы; мұратқа жетуі.

Қыздың «күйеу таңдауы» анаеркі дәуірі қалдығының сарқыншағы. Себебі, қазақ халқы некеге қатал қараған. Қыздың не жігіттің жар таңдауына құқы болмаған. Олар анасының ішінде, бесікте, не кіші кезінде атастырылған. Алайда «Қамбар батыр» жырында да қыз өзіне күйеу таңдайды.

Айна, дастархан, дәрілік насыбай сияқты ғажайып заттар ертегіден алынған.

Сонымен бірге, Шаймұза бір мезетте үш жігітке бірдей ғашық болып, таңдау жасай алмайды. Мұндай құбылыс ғашықтық жырдың канонына

қайшы. Сондықтан біз бұл жырды жанры мен сюжетіне қарай ғашықтық жырдан көрі хикаялық дастанға жатқызғанды жөн деп санаймыз.

Ертегі мақсатының шындыққа бағытталмайтынын, өмірде шын болған деп дәлелдеуге тырыспайтынын ескерсек, дастанда да дәл солай. Оқиганы алдын ала көрсететін ғажайып айна мен бір айлық жерге бір сағатта жететін дастархан және енді ғана өлген адамды тірілтетін дәрінің шындығында болуы мүмкін емес.

Фольклорлық жанр ертегі – әлемде түрлі формада қалыптасқан. Ол айдаһар, карлик-тырбақ/қортық, фея/перизат, эльфтар (кельт, скандинавия фольклорындағы сиқырлы, жағымды кейіпкер), алыптар, гоблин (Батыс Еуропа мифологиясындағы адамға ұқсас, ұзын құлақты, жасыл тіршілік иесі), гном (Батыс Еуропамифологиясындағы сақалды ергежейлі), сөйлейтін жануарлар, троллар (скандинавия мифологиясындағы тау алыбы) сияқты классикалық ерекшеліктері бар қысқа әңгіме.

Эпоста біріне бірі тығыз байланысты жанрдың сюжеттерінің алмасып келуі заңдылық. Осы орайда академик С.Қасқабасовтың пікірін алға тартуымызға болады: «...эпоста кейіпкердің толық өмір жолы баяндалмайды, оның характертері әйел алумен ғана тынбайды. ...Батыр үшін өз басының немесе әулетінің қамынан гөрі ел бақыты, ел өмірі маңызды. Міне, осы тұста бейнелейтін кезде эпостың сюжеттік қана емес, жанрлық ерекшелігі де айқындалады. Басқаша айтқанда, эпостағы ертек сюжетінің элементтері осымен шектеледі. Бірақ жалпы ертегілік сипат тұрғыда олар мұнда да ұшырасады» [11, 111].

Келесі «Әнуар – Күләнда» дастаны да шығыстық сарындағы сюжетке негізделген. Оны араб-парсы дастандарынан енген кейіпкер аттары Асан, Үсен, Әнуар мен оқиганың өткен жері атауынан байқауға болады. Шығыстық хикаяларда кездесетін «үш жігіт», «уәзірлердің ақымақтығы мен сатқындығы», «әйелдің мекерлігі» секілді сарындар кездеседі. Соның ішінде негізгі «**Кенже ұл**» мотиві.

«This motif dignified as the owner of Kara Shanyrak (=Core house), as a heir, is widely used in the world folklore along with the Kazakh people. It is usually used in fantasy fairy tales»[114, 29].Қара Шаңырақтың иесі, мұрагер ретінде дәріптелетін бұл мотив қазақ халқымен қатар дүниежүзі фольклорында кеңінен қолданылады. Негізінде қиял-ғажайып ертегілерде көбіне қолданылады (ауд. Г.Абиханова.).Ал эпоста «кенже ұл» басты бейне бола бермейді. Мысалы, жырда басты бейне – Төлеген, кенже ұл – Сансызбай.

Дастанның қысқаша мазмұны: оқиға Басыра шаһарында өтеді. Нұрым атты байдың Асан, Үсен, Әнуар атты балалары болып, олардың ата-анасы бірдей өліп, балалар жетім қалады. Үлкендер Асан мен Үсен малды шашыптөгіп, есепсіз пайдаланып, екі жылдан соң тақыр кедейге айналады. Екі бала малай болудан намыстанып, нан таппақ ниетпен қаңғып кетіп, үш жастағы Әнуарды ұйықтап жатқанда тастап кетеді. Кедей көрші кемпір жылап, ағалап жүрген баланы көріп, бір жыл асырап күтеді. Ағалары келмеген соң

баланы елдегі Омар деген молдаға береді. Ол оқытып, білім береді. Әнуар өте зерек, алғыр бала болады. Сол елдің Мәлік атты падишасы болады. Ол әділ болғанмен, оның сұлу көрсе үш айға ғана әйелдікке алып, ауыстырып отырады екен. Әнуар патшадан қызмет сұрап барады, оны Жапар атты ақылды хатшысының жанына қызметке алады. Халық пен патшаның көңілінен шығып, сенімді адамына айналып, бала бастық болып сайланады. Патшаның паракор жеті залым қастық ойласады. Омар молда мен анасы қыздары Күләнданы Әнуарға қоспақ болады. Бір бірін сүйген ғашықтардың да ниеттері сол болады. Некелерін қиып, қосады. Алайда, жеті сұм қыз туралы Мәрияға жеткізіп, патша қуанып, Омарға жаушы жібереді. Молда тұрмыстағы қызын беруге келісіп, қиындық орнайды. Жігіт пен қыз қашуды жоспарлағанмен, ол ойларынан айнып, өздері патша алдына барады. Алайда, он төрт жылдан соң ағалары Асан мен Үсен інісін іздеп келіп, патша мен жеті сұмның бастарынан шауып, құтқарып, бауырлар табысып, жыр кенже ұлдың таққа отыруымен аяқталады.

Дүниежүзі халықтарында кенже ұл, яғни миноратқа қалам тартқан ғалымның бірі – Джеймс Фрэнклер. Ол түркі-монғолхалықтарындағы кенже ұлжайлы: «Турецкий обычай устанавливает чрезвычайно оригинальный порядок наследования: постоянным наследником, привязанным в некотором смысле к родной земле, является младший сын. У монголов он называется *ot-dzekine*, турок – *tekiue*, т.е. «хранитель очага». По свидетельству китайских летописцев и западных путешественников, к нему полностью переходит земельный участок, а старший братья делят между собой движимое имущество, в особенности то, что составляет его главный предмет, т.е. весь крупный и мелкий скот!» [115, 201-202] деді.

Қазақотбасында кенже бала – шаңырақ иесі, ол – жанұядағы кіші ұл. Оның өз жанұясы болғанымен де ата-анасымен бірге тұруы тиіс. Яғни кенже бала – қарашаңырақ иесі. Мал-мүліктің көбі осы балаға тиесілі.

Академик С.Қасқабасов қазақ ертегілерінің бас кейіпкерлерінің аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала және тазша бала екенін болатынын айтқан болатын. Алғашқы қауымдағы қаһармандар кейінгі дәуірде ата жолын қуушы кенже балаға ауысқанын атап көрсетеді [116, 200].

Сонымен бірге ғалым: минораттың екі кезеңде дамығанын көрсетеді:

- 1) рулық, тайпалық құрылым кезінде кенже ұлды дәріптеушілік, ол тайпалық дәстүрді сақтаушы ретінде минорат алға қойылып дәріптелген;
- 2) патриархалдық қатынастың құлауы дәуірінде кенже ұлды дәріптеу, нақтырақ – минораттың құри бастауы. Ағаларының кішісіне әлімжеттік жасауы кезіндегі дүниеге келгендер. Сонымен қатар қазақтар ішінде жетімдер мен жесірлердің өте аз болғандығына тоқталып, жан-жақты талдайды [11, 120-123].

«Кенже ұл» мотиві парсының қаһармандық жыры «Шахнамадан» Придонның туғаны жайлы әңгімеден аңғаруға болады. Кішкентай Придонды анасы Пірәмік екі иығына екі жылан өсіп шыққан, адам жегіш Зүһәк

патшадан жасырып, бір қарттың қолында ұстайды. Придонды үш жыл бойына сиырдың сүтімен асырап, кейін Парах әулиенің тәрбиесінде болады. Балаларын жалмаған патшаға қарсы Асфаһан шаһарындағы темір ұстасы Кауа соғысқа шыққанда бозбала Придон оған келіп қосылады. Придон Зүһәкті жеңіп, елін азат етеді. [117, 106].

Ал Қытай халқының ертегілерінде де аталмыш мотив әйгілі. Оған «Ағайынды жетеу» ертегісін келтіруге болады. Онда биік тау мен шексіз теңіздің жағысындағы қарттың жеті күштері орасан ұлдары болады. Ақылдарының арқасында өмір сүруге қолайсыз айдаланы астыққа толы кең алқапқа айналдырады. Мұны патшаның қызғанып түгел қазынаға келтіріндер деген бұйрығына қарсы болып, әр бала өзінің күшін мақтанып, пайдаланады. Ал кенже бала Дакоу – Кең Көмей ешкімнен ақыл сұрамай, мақтанбай, үндемей әрекет етеді [118, 147]. Келтірілген дәлелдерден «Кенже ұл» мотивінің дүниежүзінде әйгілі мотив екені айқындалады.

Дастанды жинаушы – «Іле» газетінің тілшісі Құрманәлі Тезекұлы. 1983 жылы Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақтың ғашықтық жырлары жинағының 2-томы мен 1995 жылы Шыңжаң «Халық» баспасынан шыққан Т.Жолдыұлы шығармаларының 3-томы және 1996 жылы «Шыңжаң жастар өрендер» сондай-ақ Қазақстанда 2002 жылы жарық көрген Таңжарық Жолдыұлы шығармаларының екі томдық жинағында жарияланған.

Байқағанымыздай, Қытайдағы қазақ ақын-жыршылары өз шығармаларына көшпелі мотивтерді кіргізген. Яғни халықаралық тәжірибеде типологиялық ұқсастықтардың қандай жағдайда болатыны туралы В.М.Жирмунский айтқан болатын (миграционная типология, типологическая типология, генетическая типология) [119]. Яғни көршілес халықтардың ауыстүйісі арқылы пайда болатын көшпелі мотивтер, өздігінен пайда болатын ұқсастықтар, туыс халықтар арасында туындаған типология.

Алайда, бұл жөнінде фольклорист ғалым В.П.Аникин типология мәселесінің әлі зерттелер тұсының көп екендігін айтқан болатын: «Наука еще не дала ответа на многие вопросы фольклорной типологии, и хотя всякий поиск посвоему ценен, но все же предпочтительнее конкретные разыскания, а не произвольная схематизация. В последние десятилетия были предложены разного рода умозрительные модели, на основе которых желали интерпретировать фольклорную типологию – в особенности типологические схождения. Общий недостаток штудий этого рода в полном пренебрежении фактами (в лучшем случае — в частичном). Только в самой тесной увязке конкретных разысканий и теории можно выйти на простор типологических исследований, важность и необходимость которых остро осознаются всеми фольклористами», – деген болатын [120].

Жоғарыда талданған мәтіндерді саралай келе айтарымыз, Қытайдағы қазақ ақын-жыршылары шығыс сюжетін негізге алып, төл туындыға айналдырған біраз шығармаларды дүниеге келтірген.

Бұл сюжетке негізделген дастандарымыздың мазмұндық ерекшелігін төмендегі сызбадан көруге болады.

Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандардың схемасы



Сызба-2.

2. Аймақтық сюжетке негізделіп жырланған дастандар.

Қытайда да эпостар түрлі даму кезеңін өткеріп, өзгеріске түсіп, онда әлеуметтік-тұрмыстық тақырыбы да көтерілді. Оларды 1988 жылы жарық көрген «Қазақтың ғашықтық жырларындағы» жарық көрген мәтіндерден көруге болады. Соның бірі: «Ерден – Балқаш» жыры.

Жырды жинап бергендер: Қамза Дәубайұлы, Майшекер Ахметжанқызы.

Айтушылардың мәліметінше, оқиға X ғасырда Іле өзенінің бойында ғұн, түріктермен қақтығысы кезінде өткені баяндалады. Алайда, Қытайды Шыңғыс хан билеген түркі-моңғол тайпалары 13 ғасырдың бас кезінен бастап, жаулап ала бастады. 10 ғасырдың басына қарай Тан империясы ыдырап, 960 – 1279 жылы Оңтүстік Қытайды Сун әулеті біріктіріп, Солтүстікте, солтүстік-шығыста, солтүстік-батыста көшпелі тайпалар билеген мемлекеттердің өмір сүргені, олар бір-бірімен және Сун әулетімен үздіксіз соғыстар жүргізгені тарихтан белгілі [121]. Осыған байланысты біз жырдың X ғасырда емес, бертін кезде пайда болған дегенді алға тартамыз. Олай деуімізге тағы бір себеп, әйел теңсіздігі тақырыбы XIX ғасырда қозғалғаны мәлім.

Жеті мың жылқысы бар бай атадан жалғыз болады. Алты әйелі мен үш ұлы, қызы болады. Ұлдары жаугершілікте шейіт болып, жалғыз қызы қалады.

Өте сұлу болып бойжеткен қызға жігіт атаулының бәрі ғашық болады. Алайда салт бойынша қызды бірер жасында бір бай құда түсіп қояды. Алайда құда түскен жігіті бір көзінен айрылған соқыр, аттан құлап есінен айрылған жарым ес болады. Сондай кемшілігін білдірмеу үшін ұрын бармайды екен. Оны қыздың шешесі он жетіге келгенде айтады. Қыз қамығып, зарлап, әкесінің нағашы жағынан келетін, жарлы, сүйгені Ерденмен қашуды ұйғарады. Жігітті іздеп шығып, жағдайын айтады да қашуды ұйғарады. Орманды бетке алып, қашады. Алайда, құдалар келіп, қыздың қашқанын біліп, жүз жігітпен сойқанды салады. Қызды таппасаң, бір қыздың орнына он қыз, бір малдың орнына он мал бересің дейді. Ал жігіт пен қыз үш ай қысқа қамданып, азығын дайындап күн кешеді. Алайда, бір күні қабылан шауып, Ерденнің бірнеше жерінен тістейді, жарақаттың соңы өлімге апарады. Балқаш қыз көлге секіріп, өзіне өзі қол салады.

Ғашықтық жырдың канонына сәйкес трагедиямен аяқталған жыр сюжеті аңыз әңгімеге негізделген. Қыз секірген көлге қыздың аты беріліп, «Балқаш» атанған екен. Жырда Ерден өлер кезінде қоштасып, құсқа сенім арту эпизоды көрініс береді. Мұндай құсқа (аққу-қазға) сенім арту, эпикалық жырда орын алатын дәстүрдің бірі. Оны «Қыз Жібек» жырынан кездестіруімізге болады.

Аңызға негізделген жырда ешқандай ерекше, ғажайып мотивтер көрінбейді. Бай мен кедей арасындағы келеңсіздіктен орын алған жағдай суреттеледі. Негізгі тақырып – әйел теңсіздігі. Бесіктегі кезінен бастап құда болып, малға сатылған қыздың оқиғасы баяндалады.

Сюжеті тұрмыстық жыр оқиғасына негізделген. Эпикалық батырлық (сүйгеніне жету жолындағы кедергілер) пен эпикалық заңдылық (қорғансызды мықтыға айналдыру) мұнда байқалмайды. Мұнда жарақатынан өлген шарасыздық бейнеленеді. Яғни, жаңа қоғамдық даму тұсындағы ел ішіндегі мәселелер (әйел теңсіздігі) қозғалған деген түсінік қалыптасады.

Шығарма сюжеті қарапайым. Ешқандай ғажайып оқиғалар, тылсым күштер, ерекше жағдайлар орын алмайды. Мұнда эпикалық уақыт пен эпикалық кеңістік мейлінше алыс көрінеді. Мысалы:

Тірліктің тірлікпен күндер жылжып,
Білінбей уақыт, өмір ұрланатын.
Күрсінген осы көлдің жағасында,
Оныншы ғасырлардың шамасында.
Жеті мың жылқысы бар бай бопты...

Мұндағы эпикалық уақыт – өмір сүрген уақыт (X ғасыр) болса жырлаушы уақыты – сол дәуірді жырға қосқан уақыт (шамамен XIX ғасыр).

«Ғашықтық жырдың» төртінші томында жарық көрген шығарманың авторы белгісіз. Жинаушылар туралы да мәлімет келтірілмейді.

Осындай топтағы тағы бір эпос – Жанар мен Жарқын. Жинаушылар: Жұмай Атайұлы мен Адақ Қамалқанұлы. Оқиғаның өткен уақыты белгісіз.

Негізгі кейіпкерлер: Он бес жастағы Жарқын атты жалғыз ұлы бар Шарып кедей, оның соқыр кемпірі және сол елдің биі Мамыр бай, оның сұлу қызы Жарқын. Мұндағы оқиға үш жағдайда өрбиді:

1. Біктіярсыз неке (қызын кәрі адамға құдаласу, малқұмарлық);
2. Екі жастың елден қашуы;
3. Еліне оралып, бақытты ғұмыр кешуі.

Аталмыш жырда да дәстүрлі эпостардай қиын жағдайлар, түрлі кедергілер кездесе бермейді. Жырдағы образдар жүйесіне келсек, эпос заңдылығына сәйкес қызды ерекше етіп бейнелейді:

Жанар қыз бейне ұқсап самал желге,
Қара шаш төгіліп тұр қынай белге.
Қиғаш қас, қарақат көз, қыр мұрынды,
Бітпеген мұндай сұлу талай елге.

Сияқты қос қарақат екі көзі,
Тыңдаған адамзатқа балдай сөзі.
Мінері жаратылған елден бөлек,
Басқадан әсем әрі көрікті өзі.

Сөзі бар балдан тәтті сылдыраған,
Еті бар ақ торғындай үлбіреген.
Сымбаты сондай сұлу көз салсаңыз,
Тал шыбықтай көрінет ол бүрлеген [44, 146].
Жырда қыздың сән-салтанаты, сұлу бейнесі ашылады. Ал мерген жігіт Жарқын бейнесі әсірелеусіз беріледі:

Жарқын да өзіне сай жазық маңдай,
Көрмесе Жанар оны зарыққандай.
Жарқ етіп жанарынан күлкі үйрілсе,
Алаулап келе жатқан жазғы таңдай.

Бір өнер оған тағы Құдай берген,
Жаңда жоқ жаратылған мұндай мерген.
Өзінің табандылық сенімі бар,
Жолдасын жауға бермес қасына ерген [44, 146].

Жыршы басынан-ақ жігіттің әлеуметтік жағдайын ашып көрсетеді. Анасы – соқыр, әкесі – кедей. Екеуінің де жасы он бесте. Осы орайда фольклортанушы ғалым Ж.Рақыштың пікірін алға тартуға болады: «Фольклорда сұлу қыздың жасы он екі не он бесте болады, «он екіде бір гүлі ашылмаған», «он бесінші толған айдай» деп сипатталады» [122, 59]. Яғни кейіпкерлер бейнесі дәстүрлі эпикалық түрде берілген.

Бұл топтағы мәтіндердегі сюжеттің басқалардан ерекшелігі – негізгі кейіпкерлердің (әйел/ер) түрлі қиындық пен ауыртпалықтан ешқандай

ғажайып (дию, пері) немесе сыртқы күштерсіз өзі құтылуында болып тұр. оны төмендегі сызбадан көруге болады.

Аймақтық сюжетке негізделіп жырланған дастандардың схемасы



Сызба-5.

3. Өмірде болған оқиға ізімен пайда болған дастандар;

XVIII-XIX ғасырларда Қытайдың әр өлкесінде түрлі тарихи оқиғалар орын алды. Нәтижесінде, әлеуметтік-сүйіспеншілік тақырыптағы дастандар дүниеге келді. Яғни бұл шығармаларда махаббат қана емес, тарихи және әлеуметтік сарындар бой көрсетеді.

Осындай тақырыпта Шыңжаң қазақтарында бірнеше шығармалар дүниеге келген. Олар: «Түкібай – Шолпан», «Анар – Сәуле», «Садық – Сәлиқан», «Олжа қыз», «Байын – Жүрек», «Сәлиқа – Сәмен» т.б.

«Түкібай – Шолпан» жыры.

Жырдың қысқаша мазмұны. XVIII ғасырда қазақ қалмақтың тарихи тартысы тұсында өткен аңыз. Кезінде қазақ халқы жоңғарлардан ығып, Сыр бойынан Шығысқа қарай көшеді. Ең алдымен Абақ Керей аталатын ру Қалба тауын мекендепті. Ол кезде Алтай, Тарбағатай, Сауыр тауларында моңғол тайпалары тұрған екен. Керейлер Қалбада отырғанда Тарбағатайдан Моңғолдың Доржы деген батыры Керейді шауып, Шолпан деген қызын тартып алып кетеді. Шолпан Мұалы деген ел биінің қызы. Ол Түкібай деген жігіттің қалыңдығы болады. Түкібай Есентай баласы, Керейдің Жәнтекей руынан шыққан. Елді шауып, мал-мүлкін барымталағанда, Шолпан қыз Доржыға барып, төрт түрлі шарт қойып, елі үшін құрбандыққа барып, өзі

Доржымен бірге кетеді. Доржы қызды еліне әкеліп, оныңсусынына наша қосып беріп, алдап, қызды жүкті етеді. Түкібай іздеп барып, Доржыны өлтіріп, қызды алып қайтады. Түкібай мен Шолпанға көмек беріп, жәрдем еткен Доржының жиырма жыл қызмет еткен малайы Құртқа Керейге келіп, әйел алып қазақ болып кетеді. Қыз ұл босанып, атын Жаубасар қояды.

Жыр сюжеті ғашықтық мазмұнға арналғанмен мұнда ғашықтық жырда кездесетін түрлі мотивтер кездеспейді. Тек түс көру мотиві көрініс береді:

Дәл келсе кешегі күн көрген түсім
Келіпті тап осы үйге менің кісім
Шам жағып сен әперіп от жақ бағын
Жарыққа жатыр екен үйдің ішін
Мүмкін ол келген шығар, келе жатыр
Жан едік жатпайтұғын жүрегі асыл
Келеді ұрышылап аз кісімен
Елде жоқ топ жиятын Жәнен батыр (Жәнібек батыр) [123]

Екі жастың естен танар ғашықтық сезімі өзге жырлардағыдай асыра суреттелмейді. Бұдан бұл жақтағы қазақтардың ғашықтық жырларында ғашық жастардың ынтық көңілдері асқақ жырланбайтынын көруге болады. Оның орнына күнделікті тұрмыс оқиғаларына көбірек орын беріледі.

Бұл Қытайдағы қазақ жыршыларының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндағы ғашықтық жырларда байқағанымыз, гиперболалық тәсіл, көрмей ғашық болу, яғни шындыққа жанаспaspайтын оқиғалар мен фантастикалық көркемдеу кездеспейді. Мұндағы ғашықтық жырлар негізінен әлеуметтік жайларды баяндайды. Қиялдан көрі нақтылық орын алған.

Жырдағы негізгі кейіпкерлер өз мақсаттары үшін күреседі. Түкібай сүйгені Шолпан үшін күресіп, батырлық көрсетіп, Доржыны жекпе жекте өлтіреді. Бұл жағынан Қозы мен Төлегеннің әрекетіне ұқсайды. Алайда, мұндағы алғашқы ерлік қыз тарапынан көрсетіледі. Ол елі үшін өзін құрбандыққа шалып, жауына беріледі. Шолпанның төрт шарт қойып, сол арқылы елін жау қолынан құтқаруынан қыздың ерлігі мен даналығы қатар көрінеді. Ол өз басының мәселесін емес, елінің мақсат-мүддесін бірінші орынға қояды. Бұл ең алдымен елін қоршап алған қалың жау-қалмақтардан құтылудың тура жолы. Бұдан біз қазақ қыздарының ерлермен қатар батылдық, қажырлық танытқанын көреміз. Мұндай ерліктерді біз Құртқа, Қарлыға, Ақжүніс, Баян т.б. қыздардың бойынан байқаймыз. Қыз ерлігі жырда былай суреттеледі:

Шолпан қыз сылаң қағып шығыпты үйден,
Булығып жау үстіне қатты үйген.
Дауыстап өз еліне «тоқта» дейді,
Аялап туған халқын жаны сүйген.
Уа, жұртым, шуылдамай сабырлық ет,
Кең ойлап әр нәрсенің түбіне жет.
Пайда жоқ бір мен үшін қырылғаннан,

Ұнайды артын бақса ашулы кек, – деп жау Доржыға төрт шарт қояды.

Сондай-ақ жырда Шолпан өзінің алданғанын білген кезде бар даусымен шынғырып, есінен адаса жаздаған сәтінде торғауыттар кешілдерін (діни оқытушы, бақсы) шақыртады. Ол былай суреттеледі:

Шақыртты Доржы залым кешілдерін
Кенеттен желікті деп есіл келін
Кешілдер домын домдап гүжілдеді (домын оқығанда қағатын барабан)
Шақырып бұрхандарын (бұрхан –кұдай аттары)
Жатты Шолпан талып, күні-түні
Мәнісін білді Құртқа болған істің
Жаны ашып жардамдасар жалғыз өзі
Қайғырмас одан басқа Шолпанға ешкім
Жүдеді ауырғандай үш ай сүзек
Бақсы ойнап, бал аштырды салды күзет

Бұдан біз торғауыттардың адамды емдеу тәсілінің бірі – бақсылық екенін көреміз. Олар да өз құдайларын шақырып, барабанын қағып бақсылық жолмен тәуіпшілік жасағанын байқаймыз. Яғни жырда шаман дінінің сарқыншағы көрініс тапқан.

Сол сияқты кейіпкерлердің дүниеге келуі, бір-біріне ғашық болуы туралы сөз етілмейді. Түкібай жауына дәстүрлі эпостардағыдай тоғыз қабат сауыт киіп, семсермен аттанбайды. Жырда бұл:

Қасыма бес жігіт бер өзім барам,
Жауыммен жеке айқасып кегімді алам.
Шолпанды жау қолынан босатпасам,
Мен де өлем, қалған тірлік болсын арам.
Көп жиып бара алмаймын жарым үшін,
Барамын адамшылық арым үшін,
Бұл жұмыс жеке бастың сыбағасы
Халықтың жұмсамаймын қалың күшін [123,29], – деп баяндалады.

Яғнимұндағы кейіпкерлер эпикалық күштің емес, қарапайым күштің иелері.

Жырда негізгі көмекке келетін кісі қалмақтың өз адамы – Құртқа. Ол Түкібаймен достасып, қыздың босап шығуына көмектесіп, жыр соңында қазақ еліне сіңіседі. Жау арасынан дос табу «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының қытайдағы Дәуіт ақын нұсқасында да кездеседі. Онда Қозы қалмақ ханы Уаң ханмен достасып, Баянды қызындай көріп, жасауымен ұзатады.

Жырда Шолпан сұлу монологы эпикалық бейнелеу тәсілімен беріледі:

Ақылды асқан сұлу қыз бар екен,
Мұңалы деген биде Шолпан атты.
Қыпша бел, орта бойлы, қырлы мұрын,
Бетінен көргендейсің күннің нұрын.

...Ақша бет, алқызыл гүл бір мін жоқ,
Жаратылыс жер бетінде.

Салалы саусақтары сүйір тұяқ,
Қанбайды қараған көз келбетіне...

– деп, ақын қыздың бет жүзін толық суреттейді.

Яғни жырда жыршы кейіпкерлерге толық мәлімет беріп отырады.

Сонымен бірге Сағдолла Нұралин түсініксіз сөздерге қысқаша түсініктеме беріп отырады. Мысалы: пәш – жариялау; жылбысқы – тері; сауға – олжа; әркі – монғол арағы; кешіл – бақсы, сүрей; бұрхан – құдай аттары; кежім – жүйріктің жабуы т.б.

Дастан негізінен ұлт арасындағы араздық пен ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік және адамгершілік әрекеттерді көрсетеді.

Жырды 1963 жылы Шығыс Қазақстанға жасаған экспедиция кезінде ел аузындағы аңыздан жазып алып, жырға айналдырған – Сағдолла Нұралин. Жыр көлемі – 52 бет.

«**Анар – Сәуле**». Таңжарық Жолдыұлы жырлаған туынды шынайы оқиғалар барысында, реалистік сипатта туған. Дастанда Қытайдағы қазақтардың өмір сүрген феодалдық қоғамның күрделі кезеңдегі тарихи оқиғалар көрініс береді.

Дастан 1982 жылы Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан жергілікті ақын Әбдіманап Әбеуұлының берген нұсқасы бойынша баспа бетін көрген. 1990 жылы Күнес ауданының жыршысы Рымбек Сарқұлжаұлы айтқан нұсқа Шыңжаң «Халық» баспасы Т.Жолдыұлының таңдамалы шығармаларының 2-томдық жинағына енген. 2001 жылы «Елорда» баспасынан ақын шығармаларының 1-томында жарық көрген. Мәліметтер «Бабалар сөзінің» 25-томындағы ғылыми қосымшасынан алынды [91, 380].

Жыр көлемі – 3823 жолдан тұрады. Ақын образдарды бейнелеуде шырайлы теңеулерді пайдаланып, эпосқа тән бейнелеген. Кейіпкерлері көп шығарма, түрлі сюжеттерден тұрады. Жырда орыс сөздері кездеседі: магнит, скопка, рюмка, печать, фонар т.б.

Жыр сюжеті: Қыз бен жігіттің бір біріне ғашық болуы; оларға қызға ғашық жігіттің бірінің қастық ойлауы; екі жасқа достары мен қыз жеңгесінің көмектесуі; қызға Жомарт байдың құда түсуі; екі жастың елден қашуы; Сәтбай аңшының жастарды ұстап, оқиғаның шиеленісуі; мәселені ұлықтың заңмен шешуі; Сәуленің түрмеге тоғытылуы; пара беріп, босауы; қызды алып мұратына жеуі.

Жырда қызға ғашық жігіт Нәзірдің екі жастың ортасына түсіп, қастық ойлауы өзге дәстүрлі эпостардағыдай орын алған. Бұл Қодар, Бекежан бейнелерімен ұқсас.

Эпикалық санаға тән мотивтердің тағы бірі – Сәулебектің досы болып жүріп, ту сыртынан атқан Нәзірді жазалауы. Ғашықтық эпостың шарты бойынша, сатқындық жазалануы тиіс. Алайда, мұнда Сәулебек сатқынды өлтірмей тек қорқытады. Оның себебі, әруақты атап, мылтықтың аузын жалап, ант беруі болатын. Мұнда қазақ халқының ант беру рәсімі көрініс

береді. Жаугершілік заманда сарбаздар елдің намысы үшін қылыштың жүзін сүйіп серт берген. Антқа адал болмаған жағдайда ант ұрып, қарғысқа ұшыраған. Жырда да қылыш орнына мылтық дүмбісін сүйген Нәзір сертінде тұрмай оққа ұшып, қаза болады. Демек, адалдықтан айныған жағдайда қарғысқа ұшырайды.

Яғни, талқыланып отырған жырда бас кейіпкер Сәулебек досының сатқындығы мен әрекеті эпикалық заңдылықтар мен дәстүрлі этикаға сай көрініс берген.

Мұнда эпос пен ертегілерде міндетті түрде орын алатын ғажайып көмекшілердің орнын қарапайым адамдар басқан. Оқиға желісіндегі кедергілер мен көмектер көне замандағы дию, жезтырнақ, жалмауыздар тарапынан немесе желеп-жебеуші күштер емес қарапайым адамдар, ұлық, бай тарапынан жүргізіліп отырады. Яғни қиял-ғажайып, ертегілік сюжеттер емес, шындыққа жақын мотивтер орын алған. Осыған қарап, жырдың бертінде пайда болғанын аңғаруға болады. Оларды жастардың үнемі хат алысуы мен түрмеге жабылуы және пара алу, карта ойыны арқылы да байқауға болады.

Мұндай тақырыптағы дастандарда бас кейіпкер әдетте кедей таптан шығады. Ол кедей болғандықтан, қалыңмалын төлей алмай, қызды алып қашу/ұрлау жолымен сүйгеніне қол жеткізгісі келеді. Яғни Сәулебек бай баласы Жомартпен бәсекелесе алмайды. Ал қомақты мал алып қойған қыз әкесі борышкер болып, күйеу жігіттің ықпалында болады. Сондықтан борышкер әкенің қатал үкімі әлеуметтік сипат алады. Бұл жағдайда байлық пен кедейлік тобыныңара жігі ашылады. Кедей жігіт образы адал, бейнетқор, өз дегенінен қайтпайтын қайсар болып бейнеленсе, қарама-қарсы топ керісінше, дүниеқоңыз, зорлықшыл, пасық етіп көрсетіледі. Демек, бұл дастандарда таптық бәсеке, әлеуметтік мәселе көрсетіледі.

«**Садық – Сәлиқан**» жыры да аталған тақырыпқа арналады. Жырды Қытайдағы Іле Қазақ автономиясындағы Күнес ауданының ақыны Таңжарық Жолдыұлы жырлаған. Ақын шығарманы 1945 жылы Үрімжі түрмесінде руы Мәнкей Дөртуыл Қамидан жазып алғанын айтады:

Бұл сөздің болғаны шын басындағы,
Сөз екен әбден ұққан жасындағы
Дөртуыл Қами айтып беріп еді,
Мәнкейдің алтай керей қасындағы.
Жүріпті ұмытылмай мүлде есінде,
Мен болсам қалмас еді бірі есімде.
Мың тоғыз жүз қырық бес санасында,
Үрімжінің екінші түрмесінде [91, 245].

Дастан махаббат тақырыбына арналғанмен мазмұны қазақ-қалмақ жаугершілігін сөз етеді. Сыр бойында өткен оқиға шытырман сюжетке құрылған. Жырда құбылу немесе киім ауыстыру мотиві кіргізілген. Ол

адасып қалғанда қыздардың әйел болып жүруден қорқып, еркекше киініп алуы. Сол сияқты түс көру, әулиеден медет сұрау мотивтері де қолданылады.

Ақын бірнеше эпизодты Қыз Жібек жырынан қосқан секілді көрінеді. Олар: жігіттің қалыңдық іздеуі, қыз ауылы көшіп, көштің соңынан сүйгенін көруі, көш бойы көрген көптеген сылқым қыздарды ұнатпауы, қыз бен жігіттің бір-бірін айтысып барып табысуы айтқанымызды растайды.

Оқиғаның қысқаша мазмұны: Есім атты байдың Сәлиқан мен Сағымжан атты білімді, сұлу екі қызы мен келесі бір ауылда Нұрым деген байдың Садық, Сабыр атты ұлдары болуы; оның Садық ұлы қалыңдық іздеуі; Бір бай өліп, нәзіріне Садықты ертіп Нұрым байдың келіп, су тасуға шыққан қызды көріп, жігіттің ғашық болуы; Қыз бен жігіт кезігіп, оны үш тілек қоюы; қалмақтан жау келіп, соғыс болып, бірінде жеңіп, екіншісінде Садықтың жаралануы; досы Мәліктің қыз аулына баруы; қыз әкесі Есім бай өліп, қыз үйін көшірмек болуы, Мәлік інісі Әріптің құбылып диуана болып баруы, оның қызықты әрекеттері, қалмақтың тағы соғыс ашып, Әріп екі жылқышы мен екі қойшыны алып малды айдап қашуы, Жұпар елмен бірге қашып, қыздарының боранда адасуы; Жұпардың Төленді атты баланы дүниеге әкелуі, Әріптің елге келуі, Садықтың інісі Сабырдың Жұпар ауылын, қыздарды тауып, мұратына жетуі. Сәлидің Құдайға мінажат жасап, әйелдің пірі Фәтимадан, Нұрмұхамед – Сәруір, Фәруар, Қадишадан, ерлердің пірлері Ғалишер, төрт мұрсалат, шәһаржар періште, Бабақұмар шашты Әзіз бен әулиелер Қасейін мен Құсейін, Зейнел Ғабиденнен, ғашықтардың пірі Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиқа, Фаһирам мен Гүләнда, Әмір мен Үзира, Ғарып пен Санам, Фархат пен Шырын, Тахир мен Зухра жеті ғашықтан медет сұрап, Баба түкті Шашты Әзіздің аян беруі мен «Аллаға жалбарыну» мотивін жыршы өз кезегімен ұтымды қолдана білген. Жырдағы **«Аллаға жалбарыну»** мотиві былай көрініс береді:

Расул Алла, жәрдем бер,
Біз де сенің үмбетің.
Тас басында қол жайып,
Тұр зарланып бір жетім.
Жақсылықтың көрсетші
Үмбетім десең, бір шетін.
Жетімдерді есіркеу
Емес пе еді міндетің? [91, 220]

Жалпы эпостық жырларда мұндай мотив әр түрлі ситуацияда қолданады. Көбіне шарасыздық пен қиыншылықта кездеседі. Бұл мотив фольклорда кең тараған тұрақты мотивтердің бірі. Бұл кейіпкер жанының киналған кезінде, шарасыз қалып, күйзеліске түскен кезде қолданылады. Бұл мотив те міндетті түрде орындалып, кейіпкер ол қиындықтан Алланың құдіретімен, пірлердің жебеуімен құтқарылады. Яғни, Ислам дінінің енуі кезеңінде пайда болған мотив «Таһир – Зухра», «Сәнуар патша», «Екі ағайын» сияқты басқа да көптеген дастандарда кездеседі.

Бораннан адасқан қыздар Аллаға жалбарынып, әулиелерден медет тілейді. Олардың тілегі қабыл болып, Баба түкті Шашты Әзіздің аян беруімен тура жолға түсіп, Садықтың інісі Сабырмен жолығады. Байқағанымыздай, мұнда «**аян беру**» мотиві де қолданылады:

Күңіреңтің мұңлы үнмен жанның бәрін,
Келеді, кешікпейді ғашық жарың.
Сен шақырған әруақтар бәрі жар боп,
Қабылданды, ғарібім, қылған зарың.

Бұдан соң қылма, балам, қайғы мен зар,
Қашан болса, біз саған боламыз жар.
Бір атың шылбырыңа оралып тұр,
Менің атым – Шаштыәзиз, тез тұрып бар [91, 223]

Мұндай сарын дәстүрлі эпостарымызбен қатардастандарда да кеңінен пайдаланылады. Мысалы, «Екі ағайын», «Таһир – Зухра», «Сәнуар патша» сол сияқты басқа да көптеген діни дастандарда кездеседі.

Мәтін 2002 жылы Астана қаласында «Елорда» баспасы шығарған Таңжарық Жолдыұлы шығармаларының 2-томдық жинағынан басылған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 25-томынан алынды.

«**Олжа қыз**» жыры XIV ғасырдың аяғындағы қазақ-қалмақ қақтығыстары кезінде өмірде болған оқиға ізімен жырланған шығарма. Негізгі тақырыбы қазақ жігіті мен қалмақ қызының арасындағы махаббат трагедиясы. Көлемі шағын шығарма 456 жолдан ғана тұрады. Мазмұны аяқталмай қалғандай көрінеді яғни соңы жұмбақ күйінде қалады. Бұл жыршының оқырманның қиялына тастаған ойы мен өзіндік шешімі, ерекше әдісі деп қабылдаймыз.

Шығармада перзентсіздік мотиві байқалады. Соғыста жеңген қазақ қалмақтың сұлу қызын тұтқынға алып, оны бес әйелі болса да бір баласы жоқ ханға тапсырады. Хан өз қызы етіп асырап, оған Олжа деп атын қояды. Оқиға ханның Сауық атты тауып алған өнерлі, білімді жалғыз ұлынан жүкті болып қалған қызбен бірге екеуін өлімге жарлық шығарып, жұмбақ жанның басқа жолмен жазалауды ұсынуымен аяқталады.

Жыршы осы арада көкек құсы туралы аңызды келтіреді. Оның Зейнеп атты жары болғанын, топан су басқанда (океан) мұхиттың арғы бетінде қалып кетіп, Зейнеп «Көкек» деп үнемі жарын шақырып тұрады екен. Бұдан жыршының жалпы қыз атаулының ең бірінші ар-намысын жоғары қоюға шақыратынын байқаймыз.

XX ғасыр басында Шыңжаңдағы қазақ ақындарының бірі Тілеубай Шаймарданұлы аңызды қайта жаңғыртып, 1972 жылы дүние салар алдында Тарбағатай аумағының Толы ауданындағы қаламгер Ғаппар Біләлұлына тапсырған екен. 2002 жылы Асқар Игенұлы «Мұра» журналының №2

санында тұңғыш рет жариялаған. Мәліметтер томның ғылыми қосымшасын жазған ғалым С.Қосанның түсініктемесінен алынды [91, 388].

Бұл топтағы ғашықтық жырларда жастардың әрекет бейнелері асқақ жырланбайды. Оның орнына тарихи сипаты басым тұрмыстық іс әрекет пен нақтылыққа орын беріледі.

«**Байын – Жүрек**» шығармасы XVII-XVIII ғасырларда қазақ-қалмақ шапқыншылығы тұсында өткен тау аңызының атына қойылған. Шығарма әкелі-балалының шағын әңгімесін жырлайды. Сюжеті қызықты, шытырман оқиғаға құрылған. Негізгі сюжеті екі жастың махаббатына құрылған:

Қалмақпен қырғын соғыста батыр Жүрек қолға түсіп, зынданға тастайды. Моңғол әйел қазақ қызы Баянды асырап алғанын, қазақ-қалмақ соғысы кезінде қазақ әйелінің «қазаққа тауып қос» деген аманаты жайлы бойжеткен баласына жеткізіп, батыр Жүрекке қоспақ болады. Алайда моңғол ханы Піруә Баянды алмақ болып адам жібергенде қарсыласқан анасын өлтіріп, қызы мен ұлы қашады. Серіннің досы Жора көмектесіп, қызды құтқарғанмен жендеттер қайта келіп, қыз бен бауырын тормен шырмап қолға түсіреді. Ол соғыста қыз жараланады. Осы кезде жігіттің досы Жораның қулығы сюжетті шиелендіре түседі. Ол хан Піруәге көмектескен болып, қыз бен бауырын өтірік көндіреді, той жасалынып, араққа дәрі салып барлығын ұйықтатып, өздері қашады. Мұнда Бадымыра күзетші өткізіп жібергенмен соғыс болып, Серін мен Бадымара өледі. Екі жас орманға қашқанмен қолға түсіп, екеуінің де сыртынан оқ атып өлтіреді.

Шығармада аты аталатын Албан Ұзақ батыр тарихи тұлғаларының ұшырасуының өзі өмірде болған оқиға екенін көрсетеді.

Дастан Күнес ауданының тұрғыны Күлән Әжібекқызы айтып, оны Бейжиндегі «Ұлттар» баспасының шығарған «Қазақ қиссалары жинағының» 17-томына баспаға береді.

«**Сәлиқа – Сәмен**» жырында ертеде Алтай тауын мекендеген моңғол халқының ғашықтары туралы айтылған. Сюжет екі ғашықтың қосылуына қыздың әкесі қарсы болып, екеуінің қашуы мен соңында қыздың өзіне өзі қанжар сұғып, жігіттің де қосыла өлуіне құрылған. Жырда түс көру мотиві қылаң беріп, көмекші әулие бейнесі көрінеді. Ол Көкше әулиенің қыздың өзіне бұйырмайтыны мен Моңғолда Шыңғыс атты ұл туатынын айтады. Жырдағы көмекші сарыны мен қос ғашықтың Ұлан тауының басында бір жерде өлуі эпикалық шығармаларда кеңінен қолданылатын сарын екені айқын.

«Сәлиқа – Сәмен» жырын ғалым С.Қосан 1940 жылдары Болмас Төлемісұлы мен Мұқатай Серікбайұлының жырлуымен тарағанын айтады. Ақын Асқар Татанайұлының осы екі кісіден және өзге кісілерден жазып алып, өзі толықтырып, 1946 жылы «Ерікті Алтай» газетінде жариялаған, әуелде Әсет Найманбайұлы мен Қызыр Мамырбекұлы сияқты жыршылар жырға түсірген десе [91, 384], «Шалғын» журналының 1980 жылғы №1 санында 1979 жылы жазған Әмин Шапиковтың «Сәлиқа – Сәмен»

киссасының жарыққа шығуы және шығарманың авторы жөнінде» атты мақаласында жыр туралы мынадай мәліметті кездестірдік.

«Сәлиқа – Сәмен» 1927 жылға дейін татарша жәй әңгіме күйінде таралып келген. 1927 жылы Қызыр Мамырбекұлы жүйелеп, прозадан поэзияға, яғни қиссаға айналдырған. Жазып болған соң көшіруге Назарбекке тапсырған. 1928 жылы Назарбек ауылындағы шағын мектепте мұғалім болып жүріп, Қызыр қайтыс болған соң бірнеше рет көшіріп шығуға тапсырылған соң оның әйелі Дариға мәтінді қолына қайта алады. Ел арасына әр түрлі нұсқада тараған жырдың нақты реалды нұсқасы өзінде деп санап, нақты мәлімет беруді санайды. Әмин Шапиков 1940 жылы «Ерікті Алтай» газетінде жыр Әсет Найманбаевтың атымен жарияланып кеткеніне қынжылады. 1950 жылдардың соңында шетел (Қазақстанды айтып отыр. Г.А.) газет-журналдарында «Әсет Найманбайұлы жырлаған» делініп жарияланғанын қисынсыз санайды. 1928 жылы өзінің қолынан көшірілген нұсқа Әсет ақынның 1927 жылдан бұрын (1922 жыл) қайтыс болғанын келтіреді. 1910 жылдары Қызыр Шағантоғайға барып, Әсетке кездесіп қалды. Әсетке жазған бір өкпелі өлеңінде:

Ғиззатлы хат жазамын Әсет аға,
Аман ба, біз көргендей бала-шаға?
Әуелі тіршіліктен хабар беріп,
Айтамын енді бір сөз тыңдап қара.

...

Түсімде биік тауды араладым [67, 59-61]

– деп, Әмин Шапиков өлеңнің авторы Қызыр Мамырбекұлының авторлық төл шығармасы деп пайымдайды [67, 61].

Ал, ақын Асқар Татанайұлы өзі «Шалғын» журналының 1981 жылғы №1 санында «Сәлиқа – Сәмен қиссасы» жөнінде атты мақаласында жырды белгілі ақындар Болмас Төлемісұлы мен Мұқатай Серікбайұлынан жазып алып, Зада Әлемқызынан қолжазбасын алып, екеуін салыстырып, толықтырып, 1946 жылы «Ерікті Алтай» газетінде кітап етіп бастырғанын баяндайды. 1947 жылы Алтай қаласы Оспан батырдың (өзгерткен біз Г.А.) (саясатқа байланысты «банды Оспан» деп көрсеткен) таптауында қалып, өртеліп, көзі жойылады. Ақын бір кітапты сақтап қалады. Автор жайлы 1946 жылы дәлелсіз Әсеттікі деп басылғанын, сол кезде ол ақынның «Әсеттің Рысжанның айтысы», «Кәрібаймен айтысы», «Ақыт Дәуітпен айтысы» т.б. көптеген өлеңдерінің таралып жүргенінен телініп кеткенін айтады. Ақын Әмин Шапиковтың Қызыр Мамырбекұлынан тарағанына хабары жоқ екенін келтіреді де нақты кімнен тарағаны белгісіз «халықтық туынды» деп қорытынды жасайды [36, 58].

Осы орайда Б.Нұржекеев жырдың алғаш рет 1945 жылы Шыңжаңда, Қазақстанда 1960 жылы «Дастандар» жинағында жарық көргенін, соңғы кезде Қызырға тиесілі екенін естіп жүргенін айта кетуге болады. Оның себебін 1981 жылы Шыңжаң Ұлттар баспасында Қызыр Мамырбайұлының атынан

жарық көргенімен түсіндіреді. Алайда, дастанның нақ Әсеттің төл туындысы екендігін бірнеше жолдармен дәлелдейді: 1. Әсет пен Қызыр жегжат адамдар. Олар ара-тұра бірі-бірімен өлеңмен қағысып отырған. Әйтсе де Қызыр дастан туғызатындай ақындығы шамалы дегенді келтіріп, төре адамның төрелерді қатігез етіп бейнелеуі мүмкін емес, керісінше, Әсет төрелерді шенеуі мүмкін екенін алға тартады. 2. Автор 1983 жылы Ғ.Құлахметовпен бірге Ә.Сыздықбаевқа жолыққанда мынадай әңгімені естігенін келтіреді. Онда Қызырдың өзінде монғолдардың бір аңызын Әсетке жаздырып, Әсет жоқта өзінің атынан жариялағанын, кейін екеуі араздасқан соң арғынның бір қызы Әсетті сақтандырғанын, Әсет 1920-1921 жылдары Буратолға қайта келгенінен хабар береді. 3. Зерттеуші Е.Байтоқов «Шығыс Түркістан қазақтарының әдебиетімен өнері хақында» мақаласында жырдың Әсет ақындікі екендігінен күмән келтірмейтінін де қоса келтіреді. 4. Б.Нұржекеев ақынның тілдік қолданысындағы тіркестер арқылы шығарманың Әсеттің төл туындысы екендігін дәлелдейді. Мысалы, «Салиқа – Сәмен» жырындағы «Ақ етін, қызыл бетін қанмен жуып, Еріксіз қолмен жойды ғазиз жанды» тіркесінің «Шеризаттағы» «Аппақ ет, қызыл бетке қарамастан, Бауыздап бейшараның басын алды» болып ауысуы бір қолдан шыққан дүние екендігі көрінеді [124, 33-35.].

«Сәлиқа – Сәмен» жыры туралы С.Қожағұл екі томдығын құрастырып, көлемді мақала жазған. Сонда зерттеуші былай: ««Сәлиқа – Сәмен» дастанын Әсет Қызыр төренің үйінде жазған еді. Қызыр да өлең шығарған. Әсетпен әзілдесіп өлең-хаттар жазысқан, бірақ белгілі шығармасы жоқ. Алайда Әсет пен Қызыр төренің арасындағы жақындықты Шыңжаңдағы зиялы қазақтардың кейбіреуі қате түсініп, 1980 жылы «Ұлттар» баспасы Әсеттің «Салиқа – Сәмен» дастанын Қызыртөренің шығармасы деп жаңсақ жариялап жіберген», – деп жазады [125, 363].

Бұл келтірген деректерді жинақтай келе, біз де шығарманың Әсет Найманбайұлының авторлық туындысы деп қорытындылаймыз. Әрине халықтық сипат алып, ауыздан ауызға тарап, бірнеше нұсқасы пайда болған жырдың түпнұсқасын табу оңай шаруа емес. Дегенмен, біз де Әмин Шапиковке қарағанда тұжырымы ақиқатқа келетін зерттеушілердің болжамына толықтай қосыламыз.

Жоғарыдағы туындылар XVIII-XIX ғасырдағы Қытайда өткен тарихи жағдайларға байланысты туып отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқы үшін өте ауыр кезең болғаны баршаға мәлім. Ол ауырлық Ресей мен Қытай арасында туған мемлекеттік шекараны бөлу туралы шешім еді. Шекара бөлудің соңы өңірлік/тарихи жырлардың дүниеге келуіне себеп болды. Яғни тарихи жырлардың тамыры халықтың қалыптасу, даму тарихымен тығыз байланысты.

Ақын-жыраулар батыр ерлерін мақтан етіп, олар туралы түрлі жырлар туғызды. Бұл тұрғыда академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер. Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып

өткен тарихи оқиғадан туады» [5, 140] десе, академик С.Қасқабасов: «Тарихи өлеңдер қоғам дамуының әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи кезеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоныкөк т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [126, 28]», – деп тұжырым жасайды. Бұлардан біз тарихи оқиғалар негізінде ғашықтық жырлардың дүниеге келгенін көруге болады. Яғни, бұл топтағы Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары шытырман сюжетке құрылып, тарихи кезеңмен қосыла жырланған реалистік сипаты басым фольклорлық туындылар болып табылады. Яғни бастан кешкен қайғыға толы өмірі мен зобалаң нәубеті рухани мұраларында кең көрініс тапқан. Көрініс тауып қана қоймай, дәстүрге сай қайта жаңғыртылған.

Бұл тақырыптағы дастандардың мазмұндық ерекшелігін төмендегі сызбадан көруге болады.

Өмірде болған оқиға ізімен пайда болған дастандардың схемасы



Сызба-3.

4. «Қазақстандағы жарияланған мәтіндердің Қытайда жырланған варианттары». Зерттеу барысында Шыңжаң қазақтары Қазақстанда жарияланған мәтіндерді алып, жырлардың өзгеше варианттарын туғызғаны анықталды. «Қазақтың ғашықтық жырларының» 1986 жылғы басылымында Қазақстанда жарияланған біршама шығармаларды түрлендіре жырланған мәтіндер топтастырылды. Соның бірі, көлемді «Жүсіп – Зылиха» жыры. Ауызша нұсқасы біздің жыл санауымыздан бұрын төртінші ғасырда таралған. Сирия, араб, парсы әдебиеттерінде мол таралған жыр негізінен жазба әдебиетте жырланады. Әбдірахман Жамидың 1483 жылы 77 тарау, төрт мың баяттік дастанға айналдыруы арқылы «Жүсіп – Зылиха» жыры

дүниежүзілік аңызға айналды. Белгілі мәліметтерде көрсетілгендей, оның байырғы қолжазбалары бұл күнде Британия музейі мен Берлин кітапханасында сақтаулы.

«Жүсіп – Зылиханың» қазақ арасына ауызша, жазбаша таралуына Жүсіпбек Шайхысламұлының еңбегі зор. Оның «Қиссаси Хәзірет Жүсіп Ғалейхислам мен Зылиханың мәселесі» атты нұсқасы 1800 жылдың соңы мен 1900 жылдың алғашқы кезінде Қазан қаласында жеті рет (1893, 1898, 1901, 1904, 1907, 1913, 1918 жылдары) басылып шықты. 1976 жылы Қазақстанның «Жазушы» баспасында «Ғашық нама» жинағында 1918 жылы басылған нұсқасы «Жүсіп – Зылиха» деген атпен қайта басылды. 1986 жылғы жинақта Сауан ауданындағы Шәріп құсбегі мен Құлжа қаласындағы Ашкен Аққужинның басқалардан дәптерге көшіріп сақтаған нұсқаларының салыстырылған нұсқасы жарияланған. «Ғашық намада» жарияланған нұсқадан екі жүз шумақ шамасында көлемді.

Сонымен бірге ХІХ ғасырда қазақ даласына Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент қалаларында басылған «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха», «Сейпулмәлік-Бадиғұлжамал» т.б. қиссалар тобы тарала бастады.

Қазақ жырларының ішіндегі «Сайпулмәлік – Жамал» жыры негізінен шығыс әдебиетінің дәстүрі негізінде дүниеге келген дастандардың бірі. Бұл қазақ арасына ең алғашында арабтың «Мың бір түн» ертегісінің «Сейпулмәлік Бадиғұлжамал» дейтін тарауынан таралады.

Жырда басшылыққа алынатын сюжет «Мың бір түн» цикліне кіретін «Сказка о Сейф аль-Мулуке» [127] ертегісінен алынады. Ол кейіпкердің өз мақсатына жету үшін көмекке келетін қосымша магиялық зат – ғажайып жүзік.

Мұндай сиқырлы заттар (ғажайып жүзік, жануардың қылы, бақсының аса таяғы т.б.) ғажайып тылсымға ие. Ол түрлі бәле-жаладан сақтап, үлкен істерді атқарады. Бұл жөнінде В.Я.Пропттың пікірін келтірген орынды: «Сила откреплена от предмета и вновь прикреплена уже к любому предмету, внешне не представляющему никаких признаков этой силы. Это и есть «волшебный предмет»» [128, 195].

Мұндай сиқыр, ертегілік сарын «Алладиннің сиқырлы шамы» сияқты қызметке ие. Мұндай ғажайып жүзік жөнінде эпостанушы ғалым Р.Бердібаев: «Ерте кезде жастардың еркін махаббаты деген төте жолмен табиғи еркін шешілместей қиын түйін болған. Сол себептен де – жырда олардың өзара мәселесі ғажайыптың, қиялдың, ерекше күштің, «жебеушінің» көмегінсіз мұратқа жетпейді» дейді [129, 247].

Негізінен жыр екі түрлі атпен тарайды. Бірі – «Сейпулмәлік», екіншісі – «Сейпулмәлік – Жамал».

1807 жылыхатқа түскен. «Сейпулмәлік» деген атпен Қазан қаласында басылған 115 беттік жыр қазақ тілінде баспа көрген тұңғыш туынды саналады. Бұл нұсқа Мәскеудегі Ленин атындағы мемлекеттік кітапханада, көшірмесі Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. Тюрколог ғалым, академик Радлов бұл нұсқаны

1870 жылы қазақтың әдеби шығармаларына арналған жинағының 3-томында жариялаған. Жүсіпбек Шайхисламұлы өзгерістер енгізіп, 1903-1908 жылдары Қазан қаласында қайта бастырады.

Қытайда «Сейпулмәлік – Жамал» дастанын өз алдына өзгеше жырлаған адамның бірі – Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов. Дастан алғаш 1882 жылы «Қисса Сейфулмәлік шаһзада ағазқардан Бәдиғұлжамал перизат» деген атаумен жарық көрді. Бұл нұсқа Қазан және Алматыда әртүрлі себептерден «Хиссаси Сейпулмәлік», «Хиссаси Ғәбдүлмәлік», «Сейпулмәлік» деген үш түрлі атпен жеті рет (1895, 1902, 1904, 1909, 1906, 1914, 1976 жылдары) баспадан шыққан. 1986 жылғы жинақта Ақыт Үлімжіұлы жинаушылар ұлы Ғазиз бен Қалибек Манапұлының қолынан алынған көшірме нұсқасын жариялаған. Радлов пен Жүсіпбек Шайхисламұлы жариялаған нұсқадан бұл нұсқа көлем жағынан да, көркемдік, жазу өнері жағынан да біршама өзгеше берілген.

Қазақ фольклорында «Сейпулмәлік – Жамал» дастанының 2005 жылы «Бабалар сөзі» атты ғылыми серияның 17-томында «Сейпілмәлік» атымен таралғаны алғаш хатқа түскен нұсқасы мен Қытайдағы ақын Ақыт Үлімжіұлының нұсқасы салыстырылды.

Жырдың негізгі тақырыбы – екі жастың махаббаты, сол жолдағы негізгі күрес. Бірақ мұндағы күрес ғашығының адам емес пері болуы. Яғни «**Періге үйлену**» мотиві негізге алынған. Бастан-аяқ үлкен рөлге ие. Бұл мотив Стив Томсонның «Marriage or liaison with fairy» («Перілермен үйлену немесе олармен болған байланыс») атты индекс көрсеткішінде F 300 нөмірімен белгіленген [96].

Аталмыш мотив ноғайлы жырлары ішінде ескі шамандық нанымдардың көп кездесетін эпостарымыздың бірі «Едіге батыр» жырында кездеседі. Едігенің әкесі Баба Түкті шашты Әзіз перінің қызына үйленуі ескі түркі нанымына сәйкес болса, Сәтемір патша Едігені отқа салғанда, Едігенің пері-әйелінің көмегімен отқа жанбай, кейін залым патшаның өзін алдап: «О дүниеде әкенді көрдім», – деп, өзін жағып жіберуі ескі зороастра дінінің сенім-нанымынан туғандығын көрсетеді. Бұл мотив Қытайдағы қазақтардың «Маймыл келіншек», «Дастарқан» т.б. дастандарында кеңінен көрініс береді [130, 157-165].

Дастанда сонымен бірге перзентсіздік және көрмей ғашық болу (суретке) мотивтері қолданылады. Көрмей ғашық болу мотиві туралы ғалым А.Қыраубаева: «Сырттай ғашық болу сюжеттерінде суретте көрген қыз бірден, «тағдырдың талайы», «тағдырдың салғаны» деп қабылданып, мінезі, тәрбиесі, т.б. ескеріліп жатпастан, қаһарман онымен қалай да қосылуға міндетті болады», – дейді [131, 194].

Ғылымда «сырттай ғашық болу» деп жіктелген мотивті арнайы зерттеген Б.Әзібаева: «Бас кейіпкердің белсенді әрекетінің негізгі себебі болып табылатын «сырттай ғашық болу» мотиві қазақ эпосында кең таралып, оқиғаларды байланыстырушылық рөл атқарады... «Сырттай ғашық болу» мотивінің түрлі формалары бар: ғашықтық сезім

сұлудың суретін көргенде немесе сұлулығын сырттай естігенде бірден пайда болады, сондай-ақ кейіпкер түсінде көрген бейтаныс қызға, сұлу қызға айналған алтын елікке, бейтаныс сұлудың шашына ғашық болуы мүмкін... Ал оның жиі кездесетін формасы сиқырлы сәуегей түс болып табылады» [132, 15-38].

Шытырман сюжетке негізделген дастанда ғашықтық жолдың ауырлығын сезіндіру мақсатында түрлі кедергілер беріледі. Олар: перілер мекені Иранбаққа барар жолдағы дауыл, адам жегіш Зеңгі аралы, адам жегіш маймылдар аралы, ғажайып кең көркем арал, Аспандир жері, жалғыз өзінің жолбарыспен, арыстанмен алысуы, дию елі, жүз кемеге артқан жүз мың адамнан соңында досы Сағиттың ғана қалуы.

Мәтінде кейіпкер аттарымен қоса араб-парсы, түрік сөздері өте көп қолданылған: ғайыш-ғашырат, кішік (түрік), лағыл-шамдал, мағрифат, камари, сабах, хамдұ сана, тағрип-таныстыру, жақ-ұрыс ұралы, сәйях-кезбе, афған-нала, қайғыру, фырағат-бостандық, изажат-рұқсат, пәруаз-шақыру, мәулә-рақымды ие, тас байлау-қайғыру (арабтардың қатты қайғыда яки аштықта ішіне тас таңып алатын әдеті), хұжыра-бөлме, окпа-тоқырау (арабша), нимаиет-шексіз, харам-көркем, әдемі т.б.

Бұдан жыршының араб-парсы тілін жақсы білгендігі мен ертегінің шығыстық нұсқасын солай қалдырғысы келгендігін байқауымызға болады.

Қытайдағы нұсқа мен Қазақстанда жырланған «Бабалар сөзі» көптомдығының 17-томында жарияланған нұсқаны қарағанымызда, мәтіндердің сюжеті, композиция және кейіпкерлер жүйесінде айтарлықтай айырмашылық жоқ екені байқалды. Тек қытайда араб-парсы сөздерін өте көп қолданып, бірден аудармасы беріледі. Ал Қазақстандағы нұсқада барынша қазақиланғаны айқындалды. Мысалы, Фағыфыр Чин парша халқы Пағпұршын деп өзгертіле, Чин патшалығын жергілікті қазақтар Шын етіп алады. Дию аты Асұт – Асут, дария атауы Күлзім – Қылзам, Ғасым – Қасым, Йаман – Иемен, жұмла-хәмлә т.б. деп берілген. Байқалған айырмашылықтарды былай тізбектеуге болады: 1) Шахзаданың қоштасуынан соң бірден соң шахзаданың сапары кезектесіп орындалса, Қазақстандағы нұсқада алдымен патшаның ғазалы, анасының ғазалы, шахзаданың жылағаны яғни бір-бірімен қоштасу диалогі беріледі. Яғни, Ақыт нұсқасында бұл эпизод қысқа баяндалса, Қазақстандағы нұсқада арнайы кеңінен әңгімеленеді 2) Иранбақты іздеу жолындағы дариядағы апат екі түрлі баяндалады. Қытайдағы нұсқада төрт жүз кеменің апатқа ұшырау себебі жел болса, келесі нұсқада жел, дауыл және зәңгілермен судағы соғысы болып табылады. 3) Образ бейнелеуде мынадай айырмашылықтың орын алғаны байқалды. Қытайдағы нұсқада Зеңгінің қызы қысқа ғана айтылып өтсе, Қазақстандағы нұсқада Зеңгінің қызы (адам жегіш) былайша суреттеледі:

Қызартып қара жүзге опа жаққан,
Басына үкі орнына балдыр таққан.
Қасына қара көмір сүрме тартқан,

Емшегін бір сабадай салақтатқан.
Дұшпанның бойын көрсең мұнарадай,
Аузы үлкен үңгір бейне ғардай.
Көзі бар үзеңгідей, мұрны көрдей,
Өзі үлкен құлақтары тебінгідей.
... Судағы салындыдан өзек салған,
Қолына ақ қабықтан жүзік салған.
Секілді піл тырнағы, тырнақтары,
Қызартып қына кепті бояп алған.
Жүрісі дәл түйенің жүрісіндей,
Күлісі айғақ құстың күлісіндей.
Құлаққа сырға орнына сарымсақ сап,
Айта алман сипат қылып бірісін де-ай.
Жабылып піл секілді құлақтары,
Салынып түйе кепті дудақтары.
Тілі оның жаһаннамның қаһарындай,
Секілді айыр ағаш сирақтары.
Бұзылған һәр тесігі қазған індей,
Жүзі қара бұлғтай, айсыз түндей.
Бұ суретпен қылады талай қиял,
Пері ғашық бойым деп таза Нілдей.
Ғаламда бар ма дейді мендей сәнем,
Бойым таза, жоқ дейді һешбір мінім.
Перілер бұ жаһанда маған ғашық,
Ғаламда маған ұқсар ай мен күнін [133, 206] –

4) Қазақстанда бірнеше эпизодтың қосылғаны айқындалды. Олар: қыз (адам жегіш) бен жігіттің кездескен кезінде жігіт шошығаннан талып қалу жағдайы, топ қыздардың ханша жанында болу көріністері келесі нұсқада кездеспейді. 5) Қытайдағы нұсқада диюдiң жан тапсырған сәтi кездеспейдi. Бұл Қазақстандағы жырда былай әңгімеленеді:

Сүйегі айналып кеп жерге түсті,
Өне бойы қайқайып бері түсті.
Диюдiң зорлығына қараңызшы
Теңiзден кеудесi озып берi түстi.

Аталған өзгешеліктерден байқағанымыз, екеуі де бір нұсқа яғни Радлов жариялаған нұсқа екені танылды. Тек 1909 жылғы нұсқада біршама кеңірек баяндағаны айқындалды. Өйткені жыр басында дастанды Сейіткерейдің ақ қағазға түсіргені мен Махмұди ханның талабы бойынша жазылғаны айтылады. Осы орайда Ү.Сұбханбердина былай деген болатын: «Қиссаны жазған Сейіткереймен бірге Ақыт аты да айтылады. Сейіткерей туралы қолымызда ешқандай мәлімет жоқ. Ал, Ақыт ақын Алтайда, қазіргі Шынжаң жерінде және Монғол Халық Республикасында «Ақыт ақын», «Ақыт қажы»

деген атпен әйгілі болған, революциядан бұрын Қазан қаласында төрт-бес кітабы басылып шыққан Ақыт Өлімжіұлы Қарымсақов» [134, 184].

Алайда, біз Сейіткерей ақынға қатысты нақты мәлімет таптық. «Шалғын» журналының 1985 жылғы №1 санында Ақыттың ұлы Ғазез Ақытұлы «Сайпұлмәлік қиссасы туралы бір-екі сөз» мақаласында жырдың алғаш рет 1807 жылы жарық көргенін, 1870 жылы В.В.Радлов жинаған «Қазақ әдебиетінің туындылары» жинағының 3-томында жарияланғанын айтып, 1909-1914 жылдары «қисса и Сайпұлмәлік» деген атпен Құсайынов баспасында, Қазан, Домбровский баспасында Қазан төңкерісінен бұрын жеті-сегіз рет баспа бетін көргенін келтіреді. Жырда Сейіткерей мен Ақыт ақынның аты жарыса жазылатыны, шындығында қайсысына тиесілі екендігін ашуға тырысады. Ақыт ақынның баспаға жеті қиссасын жіберіп, олардан тек «Қисса-и-Жиһанша» мен Сайпұлмәліктің «Ғабдұлмәлік» болып өзгеріп шыққанда айтқан өлеңін:

Ақыттың «Тәржімә-и Ақыт» катты кітаптың 44-бетінде:

Мұнан бұрын жібердім жеті кітап жазуға,

.....

Бәрі де қалды келместен.

..... (түпнұсқада осылай берілген)

Жалғыз-ақ келді басылып,

Жиһанша Тамуз қиссасы,

Сонда-ақ «Авиат Хақтия» атты кітабының 72-бетінде:

Ғабдұлмәлік боп келді,

«Сәйпұлмәлік» қиссасы

Ақыт атым орнына

Сейіткерей қол қойған, [135, 30-31],—деп ақынның ренжіп жазған өлеңін келтіреді.

Ғазез Ақытұлы екеуінің бір нұсқа екенін, Құсайынов баспагерлерінің «Ғабдұлмәлік» етіп өзгертіп жібергеніне журналдың 1980 жылғы № 3 санында келтірген нақты дерекпен баяндайды.

Мақаланың авторлары Қалибек Манапұлы мен Ғазез Ақытұлы бұл нөмірде Ақыт ақынның 1869 жылы Алтай аймағының Көктоғай аймағының туғанын, жеті жасқа келгенде Мырзабақан деген өзбек молдасынан хат танығаны, зеректігі мен еңбектері сөз етіледі. Араб-түркі тіліндегі кітаптарды өздігінен үйреніп, оқығаны айтылады. Жырды Ақыттыкі екенін ұлы Ғазездің мына сөзімен дәлелдеуге тырысқан: «бертінде әкеміз жұмасында балаларын жинап алып, дүние жағрафиясы, дін ғаритасы, және жеті жүз жылдық «Тиф Тахуи мы» деген татарша кітапты қараушы еді. Біраз сауатым ашылған ересек бала болғандықтан, кітаптың Хамария бойынша жазылған, ішінде түрлі тарихи адамдардың, татар зиялыларының суреттері бар еді. Бір жолы мен Сейіткерей Алкенұлы деген кісі бар еді. Бір жолы басқамыздан оқымыстырақ Манан деген ағам қарындашпен сызып тастады. Әкем үндеместен күлді де қойды. Оның мәнісін сұрағанымызда біздің шалдың «Сайпұлмәлік – Жамал» атты дастанын Сейіткерей өз атынан Қазан

баспасынан жариялаған екен. Кейін білініп қалып, қайтадан шалдың атына басылыпты. Сондықтан бетін сызып тастадым» [135, 31].

Әрине, бұл деректің қаншалықты рас екенін анықтау оңай емес. Себебі, шығарманың әуелгі нұсқасының 1807 жылы жарық көргенін ескерсек, 1866 жылы туылған ақын бұл кезде өмірге келмеген. Десек те, негізгі нұсқада Ақыт өз атын бірнеше жерде қосып жазғаны мен Сейіткерейдің өз атын қосып өзгертсе де кей жерлерде өшірілмей қалғанынан Сайпұлмәлік дастанының Қытайдағы алғашқы таратушылардың бірі Ақыт ақын деп білеміз.

Радлов нұсқасы мен 1882-1914 жж. аралығында жарық көрген жыр варианттарын саралаған Б.Әзібаева: «Сейітгерей Бабыр ақындарының бірі, ал Махмұди хан Бабыр билігіндегі сұлтандардың бірі болуы мүмкін. Олай болса, бұл нұсқа ертеректе жырланып қағазға түскен. Тіпті бізге белгілі 1807 жылғы басылымнан да бұрынырақ болуы ықтимал. Өкінішке орай, олар бізде жоқ. 1882, 1895, 1902, 1904, 1909, 1914-жылғы кітаптар – сол алғашқы басылымдардың қайта басылып шыққандары болуы мүмкін. Ақыт ақын 1865-1936 жылдары өмір сүрген. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында кей адамдар бұрынырақ кітап болып шыққан нұсқаларды өз атынан шығарғаны қазір белгілі болып отыр. Әрине, Ақыт ақынға байланысты солай деп кесіп айтуға болмайды. Мұны анықтауды болашақ зерттеушілердің еншісіне қалдырдық» деп қорытындылайды [133, 331].

Бұл пікірлерді алға тарта отырып, біз Ақыттың жырды өзіне дейінгі әуелгі нұсқалардың бірін жақсы біліп, түркі не араб шығармаларын оқып, пайдаланып, нәзираалаған әуелгі таратушы/көшіруші деуімізге болады.

«Қасым Жомарт» жыры Қазан төңкерісінен бұрын бірнеше рет баспадан шыққан. Алғаш 1896 жылы Қазанда шығып, дәл осы нұсқа 1901, 1903, 1906, 1910, 1912, 1913 жылдары қайта басылған. 1901 Қазан қаласында Ширку баспасында баспасының баспаханасында Шамиден Құсайынның қаражатымен басылған. Дастанды қысқартып, жинақтағы араб сөздерін аударып, 1986 жылы қайта басқан Тәліпбай Қабаев. Ол жырды Жүсіпбек Шайхысламұлының авторлық дастаны екендігін атайды. Өйткені, дастан мәтінін жинап, алғаш кітап етіп жарыққа шығарған ақын – Жүсіпбек Шайхысламұлы.

Дастанның қолмен көшірілген алғашқы нұсқаларының бірі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында, 885-папкада сақтаулы. Оны он тоғыздағы Ташмұхамет Баймұхаметұғлы Көженов деген жігіт 1896 жылы араб әрпінде көшірген екен.

Жыр 1986 жылы Пекинде «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қазақ қиссаларының» 3-томында және 1988 жылы Шыңжаң жастар-өрендер баспасында «Қазақтың ғашықтық жырларында» жарияланыпты.

Дастан Алматыда 1990 жылы ғылыми-көпшілікке арналған «Дастандар» жинағының 2-томында жарық көрген. Бұл басылымда дастанның басында бес шумақ, аяғында алты шумақ алынып тасталған.

Сонымен бірге кейбір сөз, сөз тіркестерінің мәні дұрыс танылмай қате басылған, редакцияға ұшыраған жайттер де кездеседі.

Дастанның бас кейіпкері Қасым – ашқа ас, жаяуға – ат болған ерекше жомарт жан. Ол бай атасының есепсіз малына ие бола алмай кедейлікке тап болып, жеті атасынан қазыналы шалға бала болып, шал өлген соң оның барша мүлкіне ие болады. Бірақ, мұны жоқ-жітік, ғаріп-міскінге істетеді. Бұл байлық Бәсара ханы мен уәзірінің көзін қызартады. Ашкөз уәзір Әбілфатах Қасымның құпия қазынасының сырын ұғу үшін өзінің жалғыз қызын (Білқысты) Қасымның қойнына жібереді. Ол іске аспаған соң ханмен бірлесіп, Қасымды жоғалтудың түрлі-түрлі тәсілдерін қолданады. Азапты өмір кешіруге мәжбүр етеді. Қасым осы ұзақ азапты сапарда (Мысырдың қаһирасында) ақ көңіл, сұлу қыз Дүрданамен кезігеді әрі оған ғашық болады. Бірақ, кер тағдыр онан да айырып жібереді. Талай қыз (тіпті Бәсра ханының қызы да) оған ғашық болады. Бірақ, Қасым Дүрдананы ұмыта алмайды. Алайда түрлі хикаяларды бастан кешіріп, ғашығын есіне алуға мұршасы болмайды. Осындай күндерінің бірінде ол Бағдат патшасы Һарун Рашидпен кездеседі. Осы кездесуден соң ол осыдан Дүрдананың тауып қосылады. Басыраның ақымақ ханы мен қараниет уәзірінен кегін алады. Соңында адал махаббатына жолығады.

Жыр көлемі үлкен. Сюжеті шытырман. Оқиға Араб мемлекетінің бірнеше қаласында өтеді: Бағдат, Бәсіре (Басара), Мүсіл, Шам, Ғарыш, Қары, Қаһира т.б. жырдың басқа эпикалық жырлардан ерекшелігі, мұнда өзге жырлардағыдай ғажайып көмекшілер мен зұлым күштер, сиқыр мен құбылу мотивтері берілмейді.

Оқиға Һарон Рашидтің қатуысуымен өтеді.

Дастандағы араб патшалары мен уәзірлері, араб шаһарлары сөз болғанына қарап «Қасым Жомарт» дастанын нәзира үлгісіндегі шығармаға жатқызуға болады.

Аталмыш дастанды Тәліпбай Қабаев «Ғашықтық жыр» тобына жатқызса, дастанды зерттеуші ғалым Б.Әзібаева «Хикаялық дастандар» тобына кіргізген. Әуелгі зерттеуші өзінен бұрынғы ғалымдардың классификациясын алға тарта отырып, қазақ жырларын үш үлкен түрге бөліп көрсетеді: 1. Батырлық жырлары, 2. Ғашықтық жырлары, 3. Хиссалар.

Солай көрсете тұра үшінші топқа нәзира үлгілерін (аударма) жатқызып, оның дұрыс еместігін алға тартады. Оған бірнеше себептерін көрсетеді: ««Хиссалар» деп аталатын осы бір мол да, қуанарлы шығармаларды осылайша айыру тарихи жақтан дұрыстай көрінгенімен, дәл әдебиетіміздің төл мүддесі үшін пәлендей пайдалы бола қою екі талай.ең алдымен, бұлай атау бұрыннан «түбі жат» деген ұғым тудырып келеді. Екіншіден, біз бұл шығармаларды жат көзбен қарасақ, жазба әдебиетіміздің тарихы үзіліп қалады. Үшіншіден, мұндай шығармаларда діндік атаулар, кейбір діндік көзқарастар бола тұрса да, арғы астарында әділдік, туралық, ізгілік жеңбей қоймайды дейтін үлкен мән жатады» [44].

Алайда, біз Тәліпбай Қабаевтың пікірі мен дастанның сюжеттік желісін негізге ала отырып, жырдың ғашықтық жырға қарағанда хикаялық дастанға көбірек келетінін айтқымыз келеді. Мұнда өзге жырлардағыдай қыздың сыртынан (суреті, түсі, шашы т.б.) көрмей ғашық болмағанмен, өмірінің ауыр азапты кезеңінде ғашығына кездейсоқ кезігеді. Ғашықтық дертіне шалдығып, соңында ғашығымен қосылады. Бір қарағанда ғашықтық жыр талабына сай сияқты көрінеді. Мұнда негізгі тақырып үш бағытта өрбиді: қызғаныш → ғаріптық → ғашықтық дерті. Жомарттық пен қонақжайлылық қызғаныш арқылы көрінеді де, ғашықтық тақырыбы оның алдына шығады. Кейіпкерлердің кездесуіндегі сыртқы пішіні, сипаты әсерлі бояумен суреттеліп, ғашықтардың диалогы беріледі.

Дастанда кейіпкерлердің бір-біріне ынтызарлық қарым-қатынас махаббат құштарлығымен бейнеленген. Ғашық болған сәттері жырда:

Жорға алтын әйнектен,
Қыз жан-жаққа қарады.
Нәзік белі бұралып,
Аққудай мойнын тарады.
Екі көзі жалтылдап,
Нар кескен асыл қанжардай,
Ішімді жарып қарапем,
Көңіліме салды жараны.
Қыз сипатын қарасам,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жарқырап,
Патшаның алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы,
Ап зәмзәм суындай.
Аузынан шыққан лезі,
Сары алтынның буындай.
Есімнен кетті кедейлік,
Қызды көзім теседі...

деп бейнеленгенмен, өлгеніне көзі жетіп, бірден күдерін үзеді:

Жарымды іздеп қарап мойным созып,
Тастаған жерге келдім қайта жүріп.
Кешке дейін дарияны қарап едім,
Түн болған соң жыладым күдер үзіп,

деп жарын іздемей, ажалына себеп болдым деп, басқа қалаға көшпек болып, басқа оқиғаға тап болып, ғашығын ұмытып кетеді. Күдер үзу ғашықтық дертіне шалдыққан адамға тән емес қылық. Сонымен бірге

Әбілфатах уәзірдің қызы Білқыс келгенде бір уақытта ғашығын ұмытып, қайта ғашық бола салады:

Білқысты Қасым Жомарт құрмет етті,
Махаббат жамалына көңілі кетті.
Малы, басым әммасы сіздікі деп,
Білқыстың Қасым Жомарт қолын тұтты
...Әбілқасым сөйлейді сонда тұрып,
Ғашық бола жаздадым сізді көріп.

Бұл ғашықтық жырдың заңдылығына келмейді. Бұдан Тәліпбай зерттеушінің жанр жүйелеуде біраз түсінбеушіліктің орын алып, қателікке бой алдырғаны байқаймыз. Яғни жинаушының тұжырымдары сол кезеңге сай жүргізілгені анықталды. Дей тұрғанмен ғалымның қосқан зор үлесімен жетістігі бүгінгі күні де өз құнын жойған жоқ.

1897 жылы араб әрпінде Қазан Университетінің баспаханасынан жарық көрген Ақыт Үлімжіұлының «Жиһанша» ғашықтық жыры «Мың бір түн» ертегілер жинағындағы «Жиһаншаның өмірі туралы әңгіменің» желісімен жазылған. Мәтін 1901 жылы қайта басылған. Дастанда парсы елінің Тамуз атты патшасы перзентсіздік зарын тартып, ұзақ уақыт дегенде Жиһаншадай ұлды болады. Жиһанша 15 жасқа келгенде аң қуып адасып, Қап тауында пері қызына ғашық болады. Осы жолда тартпаған азабы қалмай, соңында мұратына жетеді. Жыр кейіпкерлері мифтік персонаждар: диу, пері, түрлі құбыжықтар менхайуанат, жарты адам, Хақ Тағаланың қаһарына ұшырап маймылға айналған адамдар, үлкендігі тазы иттей құмырсқалар.

Шығармаға арқау болған – перзентсіздік, құбылу не киім ауыстыру және періге үйлену негізгі сарындары болып табылады.

Жыр Қазақстанда 2005 жылы «Бабалар сөзінің» 20-томында 1897 жылғы нұсқасы бойынша жарық көрді.

Дастан туралы зерттеу жүргізген фольклортанушы ғалым Б.Әзібаева екі басылымды анықтау мақсатында оның аударма болуы мүмкін екенін айтады. Солай бола тұра, дастанның бұрынырақ ортағасырлық түркі тілінде жырланып, кітап я қолжазба түрінде Дешті-Қыпшақ жерінде тараған, кейінірек ақын-жыршыларымыздың бірі оны қазақ тілінде жаңғыртқан деген тұжырымға келеді [136, 293]

Алайда, біздің қолымыздағы жинақта (1988) 1897 жылдағы көрсетілген ақынның мына мәліметтері кездеспейді. «Хикая Жиһаншаһ кітабы бар» [29-жол], «Қиссасын Жиһаншаһтың алдым қолға» [39-жол], «Һешбір қисса жазғам жоқ мұнан бұрын» [2352-жол], дастан соңындағы«Азырақ бұ қиссаға алаң болып, Жеті сағат ішінде жазып тындым» [2369-2370-жолдар] орнына «Жаранлар бұл Ақыттың жазған хаты, Алтайский молқыдан асыл заты» және «Әкесі үйде қалған не болды екен, Бұл Ақыт одан дағы кеңес құрсын». Соған қарағанда біздің қолымыздағы нұсқа (Қытайдағы) 1901 жылы жазылған, біршама өзгерістер енгізілген нұсқа сияқты. Олай дейтініміз, екі

нұсқаны салыстырғанда бәлендей өзгерістің жоқ екені байқалды. Тек мына өзгерістерді ғана алға тартуға болады:

1) 1897 жылғы нұсқада Аллаға мадақ айтып, Хақтан кешірім сұрап, жырдың дүниеге келу себебі түсіндіріліп,өзі туралы толық мәлімет берілсе, 1988 жылғы жинақта бірден сюжет басталып кетеді.

2) Қала, кісі аттары мен жекелеген сөздерде дыбыс өзгешеліктері байқалды. Мысалы: 1988 жылғы Қытайдағы нұсқада Иағұмұс– Яғмұс, Марғы Рахан – Марғы Архан, Зауалғарық – Зұлағырақ, Куализм – Қылзам, Шәмсәбану – Шәмсібану, Мағұрық Шаһ – Марғышаһ, Наһаруан – Гауһарникин т.б.

Мұндай өзгерістерден біз зерттеуші/құрастырушы Тәліпбай Қабаевтың мәтінге қатысы жоқ жерлерін кесіп тастаған болуы бек мүмкін деген ойға кенелеміз.

Бұл топтағы дастандық шығармалардың өзгеріске қалай ұшырағанын төмендегі сызбадан қарауға болады.

Қазақстандағы жарияланған мәтіндердің Қытайда жырланған варианттарының схемасы



Сызба-4.

Бұл сюжеттерден көретініміз, мотивтер мен оқиғаларжәне олардың көркемдік стилі жаңа жырларды туғызды.

Жоғарыда бес тип (дәстүрлі романдық эпос пен дастандардың төрт түрі)арқылы талданған жырлар негізінде келесі **қорытындыларды** шығара аламыз:

Біріншіден, Қытайда дәстүрлі эпикалық мұралардың жоқ екені айқындалды; Оның себебі түрлі тарихи кезеңді бастан кешкен қазақ халқы

эпостық шығармаларды тудыруға уақыт жағынан да, саяси жағынан да қауқарсыз болатын.

Екіншіден, сюжеті мен тақырыбына қарай әр түрлі топтағы дастандық шығармалардың мол екені көрінді; Олар: шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар; Өңірлік/тарихи оқиғалар негізінде туған жырлар; өмірде болған оқиға ізімен жырланған дастандар. Бұған қоса Қытайдағы қазақ эпосының сюжеттерінің мол екені анықталды [137, 86-91].

Үшіншіден, Қытайдағы қазақтардың жыр-дастандарында тілдік ерекшеліктер бар. Қытайдағы қазақтардың тіліне түрлі тарихи жағдай мен сол жергілікті халықтың тіліне дыбыстық икемделуі де әсер етуі себеп бола алады. Осы орайда қытай зерттеушісі Чын Янянның пікірін келтіруге болады: «Қазақ халқы тарихи себептер салдарынан, екі елге бөлініп қоныстанғандықтан, қазақ тілі шекара аттаған тілге айналды. Екі елге бөлініп қоныстанған қазақ халқында тегі бір тамырдан тараған көптеген ортақтықтар болса да, бірақ өздері қоныстанған екі елдің қоғамдық, экономикалық мәдениет дамуының деңгейі әркелкі жүргізіп отырған ұлт саясаты мен ұлттық тіл-жазу саясатының басқаша болу себебінен, сондай-ақ өзге ұлт тілінің ықпалына ұшырау дәрежесі ұқсамағандықтан Қытай қазақтары тілі мен Қазақстан қазақтары тілінде кейбір ерекшеліктер пайда болды. Әрине, бұған тағы екі елдің географиялық ортасы мен қоғамдық мәдениетінің де өзіндік ықпалы болады» [138, 239]. Бір ғана мысал ретінде «а» дыбысын алуға болады. Қытайдағы қазақтар тілінде жіңішке «ә» айтылады: залым-зәлім, шәр-шаһар, мысалы – місәлі т.б.:

1991ж. Қытайдағы нұсқасында:	1889 ж. Қазан нұсқасында:
– Сырымды мен айтайын бастан-аяқ, таяқ, Деді әйел, – <i>Зәлімдерден</i> жедім таяқ.	Бейкүнәһ <i>залымдардан</i> жедім Сырдың бәрін сөйлейін бастан- аяқ. Бастан кешкен сөйлейді барлық сырын.

Сонымен қатар қытай, ұйғыр, дүнген, орыс сияқты халықтармен араласудың әсерінен болған кірме сөздер кездеседі: күнәһ (күнә), зия (зина), жария (күл), шәр (шаһар), уасұл (арамдық), мазұлым (пенде), параход (кеме), заказ (тапсырыс), пристань (арнайы тұрақ), карточка (бланк), фонар (шам), магнит (өзіне тартқыш темір), рюмка (шыны) т.б.

Тағы бір айта кететін жайт, қазіргі кездегі қолданыстан шығып қалған көнерген сөздер Қытайдағы қазақтардың тілдік қолданысында бүгінге дейін бар. Бұл тіл тазалығының шамалы да болса сақталғанын көрсетеді. Дей тұрғанмен, ислам дінін қабылдауымызға байланысты соңғы ғасырларда ең көп қолданған жазуымыз араб жазуы болғандықтан, жыр-дастандарда араб сөздерін кеңінен қолданған.

Шынжаң қазақтары 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлы үлгісі бойынша төте жазуды, 1965 жылдан бастап Қытай жазуы негізіндегі латын әліпбиін,

1982 жылдан бастап төте жазуды қайта бастап, бүгінге дейін пайдаланып келеді.

Төртіншіден, Қытайдағы қазақ ақын-жыршылары шығыс сюжетін негізге алып, төл туындыға айналдырған яғни нәзиралаған. Алайда араб, латын, парсы әрпінде жарияланған шығармалардың сюжетін сақтай отырып, қайта жырлаған туындылардың да бар екені айқындалды. Яғни 1880-1919 жылға дейін біршама жырлар жиналып, Қазан баспасында жарияланған.

Бесіншіден, Қытайдағы қандастарымыз эпостарында дүниежүзі халықтары фольклорында (шығыстан өзге де) кеңінен пайдаланылған мотивтер мен сюжеттерді өз шығармаларына арқау еткен. Олардың себептері де сан алуан:

1) Қазақ халқы түрлі тарихи-мәдени кезеңдерді бастан кешті. Өз жері өзгенің меншігіне өтті. XIX ғасырдың екінші жартысы ауыр кезең Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараны айыру туралы тоқтамы болды. XX ғасырдың басындағы 1911 жылы таққа отырған Гоминдан өкіметі (Қытайда болған ірі компрадорлық буржуазия мен ірі помещиктердің партиясы мүшесі) мен 1958 жылы «Төрт көне», «Оңшыл» (партияның стиль дұрыстауына шын ниетімен қолғабыс еткендерді шетінен «оңшыл» деп жазалау) және «Үлкен секіріс», «Мәдени революция» саясаты (1950-1976) сияқты кезеңдер өз зардаптарын тигізді.

2) XX ғасырдың соңына дейін қоғамдық дамудың әр түрлі сатысын бастан кешкен елдердің фольклорында да ауыс-түйіс болды. Мәдени және саяси қатынас халықтың әл-ауқатының дамуына және ауыз әдебиеті қорының байытылуына ықпал ететін объективті құбылыс. Осының нәтижесінде кірме сюжеттер пайда болды.

3) Фольклорда туыстықтан басқа түсіндірілмейтін яғни өздігінен пайда болатын мотивтер мен сюжеттер де болады. Оны академик А.Веселовскийдің: «Такого рода мотивы могли зародиться самодеятельно в разноплеменных средах, их однородность или их сходство нельзя объяснить заимствованием, а однородностью бытовых условий и отложившихся в них психических процессов», – пікірімен дәлелдеуге болады[4].

4) Біз ғашықтық жырлардан ғана мәтіндер алдық, ал өзге (көне эпос, хикаялық дастан, тарихи жырлар) түрлерін қоса алғанда шет елдегі қандастарымыздың мұрасының көл көсір екені анықталды.

5) Сонымен бірге Қытайдағы қазақ эпосының мазмұндық жағы бай, тақырып аясының кең екеніне көз жеткізілді. Кірме мотивтер мен сюжеттерді орынды пайдаланып, қазақиландырғаны байқалды.

II.3. Ғашықтық жырлардың текстологиясы

Текстологиялық зерттеу мәселесі біразға дейін библиографияның құрамдас бөлігі ретінде ғана қарастырылып келсе, 1917 жылдан кейін дербес ғылым ретінде танылды. Яғни Д.С.Лихачев келтіргендей, «Основное положение состоит в том, что текстология – не вспомогательная дисциплина,

разрабатывающая технику издания текста, а самостоятельная наука, изучающая историю текста произведений» текстология мәтіннің өзін зерттейтін жеке тәуелсіз ғылым саласы [139, 89].

Ал қазақ ғашықтық жырларының текстология мәселесі тәуелсіздік алғанға дейін қозғалды. Оның ішінде эпикалық жырларды нұсқаларымен ғылыми тұрғыда салыстыра зерттеу күн тәртібіне арнайы қойылып біршама жұмыстар атқарылды. Оған негізгі баспалдақ болған М.Ғұмарованың «Ш.Уәлиханов жинаған «Қозы көрпеш – Баян сұлу» нұсқасының тексі жайлы» еңбегі[140], 1983 жылғы «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі»[141], 1994 жылы «Қозы көрпеш – Баян сұлу эпосының текстологиясы»[142], 2009 жылы «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні» [143], 2012 жылы «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған шығармалардың текстологиясы» [144] атты монографиялар мен жекелеген мақалалар болды.

Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының текстологиялық жұмыстары жоғарыда аталған жүзтомдықта жүргізілді.

Біз ғашықтық жырлардың текстологиясын тексеру үшін эпикалық жырлардан біршама жырларды алатын боламыз. Бұл жырларымыздың бірнеше нұсқалары болғандықтан осындай міндетті алға қойдық. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» эпосының белгілікөптомдықта жарияланған жеті нұсқасы мен Қытайда жырланған Дәуіт ақынның нұсқасы салыстырылады.

Алдыңғы тарауларда байқағанымыздай, біздің эпикалық жырлар сюжеті мен тілдік құрылысына қарай күрделі трансформацияға ұшыраған. Бұл жинаушы/жариялаушының редакциялап түзеткеннен пайда болған өзгерістер. Біз сондықтан салыстыру үшін классикалық вариант Шоқан нұсқасы мен Қытайдағы Дәуіт ақынның нұсқасына текстологиялық талдау жүргізетін боламыз.

Шоқан нұсқасы :

Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,

Ортасында көктөбе белгі етелі.

Азаматым, ерінбей тыласаңыз,

Қозы Көрпеш – Баянды тербетелі.

Сол екі байдың жайлауы төмен еміс,

Киік атып, аң етін жеген еміс.

Екі байды сұрасаң, азаматым, Қарабай мен Сарыбай деген еміс, [94, 11]

Дәуіт нұсқасы:

Кім тұрар дүниеде тақтан аумай,

Неше хан өтіп кеткен Алатаудай.

Дүниеде неше түрлі ғашық өткен,

Сырты бүтін, іші түтін лаулай алмай.

Ал, Дәуіт, қалам ұста ұшын тежеп,

Көңілге бір фазылды қойма кезеп.

Бұрынғы ноғайлының заманында,

Сөйлейтін бір қиссадан келді кезек [91,9].

Бұл жыр тармақтарындағы айырмашылық жырды екі ақын екі түрлі бастаған. Ақын Дәуіт алдыңғы жыр нұсқаларына аздаған тарих қойнауынан сыр шертіп, біршама кіріспе жасайды. Ал екі бай балаларының дүниеге келу сәті былайша көрініс береді.

Шоқан нұсқасы :

Жиын қылып Қарабай бие сойған,
Бір биенің етіне жұрты тойған.

Қарабайдың қатыны қыз тауыпты,

Баян Сұлу депті де, атын қойған.

Үш күндей толғатып, азаматтар,

Сарыбайдың қатыны ұл тауыпты.

Қуанғаннан Сарыбай шапқан екен,

Мойны үзіліп өліпті, аттан ұшып.

Дәуіт нұсқасы:

Қатыны ***Сарыбайдың тауыпты қыз,***

Әңгіме, құлақ салып тыңдасаңыз.

Кеңесіп Баян қойды қыздың атын,

Халықтан артық көріп оның затын.

Үлкен қатын бәйбішеден екі ұлы бар,

Баянды тапқан екен тоқал қатын.

Қарабай бір күндерде аң қуыпты,

Сейілмен жүрген жерін шаң қылыпты.

Қатыны өзі жоқта ұл туыпты,
Қарекең мойны үзіліп өлген екен,

Қуанып ауылына шапқан шақта.

Байқасақ, екі нұсқада бай аттары ауысқан. Алғашқыда Қарабай қызды болса, келесіде Сарыбай қызды болған. Және Дәуіт ақын Баянның өзіне дейін екі ағасының бар екенін жанынан қосқан. Бұл Шоқан нұсқасында берілмейді. Онда Баянның Айғыз атты сіңлісі болады. Бірақ осы тұста Е.Жұбанов пен М.Малбақовтың «Қозы көрпеш – Баян сұлу эпосының текстологиясы» еңбегіндегі мына салыстыруды көрсетпей кету орынсыз: «Кейінгі басылымдарда «Баян сұлу сіңлісі – Айғыз еміс» деп берілген. Түпнұсқада сіңілі сөзі жоқ. Сынды деген көмекші элемент қолданылған» [142, 73]. Ғалымдар түпнұсқа деп И.Н.Березиннің 1876 жылғы нұсқасын таниды. Ал Березин нұсқасының өзі Шоқан жазып қалдырған нұсқа екенін ғалымдар өз зерттеулерінде көрсеткен.

Жыр тармақтарының соңғы сөздері орын ауыстырған. Біз ақынның түпнұсқа қалпын сақтамай жаңа нұсқа тудырғысы келгенін аңғарамыз. Ал мына жерде:

Дәуіт нұсқасы:

Қозыке жөн сұрамақ шешесінен,

Қиын ғой тура айтпақ төтесінен.

Ыдысқа күміс аяқ салып берді,

Жейтұғын дағдылы бір есесімен.

Қозыке бидай ***жемей өкпелейді,***

– Жемеймін ыдыспенен текке, – дейді.

Бермесең қолыңменен қолға салып,

Шағамын қазаныңды, сөкпе, – дейді.

Шоқан нұсқасы:

Жүгіргеннен Қозыкеке келді дейді,

Жау тигендей қылады елді дейді.

«Жарықтығым қарыны ашқан-ды» деп,

Беген бидай қуырып берді дейді.

Қозыкемнің көңілі демейді-***мыс,***

Жаман-жақсы адамға демейді-***мыс.***

Беген бидай қуырып шешекесі,

Салып берсе ***табаққа,*** жемейді-***мыс.***

Дәуіт ақын түпнұсқадағы ***жәй*** табақты ***күміс*** аяққа ауыстырып көрсеткен. Сонымен бірге ***-мыс,*** ***-міс,*** күмәнді демеулік шылауларын қолданбай, толық сөзді қолданған. Біздіңше, Шоқан нұсқасындағы **Беген бидай** сөздеріноқығанда не баспадан шығарған кезде жіберілген қате болу керек. Мұнда «Р» дыбысы түсіп қалған сияқты. Себебі, бидайдың Қазақстанда алты түрі (Еділ бидайы, Польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қатты бидай, көбен бидай) өсетіні белгілі. Бұл тіркес **берген бидай** болу керек. Мұны Дәуіт ақын **бермесең қолыңменен** деп болымсыз етістік түрінде қолданған.

Мәтіндерді салыстыру барысында жаңа шумақ, тармақтар қосылып, түпнұсқаның күрделі өзгеріске түскені көрінеді:

Қалмақтар сиқырменен жолды бөгеп,

Бір кемпір *жебір* қойған ернін тесіп.
Жарты бас, жарты санды кемпір сурет,
 Бір нәрсе топқа шапты ербендесіп.
 Айғайлап Жандос батыр қарсы шауып,
 Тастады қылышпенен басын кесіп.
 Кесілген бас қанынан шашыранды,
 Жүгірді маймыл болып төбелесіп.
 ...Найза, шоқпар, қылышпенен қырғаннан соң,
 Отындай албастының қалды өшіп.
 ...Ойылдың «он жолбарысы» деген бөгеу,
 Жолықты жібермеске салаң етіп.
 Жүгірді *жолбарыстар* қара көріп,
 Қорқақтар қалар еді бекерге өліп.
 Ақыры Жандос бастап қарсы шауып,
 Бет-бетімен кетісті телім болып.
 ...Талай күнде Сауырдай тауға келді,
 Көрмеген жер саз-батпақ, *қауға* келді.
 «Қиылдың қырық бөріс» деген бөгеу,
 Бір пәле тағы, міне, жауға келді.
Қырық бөрі жер қобықта құтырады,
 Сілкініп тұс-тұсына жұтынады.
 ...Арсылдап қасқыр шапты топқа таман,
 Қарасаң бөрі түсі тым-ақ жаман.
 Айғайлап Жандос оны найзалады,
 Олар да жараланбай қалмады аман.
 Бөріні қырып-жойып әрең болды,
 Қолтықтап, қолдап сүйеп Қызыр бабам.
 ...Бөктерлеп үлкен қара жолды көрді,
 Алыстан шоғырланған *норды* көрді.
 Ту алып, тұлпар мінген *қара қалмақ*,
 Бірталай келе жатқан қолды көрді.

Бұл келтірілгендер түпнұсқада көрініс таппағаны анықталды. Мұнда ақын мифологиялық кейіпкерлер арқылы кедергілерді көрсетіп, өзге тілдің сөздерін пайдаланған: жебір, қау, нор т.б. Бұл мысалдардан Дәуіт ақын нұсқасында тілдік ерекшеліктің бары байқалады. Бұл тізімге қайран-сыйлау; садыра-аз, санаулы; шарқая-долы сөздерін де қосуға болады.

Эпостың түркі халықтарына ортақ мұра екені мен қазақ арасына тараған отыздай нұсқасының кездесетін ескерсек, кейінгі жырлаушылардың редакциялап, жаңалаған ерекшеліктердің орын алатыны түсінікті. Яғни жырда түбегейлі өзгеріске ұшыраған, мағынасы өзгерген, жаңа жолдар пайда болған. Жыршы Дәуіт ақындық қабілетіне қарай өз тарапынан жыр қосып, біраз нұсқаны оқып, салыстырып, көлемін көбейтіп, жырдың жаңа версиясын тудырған деуге толық негіз бар. Мысалы, Шоқан нұсқасында кездеспеген «кемпірдің өрмегін үзу» эпизоды В.В.Радлов нұсқасынан алынған.

Бұл ақынның жырдың басталуынан-ақ айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Мұндай өзгешеліктер жыр соңына дейін жалғасады. Ақын жаңа оқиғалар туғызып, жыр нұсқасын ұлғайтқан. Мысалы, Шоқан нұсқасы – 1354 жол болса, Дәуіт нұсқасы – 2571 жол. «Текстологияның ең негізгі, өзекті мәселесі екеу: бірі ғылыми мақсатпен, екіншісі – практикалық мақсатпен байланысты»[145, 31] деген Б.В.Томашевскийдің пікірімен тұжырымдасақ, Дәуіт ақын өз нұсқасын практикалық мақсатпен толықтырған деген ойға кенелеміз. Бұл ойымызды төмендегі салыстырулармен дәлелдеуге болады:

1) Дәуіт ақын өзіне дейін жарияланған нұсқаларды оқып, өз жанынан қосып, өлең жолдарын өзгерткен. Көптеген жыр жолдары қосылып, көлемі ұлғайған.

3) 100-140 жолдар түсіп қалған, ондағы Баян қыз туралы айтатын тазшаның орнына өрмегін үзіп қоятын кемпірді қолданған.

4) Шоқан нұсқасындағы етістік, сын есім сөздерге жалғанған «дүр»(*көп-дүр, жеткізіп-дүр, кете-дүр, жүрген-дүр, сына-дүр, жаман-дүр, айта-дүрт.б.*) тұлғасындағы форманың жалғануын алып тастап, ақын барынша қазақшалаған, яғни көне формаларды қазіргі тілге жақындатқан.

5) Шоқан нұсқасында тілек-өтінішті білдіретін *-шы, -ші* жұрнағының орнына *сана* жұрнағы қолданылады. Мысалы: *көрсет-сана, айт-сана, кел-сана, қыл-сана т.б.* Мұндай қосымшалар Дәуіт ақында кездеспейді.

Сөз соңында ақын Дәуіттің Шоқан нұсқасын толық білді/оқыды деп кесіп айта алмаймыз. Себебі, ол жырды Тұрсынбайдың баласы саудагер, жиһангеш Әбділ-Ләтіптен естігені бойынша жазып алғанын айтады. Сондықтан жыр сюжеті күрделі өзгеріске түсіп, жаңа версия туындаған.

«Қыз Жібек» жырының да бүгінгі дейін он бестен аса нұсқасы белгілі. Біз салыстыру үшін «Бабалар сөзі» көптомдығындағы төрт нұсқа (Мұсабай жырау, Жүсіпбек қожа, Шеге ақын, Қаршыға нұсқалары) мен жүзтомдықтың 26 томындағы 1996 жылы Қытайдың Үрімжі қаласында «Шыңжаң жастар – өрендер баспасынан» шыққан «Қазақтың ғашықтық қиссалары» атты жинақтан алынған Шериаздан нұсқасын алдық.

Әр нұсқа әр түрлі басталады: «Бұрынғы өткен заманда» (Мұсабай жырау), «Мен сөйлейін, жарандар» (Жүсіпбек қожа), «Әркімнің болу керек жүрегінде» (Шеге ақын), «Ертеде ертегіден айтылған жыр» (Қаршыға нұсқасы). Ал Қытайдағы нұсқа «Кешегі өткен заманда» деп басталады. Ақын негізінен Мұсабай нұсқасы мен кейінгі Жүсіпбек нұсқасын да жатқа білген. Оны мына жыр жолдарынан аңғаруға болады:

Мұсабай жырауда:

Бұрынғы өткен заманда,

Қалың қазақ ішінде,

Жүсіпбек қожа нұсқасы:

Кешегі өткен заманда

Дін мұсылман аманда

Шериаздан ақын:

Кешегі өткен заманда,

Қауым халық аманда.

Ақын Мұсабайдағы бұрынғы сөзін Жүсіпбекпен бірдей етіп кешегіге өзгертіп қолданған. Ал қалың қазақ ішінде деген қолданысты Жүсіпбек жырау дін мұсылман аманда десе, Шериаздан ақын қауым халық аманда етіп берген. Мұндай өлең жолдарының сөздері өзгергенмен мағынасына нұқсан келмеген. Қазақ, дін сөздерінің орнына жалпылай қауым етіп көрсетуін ақынның жат жерде жырлауы мен саяси оқиғалар мен діни тұрғыдан қолдануға қобалжу мен қорқудан болуы мүмкін деген ойға кенелеміз.

Келесі байдың сипатын

Жүсіпбек жырау нұсқасында:

Кіші жүздің ішінде,

Жағалбайлы елі бар.

Жағалбайлының мекені

Ақ теңіз деген көлі бар.

Жаз жайлауын сұрасаң

Қара теңіз ***жазасы***

Ұлан, Шәмбіл белі бар.

Жағалбайлы елінде

Базарбай атты байы бар.

Байлығын оның сұрасаң

Өлшеу қылып айтуға

Хисап жетпес жайы бар.

Байлығында өлшеу жоқ,

Жеті жүз түйе жүгі екен

Тілләсі менен жамбысы

Мың түйе жүк тағы да

Қант пенен шайы бар.

Аяқты малда ***хисап*** жоқ

Айдалып бағып жайылар, – деп суреттелсе,

Шериаздан нұсқасында:

Кіші жүздің ішінде,

Жағалбайлы елі бар.

Мекен еткен елінің,

Ақ теңіз деген көлі бар.

Қара теңіз ***жайлауы,***

Ұланшамбыл белі бар.

Жағалбай атты елінде,

Базарбай деген байы бар.

Байлығын оның сұрасаң,

Есеп жетпес жайы бар.

*Ақтөбеден ақ орда,
Жеті жүз түйе жүгі бар.
Іші-сырты безелген,
Кілем-кілше сәні бар.
Ділдәсымен жамбысы,
Мың түйе жүк тағы бар.
Неше мың түйе керуен,
Қанты мен шайы бар.
Аяқты малда *есеп* жоқ,
Айдалып бағып жайылар.*

Бұл келтірілгендерден мыналарды байқауға болады: алғашқысында Қара теңіз жағасы, кейінгіде Қара теңіз жайлауы болып көрсетілген. Дұрысы Қара теңіз жайлауы болу керек деп топшылайыз. Себебі, Қара теңіздің географиялық орналасуын алсақ, ол екі (Ақ, Қара) теңіздердің түйісуі де қисынға келмейді. Бұл жер теңіз жағасы емес, көл жағасындағы жайлау болуы мүмкін. Басқа нұсқаларда Қулықөл, Талдықөл деп те берілген. Түпнұсқадан оқығанда қателіктер кетуі мүмкін деген ойдамыз. Ал Ұлан, Шембіл белдерді ақын біріккен сөз Ұланшамбыл деп көрсетеді. 2003 жылғы басылымда Ұлан, Жәміл деп те қолданылған. Бұл сөздер уақыт өте келе фонетикалық өзгеріске ұшыраған болуы мүмкін. Келесі хисап-есеп, тіллә-ділдә, падиша-патша (170-жол), халал-адал (180-жол) көнетүркілік сөздерін ақын қазақшалап берген. Әрине, фольклорлық шығармаларда сөздерді өзгертіп қолдану дұрыс емес екені анық, бірақ ақынның бұл сөздерді қазақшалағаны құптарлық іс деп санаймыз. Әр нұсқада мұндай өзгерістің болатыны анық. Ол ғылымда дәлелденген. Себебі, ауыздан ауызға тарағанда/оқығанда сөзбе-сөз, жолма-жол айтылуы/көшірілуі мүмкін емес.

Дей тұрғанмен, кей өлең шумақтары бірдей болып, қайталанатын шумақтар да кездеседі. Мысалы, Төлегеннің Жібекті іздеуге шығатын кездегі саудагердің жолдың қиыншылығын көрсететін тұсы былай беріледі:

Жүсіпбек қожанұсқақы:

– Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр – дейді, – алыссынбай су жағалап,
«Әрқашан бардың ісі пәрменменен» [91,88].

Шерияздан нұсқақы:

– Онымен жүре алмайсың барғанменен,
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.
Жүр, – дейді – алыссынбай сулы жолмен,
«Әрқашан бардың ісі пәрменменен»[91, 93].

Жүсіпбек жыр арасында «Әлқисса» сөзін пайдаланып, қара сөзбен баяндап отырады. Оны ақын Шерниаздан өлеңге айналдырып баяндаған.

Екі нұсқаны алып салыстырғанда кейбір өзгертулер мен толықтырулар анықталды.

Жүсіпбек нұсқасы:

Базарбайдың Төлеген,
Ерте туған көбеген.
Сексен жігіт қосшы алып,
Он бес жігіт басшы алып,
Ақжайыққа жөнеген.
Айдың *өткен* нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Падишадан кем емес
Ер Төлеген мүшесі.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келіпті,
Өлгенде көрген шешесі.
Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Мінген де атың *аласың*,
Менен туған баласың.
Халал бала тастай ма,
Атасы менен анасын.
Қал дегенде қаласың,
Айтқан тілді аласың.
Қал дегенде қалмасаң,
Айтқан тілді алмасаң,
Құрттың анаң шарасын.
Өлгенде көрген қарағым,
Ата-анаңды зарлатып,
Қай жаққа кетіп барасың?
Анаң келді зарланып,
Әкең отыр сандалып,
Көре алмаған көп дұшпан
Сыртыңнан келер қамданып.
Сен кеткен соң, қарағым,
Өледі кемпір-шалыңыз,
Сансызбай болса жас еді
Жүреміз кімге алданып?
Шерниаздан нұсқасы:
Базарбайдың Төлеген,
Ерте туған көбеген.

Сексен жігіт қосшы алып,
Он бес жігіт басшы алып,
Ақжайыққа жөнелген.
Бүгін айдың нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Патшадан кем емес,
Ер Төлеген мүшесі.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келеді,
Өлгенде көрген шешесі.
Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Барма, – дейді, – қарағым!
Одан басқа не дейді.
Мінгендей аттың **аласын**,
Менен туған баласың.
Ел-жұртыңнан айрылып,
Ата-анаңды зарлатып,
Қайда кетіп барасың?
Адал бала тастай ма,
Атасы мен анасын?
Қал дегенде қаласың,
Айтқан тілді аласың.
Қал дегенде қалмасаң,
Айтқан тілді алмасаң.
Қор еттің анаң шарасын.
Өлгенде көрген жалғызым,
Ата-анаңды зарлатып,
Бір қыз үшін қаңғырып,
Қайда кетіп барасың?!
Анаң келді зарланып,
Атаң отыр сандалып.
Көре алмаған көп дұшпан,
Сырттан келер қамданып.
Сансызбай болса жас еді,
Кемпір-шал болар бір ғаріп.
Сен кеткен соң, қарағым,
Жүреміз кімге алданып?!

Байқап отырғанымыздай, ақын Шериаздан біраз сөздерді өзгерткен. Ондағы **өткен** сөзін **бүгін** үстеуімен ауыстыруы жырға үстеме мағына жамамайды. Ал «мінген де атың **аласың**» сөзін «мінгендей аттың **аласын**» деп көрсеткен. Мұнда алғашқысынан қарағанда кейінгісі түсінікті. Яғни, «ала

түсті атты міну» тіркесі жинақтылау ұғынылады. Сол сияқты ақын әуелгі «Құрттың анаң шарасын» тармағын «Қор еттің анаң шарасын» деп ауыстырған. Құрту, қор ету етістіктері мағыналас сөздер. Сондықтан бұл өзгертулерді орынсыз деп санамаймыз.

Жоғарыдағы мысалдан өлең шумақтарының арасына жаңа жолдардың қосылғанын байқауға болады. Бұл ақынның жырдың көлемін кеңейтіп жаңа версия туғызғаны деуге болады. Мұндай басқа нұсқаларда кездеспейтін жыршының өзі қосқан жолдары 1100 жолға жуық. Бір үзінді ретінде Қаршығаның ерлігі мен ақылдылығы, қулығын бейнелейтін эпизодты келтіруге болады:

...Жүрмек болды Қаршыға,
Барады ол жаршыға.
Әскері кеткен Хореннің,
Баяғы құмның басына.
...Қалмақтың қалың әскері,
Кеткен құмға ішкері.
Қанша жер жүріп кетті екен,
Болмас оны білгелі.
Бір жерлерге барғанда,
Әуе қайнап жатқанда.
Өліп жатқан топ-топ боп,
Кезікті қалың адамға.
Өлген аттар аз емес,
Жалықпай санап алғанға.
«Бұл арты» деп ойлапты,
Бірталай көріп жүріпті.
Хореннің сол қол уәзірі,
Ол да шөлде өліпті.
Оның уәзірлік белгісін,
Сыпырып бәрін алыпты.
Суырып алды тағы да,
Қолында мөрлі жүзікті.
Талай құмды жағалап,
Қайтадан қайтты сағалап.
Еліне тура қайтыпты,
Бір хайланы ол ойлап.
...Сұрағанға Қаршыға:
– Жүрмін, – деді, – асыға.
Қыран-кескі соғыс боп,
Күн туды әскер басына.
Елге де күн туатын,
Ауырлық келіп басына.
Хорен хан мені жіберді,
“Елге хабар бер, – деді.
Әскерімді екі мың,

Тезден ертіп кел, – деді.
Мың әскер жиып қазақтан,
Даяр тұрсын тез, [91, 263] –, деді.

Бұл Жүсіпбек нұсқасында:

Қаршыға екен басшысы мұсылманның,
Панасы Патша Құдай қысылғанның.
Қыдыр дарып, бақ қонды Сансызбайға
Ешбірін жібермеді ұсынғанның.
Әскерден Қаршыға озып жүрген екен,
Қореннің сонда өлгенін көрген екен.
– Өзімізді өлтіріп кете ме?– деп,
Көрсетпей қалмақтарды бұрған екен.
«Ханымыз қуып кетіп барады» деп
Қаршыға қалмақты алдап ұрған екен.
Еліне Базарбайдың алып барып,
Ақылмен осылай қып қырған екен [106,172],

Алдыңғы тарауларда анықтағанымыздай, ақын сюжетті өз тарапынан жаңа, өзгеше, ешкімде жоқ эпизодтармен көркемдеп, толықтырып жырлаған.

Жырдың аяқталуын өзге нұсқаларымен салыстырып көрсек, біраз өзгерістерге көз жеткіземіз.

Мұсабай нұсқасында (1894):

Еліне келіп Сансызбай
Ағасының жылын береді.
Үлкендер[і] ойласып,
Сансызбайға Жібекті неке қияды.
Ақын, молда жияды
Төлеген деген еріңіз
Осылай тамам болады.

Жүсіпбек нұсқасында (1900):

Қалмақты әбден қырып бітірген соң
Қайнына келді қайтып ер Сансызбай.
Басшысы Сырлыбай хан өзі болып,
Алдынан шықты елі бәрі шулай.
Оңаша бір отауды салып беріп,
Қызмет қып сыйлап тұрды екі айдай.
Еліне екі ай жатып жүрді дейді,
Қызметін қайын жұрттың көрді дейді.
Сексен нарды толтырып жасау артып,
Бес жеті алтын отау берді дейді.
Тоғыз жорға ат жабдықтап Жібек үшін
Қайын енесі қасына ерді дейді.
Жібекті жаңа ұзатып бергендей боп,

Еліне үш ай жүріп келді дейді.
Еліне аман-есен келгеннен соң,
Қайтадан қырық күн той қылды дейді.

Шеге ақында (1953):

Еліне аман жетеді,
Ел жиылып күтеді.
Сансызбайдың келгенін,
Төлегеннің өлгенін,
Есітіп халқы нетеді.
Базарбайды жұбатып,
Ас беріп думан шулатып,
Алдынан жұрты өтеді.
Жалғыздың сұрап өмірін
Халқына көңілі бітеді,
Қыз Жібектей сұлуды
Сансызбайға қосады,
Той тарқап бетін ашады,
Жігітті көріп жұбанып
Кемпір-шал көңілін басады.
Риза болып келген жан
Жиылып шашу шашады.
Бұл не деген ақ маңдай,
Сөйлеген сөзі мақпалдай,
Көркіне ақыл сай,
Кемпір-шалды жұбатып,
Қызмет етіп аққудай.

Қаршыға нұсқасында (1953):

Жауын қуып Сансызбай,
Енді шүкір қылады.
Елді қамап қуырған,
Ұшырып күлін суырған,
Туырлықтай ту алған,
Туын қанға суарған,
Қалың шекті қуанған.
Енді сабыр қылады,
Қатыны мен баласы
Елің шулап жылады.
Сырлыбайдың алты ұлы
Сансызбайдай төрені,
Көрсетіп құрмет көп елге
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Ақ отаулап арттырып,

Қазына, мүлкін тарттырып,
Ұзатқан осы жер еді.
Айтып айтпай немене,
Қыз Жібектей сұлуың
Сансызбайдай баламен,
Мақсұтына жетісіп,
Дүниеден өткен деп еді.

Қытайдағы нұсқа (1996):

Қаршекеңнің айла-ақылы,
Жібектің сабыр тақылы,
«Сабыр түбі – сары алтын»,
Мұратқа жетті ақыры.
Жан білмеген ақылды,
Жан таппаған тәсілді.
Болып келді Қаршекең,
Әрбір іске батылды.
Білетін болсаң ақыл көп,
Істетте алсаң батыл боп.
Елу бес жыл Қаршекең,
Сырлыбай ханға уәзір боп.
Түгемес ақыл азығы,
Ханның алтын қазығы.
Қаршекең қамал бұзады,
Тәсілменен әр қилы.
Ізсіз жерден із болды,
Бара-бара жол болды.
Құда, таныс, тамырлар,
Келіп-кеткен мол болды.
Қисасынан Жібектің,
Білгендерім сол болды.
Ол кезде мен жоқ екем,
Әйні іс қандай болды екен.
Бұрынғылардың жазғаны,
Бізге қалған мұра екен.

Қарап отырсақ, жырдың аяқталуы әр жырда әр түрлі берілген. Алғашқы нұсқада Сансызбай ағасының жылдық асын беріп, Жібекпен некесін қиса, Жүсіпбек нұсқасында Сансызбай қайнына қайтып келіп, Жібекті жаңадан ұзатып алады. Шеге ақын да Төлегеннің асын беріп, екі жасты қосса, Қаршыға нұсқасында Сансызбайдың ерлігіне қуанған қыздың алты ағасы отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап қызды ұзатып, мұратына жетеді. Мұндағы өзгешелеу нұсқа Қытайдағы Шериаздан нұсқасында Қаршығаның оқиғасымен аяқталады. Ол Сырлыбайға елу бес жыл уәзір болып, ақылы мен даналығының арқасында мұратқа жетуі.

Ал жыр сюжетіндегі қыздың «түс көруі» де түрліше баяндалады. Алайдаалғашқы нұсқада ол мотив көрінбейді.

Жүсіпбек нұсқасында:

Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Төлеген мінген көк жорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.
Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдында жанған ***шырағым,***
Біреу ***үрленөшіріп***
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғынның
Заулапкеліп аспаннан,
Желкесін қиды ***бидайық,***
[106, 121]

Шеге ақын:

Астыңдағы көк жорға ат
Құйрық-жалы шұбалып
Жабығулы көрінді.
Үстіңдегі ақ сауыт
Шығыршығы созылып
Сөгілулі көрінді.
Беліңдегі ақ берен
Құндағынан бөлініп
Үзілулі көрінді.
Қолыңдағы ақ сүңгі
Сағасынан майысып,
Бүгілулі көрінді.
[106, 245]

Қаршығада:

Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Төлеген мінген көк жорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.
Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық,
Алдымда жанған шырағым,
Біреу ***үріп*** өшіріп,
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғыным,
Зулапкеліп аспаннан
Желкесін қиды бидайық.

Қытайдағы нұсқада:
Көргенде түсті қос көрдім.
Ауылым қонған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдымда жанған **шырақты**
Біреу үрлеп **өшірді**, –
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғынның,
Заулапкөктен**қарақұс**
Желкесін қиды **бір қағып**.
[91, 143].

Көріп отырғанымыздай, бар нұсқада бірдей түс Шеге ақын баяндауында ғана өзгеше. Қытайдағы нұсқада жыршы біраз сөздерін өзгерткен. Мұндағы **қос** сөзі **қорқу** мағынасын беріп тұр деп ойлаймыз. Себебі «Қорыққанда қос көрінетініндей» түсінен секем алып тұр. **Ел жайлаған**сөзін **ауылым қонған**етіп мағыналас сөздермен ауыстырған. **Алдында** сөзін **алдымда** етіп көрсеткен. Бұл өзгерткені дұрыс секілді. Өйткені жыр бірінші жақтан сөйленіп тұрған соң **алдында** сөзі түсініксіз қалыпта болады. Бұл жерде алдын ала жанған шырақ сияқты ұғынылады. Ал соңғы «түйғынның желкесін қиған **бидайық**» тіркесін ақын Шериаздан **қарақұс** деп өзгерткенінің мәнісі түсініксіз. Себебі «бидайық» атты жыртықшы құстың бар екені анық. Сол сөздің орнын «қарақұс бір қағып желкесін қиды» деген тіркеспен ауыстырған. Мұндай өзгерту ақын үшін оқуға қиын соққан немесе түсіп қалған жерлерін болжаммен ауыстырған деп ойлаймыз. Ғылымда ойша болжап, жорамал арқылы түзету **конъектура** (болжам) деп аталады.

«**Бозжігіт пен Қарашаш**» жыры қазақ елінің төл шығармаларының бірі екені дәлелденді [32]. Жырдың жариялануы жайлы алғашқы тарауларда сөз етілді. Десек те, 1911 жылы ақын Ақылбек Сабалұлы жырлаған нұсқаны Қытай қазақтарының танымал халық ақыны Иманжан Жылқайдаровта 1940 жылы жаңадан өзгеріс енгізіп жырлаған. Бірақ біздің қолымыздағы 1986 жылғы жарияланған жинақта «Бозжігіт пен Қарашаш» жырының қай нұсқасы енгені айтылмаған. Біздің пайымдауымызша Иманжан Жылқайдаровтың нұсқасы болу керек.

Бүгінге дейін Қазақстанда 1881 жылғы нұсқа мен 1911 жылғы нұсқаларға мәтіндік салыстырулар мен зерттеулер жүргізілді. Текстологиялық жұмыс жүргізу үшін біз Қытайда басылған 1940 жылғы мәтін енген 1986 жылғы жинақ пен Қазақстандағы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 17-томында жариялаған 1870 жылғы мәтінді түпнұсқа ретінде алатын боламыз.

17 томдағы мәтінде алғашқы Аллаға мінәжат ету жолдары берілсе, 1940 жылғы мәтінде 90 жолдай алынып тасталған. Бірден жігіттің дүниеге келу сәтінен басталып кетеді:

17 томда:

Заманнан көп замандар өтті
дейді,
Бір ханға жалғыз ұлы *бітті*
дейді.
Жақсы ұзақ дәурен көрмек
бар ма?
Дүниеден арманымен өтті
дейді.

Бір ұл туды патшаға, жұртқа
лайық,
Сауын айтып той қылды елге
жайып.
Жұртына көп жақсылық
қылған екен,
Той қылды әр жаннан малды
сойып.

Заманнан көп замандар өтті
дейді,
Тәңіріден имандығы[н] күтті
дейді.

**Жеті жаста баласы оқу
оқып,
Он жасына бұ ұл енді
жетті дейді.**

Жүріпті *жаманды* ойына
алмай,
Жалғанның қызығына көңіл
қоймай.
Қолына *Құран* менен кітап
ұстап
Барады молдасына бір күн
қалмай.

**Көрмегенді көрейіндеп
жүреді екен,**
Таңқалып жүзін көріп тұрады
екен.

Басында алтын айдар тұлымы
бар,
**Айдай жақсы болып жүреді
екен.**

Бір *түнде* ұйықтап бір түс
көреді,
Алдында сұлу, жақсы қыз
көреді.
О дағы бір патшаның
жалғыз екен,
**Бір жалғызға бір жалғыз дос
болады.**

Арыз айтып алдында сөз
сұрайды,
Ашық жарың іздесең нең
кұрайды.
Жаратқанның жарлығы солай
екен,
Біріне-бірі мақұл ұшырайды
[133, 31].

1986 жылғы жинақта:

Заманнан көп замандар өтті
дейді,
Бір ханның жалғыз ұлы
бопты дейді.
**Хат танып жеті жаста
оқу оқып,
Он жасқа ойнап-күліп
жетті дейді.**

Жүріпті *жамандықты*
ойына алмай,
Жалғанның қызығына көңіл
қоймай.
Қолына *қалам* менен кітап
ұстап,
Барады молдасына бір күн

қалмай.

**Көруге көрмегенді құмар
екен,**

Таң қалып жүзін көрген
тұрады екен.
Басында алтын айдар тұлымы
бар,
**Халқының әлпештеген
ұланы екен.**

Бір күндеұл ұйықтап жатып
түс көреді,

Он бесте сұлу, жақсы қыз
көреді.

Одагы бір патшаның
жалғызы екен,

**Бір жалғыз бір жалғызға кез
келеді**[43, 8].

Байқағанымыздай, ғасырға жуық уақыт аралығында шамалы өзгеріске түскен. Мысалы, жиырма сегіз жолдың орнына он алты тармақ берілген. Біраз жолдар түсіп қалған. Сол сияқты алдыңғы мәтінде «**Он жасына бұ ұл енді жетті**»бұ ұлкөнеше қолданса, кейінгіде «**Он жасқа ойнап-күліп жетті**» дегенде ойнап-күліп қос сөзін қолданған. Және «Қолына Құран менен кітап ұстап» тармағын «Қолына қалам менен кітап ұстап» етіп ауыстырған. Бұл ауыстырғаны дұрыс емес секілді. Себебі түпнұсқада Құран сөзі қолданып, молдасына қалмай барғанын нақты көрсетіп тұрғанын ескерсек, Иманжан Жылқайдаровтың өзінше қалам деп сол кезеңге сай өзгерткені қисынға келіңкіремейді. Келесі, «Бір түнде ұйықтап бір түс көреді» жолындағы түнде сөзінің орнына антоним ретінде күнде сөзін пайдаланған. Мұндағы сөз «бір күні түс көрді» деп уақытқа қатыссыз жалпылай мағына артып тұрғаны байқалады. Енді «**Алдында** сұлу, жақсы қыз көреді» тіркесін «**Он бесте** сұлу, жақсы қыз көреді» етіп өзгертуін фольклордағы қыздың кемеліне келіп, бойжеткен жасын көрсетуі деп қабылдаймыз.

Сонымен бірге жыршы Иманжан жырдағы көне түркі сөздерді қазақшалап, біраз тіркестерді синоним сөздермен ауыстырған. Мысалы: ашықтар-ғашықтар, қапыл-ғапыл, шәр-шәһәр, рахмат-рахмет т.б.

17 томда:

Түнде жылап, күндіз зар,
Мен жүзіңге ынтызар.

Не себептен болдың жар,
Мені мұндай қылып зар,
Ақылың айтсаң керек-ті!

Бір жыл болды жанармын,
Өткен күнді санармын.
Ес-ақылымнан танармын,
Сөзге не күн қанармын,
Атың айтсаң керек-ті!

*Бозжігіттің түсінде сабыр
қыл деп айтқан сөзі*

Жаныма түсті жайың,
Тәңірден рахмат күтер.
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ашықтар зарлап өтер,
Тәңірден рахмат күтер,
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Сабыр қылмай іс бітпес,
Мезгілсіз **арзың** жетпес,
Зарлаумен қайғың кетпес,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ойын мен күлкің қалса,
Бойыңа бір дерт қонса,
Ішің қайғыға толса,
Көрерсің мезгіл болса,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Бұрынғы өткен **ашықтай**
Ақылың сенің керек-ті!
Бөтен жарға қайрылмай
Нәпсің тыйсаң керек-ті!
Біздің үшін әр жерде
Жаның қисаң керек-ті!

Қылма көңлің бұзықты-ай!
Ағарып жүр жүзіктей,
Зылиқа мен Жүсіптей
Сабыр қылсаң керек-ті [91].

1940 жылғы нұсқада:

Түнде жылап, күндіз зар,
Мен жүзіңе ынтызар.
Қайда жүрсің қайран жар,
Мені мұндай қылып зар,
Ақылыңды айтсаң керек-ті!

Бір жыл болды жанармын,
Өткен күнді санармын.
Ес-ақылымнан танармын.
Сөзіңе не күн қанармын.
Атыңды айтсаң керек-ті!

Бозжігіттің қызға

Мысалы, «**Не себептен** болдың жар» тармағын «**Қайда жүрсің қайран жар**» сұраулы сөздерімен алмастырған. «**Жаныма түсті жайың**» жолын «**Сұлу қыз налыма бекер**» деп өзгерткен. Сол сияқты «**Қылма көңлің бұзықты-ай/Ағарып жүр жүзіктей**» жолдарынтұтастай «**Нұр жүзінді жүзіктей /Боз қыраудай үсітпей**» етіп ауыстырған. Мұның себебі, жыршы сөздерді не қате оқып, тани алмаған, не түсінбей, ұйқасына қарай өзгерткен деген ойға кенелеміз. Сонымен бірге, жыршы сөздерге -ды табыс септігінің

қайтарған жауабы:

Сұлу қыз налыма бекер,
Тәңірден рахмет күтер.
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ғашықтар зарлап өтер,
Тәңірден **рахмет** күтер.
Мұратқа бір күн жетер,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Сабыр қылмай іс бітпес,
Мезгілсіз **арызың** жетпес.
Зарлаумен қайғың кетпес,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Ойын мен күлкің қалса,
Бойыңа қайғы толса,
Көрерсің мезгіл болса,
Сабыр қылсаң керек-ті!

Бұрынғы өткен **ғашықтай,**
Ақылдыболсаң керек-ті!
Бөтен жарға қайырылмай,
Нәпсінді тисаң керек-ті!
Біздің үшін әр жерде,
Жаныңды қисаң керек-ті!

Нұр жүзінді жүзіктей,
Боз қыраудай үсітпей,
Зылиха мен Жүсіптей,
Сабыр қылсаң керек-ті!

жалғауын қосып қолданған: ақылың+ды, атың+ды, нәпсің+ді, жаның+ды т.б. Мұндай өзгерістің ешқандай зияны жоқ, керісінше түсінікті ұғынылатыны айқын екені аңғарылады. Сол сияқты төмендегідей сөздер көп өндеуге түскен:

17 томда:

Биік тауға кез болдық,
Өту бізге қиын-ды.
Темір *үйге* қамалдық,
Шығу бізге қиын-ды.
Жаман жолға кез болдық,
Кету бізге қиын-ды.

Жындай елге кез болдық,
Адам жүзін көрместей.
Жындай жерге кез болдық,
Мұңда адам жүрместей.

Мойынға құрық түсіпті,
Қиналсақ та шықпастай.
Саңырау елге кез болдық,
Жалынсақ та ұқпастай.

Рақымсыз *елге* кез болдық,
Жалынсақ та білместей.
Жанған отқа кез болдық,
Жалынсақ та көнбестей.

Бұ пәледен құтылып,
Жол жүрер күн **болар ма?**
Әке менен шешені
Көрер күні болар ма?

Бұ не **қүдірет,** жарандар?
Бұ не **мехнат,** жарандар?
Патша басы құл болып,
Бұ не қайғы, жарандар?

1940 нұсқада:

Биік тауға кез болдық,
Өту бізге қиын-ды.
Темір **торғакез болдық,**
Кету бізге қиын-ды.
Жаман жолға кез болдық,
Жету бізге қиын-ды.

Мұндай елге кез болдық,
Ендігәрі көрместей.
Мұндай жерге кез болдық,
Ендігәрі жүрместей.

Құрық түсті мойныма,
Не қылса да шықпастай.
Саңырау елге кез болдық,
Жалынсақ та ұқпастай.
Рақымсыз**ға** кез болдық,
Қайырымды білместей.
Жанған отқа кез болдық,
Жалыны суға сөнбестей.
Бұл пәледен құтылып,
Жол жүрер күн **бола ма?**
Әке менен шешені,
Бір көрер күн бола ма?

Бұл не **қасірет** жарандар?
Бұл не **михнат** жарандар?
Хан басымыз құл болдық,
Бұған нешік амал бар?

Мұндағы үй-тор, шығу-кету, кету-жету, жындай-мұндай, құдірет қасірет, патша-хан сөздерімен ауысқан. Мұндай мәндес сөздер сөз көркемдігін бұзып тұрған жоқ. Десек те, «**Жалынсақ та** білместей/**Жалынсақ та көнбестей**» жолы «**Қайырымды** білместей/**Жалыны суға** сөнбестей» деп өзгертіліп берілген. Жырдағы соңына дейін кездесетін тармақтарды тұтастай ауыстырулар жыршының ғана емес, араға қырық алты жыл салып жинақты құрастырған Т.Қабаевтың немесе

баспаның да түзетуі болуы да мүмкін деген ойға кенелеміз. Оның екі себебі бар: бірі – ауыздан ауызға тараған мұра дәлме-дәл көшірілуінің мүмкіні еместігінен болса, екіншісі танылмаған сөздерді бос жібергеннен көрі ұйқасына қарай жобалап ауыстырған.

Сонымен бірге жоғарыдағы басылымдарды жолма жол салыстырғанымызда қазақ тіліне қарай жуықталғаны мен көлемінің де ықшамдалғанын байқадық. Мысалы, 1870 жылғы нұсқада – 2894 жол болса, Қытайдағы Иманжан ақын нұсқасында – 2716 жол. 178 жолды өз еркімен алып тастаған. Бұл фольклорлық шығарманың қасиетін төмендеткен.

Жырдағы халық мұраларының кең көлемде қолданылуы жоғарыда келтіргенімізді дәлелдейді. Мысалы, сүйінші сұрау, жар-жар айту, қоштасу, жоқтау, естірту сияқты үлгілер шығыстық сюжеттен ауысқан емес, өзіміздің төл шығарма екенін ғалым Б.Әзібаева өз зерттеуінде айқындап, қорытынды жасаған. Ғалым 1870 жылғы В.В.Радлов жарияланған нұсқасының 1842 жылы араб әрпінде хатқа түскенін, алайда ол кітаптың қолға түспегенін айта келіп, белгісіз бір жыршының кирилл әрпіне көшіргенін анықтап, танылмаған, қате сөздердің көшіруші тарапынан кеткенін айтады [133, 220-221].

Салыстырып байқағанымызда, Қытайдағы нұсқамен Радлов жариялаған нұсқада біршама айырмашылықтар орын алғанмен, сюжеті жағынан өзгеріске түспеген. Тек синонимдік, мәндес сөздермен орын ауысқан сөздер мен көптеген жыр жолдарының түсіп қалғаны, дұрыс танылмаған тіркестер байқалды.

Кітаптың бірнеше рет қайта жарияланғанын ескерсек, жыршы Иманжан Жылқайдаров өзіне дейінгі нұсқаларды біліп, Ақылбек Сабалұлы жариялаған нұсқаны өзгертіп, өзінше жаңа нұсқа таудырғысы келген секілді. Себебі, Иманжан ақын нұсқасында қала, мекен атаулары мен қыз бен әкесінің аттары көрсетілмейді. Бұл жағынан ақын тікелей Радлов нұсқасын алғаны байқалды. Әрине, мұндай еркіндікке салыну сол кезеңдегі фольклор ғылымының деңгейінің төмендігі болуынан мүмкін. Және мұның жырдың көнелік қасиеті мен жыр құрылысына нұқсан келтіреді.

Ғашықтық дастандар да өзге жанрлар секілді тез дамып, жиі баспа бетін көріп, жарыққа шықты. Қытайда әр аймақтарда ашылған баспада әзірленіп, көшіріліп те, ауыздан ауызға тарап та жатты. Ғашықтардың пәк, таза сезімі табиғаттың бар байлығынан жоғары бағаланып, құндылығы артты.

XX ғасырдың басында А.Е.Алекторовтың берген мәліметінше жыр ауызша да, басылып та тараған [146, 1-15]. «Сейпілмәлік» жырының Қазақстанда екі нұсқасы белгілі. Бірі 1870 жылы В.В.Радловтың кирилл әрпінде бастырған басылымы, екіншісі, 1882 жылы араб әрпінде Қазанда басылған нұсқасы. Қытайда осы нұсқалардың кейінгісі «Қисса Сейпілмәлік шаһзада – Бәдіғұлжамал перізат» жыры «Сейпулмәлік – Жамал» атымен белгілі болды. Алдыңғы екі нұсқаның өзара бәлендей айырмашылық жоқ. Ал Қытайдағы нұсқамен айырмашылығын алда байқайтын боламыз.

Жырдың қысқаша мазмұны:

Төрт жүз шаһардың патшасы Ғасым хан жасы жүз жетпіске келгенше перзентсіз болады. Йаман патшасының қызын алып, одан Сайпұлмәлік атты ұлды болады. Патша уәзірі де Сағит атты ұлды болып, екеуі бірге дос болады. Жігіт он екі жасқа келгенде әкесі ғажайып қыздың суреті бар тон сыйға тартады. Содан бастап жігіт қызға ғашық болып, төңіректің төрт бұрышына елші салып, жиһангез жібергенмен, ешкім сұлуды таппайды. Ғасымға төрт жүз ару алып келіп, таңдатса да құлақ аспай, соңында әкесі өзінің іздеуіне батасын береді. Жігіттің басынан көптеген қиыншылықтар кездеседі. Олар: дарияда топан болып, кемелер мен әскерлерінің қырылуы; адам жегіш аралға тап болуы; маймылдар елінде тұтқын болуы; алып жануарлар елінде болуы; жолбарыс, арыстан, диюді өлтіруі. Жыр соңы ғашығының досы Мәлике қызды құтқарып, досы мен қызды тауып, еліне келіп, бақытты болуымен аяқталады.

Қытайдағы қазақтар арасына кең тараған дастан «Сайпұлмәлік – Жамал» хиссасын Ақыт Үлімжүұлы Қарымсақов біршама сюжеттер қосып, өзгеше жырлаған. Біз 1986 жылғы жинақта Ақыт Үлімжүұлының ұлы Ғазиз бен Қалибек Манапұлының қолынан алынған көшірме нұсқадағы мәтін мен 2005 жылы «Бабалар сөзі» жинағының 17-томында жарық көрген 1909 жылғы мәтінді сарапқа салатын боламыз. Алайда, 1986 жылғы жинақты құрастырушы Т.Қабаев жырдың қай жылы көшірілгені жайында мәлімет келтірмейді.

Жырдағы оқиғаның басталуы айтарлықтай өзгешелікке ұшырамаған. Шамалас басталады:

1909 жылғы нұсқада:
«Бисмилла» деп **Сейітгерей** қалам алар,
Алла деп ақ қағазға назар салар.
Сейіпмәлік, Бәдізұлжамал екі ғашық,
 Ғаламға мысал болған шаһзадалар.

Қолыма хат *жазарға* алдым қалам,
Аллаға хамду сәна болсын тамам.
 Бір *қисса* жазайын деп ойға *түсті*,
 Медеткер жар болғайсың, Алла Тағалам.

Ақыт нұсқасында:

Қолына Сейткерей қалам алар,

Екі нұсқада аздаған айырмашылықтар көзге ұрынды. Мұндағы діни сипаттағы сөздерді барынша сирек қолданып, ақын Ақыт қарапайым сөздермен бергені көрінді. Оның себебін саяси жағдайдан болуы мүмкін деген ойдан көреміз. Мысалы, «**Бисмилла**»сөзі алынып тасталып, «**Қолына**» деген сөзбен, «**Алла деп**» тіркесі «**Ойланып**» сөзімен ауыстырылған. Сол секілді «**Аллаға хамду сәна болсын тамам**» тармағы «**Жырлайын**

Ойланып ақ қағазға назар салар,
Сайпұлмәлік, Бәдізұл – екі ғашық,
 Ғаламға мысал болған шаһзадалар.
 Қолыма хат *жазуға* алдым қалам,
Жырлайын ғашықтарды келсе шамам.
 Бір *қиса* жазайын деп ойға *түстім*,
 Медеткер жар болғайсың Алла тағалам.

ғашықтарды келсе шамам» етіп тұтастай өзгертілгені байқалды. Сонымен бірге ақын «*Сейпілмәлік, Бәдігүлжамал*» кейіпкер аттарын да арабтың «Мың бір түн» шығармасынан өзгертпей «*Сайпұлмәлік, Бәдигүл*» деп қолданған сияқты көрінеді. Әйткені, арабта «Бадиғ/а/» сөзі – таңғажайып, ғажайып, ең көркем дегенді білдірсе, «Жамал/а/» сөзі – көрікті, сұлулық, көркемділік, сүйкімділік мағынасын беретіні белгілі [147]. «*Қисса*» сөзінің «*қиса*» етіп жазылғаны баспаға терушінің жіберген емлелік қатесі болуы мүмкін. Сол секілді ақынның біраз сөздерді түзеткен тұстары да кездеседі. Мысалы:

1909 жылғы нұсқада:

Ойлайды жақсы сарай салдырайын,
Шеберді неше түрлі алдырайын.
Салдырып бақша шарбақ қарағыма,
Ойынын таң-тамаша *қалдырайын*.

Салдырды *көшік* сарай, бағы
майдан,
Сипаттап неше түрлі әлдеқайдан.
*Бек ғажжап бина қылды бағы-
бұстан*,
Салсын деп Сейпілмәлік онда
сайран.

Қытайдағы нұсқада:

Ойлады жақсы сарай
салдырайын,
Шеберді неш түрлі
алдырайын.
Салдырып бақша шарбақ
қарағыма,
Ойынын таң-тамаша
қандырайын.

Салдырды *кішік* сарай бағы
майдан,
Сипатты неше түрлі әлде
қайдан.

*Нең ғажжап бинә қылды бағы
бостан*,
Салсын деп Сайпұлмәлік
онда сайран

Мұнда «*Ойлайды*» етістігі көсемшенің «й» жұрнағымен берілсе, келесі нұсқада «*ойлады*» етіп жіктік жалғаудың үшінші жағында көрсетіледі. Ал «*қалдырайын*» сөзін ақын «*қандырайын*» деп түзеткен. Бұл дұрыс өзгеріс әкелген. Себебі, ханның мақсаты ұлының «ойынын қандыру». Бұл тіркес алғашқы нұсқадағы «*қалады*» деп берілген. Баланың «ойынын қалдыру» сөзі түсініксіз ұғынылады. Келесі «көшік» сарай, Қытайдағы нұсқада «кішік» деп ауыстырылған. Мұндағы «көшік» – хандардың көшіп қонуына ыңғайлы етіп жасалған шағын, жазғы сарай. Ақынның өзі қолданған «кішік» сөзіне түсіндірме жасайды. Онда «Кішік – түрік тілінде ортақ үй мағынасында» делінген [43]. Бір елдің ханы сарғая күткен ұлына қалай ортақ үй салуы мүмкін? Бұл өзгерту қисынға келіңкіремейді. Қазақтың байырғы сөздерін кейінгі түркі сөздерімен өзгерткені жырдың көнелігі мен құндылығын төмендеткен. Сол секілді «*Бұстан*» сөзін «*бостан*» деп ауыстырғаны емлелік қате не болмаса фонетикалық өзгеріске ұшыраған болуы мүмкін. Себебі, бұстан, бұстан, бостан сөздерінің мағынасы бақша, бау екені тіркестен-ақ аңғарылып тұр.

Бір қуантарлығы, Ақыт ақын сөздердің түсіндіру мағынасын ашып отырады. Мысалы, «Жеті ықылым» сөзінің дүниенің төрт бұрышы, ел-жұрт мағынасында екенін шумақ аяқталған жерде бірден келтіріп отырады. Сол секілді жұмла – ауыр аяқ, кішік – ортақ үй, ғайыш-ғышырат – өмір, рахатты тұрмыс, лағыл шамдал – жылтыр қызыл тастан жасалған шам жаққыш, Қамари – ғашықтар өзінің сүйгенін теңеп жырлайтын құс, Сабах – атып келе жатқан таң т.б. Бұл ақынның өзіне тән өзгешелігі мен ескертпесі секілді. Яғни бұл мәтін тарихын зерттеуде қолданылатын қолжазбада кездесетін «глосс» деп аталатын қажет ұғым. Глосс – дегеніміз мәтіндегі мазмұнды ашу, мән-мағынасын жаңалау ниетімен көшіруші немесе оқырманның қолжазбадағы ашық жерлерде, жол арасына, жалғанған беттерге енгізген шағын ескертуі, түсінігі. Немесе мәтінтануда мәтіндерді талдап түсіндіру және олардың мәнін өзінше сараптау (интерпретация) үшін қолданылатын бағыттың бірі. Яғни герменевтика – мәтіннің объективті (яғни сөздердің мағыналары) және субъективті (яғни автордың ой-ниеті) негіздеріне сүйене отырып, оның мәнін ашуды мақсат ететін талдап түсіндіру өнерінің теориясы.

Кей жағдайларда жыршылар/құрастырушылар тарапынан мәтін дұрыс оқылмай мүлде басқаша бұрмаланып, өлең жолдары тұтас өзгеріп кеткен жолдар да кездеседі. Мысалы:

1909 жылғы нұсқада:

*Топырағы аяғының көзге сүрме,
Ұмытар деп бұ суретті, сірә,
білме.*

Іздейін рұқсат берсең, жан ата,
Көз сүзіп жылағанша әлдекімге

Қытайдағы нұсқада:

*Сұлуды салаңдаған көзге сүрме,
Қашан да ұмыта алмаймын, жүз
есімде.*

Іздейін рұқсат берсең ата жаным,
Көз сүзіп жылағанша әлде кімге.

Алғашқы нұсқадағы «*Топырағы аяғының көзге сүрме*» тармағын «*Сұлуды салаңдаған көзге сүрме*» етіпақынның өзгерткені келіңкіремейді. Ақын өзі айтып тұрғандай ешқашанда ұмыта алмайтын сылаңдаған сұлуды көрмеу мүмкін емес. Ал оның басқан топырағының өзі адам көзіне жағатын сүрме секілді дәру мағынасында екені айқын байқалады.

«Шалғын» журналының 1985 жылғы №1 санында ақын Ақыттың ұлы Ғазез Ақытұлы «Сайпұлмәлік қиссасы туралы бір-екі сөз» мақаласында жырдың алғаш рет 1807 жылы жарық көргенін, 1870 жылы В.В.Радлов жинаған «Қазақ әдебиетінің туындылары» жинағының 3-томында, 1909-1914 жылдары «қисса и Сайпұлмәлік» деген атпен Құсайынов баспасында, Қазан, Домбровский баспасында Қазан төңкерісінен бұрын да жеті-сегіз рет қайталанып басылғанын айтқан болатын. Мұндай басылымдардың соңы түрлі редакцияға ұшырауы мен біраз өзгеріске апаратыны анық.

Неге ақын жоғарыдағыдай ауыстыруды қолданды? Мәтінді өзгертуге ақын саналы түрде барды ма, жоқ, бейсаналы түрде ме?

Мұнда екі болжам жасауға болады. Бірі ақын сөздерді тани алмағаннан ұйқас орайына қарай ауыстырған болуы мүмкін не ақын Ақыт мәтінді ерікті

түрде өзгертуге тырысқан. Мұнда ақын өз қиялына ерік беріп, сезімталдыққа ұшыраған.

Сонымен бірге байқағанымыз, жыршы біраз жыр жолдарын алып тастаған. Мысалы, 56-жол Қытайдағы нұсқада кездеспейді:

Келгенде жүз жетпіске шаһ Қасым,
Бір жалғыз әрең көрді өліп-талып.
Ағалар, сөзім тыңла құлақ қойып,
Әзелде хүкім еткен Жаппар Халиқ.

Бұл сияқты қысқартулар, 75-80, 100, 265, 510, 585, 630, 735, 745, 755-780, 925, 940, 945, 1000, 1055, 1060, 1330, 1385, 1615, 1665, 1685-1692, 1735, 1745-1750, 1765-1775, 2045-2055, 2105-2140, 2240, 2265, 2280, 2285, 2540-2545, 2935, 3090, 3115, 3150-3155, 3175-жолдарда кездеседі. Бар жиыны 234 жол қысқартуға іліккен. Бұдан ақынның жырды біраз ықшамдағаны айқындалды.

Сонымен бірге ақын Ақыт Үлімжүұлы 1909 жылғы жинақтағы қазақшаланған біршама сөздерді сол қалпында өзгеріссіз берсе, кейбірін қазақшалап бергені анықталды. Олар: Қасым-Ғасым, жақұт-яқұт, Шаһбал-шахбал, падиша-патша, саяқ-сәйях, һеш-еш, бағыр-бауыр, теңіз-деңіз, Шын-Чин, Пағпұршын-Фағыфыр Чин, Хатай-Қытай, хисап-есеп, айла-хайла т.б.

Мәтіндерді өзара салыстыру барысында бір жолдың ішіндегі сөздердің өзара орын ауысуын байқадық:

1909 жылғы нұсқада: Қытайдағы нұсқа:

Ол үшеуіжапанда зар еңіреті,
Құлына көрсеттің деп мұндай істі.
Және жаяу жүре алмай және
шөлдеп,
Сал буып дарияға қайта түсті.

Жапандаол үшеуі зар еңіреті,
Құлына көрсеттің деп мұндай істі.
Және жаяу жүре алмай және
шөлдеп,
Сал буып дарияға қайта түсті.

Бір қызығы 1909 жылғы нұсқада жасалған кеме саны төрт мың болса, Ақыт ақын кемелердің санын төрт жүз етіп көрсеткен. Сонымен бірге мәтінде біраз ескілік түркілік формадағы сөздерді қазақшалап бергені байқалды:

1909 жылғы нұсқада: Қытайдағы нұсқа:

Жасады **төрт мыңхұжыра** кеме
бірлә,
Шашыпты қазынаны шеберіне.
Неше айдай кәміл жасап кемелерін,
Ап келді мұхит-теңіз **кенеріне.**

Жасалды **төрт жүз хұзыра кеме**
міне,
Шашыпты қазынаны шеберіне.
Неше айдай кәміл жасап кемелерін,
Ап келді мұхит-теңіз **жиегіне.**

Сол сияқты мына мәтін жолдарында да:

1909 жылғы нұсқада:

Сүйініп бау-шарбаққа келді
қайтіп,
Атасы сый көрсетті бағасы
артық.
Арақ-шарап *іштілер*
қуанысып,
Саз ойнап, тамаша ғып сырнай
тартып

Қытайдағы нұсқа:

*Сөйтіп*ол баушарбаққа келді
қайтіп,
Атасы сый көрсетті бағасы
артық.
Арақ-шарап *ішеді* қуанысып,
Саз ойнап, тамаша қып сырнай
тартып

Байқағанымыздай, алғашқы шумақта кеме үш мың алты жүзге қысқарған. Көнестүркілік формада кездескен «**бірлә**», «**іштілер**» сөздері «**міне**», «**ішеді**» тіркестеріне ауысып, қазіргі заңдылыққа өзгерген. Жіктік жалғаудағы «**жасады**» етістігі «**жасалды**» ырықсыз етісінде көрсетілген. Сол сияқты соңғы тармақтағы «**кенеріне**» сөзі «**жиегіне**» тіркесімен өзгертілген. «Кенер» сөзінің мағынасы – кемер, ернеу, жиек, шет дегенді білдіреді. Оны Ақыт ақын «жиегі» синоним сөзбен берген. «**Сүйініп**» етістігі «**сөйтіп**»сөзіне алмасқан. Бұдан ақынның өзінше өзгертушісі келген қолтаңбасын көреміз.

Жоғарыда жасалған салыстырулар нәтижесінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

– 1909 жылғы нұсқадағы Ирамбақ қалсын ақын Иран бақ етіп көрсеткен;

– Ақыт ақын нұсқасында шахзада Ғасымның елімен қоштасуэпизоды бірден айтылса, 1909 жылғы жырда патша, анасы, шахзаданың диалогі арнайы кеңінен әңгімеленеді;

– кейінгі нұсқада 307 жол жыр шумақтары қысқартуға іліккен (1909 жылғы жинақ 3301 жол болса, Ақыт нұсқасы 2994 жол);

– ақын біршама сөздерді түпнұсқа күйінде қолданған;

– жыршы мәтіндер арасындағы көптеген сөздерді ауыстырып қолданған, кейде тұтас жолдардың мәндес, кейде басқа тіркестермен өзгертілгені байқалды;

– шумақтардан соң міндетті түрде кірме сөздердің түсіндірмесін берілген.

Қорыта айтқанда, Ақыт ақын «Сайпұлмәлік – Жамал» жырын мәтін сюжетін ықшамдай отырып, өзінше жырлауға тырысқан. Яғни В.В.Радлов пен Жүсіпбек Шайхисламұлы нұсқасынан бұл нұсқа көлем жағынан да, көркемдік, жазу өнері жағынан да біршама басқаша екені анықталды.

Әрине текстологиялық жұмыс жүргізгенде фольклорлық мәтіндердің бастапқы қалпын анықтау мүмкін емес екені анық. Алайда біраз мәселердің басы ашылады. Олар: жыршы/жариялаушылардың еркі, қиялы не баспалардың өзгертулері мен толықтырулары т.б.

Қорыта айтқанда, текстологиялық жұмыстар нәтижесінде, кездескен негізгі мәселелер мыналар болды:

1. Жырлаушы/жариялаушы редакциялап, жаңалаған ерекшеліктердің орын алуы;

2. Түпнұсқадағы сөздерді әртүрлі себептермен мағыналас сөздермен ауыстыруы;

3. Дәстүрлі эпостық жырлардың кейбірінің көлемі ұлғайтылса, кей шығармаларының ықшамдалуы;

4. Құрастырушылар тарапынан сөздердің қосылғаны;

5. Көнетүркілік формадағы сөздердің қазақшаланғаны;

6. Әр жинақтан көшірілген сайын редакцияға ұшырағаны;

Мұндай түрлі өзгертулер мен толықтырулардың соңы фольклорлық шығармаларды өз кезегінде жазба әдебиеттің бір бөлшегі ретінде қарап, дұрыс ұғынбауына әкеп соқтырған. Яғни ауызекі шығарманың өткен дәуірлерге тән құндылығы төмендейді.

II тарау бойынша тұжырым

Зерттеуге нысан етіп алынған Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары жанрлық белгісіне қарай ажыратылмай фольклорлық шығармалардың аясында жалпылай жүргізгені анықтады. Сонымен бірге ғашықтық жырлар туралы (ғашықтық мәтіндер мен жекелеген мақалалардан басқа) арнайы ғылыми зерттеулер жазылмады. Аймақтарда тараған қазақ ғашықтық жырларын жинап, жариялаған ғалымдар/зерттеушілер ғашықтық жырлардың жанрлық құрамын екіұшты тұрғыда зерттеген. Олар бірде қисса-дастандар, бірде хикаялық дастандар тобында қарастырғаны көрінді.

Сонымен бірге тараушада бөліп қарастырғанымыздай, Қытайда дәстүрлі эпикалық мұралардың жоқ екені айқындалды. Оның себебі түрлі тарихи кезенді бастан кешкен қазақ халқы эпостық шығармаларды тудыруға уақыт жағынан да, саяси жағынан да қауқарсыз болды.

Ғашықтық жырлардың сюжеті мен тақырыбына қарай әр түрлі топтағы дастандық шығармалардың мол екені көрінді; Олар: шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар; Өңірлік/тарихи оқиғалар негізінде туған жырлар; өмірде болған оқиға ізімен жырланған дастандар. Яғни Қытайдағы қазақ эпосының сюжеттерінің мол екені анықталды.

Зерттеу жұмысына текстологиялық жұмыс жүргізгенде біраз мәселердің басы ашылады. Олар: жыршы/жариялаушылардың еркі, қиялы не баспалардың өзгертулері мен толықтырулары т.б. болып табылды.

Десек те, экспедициядан әкелінген материалдар тобы алдағы зерттеу нысанына айналмақ. Қытайдағы қазақтар туғызған ғашықтық жырлардың қазақ фольклортану ғылымынан алар маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі зерттеу жұмысында Қытайдағы қандастарымыздың ғашықтық жырларын зерттеп, ғылыми айналымға енгізудің кезек күтірмейтін мәселе екені айқындалды. Қытайдағы қазақ мұраларының жиналуы мен жариялануы өте жоғары болғаныментеориялық жағынанзерттелу деңгейінің төмен екендігі байқалды. Зерттеу жұмысына арқау болған мәтіндердің мәні мен маңызы тарихи деректермен салыстырылып, деректік құжатнамасы берілді.

Зерттеу нысанындағы ғашықтық жырлардың жанрлық, сюжеттік құрылымы мен ерекшеліктері, мотив және текстологиялық мәселелері қарастырылды.

«Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: жиналуы, жариялануы, зерттелуі» атты бірінші тарау«ҚХР ғашықтық жырлардың жиналуы, жариялануы, зерттелуі» және «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының Қазақстанда жариялануы мен зерттелуі» атты екі тараушадан тұрады.

Бірінші тараушада, Қытайдағы қазақтарда сақталған жырлардың жиналуы мен жариялануы және зерттелу деңгейі қарастырылды.

Алдымен Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының жиналуы, жариялануы, зерттелуі жеке қарастырылып, бірнеше кезеңге бөлініп жүйеленді. Нәтижесінде бес жағдайда жиналғаны анықталды. Олар: XVIII-XIX ғасырлардағы Ежен хандығы тұсында мәнжулердің қазақтарды басқару үшін жиған шежірелер мен деректер; XX ғасырдың 1930-1980жылдар аралығында жиналған мұралар; XX ғасырдың 1980-1989 жылдарда жарияланған фольклорлық мұралар; 1990-1997 жылдары әр аудан, аймақтан шыққан «Төрт топтама» мен жекелеген ЖОО баспаларында жиналған зерттеулер; 2000-2012 жылдар аралығындағы «Ұлттар баспасы» мен «Шыңжаң халық баспасынан» шыққан кітаптар;

Хронологиялық тәртіппен Қытайдағы қазақтар мен қытайлық зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Сол жақтағы әр түрлі жағдайларға байланысты туған жырларды көзінің қарашығындай сақтап, жариялап, жүйелеген жинаушылар мен зерттеушілердің қатарында: А.Татанайұлы, З.Сәнікұлы, Н.Мыңжани, О.Егеубаев, Ә.Қалиұлы, Б.Кәсейұлы, Т.Қабаев, Хуаң Жоңшияң, Би Шүн, Пәтиман, Ә.Кінәзбекұлы, С.Сағатжан, Д.Қинаятұлы, Қ.Әлменұлы сияқты зерттеушілер болды.

Жырлардың жиналуы мен зерттелуі екі бағытта қарастырылды. Ғашықтық жырларды зерттеушілер Қазақстан ғалымдарымен қатар Қытайдағы қазақ және қытайлық фольклортанушылар болды.

Келесі тараушада «Қытайдағы фольклорлық мұралардың Қазақстанда жариялануы және зерттелуі» қарастырылды. Қазақстанда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тарапынан шыққан жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясына 10 томының (23-32 томдар аралығы) Қытайдағы қазақтардың мұраларына арналуы мен 2012-2013 жылдары Қытайға ұйымдастырылған ғылыми экспедиция материалдарын зерттеу негізінде 2014 жылы«Шетелдегі қазақтардың фольклоры» атты шыққан монография, сондай-ақ жекелеген тақырыптар аясында қорғалған диссертациялар мен

монографиялар негізгі нысанға алынды. Қазақстандағы С.Қасқабасов, Б.Әзібаева, З.Сейітжанұлы, Ұ.Аязбаева, Н.Набиолла т.б. негізгі зерттеушілердің еңбектері қарастырылды.

Нәтижесінде, Қытайдағы қазақ жырлары Қытай мен Қазақстанда біршама зерттелгені айқындалды. Көптеген зерттеулердің жарыққа шыққаны байқалды. Салыстырмалы түрде айтқанда эпикалық жырлардың Қытайға қарағанда Қазақстанда толыққанды, жан-жақты, мұқият зерттелгені байқалды. Десек те, Қытайда XVIII-XIX ғасырларда фольклорлық мұралар кезең-кезеңмен жиналып, баспа бетін көрді. Сонымен бірге түрлі мәдени қысым болғанымен қазақ қазынасы жоғары деңгейде сақталған, бүгінде ұмытылмаған.

Алайда, Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары жанрлық тұрғыда жеке зерттеу нысанына алынбады. Яғни тереңдеп барған зерттеу жұмыстары жазылмады. Ғашықтық жырлардың мәтіндік сипаты ашылғанмен жанры жағынан бірде қисса, енді бірде дастандардың тобына қосылып, эпос ұғымы мүлде қолданбады. Осыған орай ғашықтық жырдың өзіне тән спецификасы ашылмады. Бұдан Қытайдағы қазақ эпостану мәселесі әлі зерттеуді қажет ететіні анықталды.

«Ғашықтық жырлардың негізгі сюжеттік ерекшеліктері мен текстологиясы» деп аталатын екінші тарау үш тараушадан тұрады. «Шыңжаң қазақтарының дәстүрлі романдық эпостарының сюжеттік ерекшеліктері» атты алғашқы тараушада **«Дәстүрлі (классикалық) сюжеттерге негізделген жырлар»** «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырының (Шоқан, Радлов, Бейсенбай, М.Көпеев, Г.Потанин, Шөже, Н.Ильминский және Қытайдағы Дәуіт Отарбайұлы) нұсқалары мен «Қыз Жібек» (Мұсабай, Жүсіпбек қожа, Шеге ақын, Қаршыға және Қытайдағы нұсқа) жырларының негізгі сюжеттік, мазмұндық ерекшеліктері салыстырылып, сюжет құраушы мотивтер сарапқа алынды.

Қазақстанда жарияланған жетінұсқамен Дәуіт ақын жырлауындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» салыстырғанымызда көптеген ірілі-ұсақты өзгерістер байқалды. Негізгі ерекшелік ретінде ақын жырлауындағы нұсқаның көлемді болып еш нұсқада кездеспейтін эпизодармен толығын айтуға болады. Ол Қозының қалмақ ханы Уаңмен дос болуы; Баянның Қозының өлгеніне қырық күн толғанда алдын ала өз атын қостырып құран оқытуы; Тауасардың Баянға тірілей иманды болуын тілеу және Қодардың мәйітін өртеу. Бұдан қандас ағайындардың көзі тірі адамды жоқтап, оның иманын үйіру арқылы өз ерекшелігін байқатып отырғанын байқалды. Қазақ халқында жоқтау, иманына саламат айту тек өлген адамға ғана арналған. Сол сияқты «кремация» әдісін мұсылман халқы қолданбайды. Ол будда дінінің өлік жөнелту қағидаларына қарай туындаған рәсім.

«Қозы Көрпеш Баян сұлу» эпосы өзіндік даму жолынан өтіп, сюжеттік өзгешелігі мен айырымы бар трансформацияланған жыр екені дәлелденді.

«Қыз Жібек» жырын да біршама нұсқаларымен салыстырып, Қытайда жарық көрген нұсқаның толық екені анықталып, негізгі сюжеттік айырмашылығы сараланып, Қытайдағы Шерияздан ақынның алғашқы

нұсқаны жақсы біліп, біршама өзгерістермен жаңашалаған, дәстүрлі (классикалық) сюжеттерге негізделген, басқаларға қарағанда толыққанды, ұлғайтыла жырланған кемелденген нұсқа екені байқалды. **«Дәстүрлі (классикалық) сюжеттерге негізделген жырлардың»** мазмұндық схемасы жасалды.

«Шыңжаң қазақтарының ғашықтық дастандарының сюжеттік ерекшеліктері» атты келесі тараушада ғашықтық дастандар жыр тақырыптары мен сюжеттеріне қарай шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастырылды: 1. Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар; 2. Аймақтық сюжетке негізделіп жырланған дастандар; 3. Өмірде болған оқиға ізімен пайда болған дастандар; 4. Қазақстандағы жарияланған мәтіндердің Қытайда жырланған варианттары.

«Шығыстық сюжеттерге негізделген ғашықтық дастандар» тобына 2013 жылы Қытайға ұйымдастырылған экспедициядан әкелінген материалдар пайдаланды. 1988 жылы жарық көрген «Қаһарман мен Самарқан», «Шаймұза мен Жарлық», «Әнуар – Күләнда» мәтіндері алынып, жыр сюжетінде қолданылған халықаралық (құбылу не киім ауыстыру, перзентсіздік, күйеу таңдау, кенже ұл) мотивтері сараланып, шығыстан келген кірме сюжеттер екені дәлелденіп, дастандардың мазмұндық схемасы көрсетілді.

«Аймақтық сюжетке негізделіп жырланған дастандар» қатарына «Ерден – Балқаш», «Жанар– Жарқын» ғашықтық дастандары алынып, бұл топтағы мәтіндер сюжетінің басқалардан ерекшелігі айқындалды. Мәтіндердің негізгі тақырыбы бай мен кедей арасындағы келеңсіздік пен әйел теңсіздігі яғни малға сатылған қыздың оқиғасы баяндалатын тұрмыстық жыр оқиғасына негізделген шығармалар. Басты айырмашылық эпикалық батырлық (сүйгеніне жету жолындағы кедергілер) пен эпикалық заңдылықтың (қорғансызды мықтыға айналдыру) орнына шарасыздық бейнеленеді. Яғни, жаңа қоғамдық даму тұсындағы ел ішіндегі мәселелердің (әйел теңсіздігі) қозғалғаны, негізгі кейіпкерлердің (әйел/ер) түрлі қиындық пен ауыртпалықтан ешқандай ғажайып (дию, пері) немесе сыртқы күштерсіз өзі құтылаты реалистік сипаттағы жырлар екені ашылды.

«Өмірде болған оқиға ізімен пайда болған дастандар». XVIII-XIX ғасырларда Қытайдың әр өлкесінде түрлі тарихи оқиғалар орын алды. Нәтижесінде, әлеуметтік-сүйіспеншілік тақырыптағы дастандар дүниеге келді. Яғни бұл шығармаларда махаббат қана емес, тарихи және әлеуметтік сарындар бой көрсетеді.

Осындай тақырыпта Шыңжаң қазақтарында бірнеше шығармалар дүниеге келген. Олар: «Түкібай – Шолпан», «Анар – Сәуле», «Садық – Сәлиқан», «Олжа қыз», «Байын – Жүрек», «Сәлиқа – Сәмен» т.б.

Яғни біз өз жұмысымызда тарихи шығармалар негізінде ғашықтық жырлардың дүниеге келгенін нысанаға алдық. Бұл топтағы Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары шытырман сюжетке құрылып, оның тарихи кезеңмен қосыла жырланған реалистік сипаты басым фольклорлық туындылар екені дәлелденді. Бір сөзбен айтқанда, ғашықтық жырда да

зобалаң нәубет пен қайғыға толы өмір суреттері көрініс тауып, дәстүрге сай қайта жаңғыртылғаны сараланды.

Қазақстандағы жарияланған мәтіндердің Қытайда жырланған варианттары негізіне «Сайпұлмәлік – Жамал», «Бозжігіт пен Қарашаш», «Қасым – Жомарт», «Жиһанша» мәтіндері алынды. Қытай мен Қазақстанда жырланған нұсқаны қатар қойып, ондағы мәтіндердің сюжеті, композициясы және кейіпкерлер жүйесіндегі айырмашылықтар мен негізгі ұқсастықтар қарастырылып, негізгі ерекшеліктері айқындалатын мазмұндық схемасы жасалды.

«Ғашықтық жырдың текстологиясы» атты тараушада ғашықтық эпостар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» және «Бозжігіт», «Сейпілмәліктің» Қытайда және Қазақстанда жарық көрген нұсқаларының мәтіндік тұрғыда талдау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс жүргізу барысында мынадай мәселелер анықталды:

– Кей нұсқаларда басылымдарды жолма жол салыстырғанымызда қазақ тіліне қарай жуықталып, шумақтар қысқартылып, көлемінің ықшамдалғанын байқасақ, кей жағдайда жаңа эпизодтар қосылып, көлемінің ұлғайғаны анықталды;

– жырдағы көне түркі сөздерді қазақшалап, біраз тіркестердің синонимсөздермен ауысқаны байқалды;

– жыр сюжетінің күрделі өзгеріске түсіп, жаңа версия туындағаны көрсетілді;

– сол сияқты жыршылар/құрастырушылар тарапынан мәтін дұрыс оқылмай мүлде басқаша бұрмаланып, өлең жолдары тұтас өзгеріп кеткен жолдар да кездескені мәлім етілді;

– көптеген жыр жолдарының түсіп қалуынан, дұрыс танылмаған тіркестер байқалды.

Қорыта айтқанда, Қытайдағы қазақтар фольклорлық шығармалардың жанрлық түрлерін зерттеу жұмыстарын біршама жүргізгені анықтады. Оның ішінде ғашықтық жырлар туралы (ғашықтық мәтіндер мен жекелеген мақалалардан басқа) арнайы ғылыми зерттеулер жазылмады. Аймақтарда тараған қазақ ғашықтық жырларын жинап, жариялаған ғалымдар/зерттеушілер ғашықтық жырлардың жанрлық құрамын екіұшты тұрғыда қарастырған. Бірде қисса-дастандар, бірде хикаялық дастандар тобына қосқаны көрінді. Десек те, экспедициядан әкелінген материалдар тобы алдағы зерттеу нысанына айналмақ.

Қытайдағы қазақтар туғызған ғашықтық жырлардың қазақ фольклортану ғылымынан алар маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Құшағымыз бауырларымызға айқара ашық // Дүниежүзіқазақтарының Құрылтайы (құжаттар жинағы) – Алматы: Атамұра, 1993. – 280 б.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
3. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 3. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 423 б.
4. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград: Художественная литература, 1940. – 494 с.
5. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.4. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. – Алматы, 2001. – 5-236 б.
6. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958. Т.1. – 402 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 40 б.
8. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 150 б.
9. Бердібаев Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
10. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. Монография. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
11. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
12. Азибаева Б. Казахские народные романические дастаны. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 140 с.
13. Сейітжанов З. Қазақтың көне эпосы. – Алматы: Аруна, 2008. – 238 б.
14. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. Сравнительно-исторические очерки. – Москва-Ленинград: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – 435 с.
15. Пропп В.Я. Русский героический эпос. – Москва: Лабиринт, 1999. – 638 с.
16. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Ленинград: Наука, 1976. – 241 с.
17. Астафьева Л.А. Сюжет и стиль русских былин. – Москва: Наследие, 1993. – 252 с.
18. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники. – 2-е изд., испр. – Москва: Восточной литературы, 2004. – 462 с.
19. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.

20. Боура С.М. Героическая поэзия /Пер.с английского и вступ. статья Н.П.Гринцера, И.В.Ершовой. – Москва: Новое литературное обозрение, 2002. – 808 с.
21. Райхл К. Тюркский эпос: традиции, формы, поэтическая структура / Карл Райхл; пер. с англ. В.Трейстер под ред. Д.А.Функа – Москва: Восточная литературы, 2008. – 383 с. – (Исследования по фольклору и мифологии Востока).
22. Niles, John D. « Introduction to the Special issue: living epics of china and inner Asia» Journal of American Folklore 129.513 (2016) P. 253-269.
23. 黄中祥.哈萨克英雄史诗与草原文化.-北京,中央编译出版社. – 2007. – 425 页. (Хуан Жоңшиян. Қазақ эпостары және сахара мәдениеті (Қытай тілінде). – Пекин, Орталық редакция аударма баспасы. – 2007. – 425 б).
24. Шетелдегі қазақ фольклоры. Ұжымдық монография. – Алматы: EvoPress, 2014. – 452 б.
25. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1959. – 554 с.
26. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: он алты томдық. – Алматы : Жазушы, 1979.– Т.15. Халық мұрасы : тарихи-этнографиялық шолу. – 377 б.
27. Сейфуллин С. Шығармалар. Сочинения: в 6-ти томах. Составители Е.Исмаилов, Т. Какишев. – Алма-Ата, 1964.
28. Қоңыратбаев Ә. «Қазақтың Қозы Көрпеш» жыры туралы. –Алматы: Көркем әдебиет баспасы,1959. – 150 б.
29. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.– 318 б.
30. М.Бөжеев. Абайдың ақындық айналасы. – Алматы: Жазушы, 1971. – 110 б.
31. Ахметов З. БөжеевМ. Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен Байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. – Алматы: Ғылым, 1961. – 582 б.
32. Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 288 б.
33. http://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary_a2922925(дата обращение 11.02.2018.)
34. Шәкенұлы Ж. Шыңжаң қазақ әдебиеті // www.bozbala.com(дата обращение 5.08.2017.)
35. http://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary_a2922925(дата обращение 11.02.2018.)
36. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1981. – №1-4. – 456 б.
37. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1982. – №1-4. – 456 б.
38. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1983. – №1-4. – 448 б.
39. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1984. – №1-4. – 448 б.
40. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1985. – №1. – 112 б.
41. Қазақтың ғашықтық жырлары. – Т. 1. – Үрімжі: Шыңжаң жастар орендер баспасы, 1982. – 475 б.
42. Қазақтың ғашықтық жырлары. – Т.2. – Үрімжі: Шыңжаң жастар

өрендер баспасы, 1983. – 469 б.

43.Қазақтың ғашықтық жырлары.. – Т.3. – Үрімжі: Шыңжан жастар өрендер баспасы, 1986. – 479 б.

44.Қазақтың ғашықтық жырлары.. – Т. 4. – Үрімжі: Шыңжан жастар өрендер баспасы, 1988. – 506 б.

45. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1983. – № 1. – 112 б.

46. Қазақ ғашықтық жырлары. Көптомдық. – Т. 1-6. – Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1996. – Т. 1. 429 б.; Т.2 456 б.; Т.3. 442 б.; Т.4. 480 б.; Т.5. 439 б.; Т.6. 341 б.

47.Жеменей ауданының қисса-дастандары. Жинақты құрастырғандар: топ басшысы Кәш Сапарғалиұлы, орынбасарлары Меңғали Омарұлы, Лю Фың Фи, Жеменей аудандық тұрақты комитет орынбасары, бас редакторы Жұмажан Әбілғазыұлы, орынбасары Ғалымбек Нұркенұлы, Дүйсенбай Байтұрсын, Ғаділбек Темірғали, Мәмет Ыбырай. – Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1991. – 441 б.

48. Баркөл ауданының қисса-дастандары. Жинақты құрастырғандар: топ басшысы, бас редактор Құныпия Үсенұлы, орынбасары Қасым Құмарұлы, мүшелері Сағатхан Таңқай, Кәукәйе Әуелбай, Тәпей Ғайысханұлы. – Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1991. – 488 б.

49.Дөрбілжі ауданының қисса-дастандары.Күйтың: Іле халық баспасы, 1992. – 441 б.

50.Үрімжі ауданының қисса-дастандары. – Үрімжі: Шыңжан жастар өрендер баспасы, 1992. – 400 б.

51.Шәуешек қаласының қисса-дастандары. Кітаптың бас редакторы: Иманмәди Байғали, жауапты редакторы Отан Кәсімбай. Редакция мүшелері: Жұмағали Құйқабайұлы, Задахан Бөкенұлы, Нұрбек Бәтенұлы, Мұрат Мәсәлімұлы, Асылхан Ахметілиясұлы, Балдын (басқа ұлт өкілі), Асхат Әбілахатұлы, Асхат Рәмзиұлы (татар), Дүйсенбай Ғабдікәрімұлы. – Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1991. – 410 б.

52.Сауан ауданының қисса-дастандары. Жинақты құрастырғандар: бас редакторы Райыс Шөкен, орынбастары Падан Мұхамедкәрім, Құрманғажы Әкежан, Қайранбай Әбікен. – Күйтың: Іле халық баспасы, 1992. – 516 б.

53.Текес ауданының халық қисса-дастандары. 1-кітап. – Үрімжі: №14 орта мектеп баспа заводы, 1992. – 501 б.

54.Нылқы ауданының қисса-дастандары. Жинақты құрастырып, алғысөзін жазған Орынбек Әбісұлы. –Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1990. – 436 б.

55.Бурылтоғай ауданының мақал-мәтелдері.Жинақты құрастырып, алғысөзін жазған Орынбек Әбісұлы. – Күйтың: Іле халық баспасы, 1992. – 258 б.

56.Қаба ауданының мақал-мәтелдері. – Күйтың: Іле халық баспасы, 1992.– 298 б.

57.Қазақ қиссалары. Жинақты құрастырған: Қазымбек Арабин. – Т.3. – Пекин: Ұлттар баспасы, 1985. – 735 б.

58. Қазақ қиссалары. Жинақты құрастырған: Әбдрашит Байболат. – Т.13. – Пекин: Ұлттар баспасы, 1993. – 478 б.
59. Қазақтың ғашықтық жырлары. Он томдық. – Т.1. Жинақты құрастырғандар: О.Егеубаев пен Ә.Байболатов. – Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1982. – 503 б.
60. Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Т. 1-10. Үрімжі: Шыңжан жастар өрендер баспасы, 2012. – Т. 1. 351 б.; Т.2. 425 б.; Т.3. – 561 б.
61. Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. 25 томдық. – Т.1. Үрімжі: Шыңжан халық баспасы мен Іле халық баспасы, 2011. – 548 б.
62. Қазымдағы жыр-дастан қазыналар. 4 томдық шығармалар жинағы. – Шыңжаң: Халық баспасы, 2012. – Т. 1. 487 б.; Т.2. 430 б.; Т.3. 405 б.; Т.4. 387 б.
63. Zhongxiang, Huang. «Motif Series Type of Kazakh Heroic Epic [J]». The Western Regions Studies 4 (2009): 012.
64. А.Татанайұлы. Тарихи дерек, келелі кеңес. – Шыңжаң халық баспасы, 1989. – 204 б.
65. Қытайдың жаңа заман тарихы (1949-1978). Тарихи деректер. Т. 2. – Алматы: Орхон, 2014. – 376 б.
66. Абиханова Г.Д. Ақтан мен Ақбала айтысы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, Қазақ университеті, 2017. – № 2. – Б. 114-117.
67. Сәнік З. Әдеби мұра жөнінде // Шалғын. – 1980. – №1. – 108 б.
68. Мұра. 30 жылдан таңдамалылар. – Т.1. (1982-2012). Құрастырған: Дәлелбек Қинаятұлы. – Үрімжі, 2012. – 682 б.
69. Мыңжани Нығымет. Қазақтың халық қиссасы // Егемен Қазақстан. – 6 қазан, 1994 жыл.
70. Бабалар сөзі. Хикаялық дастандар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Алпысбаева Қ., Ақан А., Егеубаев О., Салтақова Ж. Т. 23. – Астана: Фолиант, 2005. – 360 б.
71. Әзібаева Б. «Бақтиярдың қырық бұтағы»: аңыз ба, шындық па? // Ақиқат. №5. 2011. Б. 72-76.
72. Егеубаев О. Қытайдағы қазақ фольклоры // «Рухани мұра және қазіргі мәдениет: текстология, игеру, зерттеу». – Халықаралық ғылыми симпозиумның материалдары. – Алматы, 2006. – 534 б.
73. Алдабек Н. Қытай тарихы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 312 б.
74. Қалиұлы Ә. Қазақтың батырлық дастандары туралы // Қазақ ауыз әдебиеті туралы байымдаулар. Құрастырған: Қ.Балықшыұлы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. – 502 б.
75. Кәсейұлы Б. Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2010. – 478 б.
76. Кәсей Б. Қазақ ғашықтық жырлары // Қазақ әдебиетінің тарихы (екінші басылым): Төрт томдық. 1 том. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2011. – 811 б.
77. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Т. 1. – Алматы: Қазақ ССР ҒА, 1960.–

740 б.

78. Жоңго аз санды ұлттар әдебиеті. – Жоңгу қоғамдық Ғылым академиясының Әдебиет институты жағынан құрастырылған. – Хунан халық баспасы, 1983. – 900 б.

79. Жоңго ұлттар халық ауыз әдебиеті. – Орталық ұлттар институты аз ұлт әдебиетін зерттеу орны құрастырған. – Пекин: Орталық ұлттар институты, 1987. – 798 б.

80. Қыз Жібек. – Алматы, 1957. – 94 б.

81. Қосан С. Ғасыр жұмбағы немесе Сегіз Сері кім? // Қазақ әдебиеті. – №38. – 22.09.2006. – Б. 12.

82. 毕杼. 哈萨克民间文学概论. – 北京, 中央民族大学出版社, 1992. – 414 页. (Би Шүн. Қазақ халық ауыз әдебиетінің кіріспесі. – Пекин, Орталық ұлттар институты баспасы, 1992 (қытай тілінде). – 414 б.)

83. 黄中祥. 哈萨克英雄史诗与草原文化. – 北京, 中央编译出版社. – 2007. – 425 页. (Хуаң Жоңшияң. Қазақ эпостары және сахара мәдениеті. – Пекин, Орталық редакция аударма баспасы. – 2007. – 425 б.)

84. 黄中祥. 哈萨克词汇与文化. – 北京: 中央编译出版社, 2002. – 425 页. (Хуаң Жоңшияң. Қазақтың лексикалық сөздік қоры және мәдениеті. – Бейжің: Орталық редакция аударма баспасы, 2002 (қытай тілінде). – 425 б.)

85. 帕提曼. 哈萨克民俗文化. – 北京: 民族出版社, 2008. – 376 页. (Пәтиман. Қазақ салт-дәстүр мәдениеті. Қытай тілінде (HASAKE ZU MINSU WENHUA). – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2008. – 376 б.)

86. Абиханова Г.Д. Қытайдағы қазақ эпосының жиналуы мен зерттелуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. – 2017. – №3. – Б. 61-65.

87. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос: Шыңжаң қазақтарының фольклоры бойынша. – Алматы: Ғылым, 1994. – 112 б.

88. Сейітжанұлы З. «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (Поэзия, проза, 1950 жылға дейінгі кезең)» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2000. – 294 б.

89. Аязбаева Ұ. «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша)» атты филология ғылымдарының кандидаты диссертациясын алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2007. – 153 б.

90. Abikhanova G.D. Kazakh eposes in China // Материалы Международной научно-практической конференции «Айтматовские чтения – 2016». – Бишкек, 2016. – С. 410-415.

91. Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілерін жинап, баспаға дайындаған: Егеубаев О. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Қосан С., Егеубаев О. – Т. 25. – Астана: Фолиант, 2005. – 408 б.

92. Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. Қытайдағы қазақ фольклоры

үлгілерін жинап, баспаға дайындаған: Егеубаев О. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Қосан С., Алпысбаева Қ., Егеубаев О. – Т. 26. – Астана: Фолиант, 2006. – 376 б.

93. Абиханова Г.Д. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. – 2016. – №3. – Б. 284-287.

94.Бабалар сөзі. Ғашықтық жырлар. Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ., Қосан С. – Т.54. – Астана, 2009.– 456 б.

95.Еркін Е. Аңыз-ертегілердің мотив индексі хақында // Қазақ әдебиеті. – № 37 (3619). 21.09.2018. – Б. 9.

96.Stith Thomson. Motif-Index of folk-literature. Volume one. A-C. – Indiana University press Bloomington & Indianapolis. – 1955. – P.554.

97.Қасқабасов С.А. Таңдамалы. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Көптомдық. Т.2. Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.

98.KuzminaE.N. (2005) Ukazatel tipiçeskih mest geroyičeskogo eposa narodov Sibiri. Novosibirsk; Dmitrienko A.N., Çuhrova M.G. (2012). Alkogol v epose sibirskih narodov, Mir navki, kulturi, obrazovaniya, No: 5, c. 243-246.

99. Радлов.В.В. Қозы – Көрпеш – Баян сұлу. – Москва, 1924; Дүйсенбаев Ы. Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Ғылыми басылым. – Алматы, 1959. – Б. 176-204; Қозы Көрпеш // Эпос – ел қазынасы. / Құрастырғандар: С.Қасқабасов., К.Матыжанов. – Алматы, 1993. – Б. 250-275; Қозы Көрпеш – Баян сұлу / Құрастырғандар: М.Жолдасбеков., С.Қасқабасов. – Астана: Фолиант, 2002. – Б. 68-97; Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырының нұсқалары / Құрастырған – С.Садырбаев. – Алматы, 2005. –Б. 59-83.

100. Әзібаева Б.У. Қазақ эпосының сюжеттері. – Алматы, Servise press,2014. – 576 б.

101. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Ғашықтық жырлар. Лиро-эпос. Т. 2. – Алматы : Ғылым, 1979. – 244 б.

102. Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған – Дүйсенбаев Ы.Т. – Алматы: Ғылым, 1959. – Б. 120-175.

103. Бабалар сөзі. Хикаялық дастандар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Алпысбаева Қ., Ақан А, Егеубаев О., Салтақова Ж. Т. 23. – Астана: Фолиант, 2005. – 360 б.

104. <https://e-history.kz/kz>(12.12.2018 қаралды)

105. Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2017. – 416 б.

106. Бабалар сөзі. Ғашықтық жырлар. Томның ғылыми түсініктемелерінжазып, баспаға дайындағандар: Қосан С., Әкімова Т., Салтақова Ж. – Т.53. – Астана: Фолиант, 2009. – 456 б.

107. Қыз Жібек // Қазақтың ғашықтық қиссалары. – Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. –Т.1. – 1996. – Б. 1-291.

108. Қасқабасов С. Тұтастану фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 250 б.

109. Бабалар сөзі. Қазақ мифтері. Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Әуесбаева П.Т., Мурсалимова Н.М. – Т. 78. – Астана: Фолиант, 2011. – 489 б.

110. Бабалар сөзі. Батырлар жыры. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Қосан С., Салтақова Ж., Әкімова Т. – Т. 33. – Астана: Фолиант, 2005. – 364 б.

111. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент // Типологические исследования по фольклору. – Москва: Наука, 1975. – 143 с.

112. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200 с.

113. Eberhard, Wolfram. Dictionary of Chinese symbols: Hidden symbols in Chinese life and thought. – Routledge, 2006. – 255 p.

114. Abikhanova G.D. International motifs and plots in the Kazakh epics in China (on the materials of the Kazakh epics in China// Journal option Revista de Ciencias Humanas y Sociales.–Volume 34, Issue 85, April 2018, Pages 20-43 .

115. Джеймс Фрезер. Фольклор в ветхом завете. – Москва: Политиздат, 1985. – 511 с.

116. Каскабасов С. Казахское волшебное сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 258 с.

117. Шаһнама рүстем-дастан. Т.Ізтілеуұлы аудармасы. – Астана: Аударма, 2012. – 872 б.

118. Шығыс шындығы. Қытай жазушыларының балаларға арналған шығармалары // Қытай ертегілері. Аударғандар: Нығмет Мыңжани, Серік Үсен, Қадыр Мырза Әли. – Алматы: Балауса, 2011. – 485 б.

119. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. – Москва: Ленинград, 1962. – 435 с.

120. Аникин В.П. Теория фольклора. Курс лекций. – Москва, 2004. – 432 с.

122. <http://kazorta.org/h-hv-asyrlarda-y-ytaj/> (дата обращения 12.11.2017.)

123. Рақышева Ж.С. «Қамбар батыр жыры және оның варианттары // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2006. – 137 б.

124. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 330 папка. 6-дәптер. Ел аузындағы аңыздан жазып алып, жырға айналдырған – Сағдолла Нұралин. – Шығыс Қазақстан экспедициясы. – 1963. – 52 б.

125. Найманбаев Ә. Шығармалар: Өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 б.

126. Ә.Найманбайұлы. Толық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Ұлағат, 2012. – 368 б.

127. Қаскабасов С. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979. – 312 б.

128. Мың бір түн. Сегіз томдық. Т.8. Аударғандар: Мұхамеджанов Қ., Оспанов С. – Астана: Аударма, 2009. – 416 б.

129. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – Ленинград: Издательство ЛГУ, 1986. – 364 с.

129. Бердібаев Р. Ғашықтық (романдық) дастандар // Эпос – ел казынасы. Он томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы, 2017. – 320 б.
130. Абиханова Г.Д. Хикаялық дастандардағы халықаралық мотивтер (Қытайдағы қазақ эпостары бойынша) // XIV Әуезов оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2016. – Б. 157-164.
131. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.3. Томды баспаға әзірлегендер С.Дәрібайұлы. – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.
132. Әзібаева Б. Қазақ эпосындағы «сәуегей түс» мотивінің типологиясы мен генезисі жайында // Керуен. – Алматы, 2013. – Б. 15-38.
133. Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әзібаева Б. – Т.17. – Астана: Фолиант, 2005. – 368 б.
134. Сүбханбердина Ү. Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдары // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.
135. Шалғын. – Үрімжі: Халық баспасы, 1980. – №3. – 114 б.
136. Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. – Т.20. – Астана: Фолиант, 2005. – 336 б.
137. Абиханова Г.Д. Қытайдағы қазақ эпосының сюжеттері // Филологическая наука: история, современность, перспективы. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию со дня рождения известного башкирского языковеда Карима Гайсеевича Ишбаева. – Уфа, 2017. – Б. 86-92 (РИНЦ).
138. Чын Янян. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясынан зерттеулер. – Пекин: Ұлттық баспа, 2000. – 242 б.
139. Лихачев Д.С. при участии А.А.Алексеева и А.Г.Боброва. Текстология на материале русской литературы X-XVII веков. – Санкт-Петербург: Алетейя, 2001. 759 с.
140. Ғұмарова М. Ш. Уәлиханов жинаған «Қозы көрпеш – Баян сұлу» нұсқасының тексі жайлы // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Ұжымдық монография. – Алматы: Ғылым, 1983. – Б. 113-128
141. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі // Ұжымдық монография. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.
142. Жұбанов Е., Малбақов М. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 143 б.
143. Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні // Ұжымдық монография. – Алматы: «Кие» лингво-елтану инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.
144. Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған шығармалардың текстологиясы // Ұжымдық монография. – Алматы: «Тіл» әдістемелік орталығының баспасы, 2012. – 184 б.
145. Томашевский Б.В. Писатель и книга. – Москва, Ленинград:

Прибой, 1928. – 231 с.

146. Алекторов А.Е. указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – 983 с.

147.lugat.kz Лұғат – қазақ тілінің сөздіктер кешені. (дата обращение 27.12.2018.)

АНЫҚТАМА

Фольклортану (ағыл. folk – халық, lore – даналық) – халық даналығын(фольклор) зерттейтін ғылым. Фольклор – халықаралық таралымға ие болған ұғым-термин. Фольклорды (ауыз әдебиеті) зерттейтін ғылымды отандық ғалымдар қалыптасқан ортақ ұғым-терминнің негізінде фольклортану деп атайды. Фольклортану ғылымының пәні, басты объектісі, негізгі міндеті халық шығармашылығын (фольклор) зерттеу болып табылады. **Эпос** - (баяндау деген мағынада) – эпостық жырға жататын шығармалардың негізгі өзгешелігі, қандайда бір оқиғаны, жәйіт-жағдайды баяндап айту тәсілі қолданылады. Эпостық шығармада әртүрлі кейіпкерлердің іс- әрекетін, күй-жағдайын, мінез-қасиеттерін, өзара қарым-қатынастарын суреттеп көрсетуге мүмкіндік мол.

Дастан – (парсы сөзі –тарихи әңгіме, ертегі, батырлар жыры) – Таяу және Орта Шығыстың, Азияның, оңтүстік-шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастан құрылымында кейде өлең мен қара сөз араласып келе береді.

Мотив– тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді.

Қисса – мазмұны мен құрылысы жағынан ғашықтық жырларға жақын. Махаббатты, ізгілік пен адамгершілікті жырлайтын шытырман оқиғалы поэтикалық жанр.Қисса араб, парсы әдебиетінде кеңінен дамыған.

Сюжет – (франц. sujet-зат) өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі- өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әр түрлі адамдардың іс-әрекетіндегі немесе ой-сана, көзқарасындағы қарама-қайшылық.

Генезис – даму (эволюция) жасауға қабілетті және оның қалыптасу үдерісі. Жалпыға бірдей фольклорға да қатысты термин тарихи шығарманың шығу тарихын анықтайды.

Текстология – (латынша textus – байланыс, байлау, грекше logos – сөз, ғылым) шығарма мәтіні дүниеге келгеннен бастап жүріп өткен жолдарының тарихын, өзгерістерін зертейтін мәтінтану туралы ғылым.

Извод – Д.С.Лихачев қарастырған термин. Негізінен қолжазбаның тіл ерекшелігіне байланысты қолданылады. Мәтін тарихының әр кезеңдегі қоғамдық идеологияның салдарынан қасақана редакциялауына немесе туындының сырт елде, өзге халықтардың арасында жазылуына, көшірілуіне байланысты мақсатсыз, стихиялық түрде шет тілдердің кіруі, тілдік жағынан өзгеруі.

Глосс – мәтін тарихын зерттеуде қолданылатын қолжазбада кездесетін әдістің бірі. Мәтіндегі мазмұнды ашу, мән-мағынасын жаңалау ниетімен көшіруші немесе оқырманның қолжазбадағы ашық жерлерде, жол арасына, жалғанған беттерге енгізген шағын ескертуі, түсінігі [Лихачев].

Герменевтика – грек тілінде «түсіндіремін, түсініктеме беремін» деген мағына білдіретін «hermeneutike, hermeneuo» деген сөзінен шыққан; мәтіндерді талдап түсіндіру және олардың мәнін өзінше сараптау (интерпретация) ұстанымдары жайындағы философиялық ілім. Яғни герменевтика – мәтіннің объективті (яғни сөздердің мағыналары) және субъективті (яғни автордың ой-ниеті) негіздеріне сүйене отырып, оның мәнін ашуды мақсат ететін талдап түсіндіру өнерінің теориясы.

Конъектура – (латынша conjector – болжау, болжам) қолжазба мәтіндерде жоғалған немесе бүлінген жерлерді қалпына келтіру әдісі. Мәтін контекстінде, грамматиканың ережелеріне негізделген және т.б. қалпына келтіріледі. Ақын/жыршы үшін оқуға қиын соққан немесе түсіп қалған жерлерін болжаммен ауыстыру.